

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
45minut.kz – 45minut.org
Ұстаздарға арналған басылым редакциясы

ЖАҢА ҒАСЫРДА ЖАҢА БІЛІМ
ҰСТАЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
45MINUT.ORG ТОПТАМАСЫ

*Шығармашылық еңбектердің
іс-тәжірибелік жинағы*

РЕДАКТОР: НАҒИЕВ ІЗГІЛІК
БАЙДРАХМАНҰЛЫ

Алматы, 2014

УДК 37
ББК 74.00
Ж 28

Жаңа ғасырда жаңа білім. Ұстаз шығармашылығы 45minut.org топтамасы.
Ж 28 Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы/Редактор Нағиев. І. Б
– Алматы, 2014. – 200 б.

ISBN 978-601-06-3148-9

Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, жастардың үйлесімді дамуына бағытталған білім беру көзделіп отыр. Педагогикалық іс- тәжірибені насихаттау, педагогтың әдістемесін және шығармашылық байланысын кеңейту. Осы мақсатты жүзеге асыруда, белгілі бір білім көзін меңгерген тұлға ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі жетілдіруге, таратуға, дамытуға, қолдана білуге қабілетті шәкіртті тәрбиелеу – бүгінгі күннің қағидасы. Ал мұндай тұлғаны тәрбиелеу үшін мұғалім құзыретті болу керек.

Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жаағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді деп түсіндіреді. Ал, мұғалімнің сыни ойлауы-оқыту мен оқу тәжірибесіндегі проблемаларды анықтауға, оны шешудің тиімді жолдарын табуға, тәжірибеде болып жатқан өзгерістер жайлы орынды дәлелдемелерді жинап, жіктеуге және сенімді қорытындылар жасауға негізделетіндігін айқындайды.

Іс-тәжірибелік жинақ қазіргі күнгі талаптарға сәйкес құрастырылған, енгізілген ақпараттар жеткілікті, теориялық және тәжірибелік мағынасы бар. Республика көлемінде таратуға ұсынылатын ұстаздардың көмекші құралы.

УДК 37
ББК 74.00

ISBN 978-601-06-3148-9

© Нағиев И.Б., 2014

БАСТАУ СӨЗ

Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, жастардың үйлесімді дамуына бағытталған білім беру көзделіп отыр.

Осы орайда 2014 жылы білім беру мекемелерінде «Қазақстандық жол — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын қолдау барысында Республикалық 45minut.kz басылымы және жергілікті білім бөлімдерінің қолдауымен «Болашақты бірге жасаймыз» тақырыбында ғылыми практикалық семинарлар өткізілді.

Семинар мақсаты: Педагогикалық кадрлар біліктілігін көтерудегі 7 модульдік бағдарламаның негізгі идеясын жүзеге асырып, мұғалімдердің кәсіби тәжірибесіне енгізу. Семинар барысында ІІ — ІІІ — деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер мен біліктілігін арттырудың негізгі тұғырына байланысты тақырыптарында шебер кластарын ұйымдастыру.

Педагогикалық іс-тәжірибені насихаттау, педагогтың әдістемесін және шығармашылық байланысын кеңейту. Осы мақсатты жүзеге асыруда, белгілі бір білім көзін меңгерген тұлға ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі жетілдіруге, таратуға, дамытуға, қолдана білуге қабілетті шәкіртті тәрбиелеу — бүгінгі күннің қағидасы. Ал мұндай тұлғаны тәрбиелеу үшін мұғалім құзыретті болу керек. Педагогтың кәсіби құзыреттілік ұғымы тұлғаның біртұтас құрылымындағы теориялық және практикалық дайындығының бірлігі, кәсібилігі арқылы жүзеге асыру және тәжірибесін ортаға салу.

Семинар жұмысы пленарлық және секциялық бөлімдер бойынша өткізілді.

<http://www.45minut.kz> арқылы онлайн түрде басқа да облыстардан қатысушылар қатысуға мүмкіндік жасалған.

Семинар бағдарламасы аясында білім мекемелерінің көрмесі ұйымдастырылып, семинар қатысушылары және онлайн түрде <http://www.45minut.kz> (Күнделікті 40 мыңнан астам қолданушы) Республика ұстаздарына ұсынылады. Семинардың материалдары негізінде топтастырылған ұстаздар жинағы шығарылды.

Тәжірибе алмасу бағытында топтама жинаққа Қызылорда облысы ұстаздарының материалдары және Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе т.б облыс ұстаздарының еңбектері қосылды.

Семинар барысында көңілге түйгенім, ұстаздар арасында тәжірибе алмасу бағытында тақырыптық семинарларға сұраныс бар. Семинардың мақсатына сай деңгейлік курстардан өткен ұстаздар деңгейлік курстарға оқуға талаптанып жүрген әріптестеріне барынша қолдау көрсетіп, алған білімдерімен бөлісуге әзір екендіктерін білдірді.

Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс тәсілдерді қолдану арқылы жоспарланған сабақтарының оқушылар үшін қызықты да пайдалы екендігін өз тәжірибелерінде дәлелдеп, жаңашыл көшбасшы ретінде әріптестеріне тәжірибе таратты. Ал, талаптанушы ұстаздар болса білім алуға деген құштарлығын көрсетті.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кезекті Жолдауда айтылғандай: Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз — белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?

Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.

Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.

Ізгілік Байдрахманұлы Нағиев
Республикалық 45minut.kz басылымы редакторы

ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУ: КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ... (баяндама)

Баймбетова Гүлбаршын Қаржаубайқызы
Қызылорда қаласы №187 Мұстафа Шоқай атындағы
қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бұрынғылар «Қилы – заман болар, қарағай басын шортан шолар» - деген екен. Шынында да біздерге дейін кейбір аумалы – төкпелі замандардың өткені белгілі.

Енді міне, біздер тәуелсіз елдің жас ұландарымыз. Сонау кездері қазақтың ақиық ақыны Қасым Аманжолов: «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,

Қараймын елесіңе мен таңырқап» - деп тебіне жырлаған еді. Айтса – айтқандай, осындай бақытты заманда өмір сүріп жатқанымызға қуаныштымыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев та білім алыңдар, болашақ білімді жастардың қолында дейді. Біздің заманымыз білім мен ғылымның заманы болып тұр.

Білім саласының қай кезде де ауқымы үлкен, көкжиегі кең. Қай заманда да мектеп қоғамның әлеуметтік экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек. Рухани жан – дүниесі бай, халқын сүйген ата – баба жерін қадірлейтін ұрпақ қана болашақ тірегі бола алады.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Білімді аялап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек. Еліміздің, қоғамның экономикалық саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлеуметтік цивилизацияға көтерілетін, парасатты денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару мектептің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Сондықтан мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі талабы таудай, жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру жастарға білім мен тәрбие берудің негізі болып саналатын жалпы білім беретін метептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші кезектегі мәселе болса, бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты және оны мектеп тәжіибесіне енгізуде шешуші орынды мұғалім қызметі алатыны анық. Қазіргі замандағы білім беру тұжырымдамасының бағыты- ізгілік және тұлғаны қалыптастыру.

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін- білім» де ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, Қазақстанның өркеніеті әлемге қол созып, бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кірігуінің басты тетігі-білім екендігі анық.

Адам өмірінің, адамзат қоғамының өркендеп гүлденуі білімнің даму деңгейіне тікелей қатысты дүние. Мұғалімнің барлық білім қызметкерлерінің, халықтың, мемлекеттің болашағы, үміті мен сенімі-жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен, ұстаздық даналықпен қарау, заман талабына лайықты қызмет етуі қоғам дамуын алға бастайды.

Биылғы жыл –аса ірі маңызды оқиғаларға бай болды. Солардың бірі ел Президенті Н.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» атты Қазақстан халқына биылғы жолдауы Отанымызда ерекше серпіліс туғызды.

Еліміздің сапалы дамуының жаңа сатысына, биік белестерге көтерілуіне бағыт берген бұл маңызды құжатта еліміздің бәсекеге шынайы қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру жүйесін реформалау қажеттігі атап көрсетілді.

Иә, Елбасы ата көрсеткендей, білім беру реформасы – қазақстанның бәсекеге нақты қабілеттілігі қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманға білім беру жүйесі қажет. Осыған орай білім және ғылым министрлігінің алдына ауқымды міндеттер қойылды.

Мектептегі білім мазмұнын және құрылымын жаңартудың негізгі бағыттары жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпығаміндетті стандартының жаңа жобасында толық берілген.

XXI ғасырдағы әлемдік жіне Қазақстандық білім беру жүйесі дамуының негізгі басымдықтары:

Біріншіден – білім сапасын арттыру; мемлекеттік тіл, жаратылыстану – математикалық, техникалық пәндерді, шет тілдерін оқыту сапасын жақсарту;

Екіншіден – білімде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, жаңа технологияларды тиімді қолдану, жаңа технологияларды жасау және тарату, инновацияларды өрістеру және ынталандыру;

Үшіншіден – оқыту, жұмыс орнын дайындау және жұмыс нарығы арасындағы өзара байланысты нығайту;

Төртіншіден – мұғалімдер мен оқытушылардың білім мен біліктілігін жетілдіру;

Бесіншіден – қоғамдық ресурстарды, сондай-ақ білімдегі инвестицияларды біріктіретін сектораралық қатынастарды тиімді қолдану және т.б болып табылады.

Келешек еліміз 2016 жылдан бастап 12 жылдық білім беру жүйесіне көшеді. Ғалымдардың пайымдауына қарасақ, бастауыш сынып 6 жастан басталады. Оған дейін оқушылар бала-бақшада не мектепалды даярлық тобында болады. 12 жылдық білім берудегі мақсат -білімді, білікті, шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру.

«Мектептің жаны мұғалім»- деп ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы айтқандай, тәуелсіз Отанымызды күні ертеңгі тұтқасын ұстайтын ұрпақтың білімді де білікті болып шығуында ұстаздың орны бөлек екенін айтуды жөн санаймын.

АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектептің
Жоғарғы санатты мұғалім Камидуллина Маруа Жұлдызбайқызы*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке адамның шығармашылық, рухани және ден мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау, интеллектісін дамыту» деп атап көрсетеді. Сондықтан, жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір пән оқушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғышарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты.

Білім беруді демократияландырудың, ізгілендірудің тетігі – оқушыны өз әрекетінің иесі деп тану, тілді ұлттық құндылық, ділді қалыптастырудың тіні деп санау секілді жаңа парадигмаларды оқыту үрдісінде ұстану. Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды – тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені, шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Психологиялық сөздікте «Шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде жаңа материалдық және рухани байлық пайда болатын әрекет. Осының негізінде мәдени-тарихи құбылыс болып саналатын шығармашылықтың психологиялық аспектісі де бар: жекелік және үрдістік. Бұл жеке тұлға нәтижесінде өзінің жаңалығымен, бөлектігімен ерекшеленетін өнім шығаруға қажетті қабілеттердің, білімнің, икемділіктің және дағдылардың болуын талап етеді» деп берілген.

М.Махмутов шығармашылықтың келесі анықтамасын ұсынған: «Шығармашылық – эвристикалық қызмет, оның мәнін тез түсінуден, негізгі идеяны, ұғымның мәнін аңғара қоюдан, күтпеген жерден әрекет тәсілін тауып алудан тұрады. Шығармашылықпен ойлаудың белгісі үйреншікті нәрседен аулақтап, одан дер кезінде қол үзе білу, басқаша емес, солай ғана ойлау – әдет күшін жеңе білу.»

Л.Выготский «Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекетті» атаған.

Шығармашылық қабілеттің дамуы әр қилы шығармашылық әрекет барысында жүзеге асады. Оқушының шығармашылық әрекеті – оның мұғаліммен бірлесе отырып, білім үрдісіндегі материалдық және рухани мәдени нысандарын жаңаша сапалық тұрғыдан тануға, жасауға, өзгертуге бағытталған әрекетінің өнімді түрі.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік, экономикалық талап-тілектерге сай рухани бай, білімді, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қажеттігі ерекше туындап тұр.

Өмір талабына сай тұлға тәрбиелеудің ерекшелігі оның үздіксіз жүргізілу қажеттілігінде. Тұлғаның шығармашылығын дамыту адамның кішкентай кезінен бастап есейген кезіне дейін жүреді.

Педагогиканың негізгі мақсаттарының бірі – тұлғаны біртұтас жүйе ретінде тәрбиелеу. Тұлға – сана иесі. Шығармашыл адам – жасампаз тұлға. Өзін, айналасын, қоғамды жаңартып отырады.

Біз тұлғаны толыққанды жүйе деп есептесек, оның психикалық қасиеттері негізгі орынды алады. Бұл жүйе табиғи қасиеттері мен қоғамдық тәжірибені меңгеру барысында дамиды. Тұлғаның тұтастығы мен бірлігі әр алуан және қарама-қайшылықтардың жиынтығы болып табылады. Тұлға жеке оқиғалар ғана емес, қоғамдық өмірдегі маңызды оқиғаларға да байланысты әсерленіп, ашылады. Соған сәйкес туындайтын көзқарас пен іс-әрекет те әр алуан болады. Тұлға іс-әрекеті, өзіне және айналасына қарым-қатынасы арқылы, шығармашылық қабілетін жүзеге асыру арқылы қалыптасады. Сондықтан, баланың табиғи бейімділігін дамытып, тұрақты, әлеуметтік құнды шығармашылық қабілетке айналдырудың, осы әрекетке педагогикалық басшылық етудің маңызы зор.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, жалпы дамыту, еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жеке қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұштау, тұлғалыққа бағыттау.

Шығармашылық бағыттың дамуы адамның өзін тұлға сезінуі мен айналасына өзіндік көзқарасы болуына байланысты. Шығармашылық бағыттың дамуына денсаулығы, психикалық қызметінің, Шығармашылық бағыттың дамуына денсаулығы, психикалық қызметінің дамуы, негізгі шарты – әлеуметтік даму жағдайы негіз болады.

Баланың шығармашылық қасиеті кішкентайынан көріне бастайды, себебі, шығармашылық – бала дамуының қалыпты жағдайы. Алайда, шығармашылыққа бейімділік бірте-бірте жоғала бастайды, ол балаға да, қоғамға да кері әсер етеді. Шығармашылықпен тұрақты және саналы айналысатын және өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын адам өмір талабына, өзгермелі еңбек шартына, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге тез бейімделеді.

Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, өмірі қызық, мақсаттарын жүзеге асыру барысында өз жолын өзі ашып, кедергілерді жеңе алады, үздіксіз алға жылжып отырады.

Балалық кезеңде шығармашылық бағыт оқу-тәрбие үрдісінде тиімді дамиды. Нәтижесінде баланың білімі, белгілі-бір қабілеттері артады. Ол әр алуан жолмен, әсіресе, эстетикалық тәрбие құралдары арқылы жүзеге

асады.

Сонымен, шығармашыл тұлға болу дегеніміз – дүниені тану және жаңарту арқылы тұлғаның болмысқа көзқарасын айқындауы.

Ана тілі сабағында күнтізбелік жоспар тақырыптарды топтап, тиісті бөлімдерге бөлініп жасалынады. Сол бөлімдер бойынша ақын-жазушылардың суреттері мен қосымша деректер, топтамалар, көрнекіліктер арқылы сабақтың шығармашылық мақсатын арттыруға болады.

Осы мақсатты жүзеге асыру баланың білім игеру кезінде өзіндік іс-әрекеттері мен ізденуін белсендіріп, шығармашыл қабілетін дамыту шешілмек.

Жас ұрпаққа білім беру жолында «Сын тұрғысынан ойлау», «Дамыта оқыту», «Ойын арқылы оқыту», «Деңгейлеп оқыту» тағы басқа оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу.

Сөз байлығы жеткілікті бала әңгіме, шығарма, мазмұндаманы еркін жазатыны белгілі. Бағдарлама бойынша ана тілі пәнінде тарау біткеннен кейін алған білімді шығармамен, мазмұндамамен қорытындылап отыру көзделген.

Бастауыш сыныптың ана тілінен оқушылар қоғам, Отан, табиғат, сондай-ақ, сондай-ақ, жануарлар дүниесі жайлы әңгімелермен танысады. Өмірдегі сан алуан құбылыстардан хабардар болады. Соның нәтижесінде баланың оқуға деген ынтасы, белгілі-бір мамандыққа деген құмарлығы артады. Ана тілін оқыту сабақтарының мәне ерекше. Өйткені, ол сабақтарда оқушылардың ой-өрісі, сөйлеу тілі дамып, жеке мәтінмен, кітаппен, өздігімен жұмыс істеуге үйренеді. Кітапты түсініп оқу балалардың алған білімдерін тереңдетіп, дүние танымын арттырады. Д.Писаревтің «Мектепте оқу керек, ал мектептен шыққан соң да көп оқу керек» деген сөзі бар, яғни, баланың сыныптағыдан тыс қосымша материалдар игеруіне, өздігінен білім алу мәселелеріне ерекше назар аударғанымыз абзал.

В.Сухомлинский «Шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық адамды адамға тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты баланы өмірге, еңбекке шығармашылықпен қарауға үйрету» деп атап көрсеткен.

Оқушы шығармашылығын дамыту – білімдік үрдіс субъектілерінің және білім мазмұны мен жүйелердің өзара әрекеттесу аймағы. Сондықтан, оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсенділік, дербестік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетін қалыптастыруға болады.

Дарынды, талапты жастар – бүгінгі егемен еліміздің жарқын болашағы. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Бізге керегі – шын дарындылар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тапланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті» деп жас ұрпаққа үлкен мән беріп келеді.

Бала бойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту, олардың қабілеттерін зерттеу – ең басты мәселе. Бала бойындағы күш-қуатты жетілдіру, оның қолынан бәрі келетініне сендіре білу – ұстазға жүктелген міндет десе де болады, ал сенім бар жерде «алынбайтын қамал жоқ».

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Оқушының шығармашылығына бағыт беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Ол баланың ойын дамыту туралы «Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі», -деп атап көрсете келіп, мұғалім баланың ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек деді. Шығармашылық қабілеттерін дамыту – баланы ойлай білуге үйрету. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық дайын болуға үйрету. Бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Дамыта оқытудың басты мақсаты - баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады.

Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен – өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық дербестігін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Педагогика ғылымы ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті балалардың қабілетін кеңінен өрістетіле дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады.

Шығармашылық - жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық сөзінің мәні

«шығару», «іздену», «ойлау» дегенге саяды. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн. Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау білім беруде жеке оқытудың дамуына көзделуі керек. Мұғалім үнемі оқушыға шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын нұсқап отырса, онда балалардың өздері ізденіске түседі. Психологтардың айтуынша, қабілеттілік туа біткен қасиет емес, ол тікелей пәндік әрекет арқылы дамиды. Оның дамуы баланың жаңа білім алуымен, оның біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуымен тікелей байланысты. Шығармашылық қасиетті адам баласының бойында қалыптастыруда сөз өнерінің берері мол. Баланы жастайынан шығармашылық өнеріне қалай баулу керек. Шығармашылыққа үйрету үшін мынандай жағдайларды ескеру керек.

- Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттау керек;
- Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесу керек;
- Оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу.

Шығармашылық бағытта баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру керек.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екіншісі - өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі, үшіншісі - жалқаулық.

Оқушылардың шығармашылық дербестігі мен ізденімпаздығын қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажет. Іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында түрлі танымдық тапсырмалар дайындауда мынандай талаптар қойылады:

-Шығармашылық тапсырмалар дайындауда оқылатын пәннің жеке сипатын, мазмұнын ескеру;

-Шығармашылық тапсырмалардың түрлі деңгейде болуы;

- Кезекті тапсырма бұрын берілген тапсырмамен байланыста және бір жүйеде берілуі;

-Білімі мен біліктерін жетілдіретіндей болуы;

-Тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге өзгеруі;

-Оқушының жеке қабілеттерін ашатындай болуы және шығармашылық дербестігін дамытатындай дәрежеде болуы керек.

Оқушының шығармашылық дербестігін қалыптастыру мәні:

-Қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге, ғылым жаңалықтарына тұрақты қызығушылықтың пайда болуына;

-білім алуға, шығармашылық жұмыстарға тұрақты қызығушылық;

-оқу – танымдық міндеттер мен мақсаттарын орындауға талпыну;

-жеке тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде көрінетін қабілеті мен қасиеттерінің дамуына;

-жеке тұлғаның дербес интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеюіне;

-тұрақты ізденімпаздық шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелі дамуына әсер етеді.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылықтарын, қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдануға болады.

Олар мынандай:

-тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;

-арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;

-логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу;

-берілген тапсырманы түрленуді бағытындағы жұмыс;

-әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;

-қиялдау арқылы сурет салғызу;

-ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру;

-ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шығармаларын құрастыру;

-мәтін, әңгіме, ертегіні өз бетінше аяқтау.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жұмыс түрлері:

-мұражайға апару;

-әртүрлі кездесулер өткізу;

-әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру;

-балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі

пайдалану.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығуын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдануға болады. Осы орайда шығармашылыққа баулудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың сынынан

өткен мынандай түрлерін атап айтқым келеді.

1. Мәтінге ат қояды, жинақтайды.
2. Өз ойын еркін жеткізуге берілген ізденіс бағытындағы тапсырмалар;
3. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, жоспар құру.
4. Әңгіме құрастыру;
5. Әңгімені жалғастыру;
6. Ертегі мәтінін құрастыру;
7. Қиялдау арқылы сурет салу.

«Қиялдамасаң қызыл тіл сайрамайды» дегендей, оқушыны көркемдік шешім табуға жетелеу үшін қиял, ұшқыр ой туу қажет. Мұнда оқушының өзіндік ізденісі, пікірі, айтары байқалады. Оқушыға өз бетінше ертегі, әңгіме, мәтінді жалғастыра жазу және аяқтау тапсырылады. Аяқталмаған мәтін бойынша жұмыс жүргізудегі мақсат - оқушыларды өз бетінше сюжет ойлап, әңгімені әрі қарай жалғастыра отырып, сәтті шешім тауып аяқтауға дағдыландыру. Бұл жұмыста оқиғаға тән көріністер, суреттер, түрлі сюжеттер орын алады. Оқушылар да сол көріністерді қиялмен суреттеп, оқиғаны дамыта отырып, шығармашылық жұмыс істейді. Шығармашылық қабілетті ашудың көзі - оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі. Бұл бағытта төмендегідей жұмыстар арқылы таным көкжиегін арттыра түсеміз.

I. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар.

- 1) Сөзжұмбақ.
- 2) Ребус.
- 3) Мақал-мәтел, жұмбақ.
- 4) Ұйқасын тап.

II. Берілген тапсырманы түрлендіру.

3. Мәтін мазмұнын өңдеу.
4. Өлеңді қара сөзге айналдырып жазу.

III. Әдеби шығармашылық жұмыс.

- 1) Әңгіме, ертегі жазу.
- 2) Жаңылтпаш, жұмбақ, өлең құрастыру.
- 3) Шығарма, ой толғаныс, эссе.

Оқушыларға тапсырмаларды өтілген тақырыпқа немесе белгілі бір тақырыппен жаздыруға болады.

«Қысқы демалыста» тақырыбы бойынша оқушылар табиғатты суреттей отырып, демалыс күнгі сәттері мен есте қалар қызықты оқиғалар, серуен кезіндегі іс-әрекеттерін қара сөзбен көркемдеп жеткізеді. Табиғат туралы қанатты сөздерді іздестіру, қысқы демалыс күндерін баяндау арқылы оқушы бойында табиғатқа, айналасына мейіріммен қарау сезімдері қалыптасады. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Шығармашылық оқушыны ізденуге жетелеп, өз ісіне сын көзбен қарай білуге, өзін өзгемен салыстыруына мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі жалпы білім беретін мектеп қоғамның алға қойған көкейкесті міндеттерін жүзеге асыру үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді әрекет жасайтын, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеуі тиіс. Бастауыш

сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістерінің қолдану жолдары мынандай үлгіде болуы тиіс:

1. Қарапайым оқу тапсырмаларын орындау;
2. Проблемалық оқу тапсырмаларын орындау;
3. Эвристикалы (ізденімпаздық) оқу тапсырмаларын орындау;
4. Шығармашылық оқу тапсырмаларын орындау.

Бұл аталған танымдық үрдістердің оқушы шығармашылығын дамытуда алатын орындары зор. Өйткені, оқушылардың сабақ барысындағы байқағыштығы, зейін тұрақтылығы, ұғым жасау қабілеттері, есте сақтау және еске түсіру, қиялдау, ойлау әрекеттері, қабылдау дәлдігі шапшаңдықпен жұмыс істеуі үшін маңызды.

«Шығармашылық қабілеттері дамыған оқушының болмысы қандай болуы тиіс?»

Шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушы:

1. Талдау және жинақтау, салыстыру әдістерін шебер қолданады. Оқу мазмұнын тани алады, басқа ақпараттардың ішінен бөліп ала алады. Тез ойлайды, сөзі жүйелі, ойы икемді болып келеді.

2. Оқу тапсырмасын өз бетімен орындай алады. Оқу тапсырмасында берілетін проблемалық тапсырмаларды орындауда өзінің біліміне сүйене отырып, проблеманы шешудің стандартты емес жолдарын өз бетімен ұсына алады.

3. Мінез - құлықтары тәртіпті, белсенді, жинақы, іскер, кішіпейіл, қасындағы сыныптас достарына достық көзқарас ұстанатын, танымдық қызығуы жоғары дәрежеде дамыған болып келеді.

4. Адамдарға, қоршаған ортаға, қоғамға, мектебіне, ұстаздарына, жақын достары мен туыстарына деген көзқарастары адамгершілікке негізделген болып келеді.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас

кезең. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлесу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Л.С.Выготский: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Егер оқушы алған білімінің мәнін терең сезінсе, демек, ол мәнді мәселені мәнсізден айыра біледі, бұл байланыстың қалыптасуын көре біледі, білімнің ақиқаттығын дәлелдей алады».

Шығармашылық қабілетті дамытуда қазіргі заман талабына сай білім берудің озық технологияларын пайдалану өте қажет. Ол үшін бастауыш сынып оқушысының ой-өрісін деңгейіне сай технология түрін таңдап алған орынды. Қазіргі таңда балаға деген көзқарас пен қарым-қатынаста баланы дамытушы тұлға ретінде қабылдап, олармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы да осыған лайық өзгерістерге ұшырап, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізу талабы туындап отыр.

Шығармашылық дарынды дамыту, мақсатты және жүйелі жүргізілуі тиіс. Шығармашылық қабілетті дамытуда оқушыларға жан-жақты тапсырма беру арқылы мысалы: жұмбақ, ребус, сөзжұмбақ, тест сұрақтарын қолданған жөн. Оқушының сабаққа қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге осы аталған жұмыстарды пайдаланып қана қоймай, қазіргі заман талабына сай білім технологияларын, яғни салауатты хат, инсерт стратегиясы, бес жолды өлеңді үнемі пайдаланып отырамын. Ана тілі пәнінде оқушыларым өткен тақырыптағы мәтіндегі кейіпкерлерге салауатты хат жазуды әдетке айналдырған.

Оқушы қиялын дамыту жұмыстарын ана тілі пәнінде көп қолданамын. Берілген мәтіндегі бір көріністі көз алдарына елестеткіземін. Оқушылар тыныштықта отырып, көздерін жұмып, әрбір мен айтқан нәрсені елестетуге тапсырамын. Мысалы: «Жазғы дала. Тау етегі. Айнала жап-жасыл. Бір ауыл көрінеді. Нұрдәулеттің әкесі Сейілхан машинаны ауылға қарай бұрды. Олар бір үй маңына тоқтады. Нұрдәулет машинадан түсті де, көрмеде байлаулы тұрған ботаға бұрылды. Бота өте әдемі...»

Оқушылар осындай кез-келген көріністі көз алдарына елестете алады, өздері сол елестен үлкен қуанышқа бөленеді. Олардың алғашқы әсерлері мынадай сөздерден байқалады: «кино көргендей болдым», «суретке түсіріп алғандай болып елестеттім...» т.б.

Осындай оқушы шығармашылығын дамытатын қызықты тапсырма, ойындар көп –ақ. Оларды сабақ барысында қолдануға уақыт жетіспей жатады. Себебі сабақ барысында ғылымилық, білімдік мақсатын алға қоямыз. Оқушының шығармашылық қабілетін, қиял-елес бейімділігін, сөйлеу шеберлігін дамыту мақсатында аптасына бір сағат «Оқушылардың шығармашылығын, қиял-елесін дамыту» сабағын өткізіп тұрамын.

Мұғалім оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аямай еңбек етуі керек. Дарынды оқушыны дамыту үшін үнемі шығармашылықпен ізденісте болуы тиіс. Ол үшін мұғалім оқытудың дәстүрлі емес түрлерін, жаңа педагогикалық технология, әртүрлі нұсқаларын сабақта жүйелі түрде пайдалануы тиіс.

Енді өзім пайдаланып жүрген «Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың» бірнеше тәсілдеріне тоқтала кетейін.

1. Оқушы білімінің өмірмен байланыстылығы.
2. Берілген білімді оқушының сапалы, жүйелі меңгеруі.
3. Өздігінен жоспар жасауы.
4. Оқушылардың кітапханамен, әдеби кітаптармен жұмыс істеп үйренуі.

Қазіргі кезде қоғамда қажетті мамандықтар тез бейімделуді, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ойлау қабілетін, қиындықтан шыға білуді, адамдармен тіл табыса білу өнерін қажет етеді. Бұл қасиеттердің барлығы да шығармашылық жолдан бастау алады.

Әрбір ұлттың ұрпағы ана тілін терең оқып үйреніп, сол арқылы Отанын, елін, туған жерін сүюге тәрбиеленуі тиіс. Ал, бала - біздің болашағымыз десек, болашақ ұрпаққа заман талабына сай білім беру - кез келген мұғалімнің міндеті.

Ұстаз - белсенді шығармашылық іс-әрекетке талпынған оқушының кеңесшісі, әрі көмекшісі. Әрбір мұғалім сабақ жүргізу барысында жаңа технологияға сүйене отырып, тосын идеялар мен проблемалық ой тудырып отырса, оқушылардың да пәнге қызығушылығын арттыруға болады.

Шығармашылық - бұл адам іс әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімді дер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.

Өзім жетекшілік ететін сыныбымда ана тілін терең оқыту арқылы баланы шығармашылыққа баулуды мақсат тұттым. Бұл мақсат орындалу үшін бағдарламадан тыс шәкірттерге қосымша тапсырма беріп отыруға тура келді.

Сонымен, тілді тереңдетіп оқыту арқылы шығармашылыққа үйрету мақсатымызды жүзеге асыру үшін мұғалімге ізденіс керек.

Шығармашылық тұлға негізі бастауыш сыныпта қаланатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірибесінің, дара дүниетаным, дара эстетикалық көзқарастың жетімсіздігінен олар бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дейді халқымыз. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болдуға тиіс. Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек.

Ұстаз еңбегі – шәкірт білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде.

Мұғалімдік қызметімде Макаренконың «40 жыл мұғалім болсаң да, 45 минуттық сабағыңа дайындал» деген қағидасын еш жадымнан шығарған емеспін.

Шынайы сабақ – бұл оқушы мен шәкірттердің бірлескен ізденісінің нәтижесі, мұғалімнің шығармашылық жұмысының жемісі. Отанын, елін, туған жерін сүйетін шәкіртті ана тілін терең оқыту арқылы тәрбиелей аламыз. Сол шәкірт бойындағы шығармашылық ізденісті тереңдете түсу – менің негізгі мақсаттарымның бірі.

Осындай тынымсыз еңбектенудің нәтижесін же бүгінгі таңда оқушыларым өз бетімен ертегі, әңгіме, мақал жазып, өлең, өтірік өлең шығаруға бейімделіп келеді. Мұның дәлелі ретінде оқушыларымның аудандық «Мақат тынысы» газетінде жарық көрген шығармаларын, сондай-ақ, оқушылар шығармашылығынан жинақталған кітапшамды айта аламын.

Қорыта келгенде, Егеменді еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін оның негізгі тұтқасын ұстайтын дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Халқымыз «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деп бекер айтпаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ержанов. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін ашу. (Мектеп технологиясы, №7, 2003)
2. Ж.Рүстемов. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. (Бастауыш мектеп, №1, 2003)
3. Оқушы шығармашылығын арттырудағы білім технологиялары. (Білім технологиялары. №4, 2009)
4. Шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. (Бастауыш мектеп. №5, 2009). Б. Тұрғынбаева.
5. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. (Алматы, 1999)
6. Д.Кішібаева. Оқушыларды шығармашылыққа баулуда белсенділігін, қызығушылығын арттыру жолдары. (Бастауыш мектеп №3, 2009)
7. А.Нұрсұлтанова. Шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу жолдары. (Бастауыш мектеп №3, 2009)
8. Ш.Жантілесова. Бастауыш сыныптарда шығармашылық қабілеттерді дамыту. (Бастауыш мектеп №5, 2009)
9. Дайрабаев.Е. «Мектепте шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері» Алматы, 1973
10. Ерматов.С., Әбішева.Т. «Пәнге қызығудың қалыптасу динамикасы» «Қазақстан мектебі» №2, 2007
11. Игенбаева.Б.Қ. «Мен – Адаммын» Алматы, Дәуір, 2000
12. Иманбекова.Б., Әбдіреймова.К., Мазаржанова.Қ. «Оқытудың негізгі формасы – сабақ» Алматы, 2003
13. Қараев.Ж.А. «Деңгейлік саралау технологиясы»
14. Қосымова.Г., Құрманова.Н. Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау. Алматы. Мектеп, 2008
15. Мақпырұлы.С. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқау. Алматы. Мектеп, 2008
16. Платонов К.Г. «Структура и развитие личности». Москва, Наука, 1986
17. Бордовская Н.В., Реан А.А. «Педагогика» Санкт-Петербург, 2000
18. Хусаинова Н.Ю. «Культура общения руководителя» Казань, 1996
19. Андреев В.И. «Педагогика» Казань, 1996
20. Тәжібаев Т. «Жалпы психология» Алматы, 1993
21. Лейтес Н.С. «Умственные способности и возраст» Москва, 1971
22. Леонтьев А.Н. «Деятельность», «Сознание личности» Москва, 1975
23. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы
24. М.Махмутов «Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру» Алматы «Мектеп», 1981
25. Л.С.Выготский «Педагогическая психология» Москва, 1967
26. М.М.Поташник «Как развивать педагогическое творчество» Москва «Наука», 1987

ДЕНЕ ҚОЗҒАЛЫСЫ БАҒЫТЫНДА ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН КҮШТІҢ ЖҰМЫСЫ

Атырау облысы Жылыой ауданы. №4 мектеп.
Шегірова Ақгүл Сайлаубайқызы

Сабақ жүргізген мұғалімнің аты-жөні:	Шегірова Ақгүл Сайлаубайқызы	сынып	Атырау облысы Жылыой ауданы №4 мектеп
Апта:	11.04.2014	Сабақ: 56.1	
Сабақтың атауы:	<i>Дене қозғалысы бағытында әрекет ететін күштің жұмысы. Қуат.</i>		
Сілтеме:	Физика және астрономия оқулығы. Алматы: Атамұра, 2012. Физика және астрономия оқыту әдістемесі 7- сынып. Есептер мен жаттығулар жинағы 7 – сынып В.И. Кем, Б.А.Кронгарт Алматы, Мектеп, 2005. Ғаламтор материалдары. Презентация.		
Жалпы мақсаты	Оқушыларға механикалық жұмыс, қуат, формуласы, өлшем бірлігі туралы жалпы мағлұматтар бере отыра, жаңа ұғымды меңгерту.		
Міндеттері:	1. Оқушыларға механикалық жұмыс, қуат туралы түсінік алуға жағдай жасау. 2. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту. 3. Жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		
Сабақта туындаған негізгі идеялар:	1. Оқушының қауіпсіздік шараларын қаншалықты білетініне сүйену. 2. АКТ – ға сүйене отырып, жаңа ой дағдыларын жетілдіру.		
Күтілетін нәтиже	Механикалық жұмыс, қуат туралы толық меңгеріп шығу. Механикалық жұмыс, қуаттың арасындағы айырмашылығын ажырата білу, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Оқушылардың бірін - бірі бағалай білуге, топпен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жасау		
Тапсырмалар	Флипчартқа салған өз ойларын ортаға салу, слайдта берілген сұрақтар, сәйкестендіру тесті, тәжірибелер, есептер шығару, физикалық диктант.		
Дереккөздер және жабдықтар:	компьютер, видеопроектор, интерактивтік тақта, флипчарт қағаз, түрлі – түсті фломастерлер, скотч, карандаш, слайдтар, сызғыш, 100 г-дық жүктер жиынтығы, ағаш көсегі, динамометр, магниттер.		

ӨНЕР, БІЛІМ – ТАУСЫЛМАС АЗЫҚ. «БАҚЫТТЫ СӘТ ОЙЫНЫ»

Сыныптан тыс сабақ, 6 сынып (Ер балалар мен қыз балалар)

**Астана қаласы. № 38 мектеп – лицей
Жарасбаев М.А. Жарасбаева Д.А.
Технология пәні мұғалімдері**

Мақсаты:

1. Білімділігі: Технология пәнінен үйренгендерін, алған білімдерін көпшілікке көрсету. Оқушыларды өз ойларын еркін, ашық айта білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету. Жас ұрпаққа ата-баба дәстүрі, әдет-ғұрып туралы мағлұмат беру.

2. Дамытушылығы: Еңбек туралы ой-өрісін дамытып, өз бетімен әрекеттеніп жұмыс жасауға баулу және іскерліктерін арттыру. Оқушылардың танымдық жеке шығармашылық икемділігін дамыту.

3. Тәрбиелік: Эстетикалық талғамын ұштап, өнерге, шығармашылыққа тәрбиелеп, ұқыптылыққа үйрету.

Көрнекіліктер, құрал-жабдықтар: Нақыл сөз, асыққа оралған сұрақтар, фишкалар (бір түсті), конкурс тапсырмалары, секундомер, қағаз, қалам, парақ, түрлі-түсті бояулар, мата қиындылары, қайшы, ине-жіп, үлгілер, шаблондар.

Сабақтың түрі: Ойын сайыс сабағы

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру: Оқушылардың сабаққа даярлықтарын тексеріп, керекті құрал-жабдықтарын қадағалау, назарларын сабаққа аудару.

2. Жұмыс барысы: Сынып екі командаға бөлінеді, әр команданың өз капитаны және атауы болады.

I бөлім: «Бой сергіту»

Талпынған әр шыңдарға жас таланттар,

Ақ Орда аспанына ән қалықтар.

Күтіп тұр арман құған өрендерді,

Ән жырмен ойға толы сын сағаттар.

Командаларға 10 сұрақтан беріліп, оларды талдауға 5 мин. Бөлінеді. Команданың бір өкілі жауап береді, ал бәсекелестері жауаптың дұрыстығын қадағалап отырады. Сұрақтарға ең көп, әрі дұрыс жауап берген команда фишканы ұтады.

II бөлім: «Қалтадан шыққан сый»

Өнер білім негізінен, Өтеді енді сынақтар.

Мазалайтын, ойланатын, Қойылады сұрақтар.

Команда мүшелері қалтадан нөмірлері бар түрлі-түсті асықтар алып шығады. Асықтың түсімен тақтада тығылып тұрған сұрақты таңдап, өз тобына барып 1-2 мин ішінде талқылаған соң, жауап береді.

III бөлім: «Тапқыр болсаң тауып көр»

Қолөнері халқымның өрістесін,

Әрқашан алла берсін берекесін.

Өнерін ортаға сап өскен өркен,

Мақал-мәтел айтысып сөз сапьясын.

Мұнда мақал – мәтел жарысы. Жүргізуші мақалды бастайды ойыншылар жалғастыру қажет. Қай команда көп жауап берсе оларға фишка беріледі.

IV бөлім. «Адамды адам еткен - еңбек»

Көрсетті өрендерім әр салада сайысып,

Қимылдары жүргендей бір жай ұшып

Қолөнердің сан алуан түрін меңгерген,

Жанкүйерлер ат салыссын осы арада жарысып.

Әр команданың жанкүйерлер тобынан 2 ер бала, 2 қыз бала шеберліктерін көрсету. Қыздар мата қалдықтарымен жұмыс жасайды, ер балалар ағашпен жұмыс жасайды.

V бөлім. «Сен маған, мен саған» Үй тапсырмасы.

VI бөлім. «Тығырықтан шығар жол» Сергіту сәтіндегі сұрақтар (ситуациялық тапсырма)

3. Қорытынды.

Көгере бер, өсе бер,

Өмір жолы еңбекпенен шешілер.

Шыңға шығар шынар болып шынайы,

Кездеспесін ешқашанда кесірлер.

Барына риза болсын көрермендер,

Байқауда білгенді де, білмегенді,

Осымен бұл қызықты тәмәмдасақ,

Тағы да үйренерміз аман болсақ.

I бөлім: «Бой сергіту»

I топ.

1. Ұлттық ет тағамдарының түрлерін атаңыздар (қазы, қарта, жал-жая, ет, шұжық)

2. Ұлттық сүт өнімдерді атаңыздар (қымыз, шұбат, сүт, айран, құрт, сүзбе)

3. Мал терісінен жасалатын ыдыстар (саба, мес, торсық)

4. Зергерлік бұйымдарды атаңыздар (алқа, білезік, сақина, сырға, шолпы)

5. Қол тігістері түрлері (көктеу, көшіру, көмкеру, қиғаш көмкеру, қайшы тігіс, тор тігіс, қайып тігу)

6. Ағаштан жасалған бұйымдарды ата (күбі, құмыра, зерен, тегене, ожау, кебеже, асадал, кепсер, тостаған)

7. Жұқа фанерлы ДВП оятын ара (лобзик)

8. Ағашты көркемдеп оятын құрал (қашау)

9. Қалдық маталарды құрастырып жасалатын бұйымды ата (құрақ)

10. Заттар мен бұйымдар бейнеленген көркем шығарма қалай аталады. (натюрморт)

II топ.

1. Ұлттық киімдер түрлері (көйлек, бешпент, қамзол, шапан, сәукеле, тақия)

2. Ұлттық ұн тағамдарын ата (бауырсақ, шелпек, кеспе нан)

3. Былғары бұйымдардың түрлерін ата (торсық, мес, саба)

4. Белдемелі бұйымдар деп қандай киімдерді атайды ((шалбар, белдемше, шорты)

5. Тігін машина тігіс түрлері (сырып тігу, қосып тігу, көмкеру, қондыру, бастыру, айыра, қайып тігу)

6. Тоқты өткізбейтін қорғаныш зат (резеңке)

7. Ағашты түйіндестіріп қиылыстыратын шеге (ағаш шеге)

8. Қатты ағаш (емен), жұмсақ ағаш (бал қарағай)
9. Қазақтар киім тігуге өздері өндірген қандай материалды жиі пайдаланған (жүн, тері)
10. Табиғи көріністі бейнелейтін көркем шығарма (пейзаж)

II бөлім: « Қалтадан шыққан сый» Жұмбақтас.

1. Екі семсер айқасқан,
Оқта – текте шайқасқан. (Қайшы)
2. Дәмді – дәмді тағамдарды жинайды,
Қонақтарды көңілдене сыйлайды. (Дастархан)
3. Қимылдаса қос шебер,
Қыруар – қыруар іс өнер. (Қол)
4. Адамның сәні, онсыз жоқ мәні. (Киім)
5. Дорбаға тығып бас бағын,
Байлай салдым бас жағын. (Тымақ)
6. Іші егіс, сырты тегіс. (Тон)
7. Аузы бір қбыр. (Шалбар)
8. Дөңгелек өзі, төртеу көзі,
Ұстайды мықтап, тұрғанды сырттан. (Түйме)
9. Әшекейлі күбіні,
Кигіздім биік төбеге. (Сәукеле)
10. Екі тышқан бірлесіп, кесіп-пішіп береді,
Жүрмесе егер бірлесіп, жоқ қой оның керегі. (Қайшы)

III бөлім; «Тапқыр болсаң тауып көр».

(Мақал – мәтелдерді тауып жаз.)

1. **Өнерді үйрен де жирен.**
2. **Білім көп жерде - өнер көп.**
3. **Үйренгенің өзіңе, істегенің өзіңе құт.**
4. **Шебердің саусағы алтын.**
5. **Ою ойғанның ойы ұшқыр**
6. **Бұрыс алды ынтымақ.**
7. **Қыз еркем, кестесімен көркем.**
8. **Өнер өрге жетелейді**
9. **Еріншектің ертеңі бітпейді**
10. **Жеті рет өлшеп, бір рет кес.**
11. **Өнер таусылмас қазына, жұтамас байлық.**
12. **Бейнет түбі зейнет.**
13. **Еріншектің ертеңі бітпейді.**
14. **Оюды оя алмаған ойланбаған.**
15. **Шеберді шеге қағысынан байқа.**

IV бөлім. «Адамды адам еткен - еңбек»

**Ал кімнің өнері бар қаншалықты,
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.
Осы бір сайыстардан бәйге алуға,
Барлығы аянбай – ақ жан салыпты.
Ән «Мектебім» Орындайтын**

Ү бөлім. «Сен маған, мен саған» Үй тапсырмасы.

ҮІ бөлім. «Тығырықтан шығар жол» Сергіту сәтіндегі сұрақтар (ситуациялық тапсырма)

1. Әпкеңіз мұғалім. Ал сенің досың әпкеңіздің сабағын өткізуге еш мүмкіндік бермейді. Саған айтып еді, досыңа айтып ескерттің. Аз уақыттан кейін әлгі жағдай қайтып жалғасты. Сіз не істер едіңіз?
2. Сыныпта досың екеуің оқу озатысыңдар. Достықтарың кішкентай кезіңнен жалғасып келеді. Бірде мектеп әкімшілігі әр сыныптан бір оқу озаты ғана жолдамамен «Балдәурен» демалыс лагеріне баратынын айтты. Осы жағдайда досыңызбен қандай шешімге келер едіңіз?
3. Құрбы досыңыз математика сабағынан есеп шығарып беруді өтінді. Сен шығарып бердің. Осылайша бірнеше рет қайтalandы. Бірде досыңнан география пәнінен көмектесуін сұрадың. Досың «басқалардан сұрасаңшы» деп теріс айналып кетті. Досыңды қалай бағалар едің?
4. Сен сабаққа дайындалып жатырсың, орындайтын тапсырмалар көп. Кенеттен апаң сені дүкенге барып келуіңді сұрады. Сен осы уақытқа дейін анаңның тілін қайтарған жоқсың. Сен дүкенге барарма едің, әлде басқаша істерме едің?

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ»

*Х.Санбаев атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі
Рзақанова Сандугаш Амандыққызы*

Өзекті мәселе: Қандай да болмасын бір жұмысты қызыға, құлшына атқарудың нәтижесі адамның қабілетін шыңдайды. Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы оянады. Шағын әңгіме, ойтолғау, салыстырмалы мінездеме жазу, кейіпкер портреті, эссе жазу жоғары сыныптарда балалардың шығармашылық тұрғыда көркем жанрда еркін қалам сілтеуіне жағымды әсерін тигізеді. Жақсы берілген тапсырмаларға бала бар ынтасымен кірісіп, оны білуге, меңгерге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Мақсат: Баланың бойындағы білімге құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

Міндеттер:

- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- өз әрекетіне мақсат қоя білуге үйрету;
- білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау;
- өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру;
- шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылық қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде қабылдай алады;
- әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен құдіретті орнын өз дүниесінде көркемдеп бере алады;
- оқушылардың кітап оқу шеңбері ұлғаяды.

1. **Кіріспе. Қызығушылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі.** Өмір сүрудің өзі қызығушылықпен біте қайнасқан. Қызығушылықтың да шарықтау шегі бар. Ол – шынайы махаббат. Өмір сүруге құштарлық. Өнер- білім үйренуге деген талпыныстар, туған жер табиғатын аялау, мәпелеу – бәрі де қызығушылықтан туындаса керек.

«Қызығушылық» - кең мағынадағы ұғым. Ол адамның саналы әрекеті. Адам айналасындағы сан алуан заттарға ерекше көңіл бөліп, қызығып отырады. Қызығушылықтың үлкен бір орын алатын психикалық әрекетінің бірі – тілек. Адам не тілесе де, барлығы мұқтаждықтан туындайды. Ол үшін қызығатын нәрселер адамға тек жағымды эмоциялық сезімдер туғызуы керек. Адам алдына мақсат қойып, өзінің ерік- жігерін жұмсап, кейбір заттармен үнемі шұғылданып отырады. Мәселен, оқушы оқуға қызығу үшін оқылатын дүниенің мазмұнын түсінуі қажет. Қызығушылық түсінік болмаған жерде болмайды. Қызығушылық оқу- тәрбие жұмысында өте қажетті шарттар болып табылады. Баланың жақсы оқуына, жақсылап түсініп алуына, балаларды әдепті етіп тәрбиелеуде, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді енгізуде ықпалы зор. Егер баланың алжына тұтқан мүддесі, қызығуы болмаса, оқу пәніне, тәрбие жұмысына ешбір қызықпаса, онда оқудың да, тәрбиенің де жемісі болмайды. Қызығушылық нақтылы қоғамдық жағдайлармен де байланысты. Қызығушылық ортаның әсерінен, үлкендердің қылықтарынан пайда болып отырады.

Баланың қызығушылықтары оның жас ерекшеліктеріне де байланысты. Баланы еліміздің байлығымен, туған жерімізбен, қоғамдық өзгерістермен әрдайым таныстырып, қызықтыру қажет. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген қасиетті ұғым баланың отансүйгіштігін оятатындай болуы тиіс. Қызығушылықтың дамуында балалар өздерінің күшіне сеніп, атқаратын жұмысына ынталы кірісуі керек. Ол жұмыстың нәтижесін, табысын көрсе, онда көңіл күйі, рухы да көтеріңкі болады. Адамның іс- әрекетінің барлығы белгілі бір мақсатқа, мүддеге саналы түрде бағыттанып отырады. Белгілі бір мақсаттарға жету кейде арман да болады. Арманға жету – адам бақыты. «Арман», «бақыт» дегендердің бәрі де өмірде қызығушылықпен астасып жатса керек. Оқуда болсын, еңбекте болсын адам алдына мақсат қойып, содан бір нәтиже шығаруды көздейді. Ең басты мақсат пен мүдде адам тұрмысында жетекші орын алып, адамды алға қарай жетелеп, жігерлендіріп отырады. Қалыпты жағдайда адамның барлық әрекет қылығы саналы болады. Саналы әрекеттің маңызды сипаттарының бірі – шығармашылық. Шығармашылық та – адамның өмірге деген қызығушылығының, махаббатының көрінісі. Шығармашылықтың дамуында жеке адамның ерекшеліктері өте маңызды орын алады. Біздің күнделікті тіршілік әдетімізде шығармашылық әрекеті болмаса, онда ешбір жаңа ой, пікір қалыптаспай, нәтижелі табыстарға жетпеген болар едік. Шығармашылық бар жерде қиял да, арман да бар. Қиял шығармашылықтың негізгі бір психикалық құрамы болып табылады. Шабыт – адамның бір іске деген қызығушылығының пісіп-жетілген, ептеп қана ағаш бұтағынан алынатын жемісі. Шабыт – адамның барлық қабілетінің қозып, жігерлі түрде әрекет етуінен туындайтын күй. Шығармашылықтың жемісті де нәтижелі болуы түрлі дағдыларға қызыға машықтануға байланысты. Дағдылану еңбектің түрлі салаларында өте үлкен орын алады. Адам өзінің істейтін еңбегіне орай тиісті дағдыларды меңгермесе, ол істейтін жұмысының тетігіне жете алмайды. Сонымен қатар

жұмысын дұрыс ұйымдастырып, еңбегінің өнімін, жемісін көбейте алмайды. Әсіресе дағдыланудың педагогикалық үдерісте алатын орны ерекше. Егер оқушы оқу үдерісінде оқуға, жазуға, есеп шығаруға машықтана алмаса, ондай оқушының ғылым негізін игеріп әкетуі неғайбыл болады.

Оқушының ойыны, оқу, еңбегі тек қана қызығушылық болған жерде нәтижелі. Бала қызығушылығын тәрбиелеуде оқу мен еңбектің, ойынның маңызы ерекше. Бұлар жоқ жерде қызығушылық та жоқ. Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірбиені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мысалы, кез – келген бала жалғыз ойнамайды. Құрбысымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бала бір – бірімен қарым – қатынас жасайды. Ойын баланың түрлі қасиеттерін, оның қызығушылығын дамытатынын, баланың қабілетін, белсенділігін ұштайтынын білеміз.

«Үлкендер өмір үшін жұмыс, қызмет етеді, әрекет ету қандай орын алатын болса ойын да сондай үлкен маңызды. Ойында бала қандай болса, өскеннен кейін жұмыста көбінесе сондай болады. Сондықтан келешекке тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы болады» деген А.С.Макаренко.

Шәкірт ең алдымен өзіне білім – тәрбие беретін мұғалімнің жақсы қасиеттеріне қызыға қарайды. Мұғалімнің дене сымбаты, киген киімі, жүріс – тұрысы үнемі оқушының бақылауында, назарында болады. Егер мұғалім сабағын ерекше тартымды, оқушының бәріне де түсінікті етіп өткіземін десе, ең әуелі оқушылардың сол сабаққа деген қызығушылығын оята білуі керек. Қазіргі мектеп оқушыларының талғамы терең. Себебі балалар күнде де, түнде де теледидар алдынан кетпейді, әдеби кітаптар да оқитын сауатты балалар жетіп артылады. Сабақты қызығушылықпен өткізуде мұғалімнің сөйлер сөзі ерекше маңызды. Мәнерлі тілмен айтылған сөз, ұстаздың дауыс мәнері, актерлік шеберлік нышандары оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Шәкірт қызығушылығын сабақта дамытып тәрбиелеуде мұғалімнің сабақты әр алуан түрде өткізуі ерекше маңызды. Әркез өткізілетін сабақ оқушыларды тек қуанышқа бөлесе дейміз. Қуаныш бойды билесе, сабаққа деген қызығушылығы өшпейді. «Алдында ешқандай қуаныш болмаса, адам жарық дүниеде тіршілік етіп жүре алмайды. Адам өмірінің ең жақсы атышулы қозғаушысы - ертеңгі қуаныш» (А.С.Макаренко)

Шәкіртті сабақта түсініп оқуға бірден – бір қызықтыратын – ұстаз ғана. Оның ерекше бір әсермен, тебірене де, жігерлене де, шабыттана да, күңірене де айтқан бір ауыз сөзі. Ұстаздың тіл өнері.

Қызығушылық – дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. Қызығушылық кезінде адам бір нәрсеге қызығып, соған зейін аударады. Өзіне тартып, құмарттыратын нәрсенің бәрі қызығушылықтың нысаны болып табылады. Қызығушылық құбылысының табиғаты өте күрделі. Ол ең алдымен өзінің көлемі жағынан түрліше болады. Бір адамның қызығушылығы жан – жақты, кең болып келсе, екінші адамның қызығушылығы өте таяз, тар болып келеді. Адамның қызығушылық саласындағы ерекшеліктері де әр түрлі. Бұл өзгешеліктер адамның іс – әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мұрат, мүддесіне байланысты. Адамның қызығушылығы сан алуан болуы мүмкін. Осылардың ішінде біреуі басыңқы болады. Мұндай қызығушылық еңбек. Оқу, өнер – білім әрекетінде аса қажет. Қызығушылық тұрақты қасиетке айналғанда ғана адам өз іс – әрекетінен жақсы нәтиже шығара алады.

II. 1. Көркем әдебиетке деген қызығушылықты оятудағы шығармашылық жұмыстардың түрлері.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – білімді ұрпақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына жолдауында «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуға. Оның өзі мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады» - деп сапалы білім беруге ерекше назар аударып отыр. Ендеше еліміз саяси – әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің міндеті – жас буынды кітап оқуға, сөз өнерін түсінуге, сезім мен адамгершілікке тәрбиелей отырып, жеке қабілеті мен белсенділігін дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Әр баланың бір нәрсеге бейімі болады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің ең алғашқы белгісі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Ол үшін мұғалім мейірбан болып, балаларды сол қалпында сүюі тиіс. Тентегін де, тіл алғышын да, жалқауын да, ыждағаттысын да бірдей жақсы көруі қажет.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынандай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу. (анаграмма, сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар, т.б)
4. Берілген тапсырмаларды түрлендіру бағытындағы жұмыс. (мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын мәтін құру, эссе, ойтолғау, т.б)
5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.
7. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.
8. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.
9. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Партада отырған әрбір бала – жеке тұлға. Шығармашылық – осы тұлғаны дамытудың тиімді тәсілі. Алдына нақты мақсат қою арқылы биіктерге беттеу, болашаққа ұмтылу және нәтижелерге жету тек шығармашыл адамдардың қолынан келеді және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы ғылымда дәлелденген.

II.2. Логикалық тапсырмалардың тиімділігі. Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық ойлаудан басталады. Ал шығармашылық ойлау деген не? Ол кез-келген жағдаятты шешу үшін барлық варианттарды ойдан өткізу арқылы жаңа нәтижеге қол жеткізу болып табылады. Шығармашылық барлық адамдарда болуға тиісті қасиет. Барлық сыныптарда әрбір баланың ерекшелігіне дұрыс бағыттап, арнайы жаттықтыра отырып мақсатты түрде дамыту – талантты, шығармашыл адамдар санын көбейтіп, ұлттың ұлыларын, халқымыздың асыл перзенттерін еселеуге үлес қосады.

Ал сыныптан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жұмыс түрлері:

1. Орталық мұражайға апару.
2. Әр түрлі кездесулер өткізу.
3. Әр түрлі тақырыпта сайыс, пікірталастар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жаздыру.
4. Балаларға арналған журналдарға жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалану.
5. Әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинау, реферат жаздыру.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу- оқушының шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады.

Қазақ тілі сабағында сөзбен жүргізілетін жұмыс, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтып, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлануға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін дамытуға, арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

II.3 Пәнге деген қызығушылықты арттыруда инновациялық технологияларды пайдалану. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деп Абай айтқан озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық-әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үдерісіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім оқушының белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологиялардың басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осы орайда мен өз сабақтарымда мына технологияларды пайдаланамын.

5-сыныпта С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін өткен кезде сын тұрғысынан ойлауды дамыту мақсатында мынадай тапсырмалар бердім.

1. Ойшақыру. «Киік» деген қандай аң? Сендер ол туралы не білесіңдер?
2. Мағынаны ажырату. Тақтаға сурет ілінеді. Суретте дала, адам, киік,

мылтық бейнеленген. Сурет бойынша болжау жасалады. Өлеңде не туралы әңгіме болады? Болжау кестесін толтырады. (Оқушылар бірінші, екінші бағанды суретке қарап болжап толтырады, үшінші бағанды өлең мазмұнымен танысқаннан кейін толтырады.)

Не болады деп ойлайсың?	Оған қандай дәлел бар?	Не болды?
Адамдар киікті атады деп ойлаймын	Мылтық, адам, киік	Адамдар Бетпақдалада жүрген киікті атады. Шыбын жанымен алысып келе жатқан бөкенге ақын аяушылық сезімін білдіреді.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиелейді. Проблемалық сабақтарды бөліп алу, әзірлеу, соны талқылау, өзіндік қорытынды жасау, өз беттерімен анализ, синтезге, бағаға жету, өзін-өзі бақылау жұмыстары балаларды шығармашылыққа жетелейді. Оқушылардың шығармашылық деңгейін «Эссе» стратегиясы бойынша да көтеруге болады. 7-сыныпта Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» атты өлеңін өткен кезде «Сырласу хатын» жазуды тапсырдым. Бағытжанова Ұлжан есімді оқушының жұмысы сынып оқушылары тарапынан жоғары бағаланды.

«Қасым ата! Мен сіздің «Өзім туралы» атты шығармаңызды оқыдым. Оқи отырып ойыма түйгенім көп. «Қазақ» деп соққан жүрегіңіздің соғысын естігендей боддым. Мен де сіз секілді өлеңдер шығарғым келеді. Сіз секілді биік тұлға өлгенімен артында қалған өшпес мұра қалды. Сіз өмір сүрген кезең біраз қиыншылықтарға толы болғанына қарамастан, қиыншылықтарды жеңе білдіңіз. Өмір жолыңыздың қысқа болғаны жанға батады, дегенмен қазақтың сіз секілді нар тұлғалы ұлы бар болғанына мақтанамын.»

Пәнаралық байланысқа негізделген интеграциялық сабақтар ізденісті, өнімді технологияларды тәжірибеде пайдалануды қажет етеді. Қазақ тілі пәнімен бірлікте орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін сабаққа қызықтыру

мақсатында пайдаланудың өзіндік тиімділігі мол. Оқушыларды сабаққа ынталандыру мақсатында әр пән мұғалімі түрлендіріп, шеберлікпен жұмыс жүргізуге әрекеттенеді. Баланың үш тілде сөйлей алу шеберлігін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, белсенділігін арттыру мақсатында интеграциялық сабақты ақпараттық технологияны қолдану негізінде өткізу тиімді болады. Ақпараттандыру ісі білім беру жүйесінің дамуына зор ықпалын тигізуде. Оқушыларға білім беруде ақпараттық технологияны қолдану, инновациялық бағытта жұмыс заман ағымына сай талап етілуде. Соңғы кезде оқу үрдісінде интербелсенді тақтаны қолдану тиімділігінің мол екенін тәжірибе көрсетуде. Ол мектеп оқушыларының өз бетімен жұмыс істей білуіне, ізденуіне, пәнге деген қызығуын арттырып, шығармашылығын арттыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Интербелсенді тақта арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді де әсерлі.

Оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жобалау (Проект) технологиясының негізі. Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеу. Жобалау технологиясының негізінде оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстары жатыр. Жобалау технологиясы бойынша курстан өтуім оқушылардың шығармашылығының дамуына, сабаққа деген қызығушылықтарының артуына септігін тигізіп келеді десем артық айтқандық болмас. Проект әдісі педагогикалық тәжірибеде жаңа әдіс емес, бірақ ХХІ ғасырда педагогикалық технологиялар қатарында жоғары қарқынмен өзгеріп жатқан ортаға бейімделу іскерлігін қалыптастыратын әдіс ретінде оқыту үрдісіне қайта қосылып отыр.

Проектік сабақтардың дәстүрлі сабақтардан біршама өзгешеліктері бар. Оны дайындау, өткізу оқытушыдан да, оқушыдан да ізденісті, көп күш-жігер және уақыт талап етеді. Дегенмен, жеке көзқарасы бар, өз бетінше ойлай алатын тұлға тәрбиелейміз десек, не ойлау емес, қалай ойлау керектігін меңгертеміз десек, проектілік сабақтың берері мол.

Бұл сабақ – алдын ала жоспарланған, алдына қойған мақсаты бар ерекше сабақ түрі. «Проект» сөзі латын тілінде «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші» дегенді білдіреді.

Проектілік сабақтар әр түрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады:

1. Дайындық кезеңі:

а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау, өз ойларын айту;

ә) сабаққа қажетті жаңа сөздермен жұмыс істеу;

б) қосымша материалдар енгізу.

2. Тақырыпты бөлу:

а) оқушыларды кіші топтарға топтастырып, әр топқа кіші тақырыптар табу; ә) тақырыптарды талқылау.

3. Тақырыптарды нақтылау: сұрақтар құрастыру; жоспар құрастыру, рөлдерді, тапсырмаларды талқылау.

Проектілік сабақтарды барлық тақырыптар бойынша және әр түрлі етіп өткізуге болады. Өз іс-тәжірибемде жүргізілген проект сабақ туралы айта кетсем, С. Бегалин «Бала Шоқан» әңгімесінің екінші сағаты «Әңгімедегі адамгершілік қасиеттердің көрініс табуы» атты тақырыппен берілген. Алдын ала әңгіме мазмұнымен танысқандықтан, сабақ жақсы деңгейде өтті. Оқушылар түс таңдау арқылы үш топқа бөлініп, әр топ өз жұмыстарын қызығушылықпен, белсенділікпен қорғап шықты. Үнемі мазмұндаумен шектелетін, сабаққа қатысуда белсенділік танытпайтын оқушылардан алға ілгерілеушілік байқадым. І топ оқушылары әңгімедегі кейіпкерлер әлемін жан-жақты зеттеп, өз жобаларын постер бетіне түсіріп қорғады.

№	Кейіпкер	Мінездеме	Шығармада
1	Шоқан	Мейірімді, уәдеге берік.	Мысықты үйіне әкеліп тамақ, киім бергізді. Әкесінен сұранып Мысыққа кездесуге барады.
2	Мысық	Өнерлі, жасқаншақ.	Әртүрлі мүсіндер жасайды. Шоқан үйіне баруға қорқады.
3	Жақып	Сотқар, ерке.	Үйіне келген балаға ұрынды. Анасына еркелейді.

II топ «Шоқан кім?» деген сұраққа жан-жақты ізденіп, түрлі әдістер бойынша топтағы барлық оқушылар қатыса отырып, жобаларын қорғап шықты.

III топ оқушылары мәтінге жан-жақты талдау жүргізді.

Шығармадан үзінді	Шыңғыс	Шоқа	Жақы	Мыс	Анас	Теңе	Эпит
Кейіпкерлер		н	п	ық	ы	у	ет
1. Сен істей ғой, шебер боласың		+					
2. Ә, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы	+						

3.Кездемеден көйлектік шыт жыртып берші					+		
4.Құйрығын қара, тап иттің құйрығы			+				
5.Бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?				+			
6.Жолбарыстай, балалардай						+	
7. Кесек денелі							+

Оқу - адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс- әрекеттер атқара білу. Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқыту технологиясын өз сабақтарымда үнемі пайдаланып отырамын. 8- сыныпта М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын өткен кезде поэмалардан алған әсерлерін оқушылардың біразы сурет салу арқылы көрсетті. Сондай-ақ аққу туралы қосымша мәліметтер жинап, белсенділігі төмен оқушылар жақсы бағаланды. 5- сыныпта Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан алынған «Жаңа достар» әңгімесін қорытындылау сабағын «Кім? Қайда? Қашан?» ойыны арқылы бекіттім.

	Кім?	Қайда?	Қашан?	Не істеді?
1	Қайрош	Ауылда	Сиыр бағып жүргенде	Қалаға қашып кетті
2	Қайрош	Өзеннің жағасында	Таңертең	Балалармен танысты
3	Шеген	Қалаға	Молдадан оқып жүріп	Қашып кеткен
4	Бораш	Қалаға	Соқаның үстіне құлағаннан кейін	Қашып келген
5	Бораш	Үңгір үйде	Әңгімеден соң	Шай дайындады
6	Қайрош	Үңгір үйде	Үйдің ішін көріп жүріп	Кітаптарды көрді
7	Қайрош, Шеген, Бораш үшеуі	“Үңгір” үйдің ішінде	Шай ішіп отырып	уәделесті

Мектепте оқытылатын әрбір пәннің өзіндік ерекшелігі мен заңдылығы бар. Әдебиет пәнін оқытуда Әуелбек Қоңыратбаевтың мына пікірлері ескерілуі тиіс:

1. Мәтінді оқу, мазмұнын игеру, тақырыбын тапқызу;
2. Шығарманың формасын таныту;
3. Шығарманың идеясын жинақтау арқылы білімі мен әсерін өз бетінше байытады;
4. Үш сатының үшеуі де жүйелі түрде жаттығу арқылы іске асады. Ғалым

бұдан әрі «Осы 4 түрлі машықтанудан өтпеген білім – нәрсіз нәрсе »деп қорытындылайды.

II. 4 Әр мұғалім- өз сабағының көшбасшысы. Ұстаздар оқушысына жүрек сырын шерте білетін шығарма жаздырғысы келсе, үлкен туындыдағы негізгі мәселе – көп ойдың кішкене түйінін аңғартатын портреттік сипаттаманы, монолог – диалог , деталь, штрихтарды, психологиялық жәйттерді көріп- білуге, одан ой түйінін жасатуға, үйретуге жол салмақ. Осы арада Л.Толстойдың «Көркем шығармадағы басты нәрсе – автордың жан дүниесі» деген сөзі еске түседі. Тапсырмаларды түрлендіре отырып, оқушының бойындағы қабілетті басты назарда ұстау қажет. Сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологияларына негізделген сабақтар оқушының қабілетін жан-жақты ашуға, оқушы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұндай шығармашылық сипаттағы сабақтар арқылы оқушылар дербес ізденіп, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу әрекетін ұйымдастырады, өзара ой алмасады. Сабақ үдерісіндегі шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары, оқылған көркем шығарма бойынша ашық хат, сырласу хатын жазу, тақырып бойынша мәтін құрастыру, ойтолғау жазу, мақала жазу, рефераттар қорғау, пікірлер айту сияқты өзіндік көзқарасын білдіріп ұсыныс, пікірлер айту сияқты ойлау мен жазу әрекеті арқылы оқушы шығармашылық жұмысқа төселеді. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік қабілеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор.. Кейбір зерттеушілер (А.Матюшкин, О.Нильсон, Б.Айтмәмбетов, т.б) сыныптан тыс жұмыстар оқу жоспарына сай оқушыларды білім дәрежесін толықтырушы және белгілі дәрежеде оқыту үрдісін оңтайлы ұйымдастырушы, оқушылардың дербестік қасиеттерін дамытушы құрал ретінде қарастырады. Оқушылардың пәнге қызығуын оқу бағдарламасы шеңберінде қанағаттандыру мүмкін емес., сондықтан да сыныптан тыс әр түрлі жұмыстар жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыстардың

маңызды ерекшелігі – оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру. Осы бағытта 8 сыныптар аралығында «Әдебиет білгірлері» атты танымдық білім сайысы өткізіліп, оқушылардың қоғамдық, шығармашылық белсенділігі артты. Сонымен бірге оқушылардың іс-әрекетке, нәтижеге жетуге сенімділігі қалыптасады, дербес жұмыс істеу дағдысы жетіледі.

Қорытынды. ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» деген екен. Олай болса, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан дүниесі бай, ой-өрісі дамыған ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаз еңбегінің қаншалықты болу керектігін айтқан Ж.Аймауытовтың пікірін бүгінгі күні жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның мына пікірі толықтыра түседі: «Таптаурын болған сабақ түрлері оқушының ынтасын, пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Ойлау белсенділігін тежейді. Танымын сұйылтады...»

Әлемдік білім кеңістігін еркін ашып кіретін ұрпақ тәрбиелеуде жаңашыл ұстаздар қатары көбейе түссін дей келе менің ұстаздық ұстанымым шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру болып табылады. Осы бағытта оқытудың маңыздылығы сол: оқушы сабаққа қызығу арқылы білімді өздігінен меңгереді, ойлау қабілеттері артады, түрлі жағдаятта өзін таныта алады, меңгерілген білім қоғамдағы өмірмен логикалық сабақтастықта, күнделікті өмірде практикалық қолданыста болады. Зерттеу проблемасына қатысты шығармашылық тапсырмалар бере отырып, дәстүрлі оқу мен жаңа технологиялар арқылы оқытуды салыстыра отырып мынадай қорытынды жасауға болады.

Дәстүрлі оқыту үрдістерінде

Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1. Тақырыпты түсіндіреді	1. «Мазмұнын айтып береді
2. Кейіпкерлер туралы немесе қазақ тілі бойынша ережелерді түсіндіру	2. Кейіпкерлерге мінездеме береді, қазақ тілі бойынша ереже айтады
3. Шығарманың идеясын анықтайды, талдайды.	3. Мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады
4. Шығарма жазу тапсырылады	4. Тақырып бойынша шығарма жазады

Жаңа технологиялармен оқыту негізінде

Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1. Топқа бөліп ой қозғайды.	1. Топтарда жұмыс жасайды.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.	2. Мәтінмен өздері танысады
3. Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады.	3. Әртүрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды.
4. Образдылық ерекшелігін тануға бағыттайды.	4. Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс-әрекетін зерттейді.
5. Ойларын жазуды ұсынады.	5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.
6. Қорытынды жазуға бағыттайды.	6. Тұжырымдама жасайды.

Нәтиже көрсеткіштері: Оқушылардың сабаққа қызығушылығын, көркем шығармаларды қабылдау деңгейін мәтін талдау, шығармашылық жұмыстар беру арқылы анықтадым.

Пәнге қызығушылық деңгейлерінің көрсеткіші. 8 «Б» сыныбы бойынша:

Мәнерлеп оқуға бейімділігі	Мазмұндап айтуға бейімділігі	Әңгіме, өлең жазуға бейімділігі	Мазмұн бойынша сурет салуға бейім	Жатқа айтуға бейім	Мәтінге талдау жасауға бейім
2	4	5	5	3	3

Мектеп психологінің зерттеуі бойынша

5 «Б» сыныбы. саны: 22	Қатысқан оқушы	Қазақ тілі	Әдебиет
Көңілді		20	18
Бірқалыпты		2	3
Көңілсіз			1
%		91	89

Нәтиже: Жоғары, жағымды, эмоционалды жағдай.

Ұсыныс: Жаңа технологияларға бағыттап оқыту оқушылардың білім сапасын көтеріп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызы зор екенін өз тәжірибемде зерттеп, қазақ тілі мен әдебиетке деген қызығушылықты оятуда шығармашылық жұмыстарды жаңа технологияларға бағыттап оқытуды жүйелі пайдалануды ұсынамын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. www.kazakh.ru **Амандық Қорғанұлы. Қазақтар және қазақ тілі туралы**
2. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2011 ж. 3.12жылдық білім. №3, 2009 ж.
3. Бекетова А. Қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыру мақсатында оқушылардың танымдық үрдістерін ойын элементтері арқылы дамыту жолдары. // Педагогика және оқушы психологиясы. №3, 2011. - 25Б.
4. Петров А.В. Активизация познавательной деятельности через игру. – М., 2001.
5. Калмыкова Е.В . Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту. – Алматы, 2007.
6. Көккөзова М., Дәрменқұлова Р. Қызықты қазақ тілі.- Алматы, 2004.
7. Қарапаев С. Музыка сабағын шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытуда ойын элементтерін пайдалану //Бастауыш мектеп. - №1. - 2010. – 9Б.
8. Қордабаева А. Ұлттық ойындардың тиімділігі // Ұлағат. - №7. - 2005. –3 Б.
9. Қашқынбекова Г. Бастауыш сыныпта қолданылатын ұлттық ойындар //Ұлағат. - №3, 2008. - 118Б
10. Оңғарова А. Ойын технологиясының элементтерін қолдану тиімділігі //Қазақстан мектебі. - №12, 2009. - 11Б.
11. www.oouk.vko.gov.kz - Ауелейсена Р.З. Ақпаратты-қатынастық технологияларын енгізу арқылы орыс мектептеріндегі педагогикалық басқаруды жетілдіру
12. www.gogoo-korda.kz - Мухаметқалиева Б. Ақпараттық - коммуникациялық технология
13. Төтенаев Б. Қазақ халқының ұлттық ойындары. – А., 1994.
14. Тайжанов С.Т. Қазақ халқының ұлттық ойындары. – А., 2010.
15. Хамзин М.Х. Қазақ романдарын қазіргі кезеңде оқыту мәселелері /оқу-әдістемелік құралы/ Жезқазған, 1993ж.
16. Т. Қ. Жұмажанова «Әдебиетті оқыту әдістемесі»
17. Роза Дәулетбекова “Тұлға құзыреттілігін қалыптастыру”, “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы, №3, 2007 жыл.
18. Әлия Абдулла “Жеке тұлғаның құзырлылығын қалыптастырудағы халық педагогикасының маңызы”, “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы, №5, 2009 жыл.
19. Сманов Бақтияр Өрісбайұлы. Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері
20. Қ. Тасболатов «әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» А, 1974
21. Әдебиет оқыту әдістемесі 6 сынып А. «Атамұра» 2011
22. З. Ахметов «Сөз өнері» - А.2006
23. С. Тілешова «Әдебиет сабақтарында жүргізілетін жазу жұмыстары»- А.1971
24. Қ. Қабдықайырұлы « Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы»- А. РБК. 1999

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «КІТАП» БОЛАТ ДӘУЛЕТОВ

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Х. Санбаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Қаржауова Нұргүл Шайзадаевна. Санаты: I*

Пәні: Әдебиеттік оқу **Сыныбы:** 2 «Б»

Сабақтың тақырыбы: «Кітап» Болат Дәулетов

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқыта отырып, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

2. Оқушылар шығармашылығын, тілін дамыту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

3. Оқушыларды оқуға, кітапқұмарлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: интертақта, суреттер. А форматтағы қағаздар, маркер,стикер, күлегештер,жұмыс дәптерлері,әдебиеттік оқу,постер

Сабақ түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдістері: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, шығармашылық, мәнерлеп оқу, бес жолды өлең.

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру кезеңі.

Сыныпты сары,жасыл, қызыл түсті жапырақтар бойынша 3 топқа бөлу.

Психологиялық дайындық.

Амансың ба, Алтын Күн!

Амансың ба, Жер Ана!

Амансың ба, Достарым!

Сендерді көрсем қуанам._

II.Үй тапсырмасын сұрау.

«Оқуға құмарлық» мәтінен 3 топтан бір-бір оқушыдан сұрау. Әңгіменің авторы С.Бегалин туралы сұрап өту.

III. Жаңа сабақ.

1. Сөзжұмбақ шешу.

- Азаңда шығып, кешке батады.
- Құлыптың досы.
- «Көп» сөзінің басқаша мағынасының атауы
- Кітапты көп оқыған адам неге жетеді?
- Арманға жетудегі асыл жол.
(Күн, кілт, артық, арман, талап)
- Балалар, ерекше торкөзден қандай сөзді оқи аламыз?
- Кітап сөзі
- Ендеше, кітап туралы не білетіміз туралы әр топ бірлесіп өз ойларыңды мына ақ қағаз бетіне түсіріп жазыңыздар.

2. Постер қорғау. Әр топ өздерінің кітап туралы жазғандарын қорғайды.

3. Жаңа тақырыпты презентация арқылы түсіндіру. Кітап – араб сөзі, “жазба”, ал түрікше “дәптер”, “мерзімді баспасөз басылымы” деген сөз. Кітап-өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу, тәрбие құралы. Тұңғыш қазақ кітаптары 1800 жылы шығарыла бастады. Қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты.

4. Оқулықпен жұмыс.

- Өлеңнің авторымен таныстыру. - Өлеңді мәнерлеп оқып беру. - Оқушыларға оқыту.

5. Топпен жұмыс.

1-топ. Кітап туралы өлең құрастырады. 2-топ, «Кітап-досым» шағын әңгіме құрастырады.

3-топ. Топтастыру «Кітаптың пайдасы»

6. Сергіту сәті.

Интербелсенді тақтадан «Жұмыр қылыш» күйіне билету.

7. «Кім тапқыр?»

Жасырын тұрған сөзді тауып, мақал-мәтелдер айтады.

- Білім - таусылмайтын байлық.
- Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы.
- Кітап – алтын қазына.
- Өнер - ағып жатқан бұлақ,
- Білім – жанып жатқан шырақ,
- Кітап-оқығандыкі, білім тоқығандыкі.

8. Жұмбақтар шешу.

- | | |
|---|--|
| 1. Сансыз ойлар бетінде,
Сайрап жатыр бар тілде.
Керекпін мен әр күнде,
Өшпейді бір әрпім де. (Кітап). | 2. Тілі жоқ өзінде,
Сөзі бар ізінде.
(Қаламсап). |
| 3. Лүлі тұр кең алаң,
Керегімді мен одан.
Жазып аламын көшіріп,
Сүртем сосын өшіріп. (Тақта). | |

9. Бейнеролик көрсету. «Кітап оқудың пайдасы» Сұрақ-жауап арқылы бейнематериалдан көргендерін талдау.

10. Есіңе сақта!

1. Кітапты ұқыпты, таза ұстау керек. Өздеріңнен кейін оны көптеген балалар оқитынын есіңнен шығарма.
2. Кітапты төсекте жатып, ас ішіп отырып оқыма, кітап оқуды үлкен ой еңбегімен оқу керек.
3. Кітапты қалай болса солай оқыма.
4. Кітапты жыртуға, сызуға болмайды.
5. Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқаларға кедергі келтіресің.

III. Қорытынды бөлім. «Бес жолды өлең»

1. «**Не?**» - Кітап
2. «**Қандай?**» - Қалың, жаңа
3. «**Не істейді?**» - Оқыды, ашты, үйренді
4. «**Оның пайдасы қандай?**» - Кітап – алтын қазына.
5. «**Оны басқаша қалай атауға болады?**» - Оқулық
«**Не түсіндім?**», «**Не ұнады?**» Оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазып тақтаға іледі.

IV. Бағалау.

- * Әр тапсырма сайын оқушыларды мадақтап, күлегештер беріп отыру.
- * Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды бағалау.

Y. Үйге тапсырма: «Кітап» өлеңін мәнерлеп оқып келу.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: «ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ»

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы
Сейтбекова Газиза Жалымбекқызы

Білім саласы: «Қатынас», «таным», «шығармашылық», «әлеумет»

Білім бөлімі: тіл дамыту, көркем әдебиет, айналамен танысу, қарапайым математика, сурет.

Тақырыбы: «Ертегілер әлемі»

Мақсаты: а) **білімділік**: балаларға қазақ ертегілерінің мәнін-мазмұнын ұғындыру, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге үйрету, әрқашанда ертегіге қызығушылықтарын арттыру, жағымды кейіпкерлердің рөлін сомдауға баулу.

б) **дамытушылық**: баланың таным белсенділігін қалыптастыру, логикалық ойлау қабілетін арттыру, тілдік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуге үйрету.

в) **тәрбиелік**: Өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, адамгершілікке, адалдыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: суреттер, слайдтар

Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жарқырайды даламыз.

Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң қонақтар-деп келген қонақтармен амандасады.

Тәрбиеші: Ал балалар, енді барлығымыз дөңгелене тұра қалайық. Қолдарымызды ұстасып, алақанымызды бір-біріне қойып, өзара жылуымызды, жақсы тілек лебізімізді айталық.

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз: «**Ертегілер әлеміне**» саяхатқа барамыз. Олай болса, мына сыйқырлы кілемшеге мініп, көзімізді жұмып, әдемі әуен тыңдап, «Ертегілер әлеміне» барайық.

-Балалар сендер білесіңдер ме, сендерді қандай ертегі кейіпкерлері күтіп тұрғанын? Олай болса, сендер менің сұрақтарыма дұрыс жауап берсеңдер, ертегі кейіпкерлері бізге қонаққа келеді.

-Дөңгелек, түсі сары, көңілді ән салғыш кейіпкер?

-Бауырсақ

-Дұрыс айтасыңдар.

Кейіпкеріміз Бауырсақ геометриялық дененің қайсысына жатады?

-Шеңбер

-Түсі қандай?

-Сары

-Жарайсыңдар, балалар! Міне тапсырманы дұрыс орындаған соң, Бауырсақ бізге қонаққа келді. Енді суретпен жұмыс жасаймыз. (тәрбиешінің көрсеткен суретінен қай ертегінің кейіпкерлері екенін табу.)

-Бұл «**Жеті лақ**» ертегісі. Ортамызға ертегі кейіпкері қасқырды шақырамыз.

-Келесі тапсырманы бейне экранға назар аудару арқылы қай ертегі екенін табайық.

-Жарайсыңдар. Бұл «**Қызыл телпек**» ертегісі.

Ортаға Қызыл телпекті шақырайық.

-Балалар, осы ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атайықшы.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

-Балалар, сендер берілген тапсырманы дұрыс орындағандарың үшін бізде қонақта ертегі кейіпкерлері. Оларға біз өз өнерімізді көрсетейік.

Сергіту сәті Қорбаңдаған аюдың,

Жемістері көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Тәрбиеші: Балалар, бізге келген қонақтарға арнап өз қолымызбен түрлі-түсті қағаздан сыйлық жасап берейік. Дидактикалық ойын. «**Қай кейіпкер жоқ?**» (ертегі кейіпкерлерін табу)

Балаларды сұрақ-жауап, мақтап-мадақтау арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін қорытындылау.



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СУРЕТ ӨНЕРІНДЕГІ ГУМАНИЗМ

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№77 А.Асқаров атындағы мектеп-лицейі
Усенова Айсұлу Мусахановна

Сабақтың тақырыбы :Сурет өнеріндегі гуманизм

Сабақтың мақсаты: а)білімділік :Германияның,Нидерландының және Испанияның ұлы суретшілері, шығармалары,сурет өнеріндегі жаңалықтар жөнінде түсінік беру.

б)дамытушылық : Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту,шығармашылық ізденіске жетелеу.

в)тәрбиелік: оқушылардың рухани жан-дүниесінің дамуына ықпал ету,адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер,тірек-сызба **Сабақтың әдісі:** ауызша баяндау,мәтінмен жұмыс,сұрақ-жауап
Сабақтың түрі : жаңа сабақты меңгерту.

Сабақтың барысы : I.Ұйымдастыру кезеңі.

1.Жаңа сабақты түсіндіру. Италиядағы қайта өркендеу дәуірінің өнері Еуропаның басқа елдерінде өнердің дамуына ықпалын тигізді.Соның ішінде италян шеберлерінің жетістіктерін бойына сіңірген

Германияның,Нидерланды және Испанияның ұлы суретшілері дүниежүзілік өнер әлеміне көп жаңалық енгізді.

Дюрер Альбрехт ← **Ұлы суретшілер** → Рембрандт Харменс ван Рейн

↓
Веласкес Диего

Дюрер Альбрехт → Германияның алдыңғы қатарлы суретшісі

↓
(1471-1528ж) → суретші,инженер,сәулетші

Рембрандт Харменс ван Рейн → сурет өнерінің ұлы шебері

↓
(1606-1669ж) → кескіндемеші,график.

Веласкес Диего → ең үздік суретші

↓
(1599-1660ж) → сарай суретшісі

Тарихи сынақхат

.....бала кезінен басылымдарды безендірумен әуестеніп,гравюрамен айналыса бастады. Ол жасаған бейнелер.....халықтың реформация қарсаңында етек алған мазасыз көңіл күймен үндес болды.....аса үлкен портрет шеберлерінің бірі болды.Диірменшінің баласы 1620жылы аз уақытуниверситетінде оқып,соңынан біржола өнер жолын құды.....көңіл қойғаны-адам,оның мінез-құлқы,ақылы мен толғаныстары.....кедейленген шағында өзінің ең таңдаулы шығармаларын тудырды.Испанияның ең үздік суретшісі.....Оның зиратындағы ескерткіште.....деген сөздер жазылған.

Тұлғаны таны. Сәйкестендіру. (сурет мазмұнына қарай суретті табу)

1.Веласкестің әйгілі суретші атанған кезінде дүниеге келген портрет.Автор осы шығармасы арқылы адамның өзіне ғана тән ерекше мінез сипатын қылқалам құдіретімен асқан сүйіспеншілікпен бере білген.

2.Рембрандт ең әйгілі картиналарының бірі-«Адасқан ұлдың қайта оралуын» қайтыс боларының алдында салған еді.Шығарма адамға дегенсүйіспеншілік, адамға деген сенім,күйзеліс пен толғаныс сезімдеріне құрылған.

3.Дюрердің таңдаулы гравюраларының бірі"Төрт салт атты"деп аталады.

Онда тәңірдің жер бетіндегі адамзаттың үштен бірін жазалауға жіберген –Індет,Соғыс,Ашаршылық және Ажал кейпіндегі салт аттылар бейнеленген.

Сабақты бекіту :Кім жылдам?

1.Сарай суретшісіне айналып,40жыл бойы сарайда қызмет жасаған?

2.Жоқшылықта қайтыс болып,кедейлер зиратына жерленген?

3.Оның басты жетістігі жарық пен көлеңкені батыл пайдаланғаны.

4.1632жылдан Амстердамда тұрып,кейін әйгілі суретшіге айналды.

5.Суретші,инженер,әрі сәулетші болды,көне тілдерге жетік әрі ақын.

6.Гравюра дегеніміз?

7.Германияға,Нидерландыға,Италияға көп саяхат жасап,бұл елдердегі шеберлердің жетістігімен танысқан?

8.Жүзшақты автопортрет қалдырған?

9.Испан мемлекетінің «алтын ғасыры»?

10. «Инфанта Маргарита» картинасының авторы?

Үйге тапсырма :Сурет өнеріндегі гуманизм оқу.

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ТҮРЛЕРІ. ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Ғылыми бағыты: Таза табиғи орта

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы №201 орта мектебі

Авторы: Әнуарбек Бағила 3“А” класы

Пәндік жетекшісі: Ибраева Ләйла Бастауыш класс мұғалімі

Орындалған жылы: 2013 жыл, Жалағаш

Қымбатты жас дос! Сен күшті, әдемі, ақылды және денің сау болып өсуді армандайсың. Еліміздің Президенті Н:Ә:Назарбаев өзінің халыққа арнаған "Қазақстан-2030" Жолдауында бізді Отан игілігі үшін денсаулығымызды сақтауға шақырады. Салауаттану - таңғажайып ғылым! Денсаулық жолында сәт - сапар тілейміз!

I. Кіріспе Салауаттану – денсаулық туралы ғылым

II. Негізгі бөлім а) Аурудың алдын алу шаралары б) Жеке бас тазалығы

III. Қорытынды Денсаулыққа әсер етуші факторлар

Қағидасы: Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі

Мақсаты: Оқушылардың денсаулық туралы түсінігін кеңейту, “ауру” және “дені сау” ұғымдарын, оған әсер ететін факторларды, аурудың пайда болу себептері мен кезеңдерін көрсету арқылы организмнің қорғаныш механизмін дамыту қажет деген сенім қалыптастыру

Тоғыз емші: Таза су, Күн сәулесі, Демалыс, Ашығу, Таза ауа, Табиғи тағам, Ақыл ой, Дене жаттығулары

Аурудың белгілері:

3. Дене қызуы көтеріледі

4. жәтел, тамақтың ауруы

5. мұрын бітелу, түшкіру

6. қалтырау, тез шаршағыштық

- құсу, іші өту (сирек жағдайда)

Тұмау ауа, су тамшылары, тыныс жолдары арқылы тарайды

* * * * *

ҚЫМЫЗДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ. ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Авторы: Мұратбай Нұрбол Мұратбайұлы. Сыныбы: 2

Мектебі: №203 орта мектеп Жетекшісі: Байкәжіева Ғалияш

Жетістіктері: 1-3 сынып аралығында үздік мадақтама иегері, “Жігіт сұлтаны” байқауының жеңімпазы.

Сүйікті ісі: ән айтып, би билеп, кітап оқығанды ұнатады.

Мінез – құлқы: кішіпейіл, ұнабатты, кез келген ортамен тіл табыса алады.

Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылы №203 орта мектептің 2 – сынып оқушысы Мұратбай Нұрболдың “Қымыздың емдік қасиеттері” атты ғылыми жобасы ізденімпаздықпен жазылған жұмысына жақсы баға беріледі.

Жетекші пікірі

Жаңадария ауылы №203 орта мектептің 2 – сынып оқушысы Мұратбай Нұрболдың “Қымыздың емдік қасиеттері” атты тақырыпта жазылған жоба жұмысына жақсы деген баға берілді. Оқушының кең ауқымды жазылған аталмыш тақырыптағы еңбегі: біріншіден-қымыздың емдік қасиеттері туралы білім беру, екіншіден – жылқы қасиеттері төрт түліктің бірі екендігі туралы түсіндіру. Қымыздың жасалу жолын жетік меңгеріп, оның күрделі процесс екенін сезіне білуі керек. Жұмыс арқылы жан-жақты талдауға деген ұмтылысы байқалады. Сондықтан Мұратбай Нұрболдың ғылыми жобасы жақсы деңгейде жазылған деп есептеймін.

Пікір

Бұл оқушының жұмысында қымыздың емдік қасиеттерін, ондағы адам денсаулығына пайдасы, жылқының сүтінен жасалатын сусын екенін және емдік қасиеті бар қымыз дайындалатынын білді. Мал шаруашылығындағы жылқының маңызды оқушы жан-жақты қызығушылықпен, дайындығы байқалды.

МҰҒАЛІМДЕР МЕН БАЛА КҮТІМІНЕ



1. БАЛАЛАРҒА ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ҮЙРЕТУ НЕЛІКТЕН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ?

Жыл сайын адам тұмауымен ересектердің 5 пайыз, жуығы мен балалардың 20 пайыздан астамы ауырады.

Ауруға кәбінесе балалардың шалдығуы бағи ағзасының ерекшеліктері мен бала бақшалар мен мектептердегі қарым-қатынастардың көп болуымен байланысты.

Адам тұмауының вирусы ауа арқылы тарайды

Сондықтан ауру баланың сабаққа қатысуы нәтижесінде

үш баланың біреуіне тұмау жұғуы мүмкін.

2. ҚҰС ТҰМАУЫ АДАМДАРҒА ҚАНДАЙ ҚАЗІП

ТӨНДІРЕДІ ?

Соңғы кезде ХХ ғасырда жұртшылық арасында жаппай тарған тұмау (пандемия) ауруының вирустары генетикалық өзгеру салдарынан адамға қүстан жүгәде деген пікірлер айтылуда. Әйткені 1918-1921 жылдағы аралығында кең таралп 40 миллионнан астам адам өмірін қиған «испанка» тұмауының індеті құстардың субтипті вирусы мен адамның А тұмауының генетикалық қосылуы (ген ағмасу) салдарынан пайда болған.

Қазіргі таңда құс тұмауының ең қауіпті жоғары патогенді H5N1 вирусы соңғы онжылдықта (1997-200

Аннотация

В данной работе учащегося рассмотрены качества кумыса. Кумыс – это молочная смесь,приготовленная из молока кобылы,окисленное своеобразным путем. У древних казахов он считался как лечебное средство, и как жаждоутоляющий напиток. Все эти важные свойства,присущие кумысу,ярко выражены в работе ученика.

Кумыз

We have a lot of traditional drinks and one of the is kumyz. Kumyz is a sour milk beverage made of mare's milk. In new warm mare's milk add about few Percent of sour milk bacillus ferment. In a little while, pour the blend in bowl and let stand in a cool place. We are proud of kumyz that we have this very nice drinkable thing.

Жоба тақырыбы: “Қымыздың емдік қасиеттері”

Жобаның мақсаты: Оқушыларға қымыздың емдік қасиеттері туралы білім беру. Қымыз жылқы сүтінен жасалатын сусын болғандықтан, жылқы туралы, оның ерекшеліктері және жылқы қасиеттері төрт төлектің бірі екендігі туралы түсіндіру.

Міндеті: Қымыз шипалы әрі емдік сусын екендігін түсініп, жылқы малын құрметтеп қадірлеуі қажет. Қымыздың жасалу жолын жетік меңгеріп, оның күрделі процесс екенін сезіне білуі керек.

Өзектілігі: Қазіргі уақытта ата – бабамыздан келе жатқан ауруға ем, шипалы сусын қымыздың тұтыну азайып барады және оның қасиеттері, құнарлы ас екенін қазіргі жастарымыз ұмыта немесе тәтті сусындар орнына қымыз ішкен пайдалы екенін түсініп, оны дүкендерде көптеп сатып, адамдардың сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

Болжам: Егер әр адам қымыз ішіп, спиртті ішімдік қолданбаса, онда ұрпағымыздың дені сау, салауатты өмір салтын ұстанған азамат болып өсетін еді.

Дәрігермен сұхбат:

Қымыздың құрамындағы қоректік заттары (белок, май, қант) толық 95 пайыз қорытылады, себебі оның құрамындағы алкоголь мен көмір қышқылы ішекқарын жүйесінің сіңіргіштік қасиеттің арттырады. Қымыздың науқастың тәбетін ашатын В, В-2, Р, С витаминдері көп болады. Сондай-ақ оның антибиотиктік қасиеттері организмнің инфекцияға төтеп беру қабілетін күшейтеді.

Қымызбен емдегенде қанда гемоблабин, эритроцит көбейеді. Холестерин құрамы өз қалпына келеді, тамырдың соғуы жылдамдап, қан айналымы көтеріледі. Осыған орай жүрек, қантамыр жүйесінің жұмысы жақсарады. Қазақстанда қымызбен емдейтін орындар Көкшетау, Семей, Алматы облысында ұйымдастырылған.

Қымызбен емдеу ережесі: Қымызды алғашқы кезде тәулігіне 6-рет 100мл-ден (қатты науқас адамдарға 50мл), кейін 250мл дейін береді. Организм қымыз ішуге үйренгеннен кейін оның мөлшерін 2-3 литрге дейін жеткізуге болады. Қымызды тамақ алдында 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Биенің жаңа саулған сүтін де емдік ретінде пайдаланады. Бұл ем көбінесе ауру салдарынан әлсіреген, арықтаған, қан азайған, туберкулез ауруына шалдыққан адамдарға қолданылады.

Мазмұны:

Халқымыздың ерекше қастерлеген және жанына жақын көрген қасиетті түлігінің бірі – жылқы. Халық ұғымында “қазақ, дала, жылқы” деген сөздер бір-бірімен етене жақын, тамырлас та тағдырдас айтылады. Жалпы, көшпелі тұрмыс кешкен халықтардың көне заманнан бергі ең көп өсірген малы және төрт түліктің ішіндегі қастерлеп пір тұтатыны да – жылқы. Жылқы ең алдымен өте ерте кездерде басталған жаугершілік талабына сай құнды көлік малы ретінде қолға үйретілген. Өйткені сол замандарда жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған. Тарих деректері бойынша, Адам баласы жылқыны біздің жыл санауымызға дейінгі 3-4 мың жыл бұрын бас білдірген. Жылқының ең алғашқы қолға үйретілген негізгі Отаны, яғни, мәдени орталығы – Шығыс Еуропаның далалы аймағы, Орталық Азия және Қазақстан алқабы деп саналады. Қолға үйретілген жылқы малының арғы тегі жабайы жылқылар – тарпан мен керқұлан деп есептеледі. Бұл жабайы жылқылар – ертезаманда Еуропаның Оңтүстігіндегі далалы аймақтарда мың-мыңдап, үйір-үйірімен жайылып жүрген.

Қазіргі кезде дүниежүзіндегі мақсатқа сай қолдан сұрапталып шығарылған 250 – ден астам жылқының қолтұқымдары қолда өсіріледі. Қазақстанның арнайы жылқы өсіретін зауыттары мен шаруашылықтарында жылқының қолтұқымдары – еліміздің табиғат жағдайларына бейімделген, ғасырлар бойы өсіріліп келе жатқан қолтұқымдар. Қолтұқымның бірі – қазақы жылқы, ол негізінен көлік ретінде әрі еті мен сүті пайдалану үшін де өсіріледі. Оның дене бітімі шымыр, ауа райының қатаң жағдайларына төзімді келеді.

Олар жыл бойы жайылады әрі жем-шөп талғамайды, жалқұйрығы қою, жүні қалың болады. Қазақы жылқының негізгі тобын “жабын” деп атайды. Ол алыс жолға шыдамды, дене бітімі шомбыл, еті мол әрі мықты. Дене тұрқы ұзын, қарны жуан, аяқтары қысқа. Тез қонданады, жұмысқа төзімді әрі салт мінуге де ыңғайлы, жүрісті келеді. Оны күш көлігі ретінде пайдалануға болады. Қалың қарда тебіндеп жайылады әрі қысқа аязға да шыдамды. Биелері тәулігіне 18-20 литр сүт береді. Жабы жылқылары Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарында өсіріледі.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың (15-16ғ) еңбегінде қымыз қазақтардың татымды, дәмді тағамы ретінде аталады. Қымыз-қазақ халқының ежелден бергі құнарлы асы, сусыны.

Кең сахара, жапан түзді жайылған көшпелі елдің басты күнкөрісі жылқы малы болды. Жылқы – халықтың ішсе қымызы, жесе еті, кесе киімі. Халқымыздың тұрмысында жылқыға тікелей қатысы бар теңеу

сөздер, даналық нақылдар, түрлі аңыз-әңгімелер және мақал-мәтелдер өте көп тараған. Мысалы, “Ат – ер қанаты”, “Жылқының пірі – Қамбар ата”, “Тай-тайға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер”.

Қымыз – жылқы сүтін ашыту жолымен алынатын ашыған сүт бактериялары мен ашытқыдан пайда болатын қышқылтым айырықша азық. Оны дайындауға екі түрлі ашыту процесі жүреді. Сүттен сүт қышқылы, спирттер шарапспиртті түпкі нәтижеге айналып, СО көмір қышқылы газы пайда болады.

Ферменттің сүт қышқылы бактериялары мен кейбір ашытқылардан түзілген лактозаның әсерінен сүт қантты глюкоза мен галактозаға ыдырайды. Моносахариттер (глюкоза мен глюкоза сүт қышқылдарының) шараптық спирттің, көмірқышқылының және дәмі мен иісіне қатысы бар басқалай көптеген заттардың түзілуіне орай одан әрі ыдырай түседі.

Кез-келген сүт, судан, белоктардан, майлардан, углеводтардан, фосфаттерден, стериндерден, әр түрлі минерал қосындыларынан, органикалық тұздардан, ферменттерден, витаминдерден, пигменттерден (май қышқыл жоқ), белоктан, азоты заттардан, микроэлементтерден құралатын биологиялық сұйық болады.

Мысалы: Бие сүтінің 1 литрінде 890 г су, 110 г құрғақ қалдық, 16 г май, 61 г лактоза, 27 г белок және 5 г тұз болатынын дәлелдедік.

Қымыз – биенің ашыған сүті. Қымызды ашытып, баптау – өте күрделі процесс. Қазақтар қымызды көбінесе жылқы терісінен жасалған сабада, место, торсықта немесе шетен шелектерде ашытылады. Қымызды ашыту қорын сол қымыздың өзінен жасайды. Күзде сабадағы, местегі немесе торсықтағы қымыз тұнған кезде ыдыс түбіне қымыздың қоюы жиналады. Міне, сол қоюын мата дорбаға құйып, салқын жерде келесі маусымға дейін сақтайды. Жаңа сауылған бір шелек Бие сүтіне бір ожау сақталған қордан салып, бір тәулік жылы жерге қою керек. Содан соң осы қор үнемі қымыз ашытуға пайдаланылады.

Қымыздың алғашқы ашытқысын қоры деп атайды. Оны бие сүтіне сүр қазының қабырғасын, жұлынды сүйегін не малта салып, бөлек ашытып алады. Содан кейін сабадағы осы қорды сарықпай биенің жылы сүтін саумалдап жаңартады. Жаңа сүт құйған сайын 20-30 минуттей пісіп, жаңа сүтпен қорды араластырып, іртігін жазып, ашуын басып отырады. Көп сапыру арқылы қымызға таза ауа (оттек, озон т.б) көп сіңіріледі.

Қымыз тәулігінде ашуы жетіп сапыруға жарайды. Дұрыс ашыған қымыз іртіктеніп, боршып көпірмейді, су жиектеніп тұнып, кілегейленіп шұбатылмайды, көкаяз кермек дәмі болмайды. Тіл үйірілген ашымал дәм, сүр саумал майының иісімен қосылып, тек қымызға тән көкірек сарайыңды ашатын хош иісі аңқып тұрады.

Ашыту түрлерімен ашыған күндерінің санына, ыдысы мен қоспасына, тәулік уақыты мен мезгілдеріне қарай ашытылатын қымыз түрлері мен атаулары көп.

Олар: Саумал-енді ғана Аши бастаған немесе қымызға биенің жаңа сауылған сүтін құйып, пісіріп жұмсартқан тұщы қымыз;

Уыз қымыз-жаңа құлындаған биенің уызынан ашытылған қою қымыз;

Бал қымыз-бал, қант секілді тәтті қосып жуасытқан қымыз;

Құнан қымыз – үш тәулік ашытқан қымыз;

Дөнен қымыз – төрт тәулік ашытқан қымыз;

Бесті қымыз – бес тәулік ашытқан қымыз;

Алау қымыз – бесті қымыздан да күшті қымыз;

Жуас қымыз – баяу ашыған немесе саумал қосқан қымыз;

Қорытынды:

Мен болашақта жастарымыздың дені сау болу үшін өз үлесімді аянбай қосар едім. Қымызды күнделікті тұрмыста пайдаланып, ережеге сай тұтыну үшін жылқы малын көптеп өсіретін шаруашылықтарға көп көңіл бөлер едім.

Жылқы мінсе – көлік, ішсе-сусын, жесе – тамақ екенін естен шығармай, қымызды Отандық тауарлар атынан айналымға шығартатын едім. Оның емдік сусын екенін мойындап және оған жоғары баға берген Л. Толстой, А. С. Пушкин т.б болғандықтан оның әлемдік сұранысқа ие болатынына сенемін. Ал, одан еліміздің экономикасы көтерілетін еді. Қымызды қазіргі уақытта бізді көп алаңдатып отырған қаназдық ауруына ем ретінде дәріханаларға да бөлінгенін қадағалар едім. Еліміздегі қымызбен емдейтін орындар яғни орталықтарды әр қалаға ұйымдастырар едім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ энциклопедиясы.
2. “Егеменді Қазақстан газеті”
3. Академик Т. Шарманов. “Қымыздан артық дәм болмас”
4. Биология, география, химия. Доцент Р. Сәтімбекұлы “Жылқыдан асқан мал бар ма”
5. Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту методикасы
6. Ж. Жабаев өлеңдері
7. Г. Есмағанбетова, “Қымыз, шұбат”. “Қайнар”

* * * * *

ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЖАНУАРЛАР АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ (БАУЫР ҚҰРТЫ) ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы. Жаңадария ауылы
№203 орта мектеп. Автор: Сқақ Айбану
Жетекшісі: Смаева Индира. Орындалған жылы: 2012-2013 оқу жылы

Жетекші пікірі: Жаңадария ауылы № 203 орта мектептің 8-сынып оқушысы Сқақ Айбанудың «Экологияның жануарлар ағзасына әсері (бауыр құрты)» ғылыми жоба жұмысында оқушы өте жақсы зертеп ізденген. Оқушықоршаған ортаның жануар ағзасына тигізетін әсерін, оларда пайда болатын ауру түрлерінің (бауыр құрты) пайда болу себептерін, оның таралу жолдарын зерттеді. Келешекте осындай жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын түсінді. Тәуелсіз еліміздің болашағы өзім деп сенетін оқушы келешекте мемлекетіміздің жақсы азаматы болады деп сенемін.

Жобаның мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашақта өзіміз өмір сүретін ортада қоршаған орта экологиясының адам және жануар ағзасына кері әсер ететін факторларды болдырмау. Соған өзіндік үлесімді қосу.

Қызылорда облысында жануарлар ауруының жиілеп кетуі жайында зерттеліп жазылған. Сонымен қатар қазіргі таңда мал ауруларын болдырмау шараларының жетістіктері толық баяндалады.

Мен «Болашақтың» бәсекеге қабілетті халықтың қалыптасуына бағытталған аса маңызды бұл жобамның, аса маңызды жобалардың біріне айналатынына сенемін және болашаққа деген сеніммен өз үлесімді қосамын.

Зерттеу жұмысының болжамы: Мал шарушылығын өркендету, жануар ауруларының алдын алу.

Күтілетін нәтиже: Қоғамға пайдалы еңбек ету, осы жобамды дамыту.

Ұсыныс пікірім: Өзіміздің облысымызда жоғарғы білімді мал дәрігерлік мамандарды даярлайтын оқу орындары ашылса

Кіріспе

Жаңа мыңжылдықтың табалдырығын адамзат өркениеті орасан экологиялық проблемалармен бірге аттады. Экономикалық дамудың жаңа белесіне көтерілген көптеген мемлекеттер, бүгінде аса күрделі экологиялық қиындықтарға ұшырап, оларды түбегейлі шешудің шараларын қарастыруда.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің территориясында қоршаған ортаға экологиялық қауіп төндіріп отырған аймақтар пайда болуда. Соның ішінде қазіргі таңда жануарлар ағзасына әсер етіп отырған экологияның кері әсері жануарда түрлі ауруларды тудырып жатыр. Сонымен қатар адамзаттың экологияға кері әсері, антропогендік және техногендік ықпалдарының ұзақ жылдар бойы тигізіп келген әсері деп тұжырым жасауымызға болады. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында адамзаттың шаруашылық әрекеттері мен өндірістік қатынастарының ғылыми- техникалық жаңару биігіне көтерілуі-экономикалық реформалардың ерекше сипат алуына (модернизациялануы мен интергаляциялануына) түрткі болады.

Менің ойымша экологиялық білім дегенім- адамзат перзентінің қоршаған ортаға тигізетін антропологиялық ықпалдарының себеп салдарын терең ұғынуға, оқып тануға бағытталған теориялық ой –пікірлер жиынтығы болса сол экологияның жануар ағзасына кері әсерін келтіруде бүкіл әлемде экологиялық апаттар ұлғая түсуде. «табиғат –қоғам -адам» жүйесіндегі қарым қатынастардың шиеленісуі экологиялық тіршілікке қауіп төндіріп отыр.1991 жылғы « Қ.Р 2004-2005 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында атап көрсетілген.»Жылдың таңдауы экологиялық ұсыныс оның мақсаты –қоршаған ортаның ахуал-жағдайын жақсарту бойынша ұтымды ұсыныс,мал шаруашылығындағы экологиялық мәселелерге назар аудару. Халқымыздың денсаулығымен қоса,пайдаланылып отырған мал өнімдерінің талапқа сай болуы.Ауру малдың адам ағзасына кері әсер тигізетіні белгілі.Қазақстан Республикасының қоршаған орта қорғау,экологиялық проблемалардың туындауына жол бермеу негізгі міндет.

Ауа,су,жер ресурстары,жер қойнауы,өсімдіктер мен жан-жануарлар қорғау,өндіріс қалдықтарын тиімді қарап оның кері әсерлерін болдырмау. Адамзат пен жан-жануарлардың өсімдіктердің бір-бірімен тығыз байланыстылығы тіпті бұларды ажыратуға келмейді.Себебі күнделікті тұтынып отырған азық-түлігіміз, ет өнімдеріміз айналып келгенде таза әрі құнарлы болуы тиіс.Мал шаруашылығы үшін аса қатерлі деп саналатын зиянды ағзалардың таралуы жжануарлардың ауруына әкеп соқтырады.Агроценозбен фитоценозда зиянды ағзалармен пайдалы жәндіктер, аң мен құстар, өсімдік мүшелерінде және топырақта неше түрлі микроағзалар, дөңгелек құрттар тіршілік етеді.Өңделген шабындықтармен жайылымдарда мал бағылады,жиналған өсімдік өнімі малдың жем- шөбіне пайдаланылады Пестицидтердің табиғатта таралуы өсімдіктерден басталып қоршаған ортаның ауасымен қатар, топырақ пен суға шайылып, жан-жануарларға кеп тіреледі.

II негізгі бөлім

1. Қазіргі кезде мал шаруашылығы алға қойылып отырған міндеттердің бірі. Мал санын көбейту, оның сапасы жоғары болу. Мал шаруашылығы: 2011 жылдан АӨК – те мүйізді ірі қара мал етін өндіру бойынша экспорттық әлеуметті дамыту жөнінен кең ауқымды жоба жүзеге асырыла бастады. Асыл тұқымды мал өсіруді халықаралық талаптарға сәйкес келтіруі тиіс заң қабылданды. 17,7 мың бордақы- орынға арналған бордақылау алаңдары құрлысы қаржыландырылды. Ет бағытындағы 13,5 мың бас мүйізді ірі қара мал әкелінді. 2011 жылы агроқұрылымдарда мал саны мұнша % - ға ұлғайды: Мүйізді ірі қара мал 8 % - ға. Соның ішінде мен тұрып

жатырған Жаңадария елді мекенінде

4% -ға өсті. Қой мен ешкі 5%- ға. Жылқы 12%- ға.

Малдың инвазиялық аурулары- эволюциялық даму барысында жануар денесінде паразиттік тіршілік етуге бейімделген бір клеткалы организмдер мен құрттар тудыратын аурулар. Бұл аурулардың 2 тобы бар: Бірінші тобы- гельминтоздар. Оларды трематота (сорғыш құрт), цестода (таспа құрт), ниматода (жұмыр құрт) кластарына жататын құрттар тудырады. Мал арасында фасциолез, дикроцелиоз, ішек цестоздары, таспа құрт (бауыр құрт) дернәсілдері тудыратын аурулар жиі кездеседі. Сиырдың, қой- ешкінің, түйенің жіті және созылмалы ауруы- фасциолез республиканың барлық өңірінде таралған. Аурудан арылу үшін ит пен мплды алдын ала құрттан арылтады (дегельминтизация), баппақтарды құрғатып, жайылымдарды, суаттарды, олардың маңын тазартады. Дикроцелиоз – малдың бауыры мен өт жолдарын зақымдайтын созылмалы ауру. Республиканың барлық өңірінде, әсіресе Оңтүстік пен Оңтүстік -Шығысында жиі кездеседі. Оны тудыратын дикроцелия құрты. Малға гексихол, гексохлор- параксилол, гетолин беріп (дегельминтизация жасап) , құрттан арылтуға болады. Таспа құрт (бауыр құрт) дернәсілдері тудыратын аурулар – эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоз кезінде малдың бауыры, миы, өкпесі, сірі қабықтары зақымданады.

Ішек цестодоздарын (мониезиоз, тизаниезиоз, т.б) тудыратын құрттар да аралық (кейбір кенелер) және тұрақты иелердің қой, сиыр) арқылы өсіп, дамиды. Қоздырғыш малдың аш ішегін зақымдап, ішін өткізеді, ауру асқынса мал өледі. Емдеу, және аурудан сақтану үшін малға тотияйын мен ас тұзының қоспасы, фенасал т.б дәрілер ішкізіледі. Малдың инвазиялық ауруларының екінші тобы – тейлерия, пироплазма, қан паразиттері (бабезия), кокцидия (ішек қабырғасында тіршілік ететін бір клеткалы жануарлар), саркоциста (бұлшық етте болатын паразиттер). Мал токсоплазмозынан, саркоспориديوз, безнойтиоз, қотыр, ауруларының эпизоотологиясы мен патогонезін зерттеп, анықтау әдістерін табу ісі республикада жүйелі жолға қойылған.

Эхинококкоз ауруын эхинококк құрты тудырады, аурудың негізгі көзі болып ит, мысық тектес жануарлар табылады. Себебі, осы аталған жануарлардың ішегінде бауыр (эхинококк) құрты өсіп жетіледі және нәжісімен қоршаған ортаға түсіп, ластайды. Құртпен ластанған шөпті жеп, суды ішкен үй жануары ауырады. Малды сойған кезде жарамсыз бауыр, өкпесін итке тастаймыз, осылай құрт жолы шеңбердегі айналымдағыдай болады. Бұл ауру бау-бақшада жұмыс істеп, малға қарағаннан соң, жеке бас тазалығын сақтамаған жағдайда адамға да жұғуы мүмкін. Адамның ішіне түскен құрт қан арқылы өкпе, бауыр тағы басқа органдарды зақымдайды. Құрт түскен жеріндегі органды жегідей жеп өсе береді де, аурудың белгілерін білдіреді. Егер құрт бауырда өссе, оң жақ бүйірі ауырып, өкпеге түссе адам жөтеліп, қан құсып, ауа жетіспей ауыруы мүмкін. Құрт түскен сайын органды зақымдап, адам өміріне қауіп төндіреді. Эхинококкоз ауруын тек хирургиялық жолмен емдейді, ал дәлелді диагноз кешенді тексерулерден соң қойылады.

б. Көкөністермен жеміс-жидектерді тазалап, ағынды сумен шайып жіберу қажет.

Жылауық құрт.

Жылауық құрты — адам мен мал ағзаларында құрт ұрықтарының түсуінен туындайтын ауру.

Этиология. Жылауық құрты өл-шемі 2 мм-см. Құрт өсіп-өнуі үшін, аң мен үй жануарларының ішіне түсуі керек. Эпидемиология. Ол көбінесе аңдар мен үй малдарынан, ит пен мысықтан жұғады. Бұл құрттар ит пен қасқырдың ащы ішегінде өсіп-өнеді де, солардың дәреті арқылы суды, шөпті, жерді ластайды. Аң терісін, ит пен мысықты ұстағанда жылауықтың құрты қолға жабысады. Қолды жумай тамақ ішкенде, ластанған өзендердің суын қайнатпай ішкенде құрт адамның асқазанына барып түседі.

Патогенез. Асқазанға түскен құрттың ұрығы сыртқы қабығынан айырылып, ішек қатпарларына өнеді. Содан қан тамырларына түсіп бауыр, өкпе, ми және басқа ағзаларға ұялайды. Бірте-бірте ұялаған жерінде жылауық құрты өнеді, өседі. Олар бір ұялы, көпұялы болып бөлінеді. Жылауық қалтасы бірте-бірте өсіп, аурудың белгісі біліне бастайды, құрт орналасқан органдардың қызметі бұзылады.

Жылауық құрттың белгілері, өрбуі Жылауықтың өрбуін екі кезеңге бөлуге болады. 1. Жасырын өрбуі.

Науқастың аздаған қызуы көтерілуі мүмкін, субфебрилитет, қан аздық, лоқсып, тамаққа тәбеті төмендеп, асқазан түбі ауырып, ауырлық сезіледі. Кейбір науқаста бас ауырып, жөтеліп, ентігіп, кеудесі шаншиды, әлсіздік сезінеді. Жылауық құртының ұрықтары ағзада айлап, жылдап, көп белгі бермей жата беруі де мүмкін. Ал, кейде басқа дерттердің белгілері сияқты көрінеді, басқа дәрігерлерде емделіп жүреді. 2. Жылауық құртының ауыр түрі. 1. Бауырдағы жылауық асқынғанда, а.) Жылауық қалтасының жарылуы, б.) Сар-ғаю, өт жолын жапқандықтан, в.) Жылауықтың іріңдеуі. 2. Өкпедегі жылауық асқынғанда а.) өкпедегі іріңдік, іріңді плевра, б.) өкпеден қан кету. Бауырда көлемдері әртүрлі, іші мөлдір суға толған жылауық құрт ісіктері пайда болады. Адамның іші өтеді, асқазан, бауыр тұсы сыздап ауырады. Оң жақ қабырға астынан сыртқа қарай томпиған ісікті байқауға болады. Жылауық асқынып жарылғанда науқастың жағдайы нашарлайды. Жылауық қалтасы өт жолын жапқанда науқас сарғайып кетеді. Бауырдағы жылауық іріңдегенде ағзаның түгелдей улану қаупі басталады. Өкпедегі жылауық асқынғанда тыныс жолдарының, өкпенің, плевраның іріңдеп қабынуы болады. Өкпедегі тамырды сорып, жегідей жеп, өкпеден қан кеткенде өте ауыр жағдайға соқтырады.

Егер жылауық мида орналасса, науқастың басы ауырып, көзі нашарлап, бойын әлсіздік басады.

Аурудың алдын алу. Жылауық құрты бұрын ауыл адамдарында, әсіресе балаларда ұшырасатын еді. Қазіргі таңда ластанған орта, жекеменшік мал шаруашылығы, қалаға еркін, тексерусіз түрлі ауылшаруашылық өнімдері

үздіксіз ағылудың әсері, қалада ит пен мысықты ұстаушылар көбейген жағдайда, шала піскен еттен жылауық құртының жұғу қаупі күшейеді. Ауруды болдырмаудың жалғыз кепілі — тазалық. Бала далада ойнап келгенде және ересектер жұмыстан келген де қолды сабындап жууы керек, жеміс-жидек, көкөністі пайдаланарда сақтық шараларын орындауы керек

2) Аурудың алдын алу үшін жануарларда қазіргі кезде ветеринарлық дәрі-дәрмектердің көптеп пайдаланылуында. Менің жобамның тақырыбына сай жануарлардың бауырында болатын құрттың болдырмау шараларын қарастыру мақсатында, ауыл мал дәрігерімен кездестім. Ондағы мақсатым жануар бауырындағы құрттың өрбуі, жылдың қай мезгілінде күшейеді. Қазір бізде пайдаланылып жүрген дәрі «Альбен» бір таблеткасының құрамында 360 мг альбендозолға көмекші дәрілер болады. Бұл дәріні салмағы жоғары ірі қара малдарға, қой мен ешкіге тіпті құстарға пайдалануға болады.

Альбенді пайдалану ережесі жоғары салмақты ірі қара малдарға жылқы мен сиырға салмағы 50 кг –на 1 таблеткадан пайдаланады.

Қой мен ешкіге 70 кг-на 1 таблеткадан ал құстарға 35 кг-на 1 таблеткадан 2 күн қатарынан береді. Бұл дәріні пайдалану мезгілдері көктем және күз айларында. Буаз малдарға пайдаланылмайды. Бұл дәріні бергеннен кейін 14 күннен кейін қайта, береді ал ірі қара малдарға 7 күннен кейін беріледі. Дәріні бергеннен кейін сауын сиырлардың сүтін 2-3 күнге дейін ішуге болмайды. Қазіргі кезде жануар бауыр құртына пайдаланып жүрген дәрілер.

Адамдар үшін: ойда жоқта бауырыңыз сыздап сыр беріп сырқаттанып қалсаңыз инновациялық Артишок сығындысының бір қабықшасын қабылдасаңыз жеткілікті ол бауырды қорғауға арналған.

Холесенол артешок адамның бауыр ауруына пайдаланылатын дәрі.

Бұл дәрі – тағамдардағы химиялық субстанциялардан болатын ыдыраудан бауырды барынша тез тазартады әсіресе жазда бұл дәрінің көмегі ерекше. Бағамдап қабылдау тиімділікті арттырып, бауырды қалыпты ырғақта болуын реттейді.

Қорытынды

Эхинококк ауруының қалай, қайдан пайда болады?–деген сұраққа мынадай жауап беремін.

–соңғы жылдары эхинококк ауруы адамдар мен жануарлар арасында өсіп отыр. Эхинококк ауруын эхинококк құрты тудырады, аурудың негізгі көзі болып ит, мысық тектес жануарлар болып табылады. Себебі, олардың ішегінде бауыр(эхинококк) құрты өсіп жетіледі және нәжісімен қоршаған ортаға түсіп, ластайды. Құртпен ластанған шөпті жеп суды ішкен үй жануары ауырады. Малды сойған кезде жарамсыз бауыр, өкпесін итке тастаймыз осылай құрт жолы шеңберімен айналып жүреді. Бұл ауру бау-бақшада жұмыс істеп, малға қарағаннан соң жеке бас тазалығын сақтамаған жағдайда адамға жұғады. Адамның ішіне түскен соң құрт қан арқылы өкпе, бауыр т.б органдарды зақымдайды. Құрт түскен жеріндегі органдарды жегідей жеп өсе береді де, аурудың белгілерін білдіреді. Егер құрт бауырда өссе, оң жақ бүйірі аурып, өкпеге түссе жөтеліп қан құсып ауа жетпей ауырады. Құрт өскен сайын жануардың тіршілігін тоқтатады. Эхинококк ауруын (адамда) тек хирургиялық жолмен емдейді.

Эхинококктың қауіптілігі – құрт жатқан қабық жарылып кетсе, оның уы ішкі ағзаларға тарап асқынады ал егер эхинококк жарылып кетсе мал өледі, ал адам өмірін сақтап қалу үшін күрделі операция жасалады.

Эхинококктың алдын алу шараларын білу абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Высокоэффективные лекарственные средства для продуктивных животных.
2. «Егеменді қазақстан» газеті №13-14(27085) 2012 жыл
3. Қазақ энциклопедиясы
4. « Экологиялық білім биологияда»- Материалдар жинағы. Б. Ділманов

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: Т. ТАЙБАЗАРҰЛЫ «ҚАЙТПАЙ ҚАЛҒАН ҚАРЛЫҒАШ» ӘНГІМЕСІН ОҚУ

Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы

№116 орта мектептің МАД тобы тәрбиешісі Қалжанова Ұлия

Білім беру саласы: «Қатынас» **Оқу іс-әрекетінің түрі:** Көркем әдебиет

Тақырыбы: Т.Тайбазарұлы «Қайтпай қалған қарлығаш» әңгімесін оқу.

Мақсаты: **Білімділік :** Әңгіме мазмұнын меңгере отырып, оны айта білуге дағдыландыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге үйрету.

Дамытушылық: Балалардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Әңгіме кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Әдіс-тәсілдер: Шаттық шеңбері, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті.
<p>Мотивациялық қозғаушы.</p> <p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>Шаттық шеңбері. Балаларға «Сиқырлы таяқша» беріп, егер сен сиқыршы болсаң құстарға не істер едің? деген сұраққа жауап беру тапсырылады.</p> <p>-Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>-Қыс мезгілінде аулада қандай құстарды көресіңдер?</p> <p>-Ал қандай құстар жылы жаққа ұшып кетті?</p> <p>-Ал, бүгін көркем әдебиет оқу іс-әрекетінде мен сендерге жылы жаққа ұшпай қалған қарлығаш туралы әңгіме оқып беремін, Әңгіме «Қайтпай қалған қарлығаш» деп аталады. Әңгімені оқып беру.</p> <p>Түсіндіру.</p> <p>Слайдтан бірнеше әңгіме мазмұнына сай суреттер көрсетіледі.</p> <p>-Әңгіме мазмұнын бекіту мақсатында топтарға тапсырмалар беріледі.</p> <p>I- топ тапсырмасы. Әңгіме мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтайды.</p> <p>-Асан ертемен тұрып,....</p> <p>Қорадан өзі асыраған....</p> <p>Ол қарлығашты аяғына кигізілген..</p> <p>Қарлығаш қанатынан.....</p> <p>Асан оны.....</p> <p>Көктемде қарлығашты.....</p> <p>Қарлығаш қораға..</p> <p>Жазда қораға....</p> <p>Күзде құстар ұшып кеткенде,....</p> <p>II- топ тапсырмасы. Қарлығаш сөзіне сөйлем құрап айту.</p> <p>III-топ тапсырмасы.</p> <p>Қима сурет бөліктерінен қарлығаш суретін құрастыру.</p> <p>-Сергіту сәті.</p> <p>Қане, қанат жазайық,</p> <p>Қарлығаш болып ұшайық.</p> <p>Ұшып-ұшып алайық,</p> <p>Орнымызға қонайық,</p> <p>Қарлығаш боп ұшайық,</p> <p>Торғай болып қонайық,</p> <p>Сауысқан болып секіріп,</p> <p>Тоқылдақ боп шоқиық.</p> <p>II. Айналым тапсырмалары.</p> <p>1. Жұмбақ шешу.</p> <p>-Бұлдыр-бұлдыр балшықты,</p> <p>Жинады да талшықты.</p> <p>Ұқсатып қамытқа,</p> <p>Үй салады жабыққа.</p> <p>-Көкте ұшады тізіліп,</p> <p>Біз қараймыз қызығып.</p> <p>-Қонып алып жарға</p> <p>қарқылдайды.....</p> <p>-Дуадақ құс шөлде</p> <p>Аққу-қаздар....</p> <p>2. Қарлығаш туралы тақпақтар айту.</p> <p>3. Қарлығаштың басқа дара құстарынан</p>	<p>Балалар кезекпен:</p> <p>«Егер мен сиқыршы болсам, құстармен сөйлесер едім», «Құс болып ұшар едім», б жауаптары.</p> <p>-Қыс.</p> <p>Қарға, сауысқан</p> <p>Кептер, торғай,</p> <p>қарлығаш, тырна, қаз,</p> <p>үйрек.</p> <p>Тыңдайды.</p> <p>Мазмұнын түсінеді.</p> <p>Қарлығашты және оған қамқорлық жасаған баланы көріп қуанады.</p> <p>(қораға кірді)</p> <p>(қарлығашты көрді)</p> <p>(сақинадан таныды)</p> <p>(жараланған екен)</p> <p>(үйге әкелді, күтті,</p> <p>ұшырып жіберді)</p> <p>(ұя салды)</p> <p>(мекендейді)</p> <p>(қарлығаш ұясына оралды)</p> <p>Балалар құстардың қимыл-қозғалыстарын жасайды.</p> <p>(қарлығаш)</p> <p>(тырна)</p> <p>(қарға)</p> <p>(көлде)</p> <p>Әсем.</p> <p>Қарлығаштар қаптап жүр.</p> <p>Өз еңбегін ақтап жүр.</p> <p>Ұяларын бұздырмай.</p> <p>Тыныштығын сақтап жүр.</p> <p>Мирас.</p> <p>Адамзаттың жақыны,</p> <p>Қарлығаш та ақылды.</p> <p>Көгершінмен екеуі,</p> <p>Жайлайды бір шатырды.</p> <p>Дана.</p> <p>Күн аязды, боранды,</p> <p>Жер ақ қарға оранды.</p> <p>Жылы жақтан келген құс,</p> <p>Жылы жаққа оралды.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p>

<p>Рефлексивті коррекциялаушы.</p>	<p>айырмашылығы неде? «Ұшты-ұшты» ойыны. Ұшты-ұшты, қарлығаш ұшты! Ұшты-ұшты, қарындаш ұшты. Ұшты-ұшты қарға ұшты! Ұшты-ұшты арба ұшты. Қорытынды. Әңгіме кейіпкері Асан қандай бала? Оның іс-әрекетін қалай айтуға болады? сұрақтарына берілген жауаптарды толықтыру. Құстар – адамға дос. Оларға қамқорлық көрсету керек. Қарлығаш ұясын үй маңына салады. Олар адамдардан қамқорлық күтеді. Құстың ұясын бұзуға, жұмыртқасын ұстауға болмайды. Оқу іс-әрекеті барысындағы балалар белсенділіктерін атап, мадақтау.</p>	<p>Балалар құстарды атағанда қолдарын көтереді. Балалардың жауаптары.</p>
<p>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Құстар – адамға дос. Оларға қамқорлық көрсету керек. Меңгеру керек: Әңгімені мазмұндап айтуы, толық жауап беруі, тапсырманы орындай алуы керек. Үйренуі керек: Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, белсенді әрекет етуге үйренуі керек.</p>		

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ЖЕЛДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№25 Т. Рысқұлов атындағы мектеп-гимназиясы
География пәнінің мұғалімі Кененбаева Жанар

Сабақтың тақырыбы: Желдің негізгі себептері және түрлері

Сабақтың мақсаты *а) білімділік* Оқушыларға желдің пайда болу себептерімен маңыздылығын, желдің түрлері және желдің жылдамдығы мен бағытын анықтайтын құралдар туралы түсіндіріп, мәнін ашып, білімдерін толықтыру.

ә) дамытушылық Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымын, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

б) тәрбиелік Оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға, аялауға, ластамауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі аралас сабақ

Сабақтың әдісі сұрақ-жауап, түсіндіру, топтық, ой қозғау, ой қорыту

Сабақтың типі жаңа сабақты түсіндіру

Сабақтың формасы сыныптағы сабақ

Сабақтың көрнекілігі оқулық, карта, кесте, интерактивті тақта

Пәнаралық байланыс биология

Сабақ барысы Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесіп, түгелдеу. Сабаққа назарын аудару.

Оқушылардың білімін байқау

Жаңа сабақты түсіндіру. Жаңа сабақты бекіту. Жаңа сабақты қортындылау

Бағалау. Үйге тапсырма

Оқушылардың білімін байқау «*Кім жылдам*» (сұрақ-жауап арқылы сұрау)

1. Атмосфера дегеніміз не?
2. Атмосфера қабатарын атаңдар?
3. Атмосфера құрамын атаңдар?
4. Атмосфералық қысым дегеніміз не?
5. Атмосфералық қысымды өлшейтін құрал?
6. Жер бетінен әр 100 метр биіктеген сайын температура қанша градусқа төмендейді?
7. Бір тәулік ішіндегі ең жоғары және төменгі температура арасындағы айырмашылықты не деп атайды?
8. Жылдық ауытқу дегеніміз не?
9. Ауа температурасын тәулік ішінде неше рет өлшейді?
10. Ауа температурасын қандай құралмен өлшейді?
11. Қалыпты атмосфералық қысым деп нені айтады?
12. Изобаралар дегеніміз не?

Дұрыс жауабы:

1. Жердің сыртқы ауа қабаты
2. Тропосфера, стратосфера, мезофера, термосфера, экзосфера

3. Азат, оттегі, инертті газдар
4. Ауаның жер беті мен ондағы заттарға түсіретін салмақ
5. Барометр
6. 0,6 °C-қа
7. Тәуліктік ауытқу
8. Бір жыл ішіндегі ең жылы ай мен ең суық айдың арасындағы айырмашық
9. 4 рет
10. Термометр
11. Сынап бағанасының 760 мм биіктігіне тең қысым
12. Қысымы бірдей нүктелерді қосатын сызықтар

Жаңа сабақ. Жоспар

1. Жел дегеніміз не?
2. Желдің пайда болу себептері
3. Жел бағыты мен жылдамдығын анықтау
4. Желдің түрлері
5. Желдің пайдасы мен зияны.

Жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта бір жерден екінші жерге ауысуын жел деп атайды.

Желдің түрлері: тымық, баяу жел, жеңіл жел, желқом, қоңыр жел, самал жел, қатты жел, күшті жел, өте күшті жел, дауыл, қатты дауыл.

Желдің жылдамдығы (м/сек) өлшенеді, ал желдің күшін балл арқылы анықтайды. Жел көкжиектің қай тұсынан соқса, сол бағыттың атымен аталады. Жел шығыстан соқса-шығыс желі деп аталады т.б. Қазақстан аумағында да күшті тұратын желдер бар. Олар Арыстанды-Қарабас желі, Ебі желі, Сайқан желі, Шілік желі, Атырау желі т.б.

Желдің жылдамдығы мен бағытын ауа райын бағыттайтын стансаларда желбағар (флюгер) деп аталатын құралмен анықтайды. Жер бетіндегі желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/сек. Желбағар жер бетінен 10-12 м темір сырық басына орнатылады. Жер шарының кей аймақтарында тұрақты соғатын желдер кездеседі. Олар жергілікті желдер деп аталады. Олардың негізгілеріне бриздер мен муссондар.

Бағытын тәулік ішінде 2 рет өзгертетін теңіздердің, көлдердің ірі өзендердің жағалауында соғатын желдер-бриздер деп аталады. (Бриз – француз сөзі

«жеңіл жел» деген мағына береді. Құрлық пен мұхиттар арасында бағытын 2 рет өзгертетін желді муссондар деп атайды. (муссон арабша «маусым» деген мағына береді.

Адам желдің күшін өте ерте заманнан бері пайдаланып келеді. Жел айдаған желкенді кенелердің арқасында бүкіл жер шарындағы құрлықтар мен мұхиттар ашылды. Қазіргі кезде жел қозғағыштар жер астынан су тартады, электр қуатын өндіреді. Жел – сарқылмайтын қуат көзі.

Желдің зиянды әрекеті бар. Жер шарының түрлі аймақтарында жыл сайын көптеген сұрапыл апатты дауылдар өтіп жағады. Олар үйлерді қиратады, электр желілерін үзеді, жол қатынасын тоқтатады, су тасқынан тудырады.

Мағынасын тану

I топ - Желбағарды сипаттаңдар?

1. Жел дегеніміз не?
2. Желдің пайда болу себебі?

III топ

10. Бриз дегеніміз не?
11. Муссон дегеніміз не?

II топ

- Желбағар деген не?

Дұрыс жауабы

I топ

6. Жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта бір жерден екінші жерге ауысуы
7. Жер бетінің әркелкі жылынуы. Атмосфералық қысымның әртүрлілігі.

II топ

1. Желдің бағыты мен жылдамдығын бағыттайтын құрал
2. Желбағар жер бетінен 10-12 м темір сырық басына орнатылады. Желдің бағытын жағалай бағдарша көрсетеді.

III топ

5. Бағытын тәулік ішінде 2 рет өзгертетін желдер
6. Жылына бағытын 2 рет өзгертетін жел.

Дәптермен жұмыс. Бриздер мен муссондар айырмашылығын венн диаграммасы арқылы көрсету.

Айырмашылығы
Бриздер

Ұқсастығы

Айырмашылығы
Муссондар

Ой толғаныс. Жел мен өсімдік арасында байланыс болуы мүмкін бе?

Бекіту сұрақтары

3. Жел дегеніміз не?
4. Желдің жылдамдығы мен бағытын қалай анықтайды?
5. Бриз қандай жел?
6. Өздерің тұрған жерде қандай желдер соғады?
7. Желдің пайдасы мен зиянына мысал келтіріңдер?

Ой қорыту Географиялық диктант

1. Бағытын тәулік ішінде 2 рет өзгертетін желдер ... (бриз)
2. Ауаның горизонталь бағытта қозғалуы ... деп аталады (жел)
3. Желдің жылдамдығы мен бағытын ... құралмен анықтайды (желбағар)
4. Жылына бағытын 2 рет өзгертетін жел ... (муссон)
5. Жер бетіндегі желдің орташа жылдамдығы ... (5-10 м/сек)
6. Бриз сөзі ... деген мағына береді (жеңіл жел)

Бағалау. Үйге тапсырма. Желдің пайдасы мен зияны туралы қосымша ізденіс жүргізу.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КІМГЕ ҚАРЫЗДАРМЫЗ?

*Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті
Жәйрем №10 жалпы білім беретін орта мектебі*

Бастауыш сынып мұғалімі: Оспанова Айжан Токтагуловна

Пәні: Әдебиеттік оқу Сабақ : № 21 – 1 Сыныбы: 2 «Г» Мерзімі: 08.10.2013

Мақсаты: Диалогтік оқыту әдісі бойынша оқушының сындарлы сөйлеу тілін дамыту, ойын еркін жеткізе білуге үйрету.

Міндеттер: Алған білімін өмірде пайдалану, өздігінен шешім қабылдай отырып жұмыс істеуге, тапсырманы ұқыпты орындай білу: өз бетінше іздене білу.

Ресурс: 2-сыныпқа арналған Әдебиеттік оқу оқулығы, интербелсенді тақта, тапсырма жазылған таратпа қағаз, флипчарт, түрлі-түсті стикерлер, маркерлер, көңіл-күйді білдіретін стикер.

Модуль: Білім беруде АКТ-ны пайдалану, « Білім берудегі басқару және көшбасшылық», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», « Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Талантты және дарынды балаларды оқыту».

Қолданылатын әдіс – тәсілдер мен стратегиялар: «Серпілген сауалдар» стратегиясы, «Миға шабуыл» стратегиясы, «Болжау» стратегиясы, «Ойлан, Бірік, Бөліс» стратегиясы, Ментальді карта, Кластер қорғау, Сергіту сәті, өзін-өзі бағалау, Рефлексия «Екі жұлдыз, бір тілек»

Уақыты Сабақ кезеңдері	Жоспар мазмұны	Мұғалім іс - әрекеті	Оқушы іс – әректі	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе 3 минут	Психологиял ық ахуал	Шаттық шеңбер құру. Оқушылардың топқа бөлінуі	Шаттық шеңберін құру арқылы бір – біріне тілек тілеу. Оқушылар Мазайка ойынының желісі бойынша топқа бөліну	Өте жақсы!	
Тұсаукесер бөлімі 10 минут	Өткен сабаққа шолу «Серпілген сауалдар» стратегиясы	«Серпілген сауалдар» стратегиясы. 1)Сырым Датұлы кім болған? 2) Ата – анасы қандай адамдар болған? 3)Сырым неше жасынан Бала би атанды? 4)Хиуа ханның Сырымға қойған сұрағы қандай?	Ашық сұрақ 1)Сырым Датұлы батыр, шешен әрі би болған. 2)Әкесі момын, есті кісі болған. Анасы бір ауылды сөзімен, ісімен билеген ақылды адам. 3)7-8 жасынан «бала би» атанған. 4)Қазақта «ас –мас», «жігіт - мігіт», «ат - мат» деген сөздердің мәнісі не ? 5)Той жасағанда мал		Интербелсе нді тақта, доп, смайлик

		5)Сырымның жауабы. 6) Шешен сөзінің мағынасы қандай?	сойын бас тартып,қазы-қарта, жал- жая тартамыз. Сусынға қымыз береміз мұны – «ас» дейміз. Шөп шаламды, сусынға берген қара шайды «мас» дейміз. Бәйгеден озған жүйрікті «ат» дейміз, артында қалғанды «мат» дейміз. Күреске түсіп, алып ұрғанды «жігіт» дейміз, жығылғанды «мігіт» дейміз. 6) Тілді, тапқыр сөйлейтін адамды шешен дейміз.		
2 минут	Сергіту сәті	«Ұл мен қыз»	Оқушылар көріп тұрған қимыл қозғалыстарын қайталап билейді.	Жарайсыңдар !	Итантербел -сенді тақта
Негізгі бөлім 10 минут	«Миға шабуыл» стратегиясы	«Қарыз» сөзінің мағынасын ашу үшін әр топқа кластермен жұмыс	Ментальді картамен жұмыс Кластер қорғау Ата- анаға Алл банкке мұғалімге ата – әжеме Стикерлердің қорғауына 2 минут		Флипчарт, маркер,
5 минут	«Болжау» стратегиясы «Суреттер сөйлейді» Слайдпен	«Қарыз» сөзінің мағынасын айтып бердіңдер, рахмет. Сонымен бүгінгі өтетін тақырыбымыз не болды? Қазақтың үш биін ата.	«Кімге қарыздармыз?» Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би	Өте жақсы!	Интербелсенді тақта
3 минут	Оқулықпен жұмыс	«Кімге қарыздармыз?» мәтінін ызыңдап оқу.	Оқушылардың мәтінді қатесіз оқуы		Әдебиеттік оқу оқулығы
с5 минут Білімді бекіту	«Ойлан, Бірік,Бөліс»	Әр топ топпен оқу, жұппен талдау. Әр топ рөлге бөліп оқу Әр топ осы мәтін аясында Ментальді картамен жұмыс жасау.	Топпен оқып жұппен талдау Автор, Әнет баба, Қазыбек би Ментальді картамен жұмыс. (Әекге мінездеме беру) Әнет баба Қазыбек би Анаға Аллаға Атама халқымы Әнет бабаға		Әдебиеттік оқу оқулығы, Флипчарт, маркер, Әдебиеттік оқу,
Қорытын-ды 3 минут	Рефлексия «Екі жұлдыз, бір тілек»	<i>Әр оқушыға таратып беру</i>	Сабақтың екі сәтті шыққан жері, келесі сабаққа бір тілек жазу.		стикер
2 минут	Үйге тапсырма	«Кімге қарыздармыз?» рөлге бөліп оқу. Қазыбек бидің	Күнделікке жазып алды		күнделік

		айтқан шешендік сөздер жинау.			
Бағалау 2 минут	Фармативті бағалау, өзін – өзі смайликтері н санау арқылы бағалау	Жинаған смайликтерін санау лы бағалаурқыа	«5» - 7- 6 смайлик «4» - 5-4 смайлик «3» - 3-2 смайлик		

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

*Атырау облысы Мақат ауданы №2 бастауыш мектебінің
II санатты ағылшын тілі пәні мұғалімі Жайкина Райгул Жанабилловна*

Ағылшын тілі- XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Балалардың ағылшын тілін білуі- уақыт талабы. Осы мақсатта ағылшын тілін жетік меңгерудегі басты әрекет- бастауыш мектепте ағылшын тілін 1 сыныптан бастап оқыту. Бастауыш сыныпта ағылшын тілінен оқушының оқу дағдысын қалыптастыруда жалпы жазба тілі мен ауыз-екі сөйлеу тілі тікелей байланысты.

Мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесі басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету қызметінен гөрі, оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді (Barber and Mourshad, 2007).

Мұғалімдік тәжірибемді бастағаннан бері мені «Үлгерімі төмен оқушылардың қызығушылығын қалай арттырсам?» деген ой үнемі мазалайтын. Үшінші негізгі деңгейлік курсынан өткеннен кейін мен көкейімде жүрген көптеген сұрақтарға жауап тапқандай болдым. Әсіресе, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс тәсілдер мені толғандырмай қоймады. Соның бірі сыныпта диалог арқылы оқыту. Л. Выготский оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 39 бет)

Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып сабақта қолдану оқушылардың пәнді терең түсінуіне көп көмегін тигізеді. Бағдарламаның жеті модулін меңгеріп отырған кезімде - ақ мен мектептегі тәжірибе жұмысымды ойша жоспарлай бастадым. Соның ішінде диалог арқылы оқыту оқушылар үшін қолайлы және олардың сөздік қорының дамып, бір- бірімен ағылшын тілінде сөйлесуіне мүмкіншілік туындайды. Себебі сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін бірнеше дәлелдер бар. Олар:

- Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін білуге көмектеседі. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 39 бет)

Осы уақытқа дейін өткізген және басқа мұғалімдердің дәстүрлі сабақтарына қатысып жүрген кезімде мен, сыныпта оқушылардың аз сөйлеп, көбінесе мұғалімнің сөзін берілген тапсырмаларды үн - түнсіз тыңдап, орындау үдерісі қалыптасқанын түсіндім. Ондай сәттерде үлгерімі жақсы оқушылар зерігіп, ал үлгерімі төмен оқушылар өзінің тілдік қорын дамыта алмай немесе түсінбегендерін сұрауға дәті бармай, сабақты түсінбестен үйіне қайтады.

Бастауыш сыныптардағы ағылшын тілі сабағында диалогті оқытудың (бір- бірімен ой бөлісуге, бірін- бірі үйретуге, тақырыпты талдап, ағылшынша сөйлемдер құрауға) тиімді екенін болжадым. Себебі диалог – бүкіл сыныптың әңгімесін дамыту. (бірінші бетпе- бет кезеңнің материалы)

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар. Олар: әңгіме – дебат, топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 40 бет)

Сол себептен мен өз сабақтарымда зерттеушілік әңгімені көбірек қолдануға жұмыстанамын. Әр топқа тақырыпқа сәйкес суреттер таратып, суретке қарап отырып, топтасып кейіпкердің эмоциясына сәйкес зерттеп, әңгімелеуге дағдыландырдым. Зерттеушілік әңгіме кезінде оқушылар бірге ойланады, өз ойларын дауыстап айтып, өз болжамдарын ұсынып, топтық талқыға салады. Ең ұтымды деген ойды, жан- жақты сұрақтар қоя отырып, өздері қорытынды шығарады да, сөздіктерден қарап өз ойларын ағылшын тілінде жеткізуге тырысады.

Сабақтан тыс тақырыпта оқушылар бір - біріне ашық сұрақтар қойып және жауап береді. Егер мұғалім оқушыларға түрткі болатын тапсырмалар берсе, оқушылардың әңгімелесетіні және бір - біріне ашық сұрақтар қоя білетіні, оған жауап беру барысында ойланатыны, бір- бірін тыңдап отырып, өз ойларын жинақтайтыны

байқалады. Барнс пен Мерсердің айтуынша, зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің бір түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады, идеялармен пікір алмасып, бір - бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 40 бет)

Топтық әңгімеге оқушыларды ұйымдастыру барысында көбінесе топтағы талантты және дарынды оқушылар сөйлеп, өз ұсыныс- пікірлерін ортаға салады. Бұл жағдайда үлгерімі төмен және орташа оқушылар достарының әңгімесін тыңдай отырып, біліммен бөліседі, сөздік қорын молайтады және де өз сыныптарынан сөздердің дыбысталуы мен қазақша баламасын үйренеді.

Сыныптағы диалогті әңгімені дамыту мақсатында Александердің тұжырымдауынша « Оқытудағы әңгімелесу қарым - қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды» (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 40 бет).

Сабақтарымда алдымен психологиялық ахуал туғызу мақсатында оқушылармен амандасып, олардың хал - жағдайын сұрап, ортаға жинап тренингтер өткіземін. Әр оқушы өзі туралы көршісі жақсы сөздер айтқанда, көңілдері көтеріліп, өздеріне деген сенімділіктері арта түседі. Әр сабағымда тақырып бойынша жаңа сөздермен танысқаннан кейін диск тыңдау арқылы әңгімені рөлдік ойын ретінде сахналауға дайындық кезінде , әр топтағы оқушылар алдымен өзара рөлдерді бөліп алады. Топтағы талантты және дарынды оқушылар сөздердің дұрыс оқылуын басқа оқушыларға үйретіп, қайталатып, жаттатқызып және өзара ақылдасып, кейіпкерлерді мінезіне қарай өзара бөліседі. Кей жағдайда, өздерінде жетіспейтін кейіпкерді басқа топтардан іздеп, өзара келісім жүргізеді. Ынтымақтасқан оқу нәтижесінде барлық топ мәтінді сәтті сахналап бере алады.

Оқушыларда бірлескен түсінік қалыптастыру мақсатында суреті және мәтіні бар парақшалар таратып, олардың тек қана ауызекі сөйлеуіне ғана мән бермей, жазба жұмыстарын сауатты орындауына да көңіл аударамын. Тапсырма бойынша мәтінде тасталып кеткен етістіктерді, предлогтарды немесе көмекші етістіктерді т.б. дұрыс тауып, орнына қою. Әр топ мүшелері суретке қарап және мәтінді оқып, барынша зерттейді. Онан соң барып, ортақ бір шешімге келіп, керекті етістіктерді жазады. Жазып болып та тексеріп, қайтадан қарап барып, ортаға шығып оқиды. Ал басқа топтағылар тыңдап, дұрыс бұрыстығын тексеріп, бірін- бірі әділ бағалауға дағдыланады. Сондай- ақ суретке байланысты сұрақтар қойып, жауаптарын талқылайды. Оқушылардың жаңа сабақ тақырыбының тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған стратегиялар өте көп: «Тыңдап отырған үштік», «Тыңдайтын үшбұрыштар», «Өкіл», «Ойлан, Бірік, Жұптас» және т.б . Бұл жаттығуларды бастамас бұрын, оқушыларды сергіту және жұптастырып бөлу мақсатында «Молекула және атом» тренингі өткізіледі. Оқушылар алдымен музыканың сүйемелдеуімен жеке молекула болып жүреді, сонан соң атом болып бір біріне жақындап, тығыздалып, белгі бойынша жұптасады. Тапсырмаларды орындау барысында бір- бірімен диалог құрып, әңгімелеседі.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 41 бет). Осыған орай сабақтарымда оқушыларға түрткі сұрақтар беру арқылы олардың сол мәселе жөніндегі пікірлерін білдім. Сондай- ақ оқушылар бір- біріне сұрақтар қойып және сол сұрақтарға жауап іздеуде оқушылар өздерінің танымдық қабілеттерін көрсетуге дағдыланады.

«Сыныпта диалогті оқыту» модулін сабақтарымда пайдалана отырып жеткен жетістіктерім: Оқушылар сабаққа еркін, өзінің ойын ашып ортаға сала алады, өз пікірі мен көзқарастарын дәлелдеуге машықтанды. Үлгерімі төмен оқушылар үлгерімі жақсы оқушылардан білмегенін сұрап, өз жұмыстарын тексертіп және солармен отырғанда сенімділік бойларына ұялады. Бұның өзі сабақтың белсенді өтуіне, сабақтың мақсатын өздері анықтауға көмектесті. Балалар бір- бірімен тақырып бойынша пікірлерімен бөлісіп, мен қойған сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындауда жұптасып, топтасып талқылап ортақ шешімге келіп, өз пікірлерін білдіреді. Оқушылардың барлығы рефлексиядағы қалдырған ұсыныс пікірлеріне жұптасып, топтасып жұмыс жасағанның тиімді екенін және тапсырманы орындау барысында кездескен қиындықтарды шешуге топтың үлкен көмегі болғанын жазып және сабақ соңында өздерін сенімді сезінетіндіктерін білдірді. Алдағы уақытта барлық сабақтың осылай өткенін, және әрқашан топтасып отырғанды қалайтындарын айтты.

Тіл - тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог арқылы беріледі де, оқушылардың сыныптық жұмыстағы өзара байланыс пен келіспеушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 29 бет) Ағылшын тілін бастауыш сыныпта оқытуда диалогтің оқушылардың сөздік қорын дамытуда маңыздылығына көзім жетті. Алдағы уақытта да сабақтарымда диалог арқылы оқыту модулін тиімді пайдаланып, оқушылардың сөздік қорын дамытып, еркін сөйлесуге дағдыландыруға жұмыстанамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық (үшінші негізгі деңгей)
2. Курс ресурстары
3. 45 минут сайты

* * * * *

ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНДЕГІ ӨЗГЕРІС ЖАЙЛЫ РЕФЛЕКСИВТІ ЕСЕП

Атырау қаласы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағы орта мектептің
мұғалімі Елешова Айнагуль Тлегеновна Санатты: II

Әлем өзгергендіктен, сіз өзгересіз, және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, балаларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгеретін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз, оны істеу үшін сізге алдымен өз жолыңызды табу қажет. Сондықтан сіз де, олар да өзгеруі қажет. Неліктен өзгеру қажет? Себебі мұғалім болу қажет ақшадан, мәртебеден және танымдылықтан да артық екендігін ұғынып, ұғынып мұғалім болу туралы шешім қабылдаңыз. [С Бич, 2012].(1)

Өзгеріс арқылы өзгеру, ма әлде өзгерту дейміз бе?. Қазіргі өз заманымыздың оқыту жүйесінде оқушыларға дәріс беру арқылы білімді ұрпақ тәрбиелеуде, осы ұлағатты ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен ерең еңбегі зор. Ал ендеше дамыған өркениетті елдердегі сияқты білім беру саласындағы өзгерістер мен әдіс – тәсілдердің жаңа қыр – сырын меңгеру, жаңашылдыққа ұмтылу, ақпараттық технологияны пайдалану

Әріптестеріммен тәжірибе алмасу қазіргі заманымыздың талабы. Әйтсе де осы білім беру саласында оқушыға білім беруде түбегейлі бір өзгеріс болары хақ. Жалпы өзіміздің менталитетімізде өзгеріс пен жаңалықты бірден қабылдай қоюымыз үшін белгілі бір уақыт аралығы қажет сияқты. Ал уақыт бізді күтпейді. Сондықтан да әлем өзгереді- бізде өзгереміз дегендей, соның ішінде білім беру саласында өзгерістер енгізу қажет екені айдай анық.

Мен алдымен неден бастауым керектігімді білмей жүргеніме. Мектеп басшысының сөздерін басшылыққа ала отырып жұмысымды еш қиындықсыз бастауға тура келді деп есептедім. Өзімнің оқып жатқан бағдарламалық курстың негізінде басшылыққа алу керек жайлармен сөйлестім, жұмысымның нәтижелі болуына байланысты жүйелеуді ұсынып көргем. Маған өзіндік пікірі: Бағдарлама жақсы екенін атап айтты да, себебі менен де бұрын оқып келген мұғалімдер болғандықтан жұмысымның бастауына өзіндік ойын айтты. Онда бұл негізгі жұмыстарды жүйелеп оқыту мен бағалауда, оқушының зерттеу жұмыстарымен айналысуына жақсы ықпалы болатынын баса назарда болуын айтқан еді. Курстық практиканды бастауыма өз ықпалын осылай білдірді.

Мен өзімнің әріптесім әрі бір пәннен сабақ беретін және 3-деңгейлік курстан өткен Сапарова Лаураға жолығып, өзімнің нендей бағдарламаны қандай пәнге енгізу керектігін қысқаша айтқанымда ол әріптесім бұл жақсы болатынын баса айтып кетті де, маған жұмыс барысында өз көмегін, идеяларын айтудан бастап кетті. Сабақта мынадай әдіс-тәсілдерді ұсынып көрсей деп бастаған ол тәжірибеден өтіп жүрген мені жақсы қабылдап, өзіндік идеяларын ортаға алып отырды. Сабақты жоспарлау да да маған үлкен көмегін берді. Бағдарламаның негізінде сабақ құрыуды олда үнемі сабақтарына пайдаланатынын айтып ашық сабағын сол әдістерде яғни Блум токсномиясымен құрғанын көрсетіпте үлгерді. Екеу ара пікірлесу жақсы болды деп есептеймін.

Сабақтарды жоспарлауда өте жақсы ықпалын тигізе алды. Әріптесім өзіндік ойын айтқанда меніңде күнделікті сыныпқа кіріп өткізіп жүрген әрбір идеяма өзіндік идеясын қосып отырды. Менің ертеңгі өткізетін әрбір ісіме оң баға беріп, ойымды толықтыруына ықпалын тигізді.

Алдымен 4-сыныпқа келдім. Оқушылар жақсы көңіл-күймен қарсы алды. Мен оқушылардың амандығын, хал-жағдайларын, сабаққа келуін сұрадым. Онда курстың бағдарламасын таныстыра отырып, жалғастырдым, сынып өте жақсы көзқараспен мені жылы шырайларымен қабылдағанын аңғардым, алдымен оқушылар үнсіз болып қалды да, кейін менімен бірігіп жұмыс жасауға өз ойларын атап айтты. Сынып оқушыларының ынталы-белсенділік танытуы таң қалдырды. Сынып оқушылары көптеген жұмыстарды орындағанда. Алдағы менің осы бағдарламаның желісі мектептің барлық жүйесіне енгізілсе екен деп ойларын стикерге жазу арқылы айту, арқылы білдіріп жатқандығы маған ықпал ете алды деп сезіндім. Жұмыстың оңтайлы жүргізуіне де оқушылардың өзіндік ойлары қатты әсер қалдырғандай болды.

4-сынып оқушысы Габдуллина Дильназдың ата-анасымен жолықтым. Өзімнің қандай курста оқып жатқаныммен ой бөлісу арқылы ата-ананың ойын білуді жөн санадым. Ата-анам қуана қабылдады расында бағдарлама оқушыларға шынайы бағыт бере алса мен де қолдау жасайтынымды білдіремін деді. Оқушым Дильназ талантылығы мен дарындылығын анықтауға бақылау жасауыма да келісетіндігін білдірді. Сабақ үрдісінде ол оқушы өлең шығарып, «Наурыз» тақырыбына шағын әңгіме жазды, бұл бұрыннан да жазба жұмыстарында ойын жүйелі жазатын. Дильназ өзіндік қабілетті, өзгеше көрінетінін айтқанымда ол ата-ана таң қалды да, ойын айтты. Маған сенің бағдарламаң жақсы нәтиже береріне сенемін деді.

Ата-анамның ықпалы өте жоғары болғаны маған қатты әсер қалдырғандай болды. Үнемі сабақтарға қатысып өзге пәндерде осы бағдарлама неге енгізілмеске деген ұсынысында атап айтқаны мені көп ойландырды. Ата-ана баласын тек мектепке оқу мен тәрбиеленуге беретіндігі айқынғой. Бағдарлама бір ізділікпен емес жаңаша бағыттарға сай болуын қалайтын, ата-анамда маған жұмыс жасауыма ықпалын тигізді. Сабақтарыма қатынасып отыра өз ойын оқушыларға да жеткізіп отырды.

Тиімді ізденістер нәтижеге жеткізеді. «Әлемдік білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті педагогикалық жүйе қалыптастыру» басты міндетіміз.

Жаңа технологияның басты мақсаты-өздігінен дамуға ұмытылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық үстінде өздігінен меңгеруі қажет.

Мен өзім сабақ беретін сыныбыма сыни тұрғыдан ойлануға және сұрақтар қоя білуге үйретемін.

Шығармашылық белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттырады Оқушы жауап беріп қана қоймай сұрақтар құрастыра алуға үйретемін. Ал бұл рефлексияны дамытады. Алған білімді тереңдетіп бекіту үшін кейбір жаттығулар жүйесін орындауды жеке оқушыларға тапсырамын. Олар өздігінен оқытудың тиімділігін қолдану барысында біршама нәтижеге жеттім.

Оқу білім жүйесінде сапа ұғымы оқушылардың нешеуі 4 пен 5-ке үлгеретіндігіне ғана емес, барлық оқушының алған білімінің нәтижесін айқындайды. Білімнің сапасын арттыру жолдарының бірі ана тілі пәнінен әр оқушыға қабілетіне қарай тереңдетіп топқа бөліп оқыту үлкен жауапкершілікті қажет ететінін түсіндім. Сыни тұрғыдан ойлау «Ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сыныптағы балалар сын тұрғыдан ойлануы талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады.

Сыни тұрғыдан ойлаудың бұл дағдылары сипатталады:

- бақылау
- талдау
- қорытынды
- интерпретация

Сыныптағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтің мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпал тигізетіндігін көрсетті. (Александрдің 2001,2008)[2] Диалогтік оқытуына сәйкес, сыныптың қолданбалы зерттеуін зерделер болсақ, ол диалектикалық және диалогтік педагогика тұрғысынан оқушылардың ой-пікірлері назарға болмашы ғана алынатын сыныптағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделіне күмәнмен қарайды.

Қолданылуы мүмкін әдістер ретінде «Зерттеушілік әңгіме» немесе «дәйектеу» және «диалогтік оқыту» мен қолдау көрсетілген. Тәжірибеде зерттелген диалогтің бес үлгісін анықтады

- механикалық есте сақтау
- декламация
- нұсқаулық
- талқылау
- диалог

(қателіктер мен тәуекелдерді азайта отырып, таңдауды қысқарту және түсініктер мен қағидаттарды «жеткізу» тездетуге ықпал ететін сауалнама мен талқылаудың жиынтығы арқылы өзара түсіністікке қол жеткізу)

(Александр 2001, 2008) [3] әңгіменің сапасы мен мазмұны балалардың оқуы үшін маңызды болып табылады. Талқылау мен диалог өзінің танымдық әлеуетімен ерекшеленеді.

Диалогтік педагогика-балалар мен мұғалімдердің жаңалық ашу мен оқуда өзара қарым-қатынас орнатуы.

Сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін анықтады. Олар

- пікірталастық әңгіме
- кумулятивтік әңгіме
- зерттеушілік әңгіме,

ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады (Мерсер 2000) [4]

Диалогтік оқыту ұжымдық (мұғалім мен бала бірігіп тапсырмаларды орындайды) және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын (мұғалімдермен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарастарды қарастырады) және қолдаушы (балалар қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсіністікке жетулеріне көмектеседі) болып табылады.

Өз сыныбымда ана тілі пәні бойынша өткізілген сөйлем тақырыбын өткізгенде іс-тәжірибеде төмендегідей бағалау критерийін қолдандым.

Бағалау критерийі бойынша оқушыны қалай бағалау керек екенін білу үшін әр тұлғаны жеке дара ретінде жақсы тану қажет. Ол оқушы нені біледі? Қандай іс-әрекет жасай алады және не істегісі келетінін С.Т.О. дамыту жобасындағы баға берудің стратегиясын пайдалана отырып баға берудің жаңа түрлі өз іс-тәжірибеде қалай іске асырудамын, сол туралы оқушыларыммен бөліскім келіп отыр.

Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, ары қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға қоймайды, тек бағалайды. Жоғарыда көрсетілген бағалаудың бір түрі – эссе.

Мен оқушыларыма эссе жазу деген белгілі бір тақырып жайында өз пікірінді, ой қорытынды дұрыс жеткізіп, сол дүниеден алған әсерінді, сезімінді түйіндеу деп түсіндірдім де. Жазғанда мына нәрселерді ескерулерін айттым. Берілген тақырыптың ішкі сырын терең түсініп, оқылған туындыдағы кейіпкері жайында өз пікірін көркемдеп жеткізу және сол кейіпкер арқылы өмір, болмыс сырын қалай түсінетіні жайында ойын ашық білдіру. Осы талаптарды ескеріп, эссені тіл дамыту сабақтарында жаздырып, бағыт беріп отырдым.

Нәтижесінде оқушылар ойындағы пікірін, айтқысы келген ойларының түйінін эссеге қысқаша жаза білуді

үйрене бастады. Оқушылардың эсселерін бағалау критерийімен бағалайтын болсам, алғашқы жазған эссенің қорытындысы бойынша 15 оқушының:

ойын толық жеткізгені 33% - 5 оқушы

ойын толық жеткізбесе де белгілі бір аргументтері бар 34% - 5 оқушы

ойын жеткізе алмаған 33% - 5 оқушы

Ал кейіннен алынған эссенің қорытындысы бойынша

барлық талапқа сай 56%- 8 оқушы ойын толық жеткізбесе де жеткізуге тырысқаны, яғни қандай бір аргументтері бар

44% - 7 оқушы

(алғашқы эссе, соңғы эссе)

Әр оқушыда ынта, жігер, ой бөлісу болу шарт.

Ана тіл сабақтарында мен өз тәжірибемде төмендегідей өзін-өзі бағалау критерийін қолдандым.

Баға	Оқушылардың іс-әрекеті
«3»	Оқыдым, белгіледім, кесте толтырдым, сұрақ қойдым
«4»	Оқыдым, белгіледім, кесте толтырдым, сұрақ қойдым, сұрақтарға жауап бердім
«5»	Оқыдым, белгіледім, кесте толтырдым, сұрақ қойдым, сұрақтарға жауап бердім, сабақты қорытындылап, автордың негізгі ойын айту. Жанрдың қандай түрі екенін айта білсе.

Бала бойында кез келген жаста ар, намыс болады. Ол шындыққа ұмтылады. Ол ойлауға, еркін талдау жасауға қабілетті, қателік жіберуі де мүмкін, бірақ жақсыға өрлей отырып, оны түсінеді, сезінеді.

Мен сабақ беру барысында Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын падаланатынмын. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің оқу үрдісіндегі маңызы жеке және топтық болып бөлінуі, сыни тұрғыдан ойлануға үйрету және оның оқушылардың шығармашылығын арттырудағы қызметі көптеген тұлғалық қабілеттеріне қарай бағаланады. (Ойдың дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, ынталылығы, жауапкершілігі т.б) Әрбір оқушының дамуы басқа оқушымен емес өзімен салыстырылады. Оқушыға өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді.

Қалай оқу керектігін үйрету түрлері жеке және топтық болып бөлінеді. Мен іс-тәжірибемде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдана отырып, сыни тұрғыдан ойлануға үйретуде сабақта топтық түрін қолданып келемін. Топта оқушы өз даралығын жоғалтпайды. Қажетті жағдайда бір-бірінен көмек сұрай алады. Ортақ пікірлерді, міндеттерді шешеді. Бұл топтық жұмыста оқушы тек өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін түсініп қана қоймайды. Ортақ нәтижеге өзі қалай әсер ете алатынын көре алады.

Оқыту мен оқу тәжірибесінде бағдарламаның жеті модульінің идеялары тиімді екенін мектептегі тәжірибеде оқу үрдісі оқушыларының танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет екенін түсіндім. Сол себептен менің негізгі бағытталған бірлескен идеялардың шешулеріне көмектесу арқылы бір-бірімен ынтымақтастық орнату. Бір сабақ бойынша толық рефлексия бағдарламаның идеяларына сәйкес оқуды бағалауды көрсетеді.

Мерсердің «бірлескен ойлау» туралы идеясымен сабақтастырып оқушыларымды білім, икемділік, дағды тек өзіндік жұмыстың нәтижесінде қалыптасады.

Әр сабағымда проблемалық сұрақтарды қолданамын. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып оқуды бағлауға өздігінен жұмыс істегенде оқушы өз қабілетін, мүмкіндігін біліп еңбегіне қанағаттанады.

Топтық, жұптық жұмыстарда өзара пікірлесу ойлану барысында ой-өрістері, сезімдері тереңдейді. Шыдамды еңбек сүйгіш болуға қалыптастырамын. Психологтардың пікірінше бұл құбылыс ойлау ерекшелігіне байланысты пайда болады делінген.

Мектептегі тәжірибем кезінде өткізген ана тілі сабағымда оқушыларды үш топқа бөлдім, оқушылар бір-біріне сәттілік тіледі. Жылқы мәтінін оқытуда оқушыларды үш топқа бөліп, отырғыздым. Жылқының қандай түрлері болады деген сұраққа ,оқушылар өздерінің бұрынғы білетіндерін жеткізді. Өздері бейнефильм бойынша ауызша қызықты әсерлі мазмұнын айтты. Әр топ берілген тапсырмалар бойынша тірек сөздер арқылы өлең құрастырды. Үш топтың шығарған өлеңдері үш түрлі болып шықты.

Диалогтан үзінді. Бұл мәтінде ой қозғау, қызығушылықты ояту, мағынаны тану мақсатында топтық жұмыстар арқылы оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдана отырып сыни ойлау тұрғысынан ойлануға үйрететін тәсілдердің бірі – салыстыру. Салыстыру арқылы қиялдары дамып байқампаздықтары артты. Оқушылардың таным, ақыл ой қабілеттері дамиды. Бағдарламаның негізгі міндеті – тәжірибелерді жетілдіру мақсатында осы жеті модульде қарастырылған идеяларды өзімнің ана тілі сабақтарымда қолдандым. Стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болатынын түсіндім. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді оқушыларыма мектептегі тәжірибеде сабақ беру кезімде қолдандым. «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтарымның үрдісіндегі өзгерістер мен нәтижесі болды.

Ана тілі сабағымды өткізгенде «Жылқы» мысал мәтінінде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдандым. Өзімнің іс-әрекетіммен оқушыларымның іс-әрекеттері арқылы сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда жүзеге асатынын түсіндім. Оқушыларымды топқа бөліп, ой қозғаттым. Жылқы мәтінінде сыныптағы диалогтік әңгімені дамытуды сабағымда қолдандым. Оқытудағы әңгімелесу-қарым-қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүрді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға

жылжиды деп тұжырымдайды (Александр 2004) Мәтінді бөліп оқыту арқылы тақырыпты қызықтыруға бағыттадым.

Шығармадағы ең құнды мәселелерді 3 топқа бөлініп анықтадық, зерттедік.

1 топ Жылқының аналық мейірімі

2 топ Жылқының пайдасы

3 топ Батырлар жырындағы жылқының қасиеті

Әр топ өз ойларын жазды, постер қорғады. Қорытынды жасауға түсінді. Топтарда пікірлесу арқылы жұмыс жасады. Мәтінмен өздері танысты, талдады.

Әртүрлі әдістер арқылы оқушылар шығарманы өздері талдады.

Жылқының еті, қымызы, терісі туралы зерттеді, дәлелдеді. Ойларын жинақтап, қорытып, оқушылар оны қағаз бетіне түсірді, тұжырымдама жасады. Ытталандыру мақсатында кәмпит, жұлдызша беру, шапалақтаумен құрмет көрсету. Бағалау критерийі бойынша оқушылар топ бойынша өзін-өзі бағалады, бірін-бірі бағалады. Оқу мен жазу арқылы өз білімдеріне сүйене отырып негізгі түйінді ойды дұрыс тауып әр оқушы өз ойларын еркін жеткізе білді. Осы өткізген сабағымның нәтижесінде Бағалау реформасының тобы

(2002 а) [5] оқыту үшін бағалауға мынандай анықтама берді.

Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылардың өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Талпынғандар ғана білім алады.

Мектептегі тәжірибе кезінде өткізген ана тілі сабақтарымда оқушыларым өз білімін арттыруға белсенділігін танытты. Өз ойларын сыни ойлау арқылы қабілеттерін жетілдіріп отырды.

Тәжірибемнің соңғы аптасында психолог келіп есте сақтау қабілетіне тапсырма берілді сол кезде оқушыларымның жұмысына оң баға берді. Сыни нәтижесінде сабағымда үндемейтін оқушыларым сабаққа ынталанып, қызығушылықтарын танытты. Қабілетті оқушыларым алған білімдерін тереңдете түсуге, білімдерін жетілдіруге ойын түйіндеуге қалыптасты.

Пайдаланған әдебиет : Мұғалімге арналған нұсқаулық 14бет, 40 бет 50 бет 51 бет 58бет

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: « КІМ БОЛАМ?»

*Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы
Смаилова Лазат Оразбекова*

Білім саласы: қатынас, таным, әлеумет Білім бөлімі: тіл дамыту, көркем әдебиет.

Тақырыбы: « Кім болам?»

Мақсаты: балаларға еңбек етудің қажеттілігі, еткен еңбегінің жемісін көретіндігі, болашақта қандай маман болатындығына бағдар беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: суреттер, слайдтар, кітаптар.

Барысы: Саламатсыңдар ма, құрметті балалар!

Тәрбиеші: Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан.

Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс - әрекетіміз «Кім болам?»деп аталады.

Өскенде кім боламын? Балалардың жауаптары тыңдалады.

Өмір таны, өнер құ,

Өнер табу - ол да оқу.

Талаптансаң тартынба,

Өз күшінде жол табу.

Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен кездесесіңдер? (тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз.)

Анаңмен бірге дүкенге бардың. Кімді көрдің? (сатушы)

Іш ауырса, тіс ауырса,

Анам дәрі береді.

Барлық ана, барлық бала

Оны жақсы көреді. Мен кім туралы өлең оқыдым?(дәрігер)



Ал балалар мамандық туралы тақпақтар айтсақ.

Арай: Киім тіккіш жаман ба?

Шипагер, емші маман да,

Бәрі керек адамға.

Саят: Астықсыз өмір болған ба?

Астық егіп өсірген

Тракторшы жаман ба?

Майя: Кең далада көсілген,

Мыңғыртып мал өсірген

Шопан ата жаман ба?

Асылан: Өрнектейтін өмірді,

Өнердің бәрі көңілді!

Қолы алтын шебердің,

Бәрі жақсы өнердің.

Тәрбиеші: Адам баласы белгілі бір іске қабілетті,

дарынды болады.

Өздеріңнің сүйікті істерің бар ма?

«Менің сүйікті ісім» балалар жауаптары тыңдалады.

Қорытынды.

Аруна: Еңбек етсең, ертеңгі

Бақытыма сенемін!

Мақсатыма жеткізер

Уақытыма сенемін!

Абылай: Адамдық - борышың,

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз

Болады ақыл тұл.

Балалар мен мақал айтамын, сендер жалғастырыңдар.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың..... тәтті.

Еріншектің..... бітпес.

Ердің атын..... шығарады.

Еңбек етсең.....

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: «СИҚЫРЛЫ САНДАР»

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы
Тұрсынбаева Түймегүл Қарлыбаевна

Білім саласы: қатынас, таным, әлеумет.

Білім бөлімі: математика, тіл дамыту, көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Сиқырлы сандар»

Мақсаты: Сандарды білуге, кері санай алуға, заттың санын білуге, математикалық тапсырмаларды дербес шеше білуге, логикалық ойлау қабілетін дамытуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: слайдтар, кеспе сандар, суреттер

Барысы: Балалар бүгін біз « Математика патшалығына саяхат жасайық. Қане, дайынбыз ба?

1 - кезең. « Санды тап» ойыны

Слайд 1 көрсетіледі.(балалар сандарды атайды.)

Қолдарыңдағы кеспе сандарды көрсетеді. Балалар осы сандар туралы санамақ білеміз бе? Кім айтады?

1 - дегенім – бесік,

6 - деген – ақыл,

Шықтым содан өсіп,

Тыңдағаның мақұл.

2 - дегенім - елім,

7 - деген - жалау,

Далам, тауым, көгім,

Жүректегі алау.

3 - дегенім - үміт,

8 - деген - сөзің,

Үміт артар жігіт.

Серт беретін кезің.

4 - дегенім - төзім,

9 - деген – тоқтау,

Төзе білем өзім.

Елдің жоғын жоқтау.

5 - дегенім - бақыт,

10 - дегенім – Отан,

Бағалайтын уақыт.

Қорға соны, ботам!

Суретпен жұмыс.(заттардың санын санау) Ал енді кері санайық. 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0

2 - кезең. «Кім жылдам?» ойыны Слайд 2 көрсетіледі (балалар артық затты табады.)

Енді мен сендерге жұмбақтар жасырайын, шешуін табыңдар.

Алты қырлы, Алтын сырлы. (қарындаш)

Екі ағайынды, Екеуі де бір үйде. Бірін - бірі көрмейді. (көз)

3 - кезең. «Ойлан тап. Слайд 5. (сандарды қосып, теңдіктің шешуін дәлелдеу.)

4 - кезең. Адамдар сандарды тауып, сұрақтарға жауап беру.

1. Көп саннан азға қарай сана

2. Қайталанған санды тап 3. 7 - ден үлкен санды тап 4. 7 - ден кіші санды ата

5. 3 - тен кіші санды тап.5 - кезең. Тиісті таңбаны қой, есепті шығар.

Жауабын тексер. Міне, балалар өз білімімізді тексердік. Жарайсыңдар!

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті
Жәйрем №10 жалпы білім беретін орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі: Оспанова Айжан Токтагуловна

Пәні: Әдебиеттік оқу **Сабақ:** 23 – 3 **Сыныбы:** 2 «Г» **Мерзімі:** 10.10.2013

Тақырыбы: Өтірік өлең

Мақсаты: Өтірік өлеңнің мазмұнын түсіну, шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының ой- қиялын дамыту.

Міндеттер: Өтірік сөзінің адам өміріне пайдалы және зиянды жақтарын түсіну, бар ақпаратты пайдаланып жұмыс істеуге, шапшаңдыққа, бір – бірлерін тыңдауға, критерийлерді пайдалана отырып, дұрыс бағалау.

Ресурс: 2-сыныпқа арналған Әдебиеттік оқу оқулығы, интербелсенді тақта, тапсырма жазылған таратпа қағаз, түрлі-түсті стикерлер, маркерлер, көңіл-күйді білдіретін стикер.

Модуль: Білім беруде АКТ-ны пайдалану, « Білім берудегі басқару және көшбасшылық», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», « Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Талантты және дарынды балаларды оқыту».

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер мен стратегиялар: «Миға шабуыл» стратегиясы, «Болжау» стратегиясы, «Қызығушылықты ояту», «Ойлан, Бірік, Бөліс» стратегиясы, «Венн» диаграммасы, «5 жолды өлең», Сергіту сәті, Рефлексия «+, -, ?», Формативті бағалау, өзін – өзі бағалау, топ басшысының бағалауы

Уақыты Сабақ кезеңдері	Жоспар мазмұны	Мұғалім іс – әрекеті	Оқушы іс – әректі	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе 3 минут	Психологи ялық ахуал	Оқушыларды ң топқа бөлінуі	Оқушылар топқа карта түстерімен бөліну 13. топ Түйе (жүрек) 14. топ Қарға 15. топ Шыбын (крест) 16. топ Қиық (Буби)	Өте жақсы!	Карталар
Тұсаукесер бөлімі 8 минут	Өткен сабаққа шолу «Асыл сөз қайда?» «Қызығуш ылықты ояту»	1 – 2 топ Еңбекке байланысты ма-қал- мәтел айту . 3 – топ Әңгімені оқып қандай ой түйгенін айту. 4 – топ рөлге бөліп оқу.	1 – 2 топ: -Еңбек бәрін де жеңбек. -Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. 3 – топ: Осы әңгімеден еңбек ету керектігін және кейбір өсімдіктерді қысқа жауып дайындайтынын білдім. Сөздің асылын көретін көз, еститін құлақ болу керек екенін түсіндім. 4 –топ: Әек мен бала болып диалогті рөлдерге бөліп оқу.		Дәптер, Әдебиеттік оқулық, смайлик
2 минут	Сергіту сәті	Екі қол	Оқушылар көріп тұрған қимыл қозғалыстарын қайталайды.	Жарайсыңдар!	Итантербел- сенді тақта
Негізгі бөлім 13 минут	«Миға шабуыл» стратегияс ы «Болжау» стратегияс ы	Мұғалімнің сұрағы: Ашық сұрақ. -Өтірік айтып көрдің бе? Слайдпен жұмыс Суреттегі кісі кім?	Оқушының жауабы: Оқушы пікірін тыңдау Алдар көсе. Тазша бала. «Өтірік өлең»		Интербелсе нді тақта

		Бүгінгі өтетін тақырыбымызды кім айтады?			
5 минут	Оқулықпен жұмыс Сөздікпен жұмыс	«Өтірік өлең» өлеңін ызыңдап оқу. Сендерге осы өлеңде қиын сөз кездесті ме? Ол қандай сөз?	Оқушылардың өлеңді қатесіз оқуы. Сырық – ұзын таяқ. Дәптерлеріне жазу		Әдебиеттік оқу оқулығы, дәптер
5 минут	Білімді бекіту «Ойлан, Бірік, Бөліс» стратегиясы, «Венн» диаграммасы, 5 жолды өлең	1 – топқа Өлеңдегі жоғалған сөздерді табу. 2 – топқа өтірік сөзінің жағымды, жағымсыз жақтарын жазыңдар. Венн диаграммасы 3-4 топқа 5 жолды өлең құрастырыңдар.	1-топ: Арқан естім , Қайық ойдым Шегірткенің сирағын Ескек егіп мен. 2-топ: Жақсы жаман 3-топ: Отыр едім сабақта, Қоян келіп шақырды. Апарып бау – бақшаға, Қарнымды аштырды. 4-топ: Құмырсқа кір болыпты, Суға барып түсіпті. Жағаға шығып Құмға қыздырыныпты.	Жасыл, сары, қызыл түспен	Әдебиеттік оқу оқулығы, Флипчарт, маркер, Венн диаграммасы
Рефлексия 4 минут	«+, -, сабақтың қай кезеңі қызықты болды?»	Әр оқушыға стикер таратып беру	Ұнаған кезеңге + Ұнамаған кезеңге – Қай кезең қызықты болды жазу?		Стикер
2 минут	Үйге тапсырма	Өтірік өлеңді жақтау. Өтірік өлең жазу	Күнделікке жазып алу		Күнделік
Бағалау 3 минут	Формативті бағалау, өз – өзін бағалау, топ басшының бағалауы	Бас бармақпен бағалату	«5» бас бармақ жоғары «4» бас бармақ ортаға «3» бас бармақ төмен Топбасшының бағалауы	Ауызша бағалау, пікірлерін тыңдау	

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМІ»

«Зерде» ғылыми жоба байқауы

Бағыты: *Этномәдениеттану*

Орындаушы: *Карифуллаев Байтұрсын 4 в сынып оқушысы № 201 орта мектеп*
Жұмыстың жетекшісі: *Шарипкулова Базаркул, бастауыш сынып мұғалімі, № 201 орта мектеп*
Жұмыстың орындалған уақыты: *2014 жыл, ақпан*

Бұл ғылыми жұмыс жазуды 4 – сынып оқушысы Карифуллаев Байтұрсын бастады. Байтұрсын салмақты, сабырлы, мектепте жақсы оқитын оқушылардың бірі. Байтұрсынның бұл жобаны жазу барысында қызығушылық танытып, қазақ халқының бас киімдерін жазуды таңдады. Таңдау себебі, Байтұрсынға ұлттық бас киімдер қатты ұнайтын болды. Қызығушылықпен қазақ халқының бас киімдерін жазып шықты. Жазу барысында жан – жақты дайындық үстінде болды. Байтұрсынның бұл жұмысты жазу барысында көптеген ізденістер жасап аудандық, мектепшілік кітапханаларға барып бірнеше мәліметтер әкеліп, одан түйінді ой жинай білді. Байтұрсынның жұмысын мен мұғалімі ретінде өте жақсы деп бағалаймын.

АННОТАЦИЯ

Ғылыми жұмысты жазу барысында оқушы қазақ халқының ұлттық бас киімдерін негізге ала отырып жазған. Жазу барысында жалпы толық қамтылған. Онда ұлттық бас киімнің шығу тарихынан мәлімет бере отырып, ерлер мен әйелдердің, жас келіншектер мен қыздардың бас киімдерін негізге алған. Сонымен қатар тымаққа қатысты әдет – ғұрыптар қамтылып, қазақ халқының көшпелі тұрмыс тіршілігі сөз етіледі.

Бас киімге қатысты қауырсын тағу, ырымдар мен тыйымдар кеңінен қамтылды. Оқушы бұл жобаны жазу барысында кеңінен дайындалғанын байқатты.

КІРІСПЕ

Қазақтың ұлттық киімдерінің тарихы ұлы дала көшпенділерінің тарихымен тығыз байланысты. Бізге көшпенділер бірнеше мыңдаған жылдар бойы сақталған салт – дәстүрін, киім кию мәдениетін, ғажайып өркениетін мұраға қалдырып кетті. Осы ата – бабаларымыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер күні бүгінге дейін маңызын жоймай, мұрагер біздің қызығушылығымызды тудырып отыр. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алды.

Жас ұрпаққа қазақ халқының ұлттық бас киімін танытып, жаңғырту. Ата – бабаларымыздың өткен тарихын, олар жасап кеткен дүниелерді бүгінгі жас ұрпаққа мұра ету. Бас киімдерге байланысты ырымдарды таныту, тәрбиелік мәнін ұғындыру.

3. Ақпараттарды жинау және өңдеу;

4. Көрнекіліктер пайдалану.

Бас киімнің негізгі түрлері

Қазақта бас киімді ерлер де, әйелдер де киеді. Ерлер мен әйелдердің бас киімдері әртүрлілігімен ерекшеленеді. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген Захарова мен Ходжаева ер адамдардың бас киімдерін төмендегідей 6 түрлерге бөледі:

- Дөңгелек, жеңіл, өзінсырып, кестелген матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім тақия;
- Матадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім- төбетей;
- Киізден тігілген бас киім – қалпақ;
- Қалың матадан тігілген башылық «Күлпәра»;
- Тері қапталған жылы бас киім – бөрік;
- Аң терісінен жасалып суықта киілетін бас киім – тымақ.

Соның бірі, қазақ халқының ұлттық бас киімі **тақияныңда түрлері көп**: зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа. т.б. түрге бөлінеді. Етегі аласа төрт сай болып келетін, кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте кездеседі. Тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, биік, тостаған сияқты қаптама тақия кіші жүзге тән. Сондай-ақ, қазақ жерінде қазақы, ноғайша оқалы тақия, оқа шекке тақия, сырма тақия, тікше қатипа тақия, шошақ төбе тақия тәрізді тақия түрлері кең таралған.

Еркектің баскиімі сан жағынан онша көп емес: қалпақ, бөрік, тымақ, (жекей, құлақты, жаба салма, қайырма, төрт, сегіз сайлы, дөңгелек төбелі, шошақ төбе) құлақшын,жалғабай (делбегей, басшылық, далбай, күлпара), көпеш (құстандай, қолкесте, бізкесте түрлері бар), жепелер, тақия (зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа және т.б.), қырпу (ішті бөрік).

Тақия кішігірім сәтен, шұға барқыт сияқты маталардан әр түрлі тәсілмен (сыру, кестелеу) тігілген бас киім. Оны қалыңдау, жұмсақ маталардан астар тігіп, астарына жүн немесе мақта салып жасайтын түрлері де болған. Ерлерге арналған тақияның кестесі де болады. Тақияның 4 сай немесе дөңгелек тебел етіп тігеді. Тақияны,

еркектер үлкен баскиімнің астына міндетті түрде бас киім ретінде ұстанған.

Тақияныңда түрлері көп: зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа т.б. түрге бөлінеді. Етегі аласа төрт сай болып келетін, кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте кездеседі. Тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, биік, тостаған сияқты қаптама тақия кіші жүзге тән. Сондай – ақ, қазақ жерінде қазақы, ноғайша оқалы тақия, оқа шекке тақия, сырма тақия, тікше қатипа тақия, шошақ төбе тақия тәрізді тақия түрлері кең тараған. XIX ғасырдың 2 жартысында тігілген тақиялардың төменгі жағы (етегі жиегі) кеңейіп келген 5-7 см, төбелері 4 бұрышты сайдан тұрған. Сайлардың пошымына сәйкес төбесі үшкір, конус тәрізді де болған. Төбелері доғал, жатыңқы тақияларда қолданылған. Қатты болу үшін етегі мен төбелерінің тігісін жиілетіп жүргізген. Сәнді тақияларды кестелеп тіккен, шеттері мен тігістерін кантраст мақта қиындылары мен әдептеуде қолданылған. Жібек пен алтын немесе күміс зергерлермен кестеленген барқыт тақияларды көбінесе жігіттер киген. Ерлерге арналған тақияның кестесі де, кестелісі де, кестесізі де болады. Тақияның орта жастағы, қарияларға арналған түрлері онша кестелеп әшекеленбейді. Тақиялар көбіне «Таңдай», «Ирек», «Қабырға» тігістерімен сырылады. Қазақстанда бұрындары құлынның терісі мен тулағынан жасалған төбетейге түрі жақын келетін бас киімдер болған. Ерлер тақияның төбесіне шошақ ақ қиіз қалпақ, немесе әр түрлі аң терілерінің жиектелген бөріктердің ішінен киеді. Тақияны Маңғыстау өңірінде «телпек», шығыс өңірінің қазақтары «кепеш» деп атайды. Тақияның кейбір түрлерінен көршілерден ауысқан өзгерістерді байқауға болады. Шынжан қазақтарының найман тайпасындағы қызай руына «Қызай тақия» деп аталатын тақия түрі де жиі ұшырасады. Оның керегесі көлбеу, төбесі тегіс, жалпақ дөңгелеңдіре салынады. Балаларға арнап тігілген мұндай тақиялар барқыт, мақпал асыл кездемелерден тігіліп, астарының арасына жұқа киіз немесе қатырма салып сырады. Төбесінің дәл ортасынан және қабырғасының төрт жағынан айналдыра жұп өрнекті қошқар мүйіз, құс қанат формалары ою бастырып, жер жіппен кестелейді. Етегінің жиегіне зермен біргелкі тіс ирек түсіреді.

Қалпақ – киізден немесе қалың матадан тігілген, биік төбелі ерлер бас киімі. Оны күз бен көктемде, салқын таулы өңірлерде жаз айларында таңертеңгі және кешкі мезгілдерде киеді. Төбесі шошақ биіктеу, етегі кең келген бұл бас киім күннің сәулесін, су өткізбейді, желге қақтырмайды, жауын шашында пана, сәнді де сәулетті киім. Оны ақ киізден немесе қалың матадан тігеді. Қойдың ақ жүнінен, ақ қозының күзен жүнінен, төбесіне ешкінің ақ түбітін қосып басқан шымыр ақ жұқа киізден тігеді. Ол негізі екі бөліктен құралады. Олардың қалпақтың төбесіне және кейде (қайырмасы) деп аталады.

Тымақ – биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы бас киім. Суықтан, бораннан, қорғайтындай мол пішінді. Сыртын берік және қымбат маталармен тыстайды. Оның іші тері, сырты шағи, пүліш, барқыт, дүрия, т.б. матамен тысталады. Тымақтың құлағы мен етегінің төбемен жалғасқан жері мильық деп атайды. Екі құлақтың сырт жағынан бастыра матадан жалпақ екі бау тағылады. Етегі төбеге қайырып қою үшін тымақтың артқы жағына тобылғыдан немесе арша сияқты берік ағаштан тиек жасап қадайды. Оны құрысқақ дейді.

В.Л. Плотниковтың 1859-1862 жылдардағы жазған қазақ киімдерінің ішінде бөрік пен тымақтың 15 түрлі үлгісі мен атаулары бар. Олар: жаба салма, қайырма, төртсай, дөңгелек төбе, шошақ төбе, жекей тымақ. Кейбір түрлері қазір де ел арасында кездесіп қалады.

Жаба салма тымақ – негізінен түлкі терісінен сенсеңнен тігіледі, құлағы мол, мильығы кең, төбесі аласа болады.

Қайырма тымақ – түлкі немесе қозы терісінен тігіледі, оны маңдай төбесіне қарай үлкен қайырмалы келіп, жұрындары жалпақ болады. 4-8 сай тымақтар – төбелері төрт, сегіз бөліктерден немесе киіздерден құралады.,

Дөңгелек төбел тымақ – төбесі иықсыз, мильықты, жатаған келеді.

Шошақ төбе тымақ – төбесі иықсыз, үшкірлене биік етіп сырылады. Түлкі терісі, пұшпағы және қозының елтірісінен тігілген үш құлақ тымақтардың маңдай екі құлағы, артқы құлағы, төрт төбеден құралады. Оны қай жастың адамы да кие беруге болады. Жібек түрлерімен тысталады, тысы иесінің жас ерекшелігіне сай таңдалып алынады. Үш құлақ тымақты алдын ала дайындалған бөлек үлгі бойынша бөлекше әдемі сәнін келтіріп тігеді.

Жекей тымақ – жазбен күзде киетін, әрі сәнді жеңіл етіп тігілетін елтірі тымақтың түрі. «Жекей» сәнді деген мағынаны білдіреді. Оның сыртын дүрия, шағи сияқты бағалы маталармен тыстап, кейде оның артқы етегін көтере түсіріп, кейде алдыңғы біржақ құлағын шекеге түсіріп киеді.

Бөрік – ерлер мен қыздар киетін бас киім. Бұрын жігіттер мен ересек адамдар бас киімсіз жүрмеген, көбіне бөрік киген.

Басына жарасымды кәмшат бөрік,- деген халық жырларына арқау болған бөрік туралы деректерден байқайтынымыз оның бөрікті ерлерге де, қыздар да кигені мен қазақта «Бөріктің намысы бір» деуден оның көбіне ерлерге тән бас киім екендігін көрсетеді.

Әйелдердің бас киімдері:

Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл, тағы да басқа түсті шұға, барқыт, мауыты сияқты кездемелерден өңді маталардан қабатталып сырылып тігіледі. Тақия төбесі, әлбетте, төрт сай немесе дөңгелек келеді. «Таңдай», «ирек», «қабырға» тігістермен сырылып, жібек, алтын, күміс, зер жіптермен кестеленіп, моншақ асыл тастармен безендіріледі. Түрлі- түсті моншақ- маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпілдек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қадайды. Үкілі қадалған тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі болған. Қыздардың киетін тақиялары жібек, зер жіптермен

тігіліп, Маңғыстауда «телпек», Шығыс Қазақстанда «кепеш» деп аталады.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған қыз киетін аса қымбатбағалы ғұрыптық бас киім. Сәукелені Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген үшкір тымақты сақтар- тиграхаудтардың бас киіміне ұқсатады. Сәукеленің биіктігі шамамен бір жарым, екі қарыстай болады. Сәукеленің негізін жұқа ақ киізден сырып тігеді де, сыртын қызыл шұғамен тыстап, қымбат бағалы аң терісімен әдептейді: алтын, күміс әшекейлер, моншақтар тағады; жоғары қарай жіңішке-ре түскен төбесіне үкі тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы лента тігіп, бергегіне бетті көлегелейтін желек бекітеді.

Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақ бау және артқы бау. Сәукеленің төбесі қиықтанып келеді. Оның төбесінде тәж деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Сәукеленің екі самайдан түсіп тұратын інжу, маржаннан жасалған шашақталған төгілме моншақ, салпыншақ шекелік немесе жақтама аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп- өнсін деген игі тілекпен жасалады. Екі жақ самай тұсына бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды сәукеленің бетмоншағы деп атайды. («Бетмоншағы түсіп (үзіліп) тұр» дегендегі бетмоншақ). Сәукеле бастан қисайып немесе түсіп кетпеу үшін тамақтан өткізетін бау тағылады. Сәукеленің арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржанның салпыншақ пен жақтауы және белге дейін түсіп тұратын артқы құлағы болады. Сәукеленің төбесіне жібектен желек салынып, оған үкі (қарқара) қадалады. Ту сыртынан жерге жететіндей ақ желең немесе жібек жаулығы тағылады.

Кимешек – қастерлі, ел арасынан үзілмей келе жатқан әйел адамның бас киімі. Кимешек ақ бұлдан тігіліп, жиегін астарлайды. Кимешектің иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын «шықшыт» дейді. Кимешекті жас ерекшелігіне сәйкес әшекейлейді. Елде әйелдердің кимешегінің әшекейі аздау, ою- кестесі жеңіл болады, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердікі қызыл, жасылмен әшекейленеді. Кимешектің алдын «жақ» деп айтады. Оны қол кестесімен кестелейді. Кимешек- шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер тартып киеді. «Кимешек кию, шылауыш тарту» деген сөздер арқылы бұл бас киім айқындалады. Кимешекті басқа сәйкестендіріп пішіп тігеді. Кимешектің адамның арқасына түсер жері ұзыншақ келеді. Мұны «құйрықша» деп атайды. Адамның белінен төмен түсіп, шашты жауып тұратындықтан осылай аталғанға ұқсайды.

Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет- әлпеті шығып тұратын жері «Ойық» болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен «шалып» тігеді. Мұны «алқым шалу» деп атайды. Алқым шалудан кейінгі «жадағай» тігісті «су» деп атайды. Судан кейін «қиықшалалп» тігеді. Қиықшадан кейін су «жүргізіп», «құман бау» деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң «Күрең кесте» деп аталатын ою- өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін «сағат бау» тігісі жүргізіледі. Сағат бау кей жерде «ағақ бау» деп те аталады. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазып тұрғанға әсері болады. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным- сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді, Кимешектің Қазақстанда бұрама жаулық, иекше атаулары кездеседі.

Жаулық - әр ру, елде түрліше аталған; оңтүстік, орталық, шығыс Қазақстанда оны көбінесе (матаның көлеміне байланысты) шаршы, Жетісу, Алтай өңірлерінде шылауыш, ал оңтүстік Қазақстанда күндік деп аталады. Рудың өзіне тән ерекшеліктері болған; Маңғыстауда матаны қабат ұзын тіліктен тігілген бұрама жаулық кесе, Семейде ұшбырышты, шеттері тым созыңқы орамал тәрізді етіп ұшбұрыш түрі болған. Арқа жерінде жоғары және төмен деп аталатын қос жаулық тартқан. Шылауыштың шетіне қол кестемен қызыл, жасыл, сары, шолақ және жалғасқан қысқа оюларды салады. Маржан түйреуішпен тағып, төбесіне шашақ төгіліп, кестеленген төбелдірік салады.

Бұрынғы Торғай облысы аумағындағы жас келіншектер ХХ ғасырдың басында сұлама немесе сәукеле жаулық киген, бұл жерде оның екінші атауы тегін берілмеген, себебі оның шығу тегі сәукелеге байланысты. Оның негізін бірнеше қабат қағаз немесе картоннан жасалған қатты каркас құраған (бұрынғы тәрізді киізден болса керек). Түрі жоғарыдан қиылған конус сияқты, биіктігі жарты метрдей, қапталған матасының артқы шеті емін- еркін арқаға түсіп кетеді. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында мұндай бас киім Бөкей ордасында да тараған, яғни жалпы Қазақстанның Солтүстік батысына тән киім үлгісі. Оның төменгі жағына оқалы кесте тігіп, моншақтар қадаған, ал жан- жағына күміс әшекейлер бекіткен. Отра жастағы әйелдер оны кеңірек әрі төменірек тігіп, әшекей тақпай киген. Қартамыс әйелдер үстіңгі жаулықты каркассыз бұрайтын болған. ХІХ ғасырда әйелдер үшін міндетті киім түрі болған жаулық Орта Азия халықтарына да кеңінен тараған.

Қасаба – тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойынқылау келген, дөңгелек тақияға ұқсас етіп пішіледі де, артқы жағына немесе желкесіне қарай бірте- бірте ойынқы түскен құлмасына болады, ұшы әйелдің арқасына қарай төгіліп жатады. Айдыны зерлі жіптермен кестеленіп, қиылысқан жерін алтын жолақпен жауып, зерлі әшекеймен безендіреді. Құлаамасына шашақтар тағылады. Шашақтың көп тағылуын «ұрпағы көбейсін» деген игі тілекпен түсіндіруге болады. Қасабаның маңдай тұсына түрлі асыл тастармен тізілген дөңгелек табақшалармен бекітілген қыстырма ілінген. Ал самай тұсына ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған 5-6 тізбек салпыншақ қыстырған. Көне түркі (қыпшақ) бас киімнің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасаба атауы «алтын зерлі» деген мағына береді дейді этнограф Ө. Жәнібеков. Қасаба көбіне төре, сұлтандардың қыздары

киетін бас киім саналған.

Қазақта сирек те болса кездесетін бас киімінің ерекше түрі – қарқара. Ш. Уәлиханов еңбегінде: «қыздардың басында төбесіне құс қауырсыны қадалған сұлтан киетін бас киім болыпты» дейді (Шығармалар жинағы. I том 326 б.). Қарқара кигенде әйелдер жаулықтың бір ұшын желке тұсына келтіре сәл шығарып қояды да, қалған бөлігін кимешектің сыртынан айналдырады, шашын көрсетпей жауып тұрарлықтай етіп орайды. Жаулықтың ұзындығына байланысты қарқараның биіктігі де әртүрлі болады.

Қазақ халқының қолынан міне, осындай сан түрлі киім үлгілері жасалып шыққан. Әсіресе, ұл өңірінде әйел затына арналған киімдердің ерекше рөлі болғаны анық. Себебі, әйел затына ерекше құрметпен қарай дәстүрлі мәдениетіміздің ерекше көрінісі екені күмәнсіз. Халқымыз қыз баланың әсемдігін денесін жалаңаштау арқылы емес, мың құлпырған бояуы қанық, келісті де көрікті киімдері арқылы көрсетуді жөн көрген.

Тымаққа қатысты әдет- ғұрыптар

Тымақ – қасиетті баскиім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған.

Ел арасында: «Шала туып, тымаққа салып өсірген», - деген сөздер жиі естіледі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлуге, ұстауға ыңғайлы болады. Шала туған сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан, күн кереге бас арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басына бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына шеге қағылып ілінеді. Бұл да тымақтың қадыры мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсіну керек.

Біреуге бас ұрғанда аяғына тымағын тастайтын әдет бар. «Тымақ ұры» немесе «Тымақ тастап кешірім сұрау» бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі немесе айыпкер жағының беделді адамдары мен жасы үлкен, жөн білетін ақсақалдарының құныкердің ауылындағыларының алдына барып «Құдай кешсекеш! Білместік, оқыс кездейсоқтық іс болды, кешір!» деп өтінген кезде ортаға ең үлкен ақсақалдың баскиімін тастап сөзге, мәмілеге шақырады. Қызды алып қашу үрдісінде қыз жағының «аяғына жығыла» барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, алдына тастайтындығы тағы бар.

Бас киімге қатысты ырымдар мен тыйымдар.

Жоғарғы сакларды әлемдегі рухтар мен ата- бабалар аруағы мен (шекараласатын) бөлікті киім- бас киім үйдің құты мен берекесі, Басқа қонған бақтың (тұрағы) деп есептеледі. Сондықтан да бас киімге қатысты ырым- тиымдар кешені сол құтпен берекені сақтауға, баянды етуге бағытталады. Айталық, олардың қатарына бас киімді тарту етпеу, ауыстырып кимеу, қабаттамау сияқтыларды атауға болады.

Бас киімді кез келген жерге тастай салуға болмайды, биікке іліп қою керек. Әсіресе астыға басып отыруға болмайды. «Себебі бастан бақ таяды, бас ауруына тап болады. Бас айналып, тіл байланып, иман қашады.» деген наным бар. Адамның басынан қадырді, ақылынан қасиетті ештеңе жоқ. Сонымен бірге бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады, сондықтан бас киімнің орны ерекше. Ер адам әйел адамның киімін кимейді, жаулығын салмайды. Себебі еркектігі сөнеді, рухы жасиды.

Қорытынды

Қорыта айтатын болсам бұл жұмысты жазу барысында маған ұлттық бас киімдер ұнаған болатын. Сол себептен мен ғылыми жұмысымды бастаған едім. Ғылыми жұмысымда қазақ халқының бас киімі жайлы жаздым.

Ұлы дала көшпенділерінің тарихымен тығыз байланысты. Бізге көшпенділер бірнеше мыңдаған жылдар бойы сақталған салт- дәстүрін, киім кию мәдениетінің, ғажайып өркениетін мұраға қалдырып кетті. Осы ата- бабаларымыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер күні бүгінге дейін маңызын жоймай, мұрагер біздің қызығушылығымызды тудырып отыр. Осы мақсатта менің төмендегідей ұсынысым бар:

- Жас ұрпаққа қазақ халқының бас киімін танытуда кеңінен зерттеу жүргізілсе.
- Болашақта тарихымызды, әдет- ғұрпымызды ұмытпас үшін жаңа үлгідегі киімдерге осы негізде өзгерістер енгізілсе.
- Қазақ ұлттық бас киім түрлерінің жасалу жолдары, пішіндері, тігуге қолданылатын заттар туралы мәліметтер көптеп шығарылса.

Оқушылар қазақтың ұлттық бас киімдері туралы білім ала отырып, одан туындайтын киіммен байланысты қазақ халқының дәстүрлі ырымдары мен тыйымдарына, салттарына құрметпен қарайды, өз Отанын сүйетін елжанды, патриот азамат болып өседі.

ТАҚЫРЫБЫ: « НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?»

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
№89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы
Рустемова Райхан Алтыбайқызы

Білім саласы :қатынас,таным,әлеумет,шығармашылық .

Білім бөлімі :қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру,тіл дамыту,көркем әдебиет,ән-күй.

Тақырыбы: « Не? Қайда? Қашан?».

Мақсаты: Білімділік: Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімін бекіту, буынға бөлу, сөз құрау, жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту. Сандарды білу, есептер шығару, геометриялық денелерді тану. Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін арттыру, берілген сұрақтарға шапшаң, әрі дұрыс жауап бере білуге, дүниетанымын кеңейтуге баулу.

Тәрбиелік: Әдептілікке, сыйластыққа, өзгенің пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу

Көрнекілік :жеспе әріптер, текшелер, сандар, геометриялық фигуралар.

Балалар, бүгінгі біздің сабағымызға қонақтар келіп отыр. Қане, амаңдасып алайық.

Сәлеметсіздер ме?

Қатар - қатар тізіліп

Оқушыға ылайық.

Қолымызды түсіріп,

Түп түзу боп тұрайық.

Бірінші қатар жәй отыр,

Екінші қатар тез отыр.

Балалар, біз бүгінгі сабақты ойыннан бастасақ. Қане айтыңдаршы, үстелдің үстінен нені көріп тұрсыңдар?

Зырылдауық, конфеттер.

Ал енді тақтаға қарайық. Бұл жерде ертегі кейіпкерінің аты жасырылған.

Оның кім екенін конфеттегі тапсырманы орындаған соң ғана білетін боламыз. Тәрбиеші зырылдауықты айналдырады.

1 - тапсырма. 1. Жыл мезгілдерін ата.

2. Ай аттары.

3. Бір аптада неше күн бар?

4. Бүгін аптаның қай күні?

Кім апта күндеріне қатысты тақпақтар біледі?

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада

Сейсенбіде серуен құрдық далада.

Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,

Бейсенбіде би биледік әндетіп.

Жұма күні жидек тердік қыратта,

Сенбі күні кино көрдік қызықты,

Жексенбіде үйде болып дем алдық,

Осылайша өте шықты бір апта.

Тапсырманы орындадық әріпті ашайық. (Қ)

2 - тапсырма. 1. Тура және кері санау.

Тәрбиеші: Жақсы, жарайсыңдар! Тапсырманы орындадық, енді екінші әріпті ашайық. (О)

3 - тапсырма. (Сауат ашу сабағынан қойылады.)

1. Дыбыс дегеніміз не?

2. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

3. Дауысты дыбыстардың түрлері?

4. Дауыссыз дыбыстардың түрлері?

5. Әріп дегеніміз не?

6. Алфавитте қанша әріп бар?

7. Сөз дегеніміз не?

8. Сөйлем дегеніміз не?

Тапсырманы орындадық. Енді үшінші әріпті ашайық. (Ж)

4 - тапсырма. Әріптер туралы жұмбақтар, жаңылтпаштар айту.

Қарда бар

Борда жоқ

Жарда бар

Орда жоқ. (А)

А - әріпінен басталатын сөз ойлап табу. Жаңылтпаш білеміз бе?

2. Сандардың көршісін тап.

3. Жұп және тақ сандарды анықтау.

4. Бірліктер мен ондықтарды ата.

5. Ұқсас сандарды ата.

Осы сандар туралы санамақты кім айтады?

Бір дегенім - билік, барлық іске килік

Екі дегенім - ерік, қойма еркінді беріп.

Үш дегенім - үміт, шақырады күліп,

Төрт дегенім - талап, босқа жағпа қарап,

Бес дегенім - бірлік, бірліксіз жоқ тірлік

Алты дегенім - арман, шығатұғын асу,

Жеті дегенім - жігер, жеңгеніңді тілер

Сегіз дегенім - сенім, сенген табар елін.

Тоғыз дегенім - талғам, оқуменен алған.

Он дегенім - өзім, бәрін білер кезім.

Алғыр аттар
 Аргымақтар
 Аргымақтарды
 Әркім мақтар.
 Жұмбақ шешіп көрейікші.
 Сауысқанды, сағызды,
 Сарымсақты, сәбізді
 Сапсыз бірақ тәрізді
 Бастап тұрған қай әріп? (С)
 Жарайсыңдар! Тапсырманы орындадық, енді келесі әріпті ашайық. (А)
 5 - тапсырма. Математика сабағына арналады.
 1. Тал басында тізіліп,
 Он жапырақ тұр еді,
 Жел соқты да үзіліп,
 Ұшып кетті екеуі.
 Ізінше оның жұлынып,
 Түсті тағы бесеуі
 Тұр әлі де ілініп
 Жапырақтың нешеуі. (үшеуі)
 2. Шығармақ боп неше есеп
 Жиналғанда бес есеп
 Үшеуі ұйықтап отырды,
 Ынталысы неше есеп? (екеуі)
 Жұмбақ шеш.
 Бір - бірімен жарысқан 2 - аю, 1 - арыстан, 2 - қоян, 3 -
Ән « Бала тілегі» хор.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін қорытындылау.

түлкі.
 Бәрі нешеу? Сен ойлан. (8)
 Тәрбиеші: Жақсы, жарайсыңдар! Тапсырманы орындадық, енді келесі әріпті ашайық. (Н)
 Сергіту сәті.
 6 - тапсырма. Суретке қарап әңгіме құрастыру.
 Тапсырма орындалды. Келесі әріп (А)
 7 - тапсырма. Біздің балабақша, менің Отаным сөздерін оқып шығу.
 Ашайық, келесі әріп (С)
 8 - тапсырма. Сұрақ - жауап.
 1. Кеңістікті бағдарлай аласың ба? (оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен.)
 2. Жабайы жануарларды ата.
 3. Еңбек етсең ерінбей, (Тояды қарның тіленбей.)
 4. мемлекеттік рәміздерді ата. (ту, елтаңба және әнұран)
 Балалар Ы әріпі шықты.
 9 - тапсырма. Берілген сөздерді суреттегі отбасы мүшелеріне қайсысына қатысты екенін тап. (ата, әже, әке, ана, аға, әпке)
 Соңғы әріпті ашайық. Бұл әріп – Р. Жасырылған сөзді барлығымыз оқиық. ҚОЖАНАСЫР.
 Ол кісіні ортаға шақырып, өз өнерімізді көрсетейік.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СЕПТІКТЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

Жарылкасынова Сисенкүл
 Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы
 №116 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың тақырыбы: Септіктерді қайталау

Сабақтың мақсаты: 1. Білімділік. Оқушылардың білімін тексеру, әртүрлі тапсырмалар орындату арқылы септіктердің сұрағын және жалғауларын бір-бірінен дұрыс ажырата білуге үйрету.

2. Дамытушылық. Ойын, сөздік қорын, белсенділігін, қызығушылығын, қиялын дамыту.

3. Тәрбиелік. Сауаттылыққа, еңбек етуге, ананы құрметтеуге, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Әдістері: Сұрақ-жауап, әңгіме, көрнекілік.

Көрнекілігі: ұнтаспа, интерактивті тақта, карточкалар, сөз тізбектер.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес, ертегі сабақ.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, математика, бейнелеу, музыка.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру. Балаларды сабаққа дайындау.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Бүгін біз сендермен ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Қызықты оқиғаларға, қиындықтарға кездесеміз.

-Сендер қиындықтарды жеңе аласыңдар ма?

-Жақсы. Ендеше ертегіні бастайық. Бұл ертегі "Ана мен бала" деп аталады. Ертеде бір жалқау бала болыпты. Ол күні-түні ойнап, тамақ ішуден басқа ешнәрсені білмеіті. Ал анасы болса, баласы үшін еңбек етіп, тамағын асырапты. Бірде анасы төсек тартып жатып қалады. Анасы баласынан су әперуін өтініпті. Бала оны тыңдамай, ойынын ойнай беріпті. Қатты ренжіген ана құсқа айналып кетіпті. Өз қатесін түсінген бала анасын іздеп жолға шығыпты. Жолда ол бір үйді көреді. Ол мыстан кемпірдің үйі екен.

1. Мыстан кемпірдің тапсырмалары:

а) Баланың сауаттылығын тексеру. **Сөздік диктант.**

я	ө	е	ый	п	і
жи ды,	бөшк ,	көс у,	с лық,	кіта ,	сүлг .
а	е	ө	и	б	ү

ә) Балалар, мен сандықтың ашылу сырын ұмытып қалыппын. Мына бір карточкаларда жазылған сөзді

табыңдар. Төрт оқушыға беріп тапқызу (**орны ауысқан әріптерден сөз құрау**).
б) Мына сөздерді септендер: **Қар, гүл, дала** (*тақтада септеу*).

Мыстан сандықты ашып, балаға жол көрсетеді. Баланың алдынан табиғат ата кездеседі. **Табиғат атаның тапсырмалары:** а) Кітаппен жұмыс. 86-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу, зат есімдердің қай септікте тұрғанын айту.

ә) 87-жаттығу. Жұмбақты жатқа айтып, шешуін табу және зат есімдердің қай септікте тұрғанын айту.

б) 88-жаттығу. Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзбен сөйлем құрау. Шешуі: күйші.

Сөйтіп оның тапсырмаларын орындап болған соң, табиғат ата айтқан тауға жетеді. Тауға кірейін десе жол жоқ. Сөйтсе оған тапсырмалар орындау керек екенін білді.

а) 89-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрау.

ә) 91-жаттығу. Өлеңді ұйқасына лайық сөзді қойып көшіріп жазу.

Сергіту жаттығуы: "Орнын тап" ойыны.

Бала тапсырманы орындап болған соң, анасын алып жолға шықты, олар келе жатып алдарынан бір әдемі ағаш көреді. Бұл ағаш та сиқырлы екен. Ол анасына алма әперу үшін, барлық сұрақтарға жауап беруге тиіс екен.

Қорытынды: **"Сиқырлы ағаш"** ойыны арқылы балаларға сұрақ қою.

- Сонымен балалар сендерге ертегі ұнады ма?

- Ана туралы мақал білесіңдер ме?

- Аналарыңды ренжітуге бола ма?

Мына мақалды дәптерлеріңе жазып алыңдар. **"Күннің шуағы, ананың құшағы жылы"**.

Үйге тапсырма: 90-жаттығуды орындап, септіктерді қайталау.

* * * * *

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ РОЛІ

*Атырау облысы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағы
орта мектептің Балдырған шағын орталығының
тәрбиешісі Габдуллина Толғанай Төлегенқызы*

«Адамды тәрбиелеу-демек, оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбелеу»-деп айтқандай ұлы педагог А.С. Макаренко мектепке дейінгі мекемедегі адамгершілік тәрбиесінің атқаратын ролі зор. Ол тәрбиемен білім беру процесінде әртүрлі іс әрекеттер арқылы жүзеге асады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие, болу рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтылмаған. Психология ғылымында дәлелденген, кішкентай балалар үшін оны ерекше әрекеттердің бірі-баланы таңдай білу. Әр нәрсені дұрыс түсінуге бала ақылы жете бермейді. Сол себепті баланың не ойлап тұрғанын білу қажет. Біз көбіне баланы қателікке ұрындырған себепті іздеп, дереу өзіне дауыс көтереміз. «Балалар таңдауды қажет етеді екен» деп те ойлаймыз. Бала өз қателігін түсінген жағдайда ата-анасының не үшін жазалағанын түсінбей жатады. Содан «ата-анам мені жақсы көрмейді» деген ойға қалады. Міне, сондықтан баланың ішкі жан-дүниесімен сырласпастан, оның ойын білместен, жасаған ісінің дұрыс еместігін түсіндірместен жазалау дұрыс емес. Есесіне, балаңызбен дос, сырлас болғаныңыз жөн. Ешқашан қатігездікпен адамды адам ете алмайсыз. Қатігездік баланы ашындырады, өшпенділік тудырады. Сондықтан, тәрбие берудің негізгі мәйегі-мейірімділік пен сүйіспеншілік. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуге отбасы пен педагогтар шешуші роль атқарады. Халқымыздың тәлім –тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Рухани адамгершілік тәрбие-екі жақты процес. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан –тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек. Адамгершіліктің негізгі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Баланың өмірге белсенді көзқарсының бағыты үлкендер арқылы қалыптасады. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-

әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстар -мен, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ұжымдық пен патриотизмге тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға, тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады. Әр баланың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау-бүгінгі күннің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау), кеңпейілділік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және тағы басқа. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау.

Рухани-адамгершілік тәрбие-бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдығы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығы.

Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Балабақшамызда осы адамгершілік тәрбие беруде ата-аналармен, балалармен өткізілген «Қыз өссе елдің өркі», «Атадан балаға», «Үйдің берекесі әже», «Бір сыр айтам», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тағы сол сияқты шаралар балаларға жақсы әсер берді. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы біздің шағын орталықта эксперименттік пән ретінде жүргізіліп келеді. «Өзін-өзі тану» пәні-баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді. Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын оқу-әдістемелік кешен «Өзін-өзі тану» пәнінің негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің негізгі құрылымдары «Амандасу рәсімі», «Шаттық шеңбері», «Көңіл күйді көтеру», «Сертіту сәті», «Тыныштық сәті», «Ойын», «Дәйексөз», «Шығармашылық тапсырма» ұжымдық жұмыс, дәптермен жұмыс, жүректен-жүрекке шеңберінен тұрады. Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру, ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрыпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы

мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы

ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі, Сол келешек қоғам йелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-баршамыздың қоғам алдындағы борышымыз.

* * * * *

МҰҒАЛІМ НЕ ҮШІН ӨЗГЕРУ КЕРЕК?

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы
орта мектептің Бастауыш сынып мұғалімі
Жукесова Ләззат Айжарыққызы. Санатты: Жоғары*

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәжірибесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ» - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, әрбір мемлекеттің болашағы мектептен басталады. Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде. «Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры оқушыға деген құрмет сезімде жатыр» деп түсінемін. Сондықтан мектептегі басты тұлға ұстаз десек, білім саясаты ең алдымен ұстаздар қауымы арқылы жүзеге асырылады. Ал біздің келешектегі мақсатымыз – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. І деңгейлі мұғалімдерді даярлайтын курстың алғашқы күнінен бастап, қазіргі заманауи білім кеңістігінде жаңашыл, озық ойлы, білімі мен білігі ұштасқан ұстаздарға деген қажеттіліктің басым екендігіне көзіміз жетті.

Бұл курс бағдарламасының мақсатымен танысқан соң, мұғалімдерге берген құзіреттілік өз мектебінің аясында нақты жұмыстар жүргізуді, жоспарланған үрдістердің дені бүкіл ұжымды тартуды талап ететіндігінде болып отырғанын түсіндік. Бір сөзбен айтқанда, мектепке өзгерісті енгізу, сыни тұрғыда бағалау, қадағалау. Аталған үрдістер оқушы білімін жақсартудың тиімділігін көрсететін тәжірибеге бағытталуы керек екені даусыз. Мұғалімнің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады. Идеясы-

мектепті әр бала жүрегіне сезімталдықпен қарайтын ұстаздар ордасына айналдыру, жаңалыққа ұмтылуды мақсат ету, жаңалық үшін ғана емес, жалпының игілігі үшін жұмыс істеуге үйрету.

Халқымыздың данышпан ұлы Бауыржан Момышұлының мына сөзінде «Ұстаз-ұлық емес, ұлы қызмет» деп жай айтылмаған. Себебі, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар қашанда» деген сөздің өзі-ақ айтып тұрғандай, қоғамда өз мәртебесін басқалардан анағұрлым жоғары қоятын ұстаздық мамандығы қандай құрметке де лайық. Олай болса, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.

Уақытпен санаспай дамып жатқан қазіргі заман әр тұлғаның заман ағымына сай болуын талап етеді. Тұлғаның өз орны, қолтаңбасы болу үшін білім, іскерлік, біліктілік сияқты қабілеттер қажет-ақ. Ендігі әңгіме желісін білім беру жүйесіндегі негізгі ұстанымдарды қарастырып, өзгерістің қажеттілігі бар ма деген сауалға қарай ойыссам деймін. Әрине, өзгермелі қоғамдағы жаңа өзгерістер ұстаздардың кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді. Өздігінен білім алуға талпынатын, ізденімпаздық танытатын, болашағының жарқын болу-болмауын өзі болжай алатын, кез келген қиындыққа төтеп бере аларлық білімі мен білігі, дағдысы мен іскерлігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу-білім саласының қызметкерлерінің қолында. Оқушы білімінің сапалы болуы мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа педагогикалық технологияның тиімділігіне де байланысты.

Қазір бүкіл әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?».

Олай болса, әлем елдерінің білім беру жүйесін саралай қарасақ, әр мемлекеттің өзіне тән орта білім беру жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымының бар екенін байқаймыз. Дүниежүзінің аса дамыған елдерінде-АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канада мен Германияда жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, Голландияда-14 жыл, ал Кореяда, Жапонияда, Швецияда, Францияда, Италияда – 12 жыл. Тек экономикасы жаңа дамып келе жатқан елдерде ғана орта мектеп 10-11 жылдық.

Орта білім сапасын анықтайтын PISA, TIMSS, PIRLS зерттеулерінің соңғы 20 жылдағы нәтижелері бойынша мына елдердің білім жүйелері озық екенін анықталған. Дүниежүзі бойынша Финляндия, Гонконг (Қытай), Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада, Жаңа Зеландия, Шанхай (Қытай) елдерінің орта білім беру жүйелерінің білім сапасы, барлық көрсеткіштер бойынша, басқа елдерге қарағанда жоғары нәтиже көрсетуде. Оның себебін зерделеген кезде, бұл елдерде білім беру жүйесінің басты мақсаты жастарға ұлттық рухани-адамгершілік тәрбие беретіндігінде екенін аңғарған екен. Демек, жастарына өркениетті ұлттық тәрбие беру мәселесін білім беру жүйесінің басты қағидасы ретінде ұстанған елдердің білім сапасы басқа елдерге қарағанда көш ілгері болып отыр.

Мысалы, Сингапурде қабылдаған оқу бағдарламасы, ана тілімен қатар, ағылшын тілі, математика, жаратылыстану мен қоғамдық гуманитарлық пәндер және адамгершілік тәрбие секілді пәндердің қатарымен толыса түскен. Ана тілін үйренудің қажеттілігі өз халқының мәдени мұрасы мен тарихын оқушыларға танытуға деген мақсатпен оқытылады екен. Оқыту ағылшын тілінде ғана жүргізіледі, өйткені Сингапур білім беру жүйесінде қос тілде оқи да, жаза да, сөйлей де білуге басымдық беретіндігі айтылған. Бұл оқушының адамгершілік тәрбиесімен қатар, шығармашылық және дербес ойлауын дамытуды көздейтіндігінде деп ой түюге болады.

Сингапур білім беру жүйесінің өзгешеліктерін сараласақ, мына аспектілерге назар аударып отырмын: ағылшын тілі мен жаратылыстану математика ғылымдарын үйретуге деген басымдық; техникалық білім жүйесінің мықтылығы; ұлттық білім беру бағдарламасының желісімен Сингапур тарихы мен адами құндылықтарды меңгерту; өмір бойы үздіксіз білім алу қажеттілігі. Аталған ерекшеліктер арқылы оқыту үрдісінде шынайы білім алуды көздеген мақсаты айқын екенін көруге болады. Оқытудың ұлттық моделін құру арқылы оқушылардың ғылымға ден қойып ізденушілікке, зерттеушілікке бет бұрғаны болашақта ешкімге тәуелді болмаудың алғышарты деп түсінер едім.

Ал, Канадада 12 жылдық білім беру әр аймақта өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Балалар мектепке 6 жастан барады да, басқа мемлекеттердегі сияқты Канадада білім беру бастауыш, орта және жоғарғы сыныптардан тұрады. Мектептегі білім берудің құрылымы мынадай: бастауыш 1-6 сыныптар, жалпы орта білім 7-9 сыныптар, толық орта білім 10-12 сыныптар. Міндетті білім беру 16 жасқа дейін деп бекітілген. Толық орта білімді жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың 90% бітіреді. Мектептегі білім алу ақысыз және он жылдық оқу міндетті, кейін оқушылар өз білімдерін 11-12 (13) сыныптарда жалғастыруы мүмкін, болмаса колледжге барып оқуға құқығы бар. Біздің елімізден өзгешелігі бұл елдің бастауыш сыныптарында 6 жыл белгіленген, бұл аралықта оқушы ғылымның алғышарттарымен танысуға, зерделеуге толық мүмкіндік болады деп есептеймін. Еліміздегі бастауыш сыныптың 4 жылдық екенін ескерсек, әр пәннің өзектілігін түсіндіруге мүмкіндік болмайын секілді, орта буынға келгенде ғана оқушыға түрлі пәндер енгізілетіні тағы да қиындықтарға әкеліп соқтырады. Осыдан-ақ бастапқыда қаланған білімнің іргетасы мықты болу керектігін баса айтар едім.

Норвегияда 1994 мен 1998 жылдар аралығында орта білім берудің реформасы жүргізілген. Мемлекеттік мектептерде білім алу ақысыз. Орта білім жүйесі 13 жылға дейін бекітілген. Он жылдыққа бастауыш және орта сыныптар кіреді, қалған үш жыл жоғары сыныптар болып саналады. Бастауыш мектепте сурет, музыка, математика және физика, ағылшын тілі мен ана тілінен басқа христиандық дінтану, үй экономикасы және

таңдау пәндері міндетті түрде оқытылады.

Норвегиялық мектептерде оқушыға баға қою тек 8-сыныпта ғана басталатыны оқушыларды оқыту үшін бағалауға негізделгенін байқауға болады. 8-сыныпта баға қоюмен қатар жаңа пәндер енгізіледі: бухгалтерлік есеп, экономика, әрі алғашқы кәсіби бағдар беретін пәндер. Мұғалім оқушының жетістіктерін арнайы дәптерлерде жинақтайды, егер қажет болса оқушыда оқу-тәрбие үдерісі барысында кездейсоқ жағдайлар, көкейкесті мәселелер туындаса, мұғалім ата-анамен жазбаша түрде байланыс жасай алады. Бұл мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана арасындағы кері байланыс рәсімімен, оқушының тиімді оқуына негізделгенінен көрініс береді.

Мектептерде 16 мен 19 жас аралығындағы оқушылардың толық орта білімді тәмамдап шығуы заңды түрде бекітілген, ол 3 жылдық білім берумен шектеледі. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдар беру тереңнен қарастырылады. Оқу жоспарын мұғалімдер мемлекеттік бағдарламаға сүйене отырып жарты жылға жоспарлайды, ал әр аптаның жұмасында әр пәнге сәйкес тақырыптар таңдалады. Мұғалімдер тақырыптық күнтізбелік жоспарлар жазбайды. Бұл елдің осындай ерекшеліктері жұмыстың шынайылығын көрсетеді деп есептеймін. Себебі, алдын-ала жоспарланған сабақ оқушының қажеттілігін қанағаттандырмаса, олардың тиімді оқуына, сапалы әңгіме үрдісіне көшуге мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сондықтан оқу мен оқыту үрдісінде оқушының тақырып төңірегіндегі ойларымен бөлісіп, дәлелді зерттеушілік тұрғыда диалогтер жүргізілсе, мұғалім білімі мен білігіне сүйену керек деп есептеймін. Тосын сұраққа мұғалім бағыт бере алмаса, оқушының әрі қарай дамуына септігін тигізе алмай қалуы, оқушының оқуға деген ынтасын басып тастауы да ғажап емес. Сонымен қатар, Норвегияның жоғары сыныптарында оқушылардың мектепті бітіріп ЖОО-ға түсуіне көп көңіл бөлінген, оқушылардың өздері таңдаған пәндері сабақ кестесіне қойылып жүргізіледі. Оқушылардың пәнді қаншалықты меңгергенін анықтау үшін Норвегияның емтихандық секретариаты таңдау емтихан-сынағын жүргізеді. Емтиханның негізгі мақсаты- ұлттық білім деңгейін анықтау. Норвегияда университеттер мен колледждерге түсуге емтихан тапсырылмайды. ЖОО түсуде оқушының мектепті бітіруі туралы алған аттестаты негізгі рөл атқарады екен. Бұдан шығатын қорытынды орта мектепте берілетін білімге маңыздылық беріледі де, алған білім, дағды болашақ оқуда өз қолданысын табады. Сөйтіп, оқушы өзінің болашағы үшін, мектептегі оқуына жауапты болатынға саяды.

Осылай қарқынды дамып жатқан өзгерістер Қазақстанның да білім беру жүйесін айналып өтпейтіні бесенеден белгілі.

Жер көлемі кең, халқы аз, табиғи байлығы мол, бірақ білікті ұлттық мамандары және өндірістік жаңа технологиялары қалыптасып үлгермеген Қазақстан мемлекетінің жаһандану үрдісіндегі бәсекелестікке төзіп, саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік іргелі және түйінді проблемаларды шешуші, ел ішінде және басқа елдермен бейбіт өмір сүруді, яғни тұрақты даму жолына түсуді қатамасыз ету үшін ең пәрменді және сенімді құралы есебінде отандық білім жүйесін дамытудың өзектілігі ерекше екендігі анық.

Қазіргі кезде қолданыстағы білім жүйесі жан-жақты сынға алынғанда, орта мектептегі білім мазмұны көбіне жарамсыз білім жиынтығын беруге лайықталып келгендіктен, ол білім жүйесі сапасының сын көтермейтіндей дәрежеде төмендеуінің және оның қазіргі қоғам талаптарына сәйкес келмеуінің негізгі себебі деп есептелуде. Осыған байланысты еліміздің орта мектебін әдіснамалық құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан түгелдей қайта құру ұсынылуда. Олай болса, бұл мәселенің маңыздылығын ел ішінде жасалып жатқан игі істерден көруге болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында да айтылғандай, мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. XXI ғасыр - бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында да «Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» көрсетілген. Енді осы тұста ұстаздар қауымына жүк түседі, өйткені ұстаздың педагогикалық ұстанымы өзгеріп, жеке тұлғаның алдымен өзіне, қоғамға қажетті қабілет-дағдыларын қалыптастыру, дамыту және өздігінен білім алуына, өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай туғызу керек. Уақыттың еншісінде тұрмай, бір-екі жыл бұрын жаңа форматта оқыту мен оқудың кембридждік әдіс-тәсілін қазақстандық мұғалімдерге меңгерту қолға алынғанын естіп-біліп отырдық. Олай болса, Қазақстанның білім беру жүйесіне өзгерістер басталып кетті деп есептеймін.

ЭЫДҰ ұсынып отырған кембридждік тәсіл яғни, сындарлы оқыту идеясын Қазақстанның білім беру жүйесіне енгізудің қажеттілігі бар. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарындағы мазмұны жағынан маңызды мәселе «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген проблемадан Қазақстанға осы Кембридждік тәсіл XXI ғасыр оқушысы меңгеру керек дағдыларды игертудің өзектілігін айқындап отыр.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету» деген сөздер дйттеген мақсатқа жетуге алғашқы қадамдар жасалады дегенді білдіреді емес пе?! Бізге, енді тәуекел жасап, осы оқыту мен оқудың педагогикалық тәсілдерін білім беру жүйемізге енгізу қалды.Өзгерістен ешқашан қорықпау керек, өйткені өзгерісті қалай жасайтынымызды ойланудың өзі де санамызға, қалыптасқан ұстанымызға өзгеріс енгізуді бастап та кетті. Жалпы түсінген адамға осы бағдарламаның оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді болары, оған қоса білім мен тәрбие берудегі зор үлесі бары сезіліп тұр. «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсарин «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білім нәрімен сусындатар мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершіліктің иесі болуды үндейді.

Бағдарламада «Шульманның көмекшілері» туралы жақсы айтылған. Зерттеуші-психолог Шульман түсінік, дағды және тұтастықты «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған. Оны:кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары, кәсіби-өнегелік тұтастық деп түсіндіреді. Бұдан шығатын қорытынды, бұрын оқушы үшін жауапкершілікті мұғалім алса, енді оқушы өз оқуы үшін жауапты. Түйін; әр мұғалім теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, шын ықыласымен оқушыларға мейірімділік, құрмет таныта білуі тиіс. Бұл біздің біліктілігіміз бен қатар рухани құндылығымыз жоғары деңгейде болуы керек дегенге саяды. Социолог мамандар ұстанымды «құндылық» есебінде, ал психолог мамандар адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Пажарес оқу стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігі емес, ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді. Пажарестің тұжырымды ойынан соң, дайын білім беретін мұғалімдер сын тұрғысынан ойлауға қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғысы келсе, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуды өздерінен бастап, жаңашыл идеяларға мойын бұрып, білімді көңілге қонымды етуге тырысу керектігін байқадым.

Бірінші деңгей бағдарламасының алғашқы «Бетпе-бет» оқыту кезеңінен кейін мектептегі қазіргі ахуалын салыстырғанда, санамда шешуін күтіп тұрған сұрақтар мен мәселелерді ойша сараладым. Мен бұл сұрақтардың туындауының өзі заңдылық екенін түсіндім. Ал оның жауаптарын табуға бірінші деңгейлі бағдарламаның көмектесетініне нық сенімдімін. Өйткені, оқу үдерісіндегі мәселелерді сыни тұрғыдан ой елегінен өткізуге мүмкіндік берді.

Әріптестеріммен бірлесе отырып, 7 модульді оқыту үрдісіне ықпалдастыру арқылы оқушыларға қалай оқу керектігін үйрену, бірлескен оқу, сыни ойлау, бағалауды мектептің оқу үрдісіне енгізу қажет деп ойлаймын.

Мектептегі тәжірибемнің алғашқы қадамы оқыту үрдісіндегі мәселелерді анықтап, өзгерістер туралы ұжыммен кеңесу арқылы келісімге келу және нақты жоспар құру болып табылады. Жоспарымды жүзеге асыруда әріптестерімнен қолдау табамын деп ойлаймын.

ШЕБЕР-СЫНЫП ТАҚЫРЫБЫ: "ДИАЛОГ -АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ"

*Атырау облысы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағ
орта мектептің бастауыш сынып, бірлестік жетекшісі
Сапарова Лаура Асылбековна. Санаты: I*

Жалпымақсат: Мұғалімдерге диалог түрінде оқыту туралы түсінікберіп, сабақтарда диалогтың жұмыс түрлерін қолдана отырып, іс-әрекеттің өнімді тәсілін көрсету, қатысушылардың өзіндік оқуға, өзіндік жетілдіруіне, өзіндік дамуына деген ынтасын қалыптастыру.

Сілтеме: 1.Мұғалімге арналған нұсқаулық, ресурстар

Оқу нәтижесі: «Диалог түрінде оқыту» модуліментанысу арқылы елестетуге, баламалы шешімдер қабылдауға, іс-әрекеттің түрлендірілген тәсілдеріненгізуге ықпал етеді, қатысушылардың ойлау қабілеттерін дамытады, функционалдық сауаттылыққа бейімділікті қалыптастырады.

Қолданылатын материалдар: А- 4 парақтары, стикер, интерактивті тақта, флипчарт, маркер, қалам, слайдтар, таныстырылым, суреттер, бейнероликтер

Оқыту әдістері: 1. Диалог 2. Жеке жұмыс 3. Топтық жұмыс

Тапсырмалар: Сұрақтарға жауап іздеу, маңызды жауап беру, сыни тұрғыдан ойлану, жауаптарды дәлелдеу; формативті бағалау, өзін-өзі және бірін-бірі бағалау; топтық тапсырма және қорғау, рефлексия

Мұғалімдердің іс-әрекеті:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Мұғалімдерге жағымды психологиялық ахуал туғызу. «Комплименттердің бұрқасыны» тренингін ұйымдастыру.




2. Топқа бөлу «Әдемі», «Көңілді», «Қуаныш сыйлау»

3. Даналық сөздер ұсыну (афермациялар)

Өмірде ең керекті білім – қоғамда қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу. «Өмір мәні – араласу, қатынасу, іштесу, қауышу, диалогтасу, жүздесу, яғни, түсінісу», -деп түсінген ата-бабаларымыз осы әрекеттер арқылы көздерін жеткізген. Бәлтірік шешеннің келесі сөздерінде де терең мағыналы идея жатыр: «Қарт шешеннен: «Өмірдің мәні не: бала ма, бақ па, дәулет пе?»- деп сұрағанда ол былай деп жауап берген екен. Үл өмірдің мәні – сіз бен біз емес пе?!»

«Ассоциация» әдісі.

Тұлға аралық қарым-қатынас жасау.

Сөйлесу	Сөйлесуді бастау, сұрақ қою, жауап беру, пікір келтіру, ойды білдіру, тыңдау, келіспеу	
Әрекеттесу	Ынтымақтасу, қосылу, шақыру, ұсыну, бірлесу, кеңесу, ортаға салу	
Қолдау	Көмектесу, жәрдем беру, күлімсіреу, мақтау, қол шапалақтау, қолпаштау	

Әр топтан қатысушыларды шығарып маңдайларына сурет жапсыру. (нан, тарақ, баланың суреті)

«Жарнама құрастыру» ойынында әр топ қатысушыларын атақпен бөлу.

17. «Суретші» - тауардың суретін салады.

18. «Ақын» - 4 жол өлең шығарады.

19. «Тілші» - мәтін құрастырады.

“Синквейн” әдісі бойынша сахналау. (Аспазшы, Дәрігер, Шаштараз)

1.Тауардың сипаттары

2.Тауардың артықшылықтары

3.Тауарды тұтынудың пайдасы

Сергіту сәті

Рефлексия. «Кір жуу»

7. Диалогтік оқу оқушыларға не береді?

8. Диалогтік оқытудың мұғалім үшін маңызы қандай?

Қорыту. Жай мұғалім – хабарлайды, Жақсы мұғалім – түсіндіреді.

Керемет мұғалім – көрсетеді, Ұлы мұғалім – шабыттандырады. Уильям УОРД.

30.01.14 ж.	Мұғалімдерге арналған коучинг сессиясы
Сабақтың тақырыбы:	Оқытуда диалогтік оқытудың тиімділігі Сабаққа оқыту нысаны ретінде әңгімелесуді енгізу және сабақта әңгімелесуді пайдалану туралы мұғалімдер коучингісі.
Жалпы мақсаты:	Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне сүйене отырып диалогтің білім берудегі тиімді педагогикалық тәсіл екендігін түсіндіру. Диалогтік тәсілдердің түрлерін тәжірибеде қолданудағы тиімділігі туралы бағыт-бағдар беру.
Оқу нәтижелері:	Мұғалімдер: Оқыту мен оқудағы тілдің бастырөлін түсінуге; Білім беруде оқушыға жеке көңіл бөлу, дамытуға аяқпалететінің оқыту әдісі ретінде әңгімелесуді, мысалы, жауапалу мен шағын топта жұмыс істеу әдістерін қалай шатиімді қолдануға болатыны туралы өз түсінігін қалыптастыруға; Оқу үдерісінде диалогтік әдістерді енгізуге; Сыныптағы диалогтік әдістерді бағалауға; Диалогтік әдістердің оқуға көмегін түсіндіруге дайын болады.
Түйінді идеялар: 1-сабақ	Әңгімелесу – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогтік қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімімен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет олардың оқыту үдерісін емейлін шетартуға көмектеседі. Ойлаудың осы бағатына орай,

	сұраужәнетоптықжұмыссияқтыдиалогтіктәсілдің балалардыоқытусапасынарттыруүшінәлеуеті бар.
Жағтығулар:1 мин	1. Топ құру. (сурет қиындыларын құрастыру арқылы екі топқа бөлінеді)
1 мин	2. Топ мүшелері қызметтер бөліседі, міндеттері түсіндіріледі
5мин	3. Әр топ мүшелері ойша сурет салады да келесі топ мүшесімен алмастыра отырып, сұрақ қою арқылы бейнені табуы керек.
Дереккөздер арқылы таныстырылым 3 мин	Зерттеу материалдарын презентация арқылы түсіндіріп өту. 6 түрлі сұрақпен танысады және сурет бойынша ауызша диалог жүреді.
Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: 5мин+2мин	Таныстырылымды пысықтау үшін алдарындағы парақшаға сұрақтың 6 түрін өздері кеңесе отырып орналастырады, дәлелдейді (берілген сұрақтарды қиып, жапсырады)
Проблеманы шешу жолдарын анықтау тапсырмасы 3 мин	Мұғалімдерге топтық жұмыс бойынша « Табыс критерийін » құруға бағыт беру. (интерактивтік тақтада тұрады)
5+3 мин	Шағын топтарда жұмыс істейтін мұғалімдерге сыныпта әңгімелесуді пайдаланған кезде оқушыда туындайтын қиындықтар мен жауап алуда мұғалімнің жіберетін кемшіліктерін қарастыруға арналған зерттеушілік сипаттағы постер жасау ұсынылады. Қорғайды.
1 мин	Топтардың өзара ФБ жасауы (стикер жапсыру)
Қорытынды 2мин	Диалогты сабақ уақытында жүргізу кезеңдері туралы бейнеролик (тәжірибеден)
5мин	Әр топ мүшесі өзіне тән жақсы 3 мінезін жазып, бүктейді де екі топ жауаптары ауыстырылады. Бір- бірінің жазған жауаптарынан жауап иесін тауып алады
Кері байланыс 2 мин	Стикердің екінші бетіне 1 тілек, 2 ұсыныс.
Бағалау парағы	Бағалау парағы толтырылады

ТАҚЫРЫБЫ: КОУЧ. БАЯНДАМА

*Атырау облысы, Мақат ауданы Х. Санбаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Искакова Ботакөз Енсегеновна. Санаты: I*

Біз Кембридж университеті бағдарламасының деңгейлік курстарында коучинг түсінігімен таныстық. Біздің мұғалімдердің потенциалы өте жоғары; олар оқыту технологияларымен таныс, теориялық білімдері өте жоғары деңгейде, үнемі әр түрлі курстарда өздерінің біліктіліктерін арттырып тұрады. Бірақ та теорияны тәжірибелерінде жүйелі қолданбағандықтан да технологиялар оқу үрдісінде сапа бермейді, мұғалімдер сол қалпы сабақта оқытады, тәрбиелейді, дамытады, ал балалар тек қана объект болып қалып отыр. Оның үстіне, мектептегі көптеген іс-шаралардың саны, алдын ала дайындалған ашық сабақтарды еске түсіреді, педагогикалық тәжірибелерін дамытуға аз бағытталған, мұғалімдер ортасы өзара әрекеттестік жоспарында шектелген ортада қалып отыр.

Білім берудегі коучинг-келешектегі аймақ. Коучингтің тәлімгерліктен айырмашылығы, жүргізуші әрқашанда мақсатты визуалдандырады және қоя алады, жетістікке жетудің жолын өзі анықтайды. Коучинг-тәлімгерлікке қарағанда, өте қысқа мерзімді үрдіс. Коучинг идеясын ежелгі грек философы Сократ б.ғ.д. 470-399ж айтқан Мен ешкімді ештеңе үйрете алмаймын, мен тек ойландыра аламын. Сократ адамның өзін-өзі дамыту қабілетін көрсететін дұрыс жолды көре білген. Тимоти Голви, Джон Уитмор, Мерлин Аткинсон, Томас Леонард және басқалары сияқты жетекші әлем коучтары өз практикасымен адамдарға қызмет етуде. Кристофер Райен өзінің Coaching. Innovative Konzepte im Vergleich деген кітабында коучингті дамытудың 7 фазасын көрсетеді.

70-80 жылдың ортасына дейін-коучинг АҚШтан шықты;

80 жылдардың ортасынан-ол АҚШта таратылды;

80 жылдардың ортасынан-коучинг Германияға шолп етті;

80 жылдардың соңында Германияда-қызметкерлік жүйе дамыды;

90 жылдың басында Европа мен АҚШта-коучинг дифференциацияланды;

90 жылдың ортасында-аяғында Европа және Америкада ол көпшілікке танымал болды;

2002 жылдан бастап-коучинг терең мамандандырылған фаза Элеонора Сандуленко. 2009.

Коучинг-ағылшын соеһing сөзбе-сөз аудармасы-тәлім ету, дайындау, жағтықтыру. Коучингтің халықаралық федерациясының анықтауына сәйкес кәсіби коучинг-бұл клиенттерге өз жеке және кәсіби өмірінде нақты нәтижелерге қол жетуге көмектесетін үзіліссіз қауымдастық. Тәжірибелі мұғалімдер басқа мұғалімнің кәсіби

әлеуметін арттыруға, шығармашылықпен еңбек ету арқылы, мектепте үздік тәлімгер болуға көмектесе отырып, тренерлер өздеріне коуч рөлін алады. Коуч өз әріптестеріне бағыт және белсенді ынталандырып отыруға көмек көрсетеді. Қазіргі кезде бұл тәсілді қолдануға болатын бірнеше басымдылыққа ие аумақтарды жеке бөліп қарастыруға болады;

1. Корпоративтік коучинг
2. маркетингтегі коучинг
3. кіші бизнестегі коучинг
4. өзара қарым-қатынас коучинг
5. жетістікке жету
6. әдемілік және денсаулық коучинг
7. оқытудағы коучинг

Уикипедияға жүгінсек, коучинг (ағылш. *coaching* — *оқыту, жаттықтыру*) — консалтинг және тренинг әдісі; классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы — коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Ал психологиядан айырмашылығы коучингтегі мотивацияның бағытында. Коучпен жұмыс істеуде белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Яғни, анықтаманы талдай кетер болсақ, коучинг адамға немесе компанияға мақсатқа, нәтижеге жетуге көмектеседі. Коучингті меңгерген маманды «коуч» не «коучер» деп атайды.

Жазбамды мазмұндай келе айтарым, коучинг бүкіл проблеманың жалғыз да тиімді шешімі болмайды, дегенмен, сол проблемаларды барынша тиімді шешуге орасан зор мүмкіндік беретін керемет технология.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: ӨМІРІ ТҰНҒАН ӨНЕГЕ

*Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы. Жаңадария ауылы
№ 203 орта мектеп. Авторы: Шалабай Нұрболат
Жетекшісі: Сайтова Шолпан
Орындаған жылы: 2013-2014 оқу жылы.*

Жобаның мақсаты: Темірбек Жүргенов Қараұлы өмірі мен еңбек жолымен танысу.

Міндеті: Темірбек ағаның өнерге, мәдениетке, әдебиет саласын талантты ұйымдастырғаны, адалдықты, адамгершілікті ту еткені. Ақжарқын мінезі жасұрпақтарға қашанда өшпес өнеге, тағлым бола береді.

Өзектілігі: Орта Азиямен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарынды сыншы – көсем сөз иесі.

Болжам: Темірбек Жүргеновті жас ұрпақ мәңгі есте сақтайды.

Темірбек Жүргенов - ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады.

Жетекші пікірі

Жаңадария ауылы № 203 орта мектептің 8-сынып оқушысы Шалабай Нұрболат «Өмірі тұнған өнеге» атты тақырыпта жазылған жоба жұмысына жақсы деген берілді. Оқушының кең ауқымды жазылған аталмыш тақырыптағы еңбегі:

Біріншіден - Темірбек ағаның 115 жылдығына орай түрлі шаралардың ұйымдастырылуы, қай салада жұмыс істемесін үнемі адалдықты, адамгершілікті ту еткендігі.

Екіншіден – Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

Үшіншіден – Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады.

Оқушының іздегені жан-жақты талдауға деген ұмтылысы байқалады. Сондықтан Шалабай Нұрболаттың ғылыми жобасы жақсы деңгейде жазылған деп есептеймін.

Аңдатпа

Жобаны қорғау мақсатында оқушы Темірбек Жүргеновтың өмірі мен еңбек жолында тоқталып танысты. Шалабай Нұрболат осы жобаны ұсына отырып өз еңбегі арқылы Темірбек Жүргенов жайлы толымды ой-пікірлер мен тапқырлығы, адамдармен қарым-қатынастылығы, қарапайымдылығы, ақыл-кеңес беріп, жол-жоба көрсететін инабаттылығы мен шынайы адамгершілігі, ақжарқын мінезі жас ұрпаққа қашанда өшпес өнеге, тағлым бола беретінін түсінді.

Аннотация

В целях защиты проекта, ученик остоновился и познакомился с жизнью и трудовой деятельностью Темирбека Жүргенова.

Предлагая данную работу, ученик 8 – (восьмого) класса Шалабай Нурболат, остановился на том, что Темирбек Жүргенов, выделился среди людей своей работой способностью, чуткостью, наивностью в

общении ,умением давать точные и конкретные советы человечностью и гуманностью , а также что его легендарный жизненный путь вечно останется в памяти подрастающего поколения.

Abstract

In order zschity project, the student ostonovilsya and employment Temirbek Zhurgenov. Offering this work,the student 8-(eighth) grade Shalabai Nurbolat, actonovilsya on what Temirbek Zhurgenov, stood out among the people his work sposovnostyu, sensitivity , the nocivete of communication, the ability to provide accurate and specific advice humanity and numanity,as well as that of his legendary caverr will vemain forever in the memory of the gounger generation.

Күнделік

№	Жұмыстың бағыты	Уақыты	Жетекшінің қолы
1	Оқушының ең алғашқы жоба туралы түсінігін қалыптастыру	8.XI.2013	
2	Ғылыми жұмыстың жоспарын жасап, бекіту	9.XI.2013	
3	Обылыстық, адындық кітапханалардан жұмыс барысына байланысты қажетті материалдар іздестірілді	11.XI.2013	
4	Интернет арқылы ғылыми жоба қажетті материядармен толықтырылды	11.XI.2013	
5	Шығармашылық жұмыс, өлең құрастыру тапсырылды	12.XI.2013	
6	Обылыстық музейде болу	12.XI.2013	
7	Аяқталмаған тезис сен өскенде кім боласыз?	13.XI.2013	
8	Жинақталған материалдарды бір жүйеге келтіру.	14.XI.2013	
9	Аяқталған ғылыми жобаны қорғауға дайындық жасалды.	14.XI.2013	
10	№202 мектепте өткізіледі	15.XI.2013	

Сыр елі-Алаштың анасы. Сыр елінде Қорқыт ата, Әнет баба,Әйтеке би, Мұстафа Шоқай , Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Темірбек Жүргенұлы. Смағұл Садуақасов дүниеге келген киелі мекені. Темірбек Жүргенұлы-Қазақстандағы тұңғыш озық мәдениет төңкерісінің бас жасампазы. “Жоқты бар қылған, барды зор жасаған” алғашқы асқан дарынды, кемеңгер мемлекет қайраткері болды. Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы “Темірбекке мынадай депті”- “Қазақстан бір министр туған екен” деп теңеу беріпті.

Қазақ елі үшін Темірбек Жүргенұлы әлеуметтік – экономикалық озық дамуға тұңғыш рет жетуіне, халықтың әл-ауқатының жақсаруына баға жетпес шешуші орасан зор үлес қосқан басты тұлға. Қазақ елімен бірге Темірбек Жүргенов Қараұлы мәңгі жасайды.

Негізгі бөлім

Жүргенов Темірбек Қараұлы (1898-1938) - Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осында оқып жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енді, Торғайдағы кеңестер съезін шақыру бюросының мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы БК(б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқиды. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құдық факультетіне оқуға жіберіледі. Осында оқып жүріп, ол Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланады, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне ат салысады. Бұл мәселе төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріне мақалалары жарияланды. 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.В.Бартольд, профессор С.Е.Малов секілді ғалымдарды шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салды.

Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысты. 1929-1930 жылдары - Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары. 1930-1933 жылдары - Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары. 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы»

қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Т.Жүргенов 30-жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21 маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып көпшілікке түсініксіз болуынан сақтандырды.

Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысты. 1929-1930 жылдары - Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары. 1930-1933 жылдары - Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары. 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Т.Жүргенов 30-жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21 маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып көпшілікке түсініксіз болуынан сақтандырды.

Темірбек Жүргенов - ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары жатады. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды.

1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-, 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. Қайраткердің зайыбы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Ленинмен кездескен тұңғыш қазақ Әлімхан Ермековтің қарындасы Дәмеш Ермекова Темірбек

Қараұлы атылған күні абақтыға жабылған, 18 жыл ғұмырын АЛЖИР-де өткізген. Күйеуінің де, өзінің де жазықсыз жазаланғандығы жөніндегі ақтау қағазын алғаннан бері 30 жылдан астам уақыт бойы ол бар күш жігерін игілікті іске - Темірбек Қараұлының халқына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне сарп етумен келді. Айнымас адал жарының қажырлы ізденістері нәтижесінде Жүргеновтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. 1957 жылы КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы Т.Жүргеновті толық ақтағасын, Дәмеш Ермекова жарының адал есімін халқына жаңғыртам деп фольклорист М.Байділдаевпен көп шаруа тындырды. Қайраткердің туғанына 80-, 90-, 100-жылдық мерейтойды атап өту тұрғысында естелік-әңгіме, кітап шығарып, ерінің еліне істеген ерен еңбегін жұртшылыққа жариялап жүріп, өзі де өмірден өтті.

1993 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Т.Жүргеновтің есімі берілді. Алматы, Қызылорда қалаларында, Ақтөбе облысының Бірғыз ауданы мен Қызылорда облысының Жалағаш аудандарында Т.Жүргенов есімімен аталатын мектептер мен көшелер бар. 1998 жылы Жүргеновтің 100 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Туған жері Жалағаш кентінде ескерткіш орнатылды. 2008 жылы 14-15 қарашасында туған жері Қызылорда, алғаш қызметін бастаған Ақтөбе облыстарында қайраткер-қаламгердің 110-жылдығы жоғары деңгейде аталып өтілді. Ғылыми-танымдық конференциялар мен фестивальдар ұйымдастырылып, әр түрлі мәдени шаралар өтті.

Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады. Ол Тәжік АССР-інің қаржы наркомы, Өзбек АССР-інің Халық Ағарту комиссары, Қазақ АССР-інің Халық Ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарған азамат. Т.Жүргеновтің ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға, олардың аса қиын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті. Оның жазушылық, публицистикалық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді, қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып келеді. Себебі, оның қаламгерлік қабілеті мемлекеттік қызметінің тасасында қалды.

Темірбек Қараұлының жаны ғалым, зерттеуші еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімнің соңына біржола түсуге заманы мұрша бермесе де, ол өмірінің ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағынышының сарығын баса алмай өтті.

Қорытынды

Ал Мәдениет және ағарту басшылығында қызмет етіп, еңбегі сіңген Алматы қаласы мен өзі айқара ашқан театр ұжымдары, бүгінгі Өнер академиясы тікелей Т.Жүргеновтің аяулы есімін атап өтуді ұмытып кеткендей болды.

Қазіргі уақытта, Т.Жүргеновтің мол мұрасын зерттеу ісі әлі баяу жүргізілуде. Өзі мерт болса да оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі бүгінде толық өз дәрежесінде бағалануда деп айту қиын.

Қорыта айтқанда, артында мұра болып қалған 7 кітабы 150-ге жуық әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері 70-80 жылдан бері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, ғылыми айналымға түсіп өз бағасын алса деген ниет білдіреміз. Себебі, әлі күнге дейін қолымызда бар қайраткер-қаламгердің қолжазба мол мұрасы толық жүйелі жинақ болып жарыққа шыққан жоқ. Осыған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мұрындық етеді деген сенім бар. «Жүргеновтің публицистикалық мұрасы» атты тақырып алда өз зерттеушісін күтіп тұр. Оның осы саладағы қызметі жүйеленіп, жазғандары түгел жарыққа шаққаннан кейін жүргеновтанудың аясы кеңейіп, міндеттері саралана түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зәмзәгүл Ибрагимқызы «Тарихи тұлға тағлымы» Қызылорда .2007
2. «Сыр бойының саңлағы» (Т.Жүргенов 110 жыл) Жалағаш-2008ж
3. З. Тынышбек Дайрабаев «Тұғыры биік тұлға» Шартарап Алматы 1998ж
4. Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы 246 бет
5. Қазақ энциклопедиясы, 2005
6. Тарихи тұлғалар. Алматы 2005.

* * * * *

«ЖАСТЫҚ ШАҚ- ДАНАЛЫҚТЫ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН УАҚЫТ»

тақырыбындағы Х.Санбаев орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен ұйымдастырылған тәрбиелік-тағылымды шара

Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебінің жоғары санатты музыка және «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі Шахатова Мария Шамилқызы

Көрнекілігі: Плакатқа жазылған «Жастық шақ-даналықты меңгеруге арналған уақыт» атты бас тақырып және М.Жұмабаевтың сөзі «**Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін**»
Мақсаты: -Оқушыларға адам өмірінің ең бақытты,ең сәулелі кезеңі- жастық шағын өкінбестей өткізуге осы шара арқылы ой салу;

-Жасөспірімдік шақтағы ішкі толғаныстары туралы пікірлесу;

Жат қылықтардан аулақ болып,салауатты өмір салтын ұстануға бағыт-бағдар беру; -Қоршаған ортада өзін ұстай білуге,өзгелердің пікірімен санасуға үйрету; -Қолда бардың қадірін түсінуге баулу;

- Өзін-өзі тәрбиелеуге,өз-өзінің бағасын сезінуге үйрету, өмірден өз орнын таба білуге бағыттау.

Міндеттері:

1. Әр адамның қайталанбас тұлға екендігін есте тұта отырып, өзін-өзі тәрбиелеу туралы даналық пікірлермен таныстыру

2. Рухани құндылықтардан ғибрат алуға үйрету

3. Күнделікті өмірдегі мән бере бермейтін ұсақ-түйек нәрселер- адам өмірінің өткен шағы есебінде тарих бетінде қалатындығына назар аударту

4.Оқушылармен бірге ереже жасау, жобалар құру т.б.

Барысы:

1.Ұйымдастыру. Психологиялық дайындық

2.Қонақтармен таныстыру

3.Тақырыптың мақсат-міндеттерімен таныстыру.

4.Топтарға бөлу

5.Слайд арқылы адам өміріне қатысты суреттерге байланысты ой-толғау

6.Жағдаяттарды шешу

7. Қонақтарға сөз беру

8. Жоба қорғау «**Мәңгілік жастық мекені**» 9.Ереже дайындау «**Өмірің өз қолыңда**» 10.Сарапшылар

пікірі 11.Қортынды сөз

Кіріспе сөз.Қадірлі қонақтар,ата-аналар,құрметті ұстаздар және біз үшін ең қымбат жандар-біздің болашағымыз осы залда отырған жастар! Бүгінгі дәстүрден тыс ұйымдастырылған “**Жастық шақ-даналықты меңгеруге арналған уақыт**”тақырыбындағы ой-пікір бөлісу ашық алаңына қош келдіңіздер. Алдымен мына түстерді таңдап,сол таңдаған түстеріңіз бойынша үстел басына жайғасуларыңыз сұралады. Ортамызда ешқандай бөгет болмас үшін осы залда отырған баршамыз Дәрібаевтар жанұясының шығарған «**Өміріңе немқұрайлы қарама**» әнін бірге орындайық. (Рахмет) Жастық шақ- адам өмірінің ең қымбат та, ең бақытты, ештеңеге алаңдамайтын ұмытылмас шағы. Адам өзін өзгелерден ерекше қылып көрсетуге тырысатын уақыты да осы кез.“Армансыз адам-қанатсыз құспен тең” деген халқымыз. Кейбір жастардың келеңсіз немесе сәтсіздікке жиі ұшырап қалатыны да осы кез. Қазіргі уақыт өте жылдам өтуде, көз ілеспес шапшаңдықпен техника да дамуда.Қамшының сабындай осы қысқа ғұмырды өткізіп алмас үшін барды бағалау, уақытты дұрыс пайдалану,заман көшінен қалмау бүгінгі күннің басты талабына айналды. Сонымен,

«**Арыстандай айбатты,**

Жолбарыстай қайратты,

Мен

жастарға сенемін»- деп ұлт мақтаншы Мағжан Жұмабаев жырлағандай,отырған жастардың ішінде айбатты,қайратты болашақтың іргетасын қалайтын тұлғалардың отырғанды-ғына біз сенеміз.Бүгінгі тақырып-барлығымыз үшін маңызды, әрі тақырып бойынша қонақтары-мыздың да лебіздерін өз кезегінде тыңдайтын боламыз. (қонақтармен таныстыру)

Түстер бойынша топтар орналастырылады.

«**Балалық шақ**» (ақ түс), «**Жасөспірімдік шақ**»(жасыл), «**Жастық шақ**»(қызыл), «**Орта жас кезеңі**»(көк), «**Қарттық**»(сары)

Адамның өмірі шартты түрде бірнеше **жас** шамасына бөлінеді. Туылған күннен 14 **жасқа** дейін — балалық кезең; 15 **жастан** 18-ге дейін — балиғатқа толу кезеңі; 18 **жастан** 60-қа дейін ересек кезең болады. Одан кейін қартаю кезеңі басталады.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық

сақтау ұйымының жіктемесі бойынша:

Адам 14 жасқа шейін балалық шақ; 15-17 жас

аралығы- жасөспірімдік кезең;

18-44 жасқа дейін жастық, 45-59 жас орта жас,

60-74 жас москал тартқан, **75-89 жас** қарттық кезең.

Өздеріңіз куә болып отырғандай,адам өмірінің кезеңдеріне байланысты топтарға бөлдік. Енді осы топтардың жұмыстарына сараптама жасайтын ұстаздар тобымен таныстырайын. Мектебіміздің жоғары

білімді психолог мамандары Жанар Нұрланқызы мен Әсел Шайзадақызы және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында “Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында бірінші базалық деңгей бағдарламасы бойынша” курстан өтіп келген биолог маман Жанат Жұмабайқызы.

I.Топтарға тапсырмалар (мәтіннен үзінді беріледі.)

1.«Балалық шақ» тобына

оқып шығындар.

Мұқият
Бір ғұлама

өзеннің қасында отырып күннің ыстығына шыдай алмай су ішкісі келген итті көреді. Бір қызығы: ит судың қасына келіп, су ішейін деп жатқанда, ішпей судан қашады. Осылай 3-4 рет қайталанған соң, ғұлама, иттің судағы өзінің бейнесінен қорқып су ішпей қашатынын түсінеді. Ақырында, шөліне қарсы тұра алмай ит өзенге жүгіріп барып түседі де, судағы бейнесін көрмеген соң, шөлін қандырып су ішеді. Осы орайда ғұлама.....

2.

«Жасөспірімдік шақ» тобына

Мұқият оқып шығындар.

Бір жігіт данышпан қарияға келіп қанша талпынып талаптанса да, қаржыдан қысылып, дүниеге жарымай жүргенін баяндапты.

- Сірә, менің

мандайыма осындай таршылығы мол тағдыр жазылған шығар..

- Талпынып талаптанған

адамның табысқа жетпеуі мүмкін емес, сенің қателігің соны түсінбеуде жатыр,- дейді қария.

Сонан соң данышпан жігітті өзен жағасына алып келіп, өзімен бірге суға алып түсіпті. Адам бойламайтын терең жеріне алып келіп, басынан ұстап, төменге басыпты. Алғашқыда шыдап көруге тырысқан жігіт, болмай бара жатқан соң, жоғары шығуға ұмтылыпты.....

Әңгімеден не ұқтыңдар,өз пікірлеріңді

білдіріңдер.

3. «Жастық шақ» тобына

Мұқият оқып шығындар. **Қарт пен қап**

Бір жігіт әйелі құлағын жей бергеннен кейін әкесін қапқа салып, алыс тауға апарып тастайды. Әкесіне: “Кешір, жағдай осындай болып қалды. Сені үйдегілер жақтырмай жатыр. Ал мен балаларымды қайтіп тастаймын” - дейді. Әкесі оның халін түсініп: “Ешнәрсе етпейді, балам, бара ғой, тек мына қапты ала кет” - деп қапты ұсынады.

Әкесі не айтты деп ойлайсыздар, өз ойларыңызды

айтыңыздар.

4. «Орта жас кезеңі» тобына

Теңіз

жағасын жағалап келе жатқан бір кісі бір нәрселерді жерден алып теңізге лақтырып жатқан бір баланы көреді. Жақындағанда оның толқынмен жағаға шығып қалған теңіз жұлдыздарын құтқармақ болып жатқанын байқайды. Ал көкжиекке дейін созылып жатқан жаға болса, теңіз жұлдыздарына толып-ақ қалған екен. -Сен не істеп жатырсың?-деп сұрайды әлгі кісі.

-Бұлар ертең су

қайтқанға дейін жағада қалып қойса, өліп қалады ғой,-дейді бала таңырқап.

-Бұл ақымақтық қой!,-

дейді қызбаланып әлгі адам, -қарашы олар қаншама, жағада мың емес, миллионы жатыр. Бір өзің ештеңе өзгерте алмайсың, сенің осы жасап жатқан тірлігіңнің мәні бар ма? Бала жерден келесі теңіз жұлдызын қолына алып, шамалы ойланып тұрып, былай депті:

-Менің жасаған тірлігімнің мәні мен маңызы өте зор, әсіресе ...мына бір теңіз жұлдызы үшін,- депті. Әңгімеден не ұқтыңдар,өз ойларыңды білдіріңдер.

II.Топтарға кезек

Ж: Ойлағаныңыз тек оң болсын,

өйткені ойлағандарыңыз - сөздеріңіз болады.

Сөздеріңіз тек оң болсын,

өйткені

сөздеріңіз - әрекетіңіз болады.... Кім дайын екен? Кезекпен тапсырмалар бойынша өз ойларымызды айтайық.(Топтардың ішінен біреуі берілген тапсырмалар бойынша өз түйгендерін баяндайды. Сарапшылар қадағалап отырады.)

III. Слайдқа назар

аударалық.

Өздеріңіз көріп

отырғандарыңыздай,адам өмірінің балалық шақтан бастап кезеңдері суретті бейнеленген. Осы суреттерге қарап өз ойларыңызды білдірулеріңізді өтінемін.

IV.Даналар өмірінен ғибрат алайық! (слайд арқылы)

V. 5.1.Ислам діні жастық шақ туралы (имамға сөз беріледі.)

Жастық шақ өте маңызды болғандықтан Ислам діні әрқашан әртүрлі әдістер арқылы осы жылдардың жемісін пайдалануды қуаттайды. Жастық шақтың құндылығының басқа кезеңдермен салыстырғанда жоғары болғаны сондай, Имам Әли (ғ.с.): «**Екі нәрсенің қадірі мен құнын олардан айрылған адамнан басқа ешкім түсінбейді: біріншісі жастық шақ, екіншісі денсаулық**», - деп айтқан екен..

5.2. Жастық шақ және денсаулық (дәрігерлерге сөз беріледі.)

«Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің,

Отыз тістің қадірін қақсағанда білерсің»- дегендей осы кезеңге тән адам бойындағы жақсы,жаман нәрселер туралы мамандар пікірлер тыңдалады.

5.3.

Жастық шақ және еліктеушілік (құқық қорғау органдарының мамандары, МАИ қызметкер-лерінің пікірлері)

5.4. Жастық шақ және БАҚ (жергілікті газеттің редакторына сөз)

VI.Жоба қорғау

«Мәңгілік жастық мекені»

.-Ерте-ерте, ертеде адамдар құсқа ұқсап ұшуды, алысты жақын егуді, теңіз, көлдердің үстімен жүруді, отынсыз тамақ пісіруді, су түбіне жүзіп, ондағы тіршілікті білуді қиялдапты. Сол қиялдар бүгінгі таңда адамның білімі, даналығы, талабы, еңбегі арқылы шындыққа айналып отырғанына өздерің куәсіңдер. Ал енді топтарға тапсырма ой- қиялдарыңызбен «Мәңгілік жастық мекені» атты жоба жасау тапсырылады. (Уақыт шектеулі __ мин.)

VII. Ереже қабылдау «Өмірің өз қолыңда»

тек оң болсын,
әдетіңіз болады.

Әрекетіңіз
өйткені әрекетіңіз -
Әдеттеріңіз тек оң болсын,

өйткені әдетіңіз - құндылығыңыз болады.

Құндылығыңыз тек оң болсын,

өйткені

құндылығыңыз - тағдырыңыз болады- дегендей, күнделікті өмірімізді жоспарлай білсек, жастық шақта көп жетістіктерге жетуге болатындығына өмірдің өзі дәлел.

VIII. Сарапшылар пікірі

IX. Қорытынды. Сөз соңында, назарларыңызды мына сөздерге аударғым келіп тұр:

“Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек”-деген екен ел президенті Н.Ә.Назарбаев. Ендеше, бойында жастық жалыны маздаған, күш-қайраты тасыған, жаңалыққа құмар, ұлтымыздың ұлылығын асқақтатар жастарымыздың жігері жасымасын. Ел келешегінің шырайын шығарар намысты ұлдарымыз бен қылықты қыздарымыз көп болсын. Келесі жарқын күндерде жүздескенше!

* * * * *

«ҚЫЗЫЛ МИЯ-САҚТЫҢ, ЯҒНИ СКИФТИҢ АЛТЫН ТАМЫРЫ»

№201 орта мектеп. Мектепшілік «Зерде» ғылыми жобасы
Секциясы: Дүниетану Жоба қорғаушы: Шайділда Мақсат
Сыныбы: 1«б» Жетекшісі: Шалқымаева Ұлбосын

1. Кіріспе. Қызыл мия – шөптесін өсімдік.

Мен жоба қорғаушы Шайділда Мақсат 1«б» сыныбында оқимын. Жобамның тақырыбы «Қызыл мия-сақтың, яғни скифтің алтын тамыры» деп аталады. Бұл тақырыпты зерттеуге алған себебім, ауылымызда қызыл мия тамырын өңдейтін зауыт салынып ашылғалы жатқанын үлкендерден естідім. Менің әкем мал бағумен айналысады. Малға мияны орып әкеліп береді, қысқа дайындаған шөптерінің ішінде де мия шөбі кездеседі. Оның кепкен түрін осы кезде мал қорадан көп көріп жүрмін. Сондықтан, мені қызыл мия тамырын өңдеуге байланысты әңгімелер қызықтырып, зерттей бастадым.

Қызыл мия өсімдігінің адам денсаулығына емдік шипасы мол дәрілік шөп екені баршаға мәлім. Біздің дәуірімізге дейінгі 426-484 жылдары бұл дәрілік өсімдік жайлы ежелгі грек тарихшысы Геродоттың өзі қызыл мия тамырының мың сан дертке дауа екенін айтқан екен. Тіпті бұл шөптесін өсімдікті “Сақтың, яғни скифтердің алтын тамыры” деп әспеттепті. Ал қазіргі уақытта дамыған медицинада бұл көптеген дертке дауа екені дәлелденіп отыр екен.

2. Негізгі бөлім. а) Қызыл мия -сақтың, яғни скифтің алтын тамыры. Қызыл мия – бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның шөл, шөлейтті, далалы аймақтарында өседі. Қазақстанда қызылмияның 5 түрі кездеседі екен. Әсіресе, олар Қызылорда облысының барлық аймақтарында кездеседі. Биіктігі 80 – 100 см-дей, тамыры жуан болады. Сабағы тік өседі, жапырақтары қандауыр тәрізді, қарама-қарсы орналасады. Гүлдері көк, күлгін түсті, селдір шашақ гүлшоғырына топтасқан. Тұқымы арқылы немесе вегетативті жолмен көбейеді. Маусым – шілдеде гүлдеп, шілде – тамыз айларында жеміс салады. Жемісі – қабықты бұршақ. Бұл өсімдік жылына бірнеше жүздеген ұрық салады. Тұқымы топырақта 2 – 3 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Қызылмия және миятамыр деген түрлерінің тамырында гликозид, сахароза, эфир майы, органик. қышқылдар, минерал тұздары бар. Сондықтан оларды медицинада, темекі және тамақ өнеркәсібінде қолданады. Жапырағы, сабағы мал азығы ретінде пайдаланылады.

ә) Қызыл мия – дәрі. Айта берсек, бұл өсімдіктің адам ағзасына тигізер пайдасы орасан зор. Мияның тамыры дәрі, оны көктем мен күзде қазып алып, ұсақ, шашақ тамырларын қиып алып тастап, жуып-тазалап кептіреді. Шикідей немесе бал қосып жасалатын дәрілердің құрамына қосады. Қолқа демікпесін емдеуде бұл тамырдың алатын орны өте үлкен. Дененің ыстығын басып, уытын қайтарады. Көкбауырды күшейтіп, әлдендіреді. Өкпені дымқылдандырып, жөтелді басады. Кеудені босатып, қақырық түсіруге көмектеседі, дәрілерді теңестіреді. Денедегі ыстықты басуға пайдаланады.

1. Қолқа демікпесіне берілетін глициам дәрісі осы қызыл миядан жасалады. Түрлі тері ауруларына, аллергияға, асқазан жараларына, ішектердің созылмалы сырқаттарына тиімді дәрі ретінде белгілі. Нақтылап айтқанда, қолқаны тазалап, қақырық түсіруге, жөтелді бастыруға 30 г мия тамыры, 15 г қылша, 15 г өгейшөп гүлі, 15 г қарағай бұршігі, барлығын қосып, жарты литр суға қайнатып, 40 минут бұқтырады. Астан бұрын күніне үш рет ішеді. Бір қайнатқанды екі күннен асырмау керек. Бір емделу мерзімі 15-20 күн.

2. Асқазан және он екі ішек жарасына 31 г ақ жүрек, 30 г балмен өңделген қызыл мия, 16 г тырнақ гүлді

қосып араластырып, әр жолы 3,5 грамнан қайнаған сумен ішеді.

3. Жұтқыншақ қабынып, өкпенің ыстығы көтерілсе, жөтел қисса шикі қызылмия, қоңырау гүл, ошағанның әрқайсынан 9 грамнан қосып, суға қайнатып ішеді.

4. Адам көтеріліп, есі ауысып ауырғанда 31 г тамырдан, солыңқы бидай (дәні толық піспей бүрісіп қалған) 9 г, өңделген мия тамырынан 9 г, шылан ағашының 6 дана жемісі, сарана гүлінен 18 г, қарабас шөбінен 12 г, ерте заманда өлген жануарлардың тасқа айналған сүйегінен 9 г қосып, суға қайнатып, ішеді.

5. Бұзылған тағамдардан уланған кезде: шикі қызыл мия мен бұршақтың әрқайсынан 31 грамды суға қайнатып, ішу керек.

6. Қызыл мияны көз мөлшермен өлшеп, қалыптан асырып алуға болмайды. Ол шамадан асып кеткен жағдайда дене ісінеді. Ет пен терінің арасында натрий қышқылы жиналады. Жоғарыда аталған өсімдіктерден басқамен қосуға да болмайды. Демек, әр дәріні өз мөлшерімен ыңғайына қарап қабылдағанда ғана тиімді болатынын ұмытпаған жөн.

б)Қызыл мияны ысырыпсыз пайдалану мен өңдеудің адам өміріндегі маңызы

Аталмыш өсімдік біздің елімізде, оның ішінде көп бөлігі Қызылорда облысы аумағында өседі деп ауыз толтырып айтқанымызбен, оны әлі де өз пайдамызға жарата алмай, құрдымға жіберіп жатқанымыз қынжылтады. Осыдан бірнеше жыл бұрын, яғни “Батыс Европа-Батыс Қытай” халықаралық дәлізінің құрылысы басталған тұста Сыр жұртшылығы қызыл мияның құрдымға кетіп жатқанын айтып, бір шу көтерген болатын. Себебі сол уақыттарда иесіз жатқан ен дала құрылыс алаңына айналғанда техникалар сыр бойындағы санаулы ағаштарды аударып тастады. Оның арасында өзі аз әрі аса құнды саналатын қызыл мия өсімдігінің біраз бөлігі де келмесе кетті. Осы жәйтке орай аймағымызға іс-сапармен келген халық қалаулыларына тұрғылықты халық сауал тастап, табиғатты қорғауға қол ұшын созуды сұраған болатын. Бірақ аталмыш мәселеге орай қандай шешім жасалғаны бәрімізге беймәлім күйде қалып келе жатыр.

Алайда биыл қызыл мияға қырғидай тиюшілер шетелдік компаниялар ғана емес, өз арамызда да бой көрсетіп отыр. Өзен бойын жағалай қоныстанған халық жыл басынан бері қос-қос жүк көліктерімен келген соқталдай жігіттердің өзі құрдымның аз-ақ алдында тұрған қызыл мия өсімдігін тамырымен қопарып әкетіп жатқанын айтып дабыл қағуда. Өңір жұртшылығының сөзіне құлақ түрсек, бұл өсімдік медицина ғылымы жоғары қарқында дамыған көршілес Қытай сынды шет мемлекеттерде зор сұранысқа ие екен. Бағасы да аспандап тұрғанға ұқсайды. Сондықтан да оңай табысқа кенелуді көздеген кейбір бауырларымыз туған жеріміздің табиғатын аяусыз тонап, бар байлығымызды сыртқа тасумен әлек.

Өкініштісі сол, мұндай бассыздықты көре тұра көз жұма қарап отыр ма, әлде бұл жәйттен бейхабар ма, әйтеуір табиғат - ананың байлығын тонаушыларға «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа табылмай отыр. Жергілікті атқарушы билік тарапынан қандай да бір шара көрілмей тұр. Ал контрабандалық жолмен қызыл миядан қып-қызыл табысқа кенелуді көздеушілер дәрілік өсімдікті «Камаз-камазбен» тасуын тоқтатпақ емес. Бұлай жалғаса берсе, табиғат-ана берген байлығымызды шет ел асырып, ертеңгі күні бармағымызды тістеп қалмасымызға кім кепіл.

Ендеше, алтынға бергісіз байлығымызды шет елге тасуға жол бермеу үшін, біздің ауданымызда қызыл мияны игеретін арнайы өндіріс орны ашылмақшы. Қызылорда облысы Жалағаш ауданында өңір басшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен қызыл мия өсімдігінің тамырын өңдейтін зауыттың іргетасы қаланды. Зауытты «БИС-групп» ЖШС бірлескен кәсіпорны салып бастады. Қызыл мия тамырынан ерітінді дайындайтын кәсіпорынның құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, іске қосылады деп күтілуде. Аймақтағы ірі жобалардың бірі-бұл зауыттың жалпы көлемі 10 гектар жерге орналасқан. Зауыт үш бөліктен тұрады. Жоба құны 1 887 миллион теңге тұрады.

Кәсіпорынның бас директоры Ділдахан Ахметовтің мәлімдеуінше, жоба еліміздің индустриялық-инновациялық бағдарламасына енген және оның өнімдері 100 пайыз экспортқа бағытталатын болады. Мамандар зауыттан шығарылатын қызыл мия тамырының ерітіндісінен бөлек, 1200 түрлі медициналық препаратқа қажетті шикізат әзірлейтін болады. Әлемдік нарықта қызыл мия тамырына Германия, АҚШ, Түркия, Жапония елдері ерекше сұраныс танытып отыр. Зауыт толық қуатына шыққанда 320 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев инвесторларға жобаның жүзеге асуына жергілікті билік тарапынан барынша қолдау жасалатынын мәлім етті. Ал Жалағаш ауданының әкімі СерікСермағанбетовке жоба толық іске асқанға дейін оны жіті бақылап, қолғабыс етуді тапсырды.

Қазақта «қасқалдақтың қанындай тапшы» деген сөз бар. Дәл сол секілді қызыл мия тамырынан сығып алынған шырын тамақ өнеркәсібі, косметика, медицина саласында кеңінен қолданылады. Ал өндірілген өнімнің қалдығын ауылшаруашылығы саласына мал азығы ретінде жаратуға аса пайдалы саналады. Демек, қалдықсыз өнім өндіріп, Қытай, Ресей, Жапония секілді алпауыт елдермен әріптестік бағытта жұмыс жасайтын зауыттың келешегі зор. Әрине, жылына миллиардтаған салық түсіріп, үш жүзге жуық адамды жұмыспен қамтитын зауытты өз аумағында салуға барлық аудан басшылары құмартып еді. Алайда, зауыттың басшысы айтқандай, Жалағаш ауданының әкімі бірінші кезекте барынша қолдау көрсетіп, әкімгершілік кедергілерді туындатпай, мәселені жедел шешіп берген. Бүгінде зауытқа ауданның 47 азаматы жұмысқа орналасты. Жоба бойынша зауыт 2015 жылдың алғашқы тоқсанында пайдалануға беріледі.

3.Қорытынды. Қызыл мияны қорғау және өңдеу біздің негізгі міндетіміз. Қызыл мия өңдейтін зауыттың іске қосылуына жергілікті атқамінерлер де қал-қадірінше қолдау білдіріп отыр. Сондай-ақ кәсіпорын қызыл мия тамырын өңдеп қана қоймай, 2000 гектар жерге оның өзегін егіп, күтіп-баптауды да қолға алмақ. Өндіріс жылына 22 мың тонна қызыл мия тамырын өңдейді. Қазір бұл облыста 80 мың гектар алқапта қызыл мия қоры бар екенін мамандар анықтап отыр. Негізі, жаңа кәсіпорынды іске қосуға ықыластылар қызыл мия қоры елімізде бұдан да көбірек екендігіне сенімді болар деп ойлаймыз. Өйткені бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер еліміздің шөл, шөлейтті және далалы аймақтарында бұрыннан кездеседі. Оның кең тараған 5 түрі өседі. Тіпті зауыт ашып отырған Қызылорда облысының барлық аймақтарын да жерсінген және молынан кездеседі. Негізі, өсімтал, аса күй талғамайтын бұл өсімдік жылына бірнеше жүздеген ұрық салады. Топыраққа түскен тұқым 2-3 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Қызыл мияның тамыры бірнеше ауруға ем, дертке дауа екендігі әлдеқашан дәлелденген. Сондықтан да іргетасы енді қаланып жатқан кәсіпорынның болашағы зор болмақ. Арзымаған тиын-тебенге елімізде өсетін пайдалы өсімдікті шекара асырудың орнына, жергілікті кәсіпорынның аяғынан тік тұруына ел болып атсалыссақ, ол біріншіден, жергілікті халыққа тұрақты жұмыс орны, екіншіден, бюджетке түсетін қомақты қаражат, сосын ел экономикасының дамуына үлкен үлес болар еді.

Қазып, құртқан оңай, әрине. Ал тамырымен жұлынған соң оның орнына келмесі кәдік.

Биологиялық тұрғыдан алып қарағанда, ол өсімдіктің қайта өсіп шығуы үшін жүздеген жыл қажет болуы да мүмкін. Яғни тамырынан түк қалмаған соң ол қайта өсіп шықпайтыны айқын. Қызыл кітапқа енгізіліп отырған қызылмияның тамырын өңдеу үшін ашылғалы отырған зауыттың жұмысына сәттілік тілеп, үлкен үміт күтеміз және төмендегідей ұсыныс айтқым келеді:

- 1.Қызыл мияны ысырапсыз пайдалану үшін оның өсетін аймақтарын қорғауға алса;
- 2.Қызыл мияны егетін арнайы шаруашылықтар ашылса;
- 3.Мектеп оқулықтарына қызыл мия туралы мағлұматтар енгізілсе;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Орал өңірі" газеті 2013 жыл
2. "Таным мен тағылым" журналы, 2012жыл
3. «Жалағаш жаршысы» газеті, 11 желтоқсан 2013жыл.Серік БЕРТАЕВ
- 4.«Сыр елі энциклопедиясы»
- 5.«Қызылорда облысының өсімдіктер әлемі». оқу құралы .2013жыл

* * * * *

7-СЫНЫП. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ

Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебі.

Тарих және қоғамдық білім негіздері пәнінің мұғалімі

1-санатты Құлжабаева Жанар Калиярқызы

Сабақтың тақырыбы: §13. XI-XV ғасырлардағы Франция

Сабақтың мақсаты: Францияның бірігуі, Жакерия, француз халқының батыр қызы Жанна д'Арк-тың өз елін қорғаудағы ерлігі туралы түсіндіру. Оқушылардың оқулықпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, тарихи ұғымдарды талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;

Оқушыларды дүниежүзілік мәдениеттің басты жетістіктерімен сусындата отырып, адамгершілікке, елін, туған жерін құрметтей білуге тәрбиелеу

Сабақтың түрі: аралас **Әдісі:** түсіндіру, хронологиялық кестемен жұмыс

Көрнекілік: карта, суреттер, сызба

Сабақтың барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі

2.Үй тапсырмасын тексеру

3.Жаңа сабақ

4. Жаңа сабақты бекіту

5.Бағалау

6.Үйге тапсырма беру

II.Үй тапсырмасын сұрау:

1.Бір орталықтандырылған мемлекеттің құрылуына кімдер мұқтаж болды?

2.Қолөнер мен сауданың дамуына кімдер зиян келтіріп отырды?

3.Корольдер неге қала тұрғындарымен одақтасты?

4.Монархия деген не?

5.Еуропа елдеріндегі өкілетті билік түрлері қалай аталды?

Жаңа сабақтың жоспары:

- Француз жерлерінің бірігуі
- Жүз жылдық соғыс. Жакерия
- Француз халқының басқыншыларға қарсы күресуі. Жанна д'Арк.

- Елді саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттары.
- XI Людовик және оның корольдік өкіметті нығайту жолындағы қызметі

5. Француз жерлерінің бірігуі.

Корль иелігі—домен деп аталды—Париж бен орманның төңірегінде болды.

Ұлғайту жылдары: а/ басқа жерлерді жаулап алу

ә/ тиімді үйлену б/ мұрагерсіз мырзалардың жерін қосып алу

Король II Филипп Август—Нормандияны, Анжуды, Аквитания, Тулуза графтығын

ГүКөркем Филипп—Шампань графтығын қосып алды.

XIYғ. Францияда орталықтанған феодалдық мемлекет қалыптасты. Бас штат—1302ж. сословиелер өкілдерінің жиналысы.

2.Жүз жылдық соғыс. Жакерия.

1337-1453ж.ж.—Англия—Франция соғысы

Францияның мақсаты: Аквитанияны өзіне қосып алу.Француздар үшін -- әділетті соғыс болды. 1346ж.—Креси маңында—француздар жеңіледі. 1356ж. – Пуатье шайқасы—француздар жеңіледі. 1358ж. – француз шаруаларының көтерілісі. Жакерия деп аталды—Гильом Каль басқарды.

3.Француз халқының басқыншыларына қарсы күресуі. Жанна д Арк.

1360ж. – Англия-Франция бітім жасалды. Бітім бойынша: Франция жерлерінің 3/1 бөлігі ағылшындарға берілді.

1369ж.—соғыс қайта жалғасты.

1415ж.—Азенкур--- француздар жеңіледі.

1420ж. бітім бойынша—Франция өзінің тәуелсіздігін жоғалтып, біріккен ағылшын-француз корольдігінің бір бөлігі ғана болып қалады.

1428ж.—ағылшындар Орлеан қаласын қоршады.

1429ж.—Жанна д Арк Орлеанды босатты. 1430ж.—Компьеон түбінде тұтқынға түсті.

1434ж.—отқа өртеп жіберді.

1453ж.—Бордо түбінде—француздар жеңіске жетеді.

4.Елді саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттары.

1. Нормандия, Анжу, Аквитания, Тулуза т.б. иеліктер қосып алынды.
2. Бас штаттар шақырылды
3. Жүзжылдық соғыста жеңіп шықты
4. Тұрақты әскер құрылды
5. Бургундия басып алынды. ХҮғ. аяғында Францияны біріктіру аяқталды.

Король: -- Әскер тікелей корольге бағынды.

- a. Мемлекет тікелей өзіне тәуелді шенеуніктер арқылы басқарды
- b. Граф, герцог бағынышты болды
- c. Барлық мемлекеттік істерді өзі шешіп отырды.

5.X! Людовик, оның корольдік өкіметті нығайту жолындағы қызметі.

X! Людовик тұсында Францияны біріктіру аяқталды.

Жаңа сабақты бекіту: 1. Карта- схемамен жұмыс.

2.Өзін-өзі тексеру жұмысы.

Бағалау.

Үйге тапсырма беру: 63-беттегі тапсырмалармен жұмыс

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: MS EXCEL-МЕН ТАНЫСУ

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Аққұм бекеті
Негізгі білім беретін №221 Аққұм мектебі
Информатика пәнінің мұғалімі
Садыбаева Назкен Жақсылыққызы

Күні:

Пәні: Информатика

Сыныбы: 8 (сегізінші)

Сабақтың тақырыбы: MS Excel-мен танысу. MS Excel-ге берілгендерді енгізу және редакциялау.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың EXCEL кестелік процессоры, негізгі түсініктер мен амалдар, Excel мүмкіндіктері, жұмыс кестесінің элементтері, жаңа құжатты сақтау, құру, ашу, берілгендерді енгізу және оларды редакциялау туралы білімдерін қалыптастыру.

Тәрбиелік: Компьютермен ұқыпты жұмыс жасауға, жан-жақты болуға, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың көре және ести отырып, есте сақтау және көру қабілеттерін дамыту, ойындар арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Сабақтың типі: жаңа сабақты меңгерту

Сабақтың түрі: аралас сабақ («Ғажайып тоғыздық», «Көңілді батырмалар» ойыны, электронды оқулықпен жұмыс, тірек-сызбалар)

Сабақтың әдісі: Практикум элементтерінің көмегімен демонстрациялау, баяндау арқылы түсіндіру.

Сабақта қолданылатын көрнекі құралдар: Компьютер, оқулық, интерактивті тақта, электронды оқулық

Ғажайып тоғыздық

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу, түгелдеу.

2. Оқушылардың құрал-жабдығын тексеру.

3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.



II. Үйге берілген тапсырманы тексеру.

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

MS Excel - сандық кестелермен жұмыс істеуге арналған Microsoft Office – тің құрамына кіретін программа. MS Excel-дегі ыңғайлы аспаптардың көмегімен алынған сандық мәндерді талдауға, сонымен қатар олардың нәтижесін кесте түрінде беруге болады. Есептеу кезінде 400-ден аса математикалық, статистикалық, қаржылық және басқа да арнаулы функцияларды, әр түрлі кестелердің өзара байланыстарын қарастыруға болады.

Жұмыс кітабы. Microsoft Excel файлы жұмыс кітабы деп аталады. Жұмыс кітабы терезенің төменгі жағына аттары таңбаша арқылы берілген парақ қаттамасының жұмыс парағынан тұрады.

Жұмыс парағы 256 бағаннан және 65 536 жолдан тұратын кесте түрінде беріледі. Жолдар сандармен нөмірленген, ал бағандар әріптерден және әріп комбинацияларынан тұрады. Алфавиттің 26 әрпінен кейін AA, AB т.с.с. әріп комбинациялары басталады.

Әрбір ұяшықтың жол атынан және баған атынан құрылған адресі болады. Кестенің әрбір ұяшығының мекені баған мен жол қиылысында орналасқан. Мысалы, егер ұяшық F бағанында және 7 жолында орналасса, онда оның мекені F7.

Берілгендерді ұяшыққа енгізу. Алдымен тышқан курсорын енгізілетін ұяшыққа апарып шерту арқылы оны белгілеп алады. Сол кезде ұяшық қоршауға алынады, сонымен бірге формуланың сол жақ бөлігінде «A1» жазуы көрінеді. Осыдан кейін берілгендер енгізіледі. Берілгендердің ұяшыққа енгізілгеніне көз жеткізу үшін мына әдістердің біреуімен тиянақтау керек:

* Енгізу пернесін басу;

* Формула жолындағы символмен берілген батырманы басу;

* Басқа ұяшықтағы курсорды шерту;

* жұмыс ұяшығынан бағыттаушы пернелердің көмегімен шығу.


Егер бағанның енінен мәтін ұзындау болса, онда ол келесі бос тұрған бағанда көрсетіледі.


Кестенің элементтерін белгілеу. Кестенің бір ұяшығы әр уақытта жұмыс істеп тұрады. Жұмыс істеп тұрған ұяшық қоршаумен белгіленеді. Ұяшықта жұмыс істету үшін бағыттаушы пернелермен курсорды осы ұяшыққа апару немесе тышқанды шерту қажет.

Жұмыс кітабын құру. Жаңа жұмыс кітабын құру үшін Файл менюіндегі Құру командасын таңдау керек. Ашылған диалогтік терезеде солардың негізінде құрылатын жұмыс кітабының қосымшасын, одан кейін шаблонды таңдау керек; соңынан ОК батырмасын шертңіз.

Жұмыс кітабын ашу. Құрылған жұмыс кітабын ашу үшін Файл менюіндегі Ашу (Открыть) командасын таңдауыңыз керек, сол кезде Құжатты ашу диалогтік терезесі ашылады. Бума өрісінің тізімінен керекті жұмыс кітабы орналасқан дискіні таңдау қажет.

Төменде орналасқан тізім ішінен (екі шерту арқылы) кітап тұрған буманы және кітаптың өзін таңдау керек.

Үнсіз келісім бойынша xls кеңейтілуі және  белгісі бар Microsoft Excel кітабының файлдары ғана тізімге шығады. Басқа типтегі файлдарды немесе барлық файлдарды шығару үшін Файл типі (түрі) өрісінің тізімінен сәйкес типті таңдап алу керек.

Жұмыс кітабын сақтау. Жұмыс кітабын сақтау үшін файл менюіндегі Сақтау командасын немесе Стандартты аспаптар тақтасының  батырмасын шерту керек. Бірінші сақтау кезінде Құжатты сақтау диалогтік терезесі көрінеді, одан Бума өрісінің тізімінен диск, ал төменгі тізімнен кітап сақталатын бума таңдалады. Файл типі өрісінің тізімінде – кітап форматы сақталады. Файл аты қрісіне кітап атын енгізіңіз және Сақтау батырмасын шертңіз.

Қайта сақтау кезінде Құжатты сақтау диалогтік терезесі шықпайды, кітап автоматты түрде сол файлда сақталады. Кітапты басқа атпен немесе басқа бумаға сақтау үшін Файл менюіндегі Қалай сақтау керек командасы таңдалады, сонда Құжатты сақтау терезесі шығады.

IV. Жаңа түсінікті тексеру:

Оқушылар электронды оқулық арқылы берілген тапсырмаларды орындайды

V. Жаңа сабақты бекітуге арналған жаттығулар: «Excel алаңы» ойыны арқылы жаңа сабақты бекітеміз.

11. Microsoft Excel программасы деректермен қандай операциялар орындауға мүмкіндік береді
12. Microsoft Excel программасын іске қосу жолдарын ата.
13. Microsoft Excel терезесі қандай элементтерден тұрады?

14. Microsoft Excel программасында неше жол, неше баған бар?
15. Жұмыс парағының беті бойынша қандай пернелер арқылы орын ауыстырамыз?
16. Кестенің жұмыс беттерін қандай жолдармен ауыстырамыз?
17. Кесте бетінің таңбасының атын қалай ауыстырамыз?

ҮІ. Жаңа сабақты қорытындылау:

«Адасқан әріптер» ойыны арқылы сабақ қорытындыланады.

VII. Оқушылар еңбегін бағалау:

ҮІІІ. Үйге тапсырма беру: Microsoft Excel-мен танысу. Microsoft Excel-ге берілгендерді енгізу және редакциялау.

* * * * *

МҰҒАЛІМ ІСІ СЫРТТАЙ ҚАРАПАЙЫМ БОЛҒАНЫМЕН ТАРИХТАҒЫ ЕҢ ҰЛЫ ІСТІҢ БІРІ

*Қарағанды облысы. Қаражол қаласы Жәйрем кенті
Жәйрем№10ЖББОМ География пән мұғалімі
Мухамеджанова Инкар Габитовна*

Мұғалім мамандығына мен бейіммін, мені ешқашан оқуға қайда барамын, кім болып жұмыс істеймін деген сұрақ мазалаған емес. Әркім бір мамандыққа ыңғайлы. Менің мамандық таңдаудағы алғашқы жетістігімнің бірі осы және тек қана осы жерде, яғни мектепте, балаларға тәрбие, білім беру арқылы қоғамға қандай да бір пайда әкеле аламын деген нық сенім. Бұл сенім мені алға жетелейді. Бір күні осы арманымға жету үшін мен не істер едім деген ой туды. Соңынан осы курс жаныма жәрдемші, оқушылардың білімін дамыту жолында маған көмекші болар деген сенім ұялады. Сонымен, мен өзгеру жолына жүрегіме қадам бастым. Иә, адамды өзгерту мүмкін бе, нық орныққан сананы өзгерту ше? Тынымсыз ой, санамдағы талас, өзімді-өзім жеңу..... Бұл жаңа заманға бет алу

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының үшінші деңгейлік оқуына келмес бұрын, менің сабақтарым бір сарынды яғни дәстүрлі сабақ түрінде өткізіп жүргенмін. Топпен жұмыс жасауды жиі қолданбайтынмын. Жаңа сабақты өзім толығымен түсіндіріп, тапсырманы сұрау барысында, кері байланысты жүз пайыздай қайтарып ала алмайтынмын. Өзімнің түсіндіріп берген материалымды қайтадан өзіме айтып беретін, яғни оқушылардың қосымша кітаптар мен интернет желісіне жүгінбейтін. Осы проблеманы қалай жүзеге асырсам екен деген ой маза бермей жүрді. Биылғы оқу жылы маған үлкен жаңалықпен басталды. Ол Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының үшінші деңгейлік курсына баруым. Осы курсқа қызығушылығыммен қатар жасыратыным жоқ қорқынышта бірге жүрді. Нұсқаулықта көрсетілген жеті модульді алғаш естігенде бойымда түсінбеушілік жағдайы орын алды. Мен қандай оқуға келгенмін деген ой мазалады. Топпен жұмыс жасадық, ынтымақтастық атмосферасын құра отырып оқушылар тәрізді жұмыс жасадық. Тренеріміздің ұйымдастырған әр сабағы көңілді және мен біліп түсіне бермейтін сөздерге толы болды. Осы курс барысында үйренгенім көп болды. Сабақта әр түрлі әдістерді қолдана отырып, теорияны практикамен ұштасытырып өткіздім. Оқушылармен бірге орындаған стратегиялар өзіміздің өн бойымыздан өткізе отырып мектептегі тәжірибе кезеңінде оны жүзеге асырып отырдым. Осы оқуға келіп біраз ақпарат көзін жинағаннан кейін менің көзқарасым бірден өзгерді. Мен осы оқуды бітірген соң мектептің ашық күніне сабақ бердім. Сабақтың тақырыбы: "Аустралия материгі. Жер бедері мен пайдалы қазбалары". Бұл сабаққа көптеген мектептің және горооно басшысы сабаққа қатысты. Оқушыларды шаттық шеңберге тұрғызып, аялы алақандарын беру арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Оқушылардың сабаққа деген жақсы көңіл-күйлері көтеріліп, тұлға аралық байланыс орнады, өзін-өзі реттеді. Топқа мозайкалық әдіс қима суреттермен топқа бөлдім. Бір топта Аустралия материгінің климатын, екінші топқа, Аустралия материгінің табиғат зоналарын, үшінші топқа, Аустралия материгінің пайдалы қазбаларын құрап картасын жасап топқа бөлдім. Сабақтың тақырыбын ашатындай әр-түрлі стратегиялар қолдандым. Олар: Сұрақты тап, Алтын балыққа арналған аквариум, Миға шабуыл, Электронды оқулықпен жұмыс, Жұппен жұмыс, Ментальді картамен жұмыс, Rally Coach стратегиясы, Осы өзгерістерді басқару бойынша дағдылар мен икемділіктерді айта кететін болсам, ең біріншіден өзімді мен көшбасшы ретінде санадым, себебі осы жаңа әдіс-тәсілдерді дұрыс, нақты сабақ барысында қолданып нәтижесін көру керек болатын. Өзімнің іс әрекетіме сипаттама беретін болсам, сабақ бойы жан дүниемді, бар күшімді салдым, әр топқа қалыптастырушы бағаны қолданып отырдым. Оқушылардың барлық сабаққа деген қызығушылықтары артты. Сабақты қорытындылау мақсатында рефлексия алдым, олар, бәрі түсінікті көмектесе аламын, түсіндім бірақ шатасуым мүмкін, ештеңе түсінбедім көмек керек деген сұрақтарға жауап жазып өздерінің есімдерінің тұстарына іліп кетті. Бұл рефлексияны қорытындылай отырып әр кез сабағымды топпен, жұппен, әр түрлі жаңа тәсілдермен сабақты өткізіп отырамын деген ой түйдім. Осы сабаққа тәжірибе алмасу қатысқан мұғалімдердің әр қайсысы сабақ өткізер алдында маған көмек қолын созуымды сұрайды. Мен әр кез оларға көмектесуге тырысамын. Сабақтарына әр кез осы тәсілдердің түрлерін қолдануға немесе сергіу сәтін және сабақ соңында рефлексия алып отыруларын айтамын, сонымен қатар бағалаудың бірнеше түрлерін

қолдануды ұсынамын. Сабақтарымының барлығын топпен жұмыс жасауға дағдыланып келеді. Үнсіз оқушыларым сабаққа қызығушылығының артқанын байқатып, сабаққа белсенділік танытып отырды. Талантты және дарындай оқушыларымды әр қырынан тани бастадым. Әр сыныпта белсенді көшбасшылардың болатынын байқадым. Қазіргі кезде мектепте, әр мұғалімнің сабағында осы оқудың бір немесе бірнеше элементтерін қолданып жатқаны қуантарлық жағдай.

Қандайда бір жұмысты бастағанда адамда қобалжу болады. Бірақ менің осы курста үйренгенім, өзіме деген сенімді арттырды. Сол сенімнің арқасында алынбайтын қамал болмайтынын түсіндім. Оқушыларыма да өзімнің тәжірибемдегі қағиданы ұстануды үйреттім.

Оқушының білім алудағы атмосферасын біз тарылтып ұстап тұратындаймыз. Оларды кішкене ойландыруға уақыт бөлсек, барлық қиындықты жеңуге болады. Ол үшін мұғалім- ата-ана болып бірігіп, оқушыға бағыт-бағдар беріп отырсақ, шет елге көз тікпей – ақ нағыз білімді, мәдениетті, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелейтінімізге толықтай сенімдімін.

Кейде бізге оқушы түк білмейтіндей көрінеді, егер оның жанына үңілсек, оған дұрыс бағыт - бағдар бере алсақ, олардың жемісін жейтін күн алыс емес. Өз беттерінше шама шарқыларына қарай тиімді пайдалы жақтарын түсінді. Осы курста оқыған жеті модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға қалыптастыруға үйретеді.

Қорыта айтқанда, бұл курстың бізге берген жаңалықтары өте маңызды, әрі керек екенін түсіндік.

Бұл бағдарлама сапалы білім беруде оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпалын береді деп ойлаймын. Болашақта өз іс тәжірибемді жалғастырып, зерттеу тақырыбымды тереңірек зерттегім келеді.

Мен үшін ең тиімді сабақ ол-нәтижелі сабақ. Ал сабақтың нәтижесі оқушылардың іс-әрекетінен көрініс табады. Менің байқағаным әлі де оларда еркін ойлау жетіспей жатыр. Әр сабақ барысында оқушылардың белсенділіктері артып сөйлеу мәнері мен көшбасшылықтары қатар жүреді деп айта аламын. Ұстаз мамандығы өте жауапты іс. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктері өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Сол себепті ұстаз білікті маман болуға міндетті деп ойлаймын. Осындай мамандарды даярлау мақсатымен құралған осы курстар үлкен көмек көрсетіп отыр. Бұл бағдарламада сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Жером Брунер: «Орманды өсіру» дегенін алсам біз, мұғалімдер, «рефлексивті агент» болсақ, біздің өсіріп жатқан «орманымыз» – оқушыларымыз. Біз реттелетін болсақ, оқушыларымыз да өздігінен реттеледі деген ой түйдім. Ендігі өз оқыту тәжірибемде осы үйренгендерімді үздіксіз жаңалап, дамытып отырып, оқушыларға сапалы білім беруге бел байладым.

Өзгерістер болады деп ойлаймын. Әрине бір сарынды оқуға қалыптасқан баланы топтық жұмыспен еркін ұстау, жаңа тәсілдермен оқыту қиын екен. Бірақ, балаларыма қатты ұнады. Олардың көздерінен күнде мұғалім бүгін қызықты не әкелді екен? Сабақ қалай өтеді? дегенді жанарларынан оқып маған да сабақ беруіме бір жаңаша құлшыныс пайда болды. Мен аз уақыт ішінде оқушыларымыздәріптестерімді де сабақ өткізу барысында қызықтыра білдім деп ойлаймын және алдағы уақытта бұл әдіс тәсілді қолданып сабақ өткізу жалғасын табатынына сенімім мол. Сондықтан осы жасап жатқан жұмыстың жемісін көретініме нық сенімдімін.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: «ЖАС АҚЫНДАР» САЙЫСЫ

*Дүйсенғалиева Гүлдана Талғатқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай ауылы
Сейдалы Оразалин атындағы орта мектеп тәлімгері*

Мақсаты: Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, әдеби-көркем, мәдениетті сөйлеуге дағдыландыру, мәнерлеп оқуын дамыту.

а) Атадан балаға мирас болған байлығымыз, қазынамыз туған тілге, көркем әдебиетке, оның ішінде поэзияға деген құштарлығын арттырып, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету.

ә) Шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума-талант, табиғи дарындарын анықтау, өзіндік «Менін» қалыптастыру.

б) Алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйретіп, ұлтына, тіліне құрмет көрсетуге, өнерге баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, ақын кітаптарының көрмесі.

Барысы

Тәлімгер: «Қайырлы күн, құрметті оқушылар, ұстаздар! Бүгін өткелі отырған «Жас ақындар» сайысына қош келдіңіздер!

Өлең деген – құдірет қой шынында,

Талант керек, кейде оны ұғуға.

Ұлағат та, тіршіліктің сыры да,

Үңілсеңіз жатыр баба жырында. Ендеше бүгінгі кешіміздің мақсаты – өлең сөзінің құдіретін, мәнін түсіну болмақ!

Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма

қайтадан,

Құдіретті тірлігіңе кірістің бе қайта Адам?

Арма, өмір, бар әлемді баурына алып

шайқаған!

Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қараңдар,

Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар?

Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!

Бүгінгі сайысымыздың бөлімдерімен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер:

I бөлім – «Жырларыммен сырласам». Өз шығармашылықтарыңыздан Ана, Адамгершілік, Достық туралы өлеңдеріңізді оқысыздар!

II бөлім – «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап». Берілген ұйқасқа өлең шығару

III бөлім – «Өлеңмен өрілген ой». Қазіргі жас ақындардың шығармаларын талдау.

Ендігі кезекте қатысушыларды таныстырып өтейік.

1- Мирамбекова Айнұр. Ұстанымы: «Тек қана алға» бкл

2- Бекетова Айнұр. Ұстанымы: «Ешқашанда берілмеу» бкл

3- Айжарыққызы Ұлжан. Ұстанымы: «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға» бкл

4- Жақсылық Жаннұр. Ұстанымы: «Бәріміз біріміз үшін, Біріміз бәріміз үшін» бкл

5- Жақсылық Ұлпан. Ұстанымы: «Өкінбе, өкпелеме бүгініңе

Өмір, өмір болмайды түңілуге

Мәңгі сені жазбаған сүрінуге

Қайта тұрып қақың бар жүгіруге» 8кл

6 – Байшолақова Гүлсезім. Ұстанымы: «Оқы, оқы және оқы!»

7 - Өмірзақова Жұлдыз. Ұстанымы: «Өкпелеме, өмірге өкпелеме» 8кл

Сіздерге әділ баға беретін әділ-қазы алқаларымен таныстырып өтсем:

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің жоғары санатты маманы, мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –

Құлынтаева Қалқа

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, қазақ тілі бірлестігінің жетекшісі – Бақыткелдіқызы Гүлназ

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы – Набиева Сайра

Тәлімгер: Өлең деген тумайды жайшылықта,

Өлең деген тулайды қайшылықта.

Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,

Күнделікті тірлікке бой суытпа- деп, Мұқағали Мақатаев жырламақшы I бөлімімізді бастаймыз. «Толқыннан

толқын туады, толқынды толқын қуады» демекші сайыстың бұл кезеңінде жас ақындар өздерінің Ана, Достық,

Адамгершілік туралы өздерінің төл тумаларын оқиды.

(оқушылар кезекпен өз шығармашылықтарымен таныстырады)

Тәлімгер: Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл ,жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, -деп Абай данамыз өлеңге осылай талап қояды. Енді бірде «Болмасаң да

ұқсап бақ » деп өнерге, ғылымға жақын болуға шақырады. Бұл бөлімде жас ақындарымыз өздерінің ұшқыр

ойлылықтарын, шапшаңдықтарын көрсетеді.

Тақтада беріліп тұрған ұйқастарға өлең жолдарын шығарасыздар!

1..... көруші ем,

..... беруші ең,

..... көкжиектен,

..... бір көрінсең,

3..... аңсаған,

..... қиям саған.

..... қиялдаған,

..... құяр маған.

2..... өрнектелген,

..... жан жетпеген.

..... сен деп келем,

..... шөлдеп келем.

4..... қанаттарын,

..... тағат жаным.

..... қарақтарым

..... сабақтадым.

Тәлімгер: Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,

Есенинмін демедім ешкімге мен.

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдықсыр бар естілмеген. Бұл бөлімде сіздерге Қалқаман Сарин, Назира Бердалы секілді жас

ақындардың өлеңін береміз. Сіздер сол өлеңнің мағынасын ашасыздар!

Кешіккен көктем. Қалқаман Сарин

Көктен алып берердей...

Етек - жеңі жиылмай,
Жатып алды қыс мынау.
Көңіл күй де – бұйырмай,
Қоңыр күйге түстім - ау.

Күтіп жүрмін мен оны,
Көңілге сол қуаныш.
... Жалықтырды себебі,
Жатып алған мына Қыс.

Қытымыр қыс тұр әлі,
Кірпігіне мұз қатып.
Ызғырық жел ұрады,
Тұла бойды сыздатып.

Терезелер. Назира Бердалы

Менің пердем сырылады әлемге,
Терезеден ай қарайды қияқты.
Терезелер...

Бізге жеткен көктем жоқ,
Жеткенменен мезгілі.
Жырлағанмен көк тер боп,
Болмайды екен сөз құны.

Терезелер...
Түнгі Алматы үйлері,
Әрбір үйдің жүрегі бар сияқты...
Әрбір үйдің жағып отын, шырағын
Жан - аналар түнде дұға қылады.
Балапаным аман жүрсе екен деп,
Қанат қағып кетсе дағы қыраны.
Қиядағы қызын ойлап, қамығып,
Ұядағы ұлын жүрер мәпелеп,
Терезеден кенет жанған жарығы –
Сағынышын сездірмейтін әкелер...

Құстар... Хабар бермейді,
Кешігуде көктемім.
Күндіз... көргім келмейді,
Күнтізбенің беттерін.

Терезелер...
Терезесі үйлердің
Естілетін ар жағынан күйлер мың,
Ақ отаудың шымылдығын жамылып,
Жасыратын құпиясын түндердің...
Ғажап түндер...

Барып қайттым баққа мың,
Көктем іздеп көшеден.
Іздегенмен таппадым,
Оған куә осы өлең.

Бар бақытты... Биылғы,
Көктем алып келердей.
Көптен күткен сыйымды,
Тәлімгер: Өлең жыр шырқалды қосыменен,
Сайысты аяқтайық осыменен,
Сау болып тұрыңыздар, қонақтарым,
Сәби де жетіледі досыменен.
Осымен бұл қызықты тәмәмдасақ,
Бұл жайды айтамызба жаман болсақ,
Үйрендік білмегенді осы жолы.

Тағы да үйренеміз аман болсақ. Сайысымызды жабық деп жариялаймыз. Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: АҚСАҚ КИІК. ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ

*Атырау қаласы. №11 Ы Алтынсарин атындағы орта мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі
Жұмағалиева Күлән Ғабдыжанқызы*

Сабақтың тақырыбы: Ақсақ киік. Әуелбек Қоңыратбаев. Ана тілі 3 сынып

Сабақтың мақсаты: Білімділігі: Оқушыларға автор туралы қысқаша түсінік беру. Мәтіннің мазмұнын түсіндіре отырып, негізгі ойды анықтау.

Дамытушылығы: Оқушылардың сөздік қорларын молайту, ой - өрістерін, тіл байлықтарын арттыру. Тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру.

Тәрбиелігі: Табиғатқа деген қызығушылықтарын ояту, жануарларды қорғап, аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сұрақ - жауап, түсіндіру, сипаттау, ой қозғау, талдау.

Көрнекілігі: Ә. Қоңыратбаев суреті, аң - жануарлардың суреті, мақал - мәтел, сөзжұмбақ, интерактивті тақта

Пәнаралық байланыс: дүниетану, математика.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру. М. Сүндетовтың «Қайырымдылық» мәтіннің мазмұнын айту. Мәтін бойынша

оқушылардың білімдерін пысықтау.

Сұрақтар:

1. Мұғалима Мұхтарды не үшін мақтады?
2. Мектептен келе жатып қандай оқиғаға тап болды?
3. Мұхтар не үшін қуанды?
4. Мұхтарға анасы не үшін ұрыспады?
5. Әңгіме неге қайырымдылық деп аталған?
6. Қайырымдылық дегеніміз не?
7. Балалардың әрекеті дұрыс па?

III. Сабақты бекіту. Дәптер бойынша берілген тапсырмаларды тексеру.

Тапсырмалар: 1. Кейіпкерге хат. 2. Қамқорлық 3. Мұхтарға мінездеме. (Балалар өздерінің жазып келгенін оқып береді.)

- **Тақтада сандар берілген. Осы сандарды ретімен қойсаңдар, бүгінгі күнгі жаңа тақырыптың аты шығады.**

10 - к

30 - і 20 - и 70 - ң, 80 - а 130 - ы

40 - к 50 - т 60 - і 90 - й 100 - л 110 - а 120 - с

К и і к т і ң а й л а с ы

IV. Жаңа сабақ. 1. Автор туралы мәлімет беру.

Әуелбек Қоңыратбаев

↓

1905 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген

Әдебиет зерттеуші, сыншы, ғылым докторы

Педагогикалық оқу орнында қызмет атқарған

«Сұр көжек», «Ғ. Мұратбаев туралы естелік, «Қозы Көрпеш»жырын. «Қорқыт ата кітабын» қазақ тіліне аударған.

2. Оқулықпен жұмыс.

а) Мәтінді оқып, сөздік жұмысын жүргіземін.

б) Оқушыларға кезекпен оқытамын.

Қосымша мәлімет беру: Киік - жұптұяқ жануар. Киікке байланысты аңыз - әңгімелер, теңеулер жиі кездеседі.

Мысалы: «Қырында киік жайлаған, суында балық ойнаған» (Асан - Қайғы). «Киіктің киесі бар» деген ұғымдар халық арасында кеңінен тараған. Киік деп халық көбінесе, ақбөкен мен қарақұйрықты айтады.

Балалар енді тапсырмаларды орындайық.

1 - нұсқаға:

1. Мәтінге сүйеніп, аң мен жануардың жауларынан сақтанатын қару - құралын, айла – тәсілін ата. (Қасқыр - тіс, қабан - азу, ақбөкен - аяқ, Теке өтірік ақсап, өз үйірін қорғады.)

2. «Таяқ сілтем жер» тіркесіндегі «таяқ сілтем» сөзін басқаша айтып көр.(таяқ сілтем - жақын)

2 - нұсқаға:

1. Мәтіннен ақсақ киіктің ақылдылығын көрсететін тұсты оқы. (Теке өзінің үйірін, буыны қатаймаған лақтарын аман сақтау үшін өтірік ақсап, айла етті. Сөйтіп ол қасқырларды басқа жаққа адастырып әкетті. Киіктің бір текесі он шақты қасқырды осылайша алдап кетті.)

2. «Діңкесі құрыған» тіркесінің мағыналас қатарын тап.(шаршаған, шалдыққан)

3. Суретпен жұмыс.

Мәтінге сүйеніп, сурет бойынша әңгіме құрау.

4. Топтастыру. Киік

Баласын құралай дейді

Көзі әдемі, аяқтары жіңішке

Танауы үлкен

Таза су ішеді

Шөппен қоректенеді

Мүйізінен дәрі жасайды

Жауы көп

V. Сергіту сәті.

«Мақал - мәтелдер жалғасын тап» ойыны.

1. Балығы болмаған ---- көл құрысын,

Киігі болмаған ----- шөл құрысын.

2. Тауда жүрген ---- киіктің

Көзінен өзге ----- айыбы жоқ.

3. Қасқырдың ойлағаны ---- арамдық,

Қойдың ойлағаны ----- амандық.

4. Қасқыр тойғанына емес, ----- қырғанына мәз.

VI. Сабақты қорыту. Сөзжұмбақ шешу.

1.Мәтіннің авторы кім?(Әуелбек)

2. Қасқырлар нелерге шабуыл жасады?(киік)

3. Қасқырлардың қаруы.(тіс)
4. Мәтінде қай мезгіл суреттелген?(күз)
5. Ақбөкеннің сүйенері не?(аяқтары)
6. Ақбөкен қандай аң?(жүйрік)
7. Қасқыр, қабан ше?(аң)
8. Киіктің лағы.(құралай)

9. Ақбөкен қандай үй жануарына ұқсайды?(қой)
10. Теке өзінің үйірін қасқырлардан несі арқылы құтқарды?(айла)
11. Қабанның қаруы.(азу)
12. Киіктер суатқа не үшін келді.(су)
13. Киіктердің жауы.(қасқыр)

VI. Үйге тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұндау. Табиғаттағы аң - құстардың тіршілігі туралы шағын әңгіме жазып келу.

VII. Бағалау

* * * * *

ЕЛІМІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ. ТУ. ЕЛТАҢБА. ӘНҰРАН

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы селосы №7 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі *Джанбирова Гүлжанның* ана тілі пәніне арналған қысқа мерзімді жоспары

Сабақтың атауы	<i>Еліміздің мемлекеттік рәміздері .Ту.Елтаңба.Әнұран.</i>	
Сілтеме	<i>Оқулық , Бейнеүзiк («САК Жебе»- анимациялық студиясы «ТУ»)бейнеүзiк «Рәміздер», Слайд: «Ел рәміздері»</i>	
Жалпы мақсаттар	<i>Қ.Р. мемлекеттік рәміздерін ,оның құрылу тарихын,мемлекеттік атрибуттардың мәні мен рөлін зерделету. Жеке тұлғаның жағымды қасиеттері мен сезімдерін дамыту.Топтық жұмыс арқылы талдау, салыстыру ,ой қорыта білу қабілеттерін дамыту.АКТ-ны пайдалану арқылы рәміздерге қатысты жаңа мағлұматтар беру</i>	
Оқыту нәтижесі	<i>Ел рәміздері туралы түсініктері кеңейеді. Қосымша материал арқылы жаңа терминдермен (вексилология,геральдика) танысады.Белсенділік танытып, топтық жұмысқа етене араласады. Жаңа әдіс- тәсілдермен жұмыс жасауға үйренеді. Ел рәміздерін қастерлейді. Ойлау қабілеттері артады. Эмоциялық әрекет арқылы өзін- өзі реттейді .</i>	
Негізгі идеялар	<i>Қазақстан Республикасының рәміздері жөнінде мәлімет беру.Рәміздердің белгілерінің мән- мағынасын түсіну және авторларымен танысу.</i>	
Тапсырмалар	<i>1-тапсырма:Орталықтарға бөліну I-топ -«Қазақстандағы егін шаруашылығы» II- топ -«Қазақстандағы мұнай-газ өндірісі» III- топ –«Қазақстанда көмір өндіру» IV-топ- «Қазақстандағы ғарыш айлағы Модуль:Сыни тұрғыдан ойлау</i>	<i>2- тапсырма: Топтастыру. I-топ -Қазақстанның таулары II- топ -Қазақстан өзен-көлдер III- топ – Қазақстанда өсетін ағаштар IV-топ-Қазақстанның атақты адамдары Модуль:Сыни тұрғыдан ойлау</i>
	<i>3- тапсырма: Оқулықпен жұмыс. Ту, Елтаңба,Әнұран Модуль:Сыни тұрғыдан ойлау</i>	<i>4- тапсырма.Тұжырымдамалық картамен жұмыс: 1-топ:Ту, 2-топ-елтаңба,3топ-әнұран,4 топ-Жасырынған сөздерді табу. Модульдер: Сыни тұрғыдан ойлау,Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер</i>
	<i>5- тапсырма: «Белгілер сөйлейді» Топтық жұмыс Постермен қорғау I-топ –Ту II- топ -Елтаңба III- топ –Әнұран IV-топ-Еліміздің картасы Модуль:сыни тұрғыдан ойлау- талқылау, топтастыру.Талантты және дарынды балаларды оқыту</i>	
Кейінгі тапсырмалар	<i>Қорытындылау. Бағалау бетшесін , кері байланыс қағаздарын толтыру,өз ойларын айту.</i>	

Үй тапсырмасы	Еліміздің рәміздеріне -21жыл» тақырыбына эссе. Мәтінді мәнерлеп оқу, Мазмұны
С А Б А Қ Б А Р Ы С Ы	
Мұғалімнің жазбалары	Оқушының іс әректі
<p>I. Ұйымдастыру бөлімі: I. Шаттық шеңбері. Қазақстан картасының пішінін жасау . 1-тапсырма: «Мен не білемін?» Оқушылар бір сөзбен Қазақстан туралы білетіндерін ортаға салады. Мысалы: Елім бақытты, пайдалы қазбаларға бай, Еуразия құрлығында орналасқан т.с.с. 2. Ағаш үйдің пішінін жасай отырып, кереге, шаңырақ, бақан, уық топтарына бөлемін.</p> <p>II. Үй тапсырмасын тексеру. 1- тапсырма: Орталықтарға бөліну I-топ -«Қазақстандағы егін шаруашылығы» II- топ -«Қазақстандағы мұнай-газ өндірісі» III- топ –«Қазақстанда көмір өндіру» IV-топ- «Қазақстандағы ғарыш айлағы»у</p> <p>2- тапсырма: Топтастыру. I-топ -Қазақстанның таулары II- топ -Қазақстан өзен- көлдер. III- топ –Қазақстанда өсетін ағаштар IV-топ-Қазақстанның атақты адамдары</p> <p>III. Жаңа сабақ. I. Ой қозғау. «Ту» Бейнеузіктер көрсетілімі</p> <p>IV. Мағынаны тану. 3- тапсырма: Оқулықпен жұмыс. Ту, Елтаңба, Әнұран Сұрақ- жауап. 4- тапсырма Тұжырымдамалық картамен жұмыс: 1-топ: Ту, 2-топ-елтаңба, 3топ-әнұран, 4 топ-Жасырынған сөздерді табу.</p> <p>IV. Сергіту сәті: Керегені жазайық Шаңырақты құрайық Уық болып іліп Елтаңбадай болайық. Қызықты мәліметтер: 1. Рәміз авторларымен танысайық 2. Сөздік жұмысы: Геральдика [елтаңбатану] Вексилология [тутану]</p> <p>V. Қорытындылау 5- тапсырма: «Белгілер сөйлейді» Топтық жұмыс Постермен қорғау I-топ –Ту II- топ -Елтаңба III- топ –Әнұран IV-топ-Еліміздің картасы</p> <p>VI. Үй тапсырмасы: Еліміздің рәміздеріне -21жыл» тақырыбына эссе. Мәтінді мәнерлеп оқу, Мазмұны</p> <p>VII. Бағалау. Формативті бағалау Кері байланыс:</p>	<p>Оқушылар шаттық шеңберіне тұрып, еліміздің картасының пішінін жасайды және алдыңғы сабақта өткен Қазақстан туралы мәліметтерін бірауыз сөзбен жеткізеді. Одан кейін ағаш үй сүйектері арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>Әр топ өздеріне берілген орталық тапсырмасы бойынша сөйлейді және топтастырады.</p> <p>Көрсетілген бейнеузік бойынша тақырыптың мағынасын аша отырып, әр топ тақырыптыры бойынша мәнерлеп оқиды және оқығандарын, көргендерін тұжырымдамалық картаға түсіреді.</p> <p>Сергіту сәті бойынша жаттығулар жасайды.</p> <p>Постерге түсіреді және қорғайды.</p> <p>Топбасшы топ мүшелерін бағалайды.</p> <p>Жеке жұмыс жүреді оқушылар кері байланыс парағын толтырады.</p>

АНИМАЦИЯ ӘСЕРЛЕРІН БАПТАУ. ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРДЫ КӨРСЕТУ

Қызылорда облысы. Қазалы ауданы. Тасарық ауылы
№238 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі
Косбанбетова Гүлжазира Сериковна

Тізбектелген сабақтар топтамасы

Мұғалімнің аты – жөні	Қосбанбетова Гүлжазира		№238 орта мектеп
3-апта	4 күн	2 сабақ	14 ⁵⁰ -15 ³⁵
Сабақ атауы	Анимация әсерлерін баптау. Презентацияларды көрсету		
Сілтеме	Білім стандарты, оқулық,.....		
Жалпы мақсаты	Анимацияларды баптауды және презентацияларды көрсетуді үйрену		
Күтілетін нәтиже	Анимация жасау мен презентацияны көрсетуді үйренеді		
Негізгі идеялар	Презентация, анимация		
Тапсырмалар /wiki материалдары	Ғаламтор,Power Point,интернет желісінен алынған материалдар,оқулықтар		
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары	Уақыты	Мұғалімнің іс – әрекеті	Оқушының іс - әрекеті
КІРІСПЕ	3 мин	Ынтымақтастық атмосферасы Кәдімгі керемет ойыны «Үй тапсырмасын талдау» әдісі Бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек»	Сәлемдеседі, сабаққа назарларын аударады
	5 мин		Үй тапсырмасы арқылы сұрақтар қояды,оқушылар үй тапсырмасын бірге талдайды Оқушылар бір – біріне екі жақсы жағын, бір ұсыныстарын айтады
ТҰСАУКЕСЕР	5 мин	Жеке топтық жұмыс формасы: Анимация мен дыбысты кірістіру туралы жұмысты талқылау	Жаңа сабақ бойынша жұмыс жасай алады
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	10 мин	Өзара оқыту әдісі: (мәтінмен жұмыс жасау) Өз жартыңды тап әдісі: (жұппен жұмыс жасау) Практикалық жұмыс: 1. Көктемнің суретін презентациямен көрсету 2. Отбасы және мен тақырыбында жоба қорғау Оқушылар білімін бақылау және бағалау Табыс критеріі 9 ромб	Мәтінмен танысады
	5 мин		Жұппен жұмыс жасай алады
	5 мин		Практикалық жұмыста жұптасып жұмыс жасай алады. Компьютерді еркін меңгерген
	5 мин		Оқушылар өздерінің сабақты меңгеру дәрежесін тақтада ілулі тұрған 9 ромбтың ішіне жапсырады. Ол топтардағы жұмыстардың нақты бағасын көрсетеді
ҚОРЫТЫНДЫ	5 мин	Пайымдау сұрақтары әдісі 1. Сабақта не маңызды болды? 2. Сабақта не үйрендіңдер? 3. Сабақта жаңадан не білдіңдер? 4. Сабақта не қызық болды?	Бір сұраққа бірнеше оқушы жауап береді

		Үйге тапсырма	
Сабақтың жабдықтары		Электронды оқулық, компьютер.	Электронды оқулықты, компьютерді сабақта падалану
Келесі тапсырмалар		Анимация әсерлерін баптау. Презентация көрсету	Анимация әсерлерін баптау. Презентация көрсету тақырыбын үйге оқып және «Менің отбасым» тақырыбына шағын презентация жасап келу
Сабақты талдау			
Тәжірибелік сабақты бағалау			
Сабаққа өзгертулер енгізу			

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕАТИВТІЛІКТІ ДАМУ

Архабаева Жұпар Көпбайқызы
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
№11 жалпы орта білім беретін мектебі
Жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі

Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімнен аспанға жол салынар. Жүсіп Баласағұн

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі - тұман» - деп Міржақып Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда қоғамдағы болып жатқан өзгерістер ең алдымен білім берудің жаңа бағыттарын, әдіс-тәсілдерін айқындауды алға тартып отыр. Қоғамның қай саласы болмасын мамандардан өз кәсібіне сай терең білімімен қатар оның бойынан күрделі мәселелерді шешудегі ерекше қабілеттілік, тапқырлық, шығармашылық қасиеттер талап етілуде.

Оқушының білім алуға деген қызығушылығын ол арқылы адамның креативтік қабілетін ашу, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыру, әлемді өзінше тани білуге жетелеу арқылы дамуға болады.

Зерттеу еңбектеріндегі креативтілікке берілген анықтамаларға тоқталатын болсам. Е.Торренс креативтілік білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір мәселелерді шешудегі қабілеттілік деген анықтама береді. Ғалым креативтілік моделінің негізгі үш белгісін ұсынады:

- ой ұшқырлығы (нәтижелігі-өнімділігі);
- жағдаяттардағы икемділік;
- тұлғалық ерекшелік, өзіндік шешім [2].

Бұл тәсілде шығармашылық өлшемі нәтиже сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіріп, жандандыратын сипаттар мен үрдістер ретінде көрінеді.

Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Көптеген зерттеулерде ғалымдар «креативтілік» ұғымына анықтама беруде креативтіліктің бір сипаты ретінде жеке тұлғаның жағдаяттардан шыға білу қабілеті мен өзіндік мақсатты нақты қоя білу қабілеттілігіне тоқталады.

Л.Ермолаева-Томина шетел зерттеушілерінің тәжірибесін жалпылай келе, креативтілікті әртүрлі қабілеттердің жиынтығы ретінде анықтайды, қабілеттер әр адамда жеке-дара әр сапада көрінетініне тоқталып, келесі белгілерін көрсетеді:

- тәжірибеге ұмтылушылық - жаңа проблемаларға икемді, мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік - тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы - тез арада, кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы - өзбеттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару

Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе креативтіліктің құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады: аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерде тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисынды ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру, т.б. Креативтілік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады.

Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Креативтілік деген не? «Жаңа» ой - бұрынғы ой элементтерінен жаңа ойды құрастыру. Жаңа ой құрастыру - ол оқушының еш байланыспайтын ой элементтерінің арасынан жаңа ой құрылуын көре білуі, жасай алатын қасиетіне байланысты болып келеді. Креативтілік – ол «бұрын байланыспайды» деп есептелген ойлардың бірігуі. Шығармашылық жұмыс алдындағы ойдың кейіннен шабыттануға, нұрға бөленуге апаратын процесс болып табылады. Ағылшын ғалымы Г.Уоллес шығармашылық процестің үш сатысын анықтады, олар: дайындық, пісіп жетілу, нұрға бөлену, тексеру кезеңдері. Шығармашылық сәттің басты сатысы - ізделініп отырған нәтижені сезу арқылы қабылдау - нұрға бөлену сәті. Шығармашылық процестің психикалық ерекшелігін белгілей отырып, К.С. Станиславский шығармашылық жұмысының пайда болуы барысындағы жеке тұлғаның рухани күштері мен жоғары саналығының бірігуі екенін анықтайды. Сонымен, креативтілік - жеке тұлғаның салыстырмалы түрде тұрғылықты мінездемесін сипаттайтын шығармашылыққа қабілеттілігі, шығармашылық дарындылығының деңгейі болып табылады. Креативтілік – дағдылар, дәлелдер, қорлар синергиясы Шығармашыл түрде ойлау дағдылары -дәстүрден тыс ойлау қабілеттілігі, бұрынғы ойдың жаңа оймен үйлесімділігі. Креативтілік ішкі дәлелдер - креативті болуға ықыласты болу. Қорлар - қажетті ақпаратқа қатысты білімділік, тәжірибе Шығармашылық - бүкіл адамзат болмысының маңызды сапаларының бірі. Ол жаңалыққа жетудің және ізденудің, іс-әрекет әдістерінің қайталанбас нәтижелерімен сипатталады. Шығармашылық әрқашан қайталанбайтын болып табылады. Ол - оқушының өзін жетілдіруге, өз бетімен білім алуға қабілеттілігі; білімі мен интуициясына негізделген суырып салмалылық қабілеті. [3].

Көшбасшы мұғалім ретінде мұғалімдермен «Сын тұрғысынан ойлау тапсырмалары арқылы креативтілікті дамыту» тақырыбында коучинг сабақ өткіздім.

Коучинг сабағымды оқыту мен оқудағы сыни сын тұрғысынан ойлау

Мақсатым: Оқушылардың алған білімін мектептен тыс жерде қолдана алу дағдыларын жетілдіру үшін олардың креативтілігін дамытудың маңыздылығына топтық жұмыс және қарым-қатынас жасау арқылы ұстаздардың көзін жеткізу. Мұндағы міндеттерге тоқталсам:

✚ топта жұмыс жасау үшін жағымды психологиялық ахуал орнату, сенімді атмосфера құру, стандартты емес шығармашылық ойлауға үйрету;

✚ сын тұрғысынан ойлау негізінде креативтілікті дамытуға арналған тапсырмалар орындау;

✚ қойылған мақсат пен күтілетін нәтижеге жету анығырақ көрінетін тапсырмалар арқылы коучинг сабақ қорытындысын шығару.

Түйінді идеялар: креативтілікті дамыту.

Оқу нәтижелері: Креативтіліктің анықтамасын біледі, стандартты емес ойлай алады.

Дереккөздер: флипчарттар, маркерлер, стикерлер(түрлі түсті), түрлі-түсті карточкалар, тапсырманы орындауға арналған парақтар, презентация.

Коучингке қатысушыларды коучингтің мақсат-міндеттерімен таныстырып, сергіту сәті ретінде «Құмыра» ойынын ойнаттым. Коучингке қатысушылар дөңгеленіп тұрады да құмыраны көршісіне асқан ептілікпен береді. Және беру тәсілі бірде бір рет қайталанбауы керек. Осы жаттығу нәтижесінде коучинг сабаққа қатысушылар арасында сенімге бағытталған жағымды орта қалыптасты. Құмыраны бір-біріне беру және қабылдау арқылы олар бір-біріне сенім білдірумен қатар, құмыраны беру тәсілдерін қайталамау арқылы креативтілік дағдысын көрсетті.

«Құмыра» тапсырмасын орындау арқылы ойлаудың қандай түрін дамыттыңыздар? - деген сұраққа «шығармашылық», «ерекше», «басқаша» деп жауап берді. Сонан соң «шығармашылық» және «бақаша» деген сөздер бойынша топқа бөлдім.



5. Ой шақыру кезеңі. Топтық жұмыс.

Тапсырма : «креативтілік» сөзіне кластер құрастыру
Коучинг сабаққа қатысушылар «креативтілік» сөзіне кластер құрастырып, креативтіліктің анықтамасын шығарды, таныстырды.

6. Мағынаны тану кезеңі. «Креативтілік деген не?» таныстырылымын көрсете отырып, креативтілікке анықтама бердім. (слайд)

3.Ой қозғау кезеңі. «Креативтілікті қандай жолмен дамытуға болады?»

деген сұрақты ашуға арналды. Мұнда қатысушылардың стандартты емес тұрғыда шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуына әсер ету мақсатында «Қабыспайтындарды қабыстыр» жаттығуын орындаттым. Қатысушылар жұпта жұмыс жасады.Түрлі-түсті карточкалар арқылы топтарға тапсырмалар бердім. Мақсатым: қатысушылардың стандартты емес тұрғыда шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуына әсер ету.

Карточкалар:

Сары түсті: күлкі, таңсәрі Күлгін түсті: ұшқыш, кеме
Көгілдір түсті: терезе, арман

Жасыл түсті: шам, мысық Қызғылт түсті: жұлдыз, квадрат

Карточкаларда бір-біріне қатыссыз екі сөз жазылған. Сол сөздерді кірістіріп, бір-біріне байланыстыра отырып шағын әңгіме құрастырды, өлең шығарды, сурет салды.

Мысалы. «Күлкі және таңсәрі» деген сөздерге күліп шығып келе жатқан күннің суретін салып,

Көзімді аштым, таңсәріден оянып,

Құлағыма үні келді күлкінің.

Күн есігін қуанышпен шат ашып,

Арайлансын жеңіспенен әр күнің!-деп өлең жазыпты.

Жұптар бірін-бірі «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалады.

3. Ой толғаныс кезеңі. «Үйге

берілген тапсырманы білмей және оқулық жоқ болған жағдайда үй тапсырмасын орындау, яғни баланың нанымды сылтауы»

Әдісі: «515» (5 минут ішінде проблеманы шешетін 15 идея жазу әдісі)

Әр топ өз идеяларын таныстырды және соның ішінен тиімді дегендері таңдалып алынды.

4. Рефлексия. Коучингке қатысушылармен «Мен бүгінгі сабақтан өзіммен бірге не алып кетемін?», «Білетіндерім мен білмейтіндерім» деген сұрақтар бойынша пікір алыстым.

Кері байланыс: Қатысушылар кері байланыс парағын толтырды. Онда: тапсырмалардың қызықты және креативті ойлауды қажет ететіні, таныс емес адамдармен бір топта ынтымақтаса жұмыс істеудің ерекшелігін, осындай тапсырмаларды сабақта қолданатындары жайлы пікірлерін білдірді.



Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей 2-басылым
2. Гартунг Т.А. Развитие креативности подростков средствами дисциплин гуманитарного цикла. Автореф. дис.к.пед.н.-Тюмень, 2008г.
3. Коджаспирова Г.М. Педагогика:Учебник.-М.:Гардарика,2004.

* * * * *

МАЙДА ЕРИТІН ДӘРУМЕНДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ. ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС

Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Абай ауылы
№ 25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі КММ
8-А сынып оқушысы Асханова Салтанат
Жетекшісі: Биология пәні мұғалімі Жиеналиева Әтіргүл

Жобаның мақсаты: Кез – келген елдің болашағы оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. Оқушыларға салауатты өмір салтын уағыздау, зиянды әдептерден аулақ болуға баулу. Жасөспірімдерге майда еритін витаминдердің маңыздылығын түсіндіріп, денсаулығына көңіл бөліп, уақытымен тамақтану, күн тәртібін сақтау, әртүрлі үйірмелерге қатысуларына жағдай жасау. Әрбір баланың денсаулығы қымбат екенің түсіндіру.

Ғылыми жобаның міндеттері:

- Балалардың күнделікті өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Дұрыс тамақтану және күн тәртібі;
- Таза табиғи тағамдарды күн тәртібіне енгізу.

Ғылыми жобаның мәселесі: Майда еритін витаминдердің (А, Д, Е, К) жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды анықтау және алдын алу іс – шараларын биологиялық және химиялық тұрғыдан зерттеу және сол ауруларды болдырмау.

Ғылыми жобада зерттелді: „№25 Г. Титов атындағы ЖОМ” КММ – нің 11 – 14 жас аралығындағы оқушылардың денсаулықты жақсарту мәселелері.

Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша: Оқушыларға майда еритін витаминдерді адам денсаулығы үшін маңызы, олардың жетіспеушілігінен туындайтын аурулардың алдын – алу шараларын молайтуға және жоспарлауға үлкен мүмкіндік берді.

Кіріспе

Дәрумендер ағзаның тіршілік қабілеті үшін қажетті зат, ол адамның дене және ой еңбегін арттырады, оның өсуі мен дамуын, ауруға қарсы тұру қабілетін қамтамасыз етеді. Тағам құрамында дәрумен жеткіліксіз болса, организм нашарлап, ауруға шалдығады, жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды.

Адамның денсаулығының жақсы болуы үшін бірінші кезекте дәрумендерді жеткілікті мөлшерінде болуына

тікелей байланысты. Алайда, керісінше олардың жеткіліксіздігі көптеген ауруларға әкеліп соғады. Мәселен, егер ағзада дәрумендер аз болса, адам тез қажып, асқа тәбеті нашарлап, жүйке жүйесінің қызметі бұзылып, ауруға жиі шалдығады. Сондықтан да адамдар – денсаулығының жақсы болуы үшін үнемі ағзасын дәрумендермен қамтамасыз етіп отыру керек.

Полюстік экспедицияларда көптеген зерттеушілер, сондай – ақ ұзақ мерзімді кемемен жүзде теңізшілер белгісіз аурудан қайтыс болған.

Бірінші жер шарын айналып, саяхат жасаған кемедегі Колумб және оның жолдастары емделіп жазылудан еш үміт болмаған. Бірақ бірнеше айдан кейін таңғажайып оқиға болды, олар оралған соң көкөніс пен жеміс – жидекпен қоректенгенде аурудан айығады. Соның құрметіне бұл аралды „айығу” деген мағынаны білдіретін португал тілінде „Кюрасао” деп атайды. Магеллан саяхатты (XVIғ) үш кемеден құралған экипажды үш жылдан соң өте аз адам оралады. Олар әртүрлі жағдайда көбісі қыркұлақ ауруынан қаза табады. Крузенштерн басшылығымен жасалған саяхат сәтті болды. Өйткені Крузенштерн алған тұздағы азық – түлікте С витамині көп мөлшерде болған.

Тек 1881 жылы орыс дәрігері Н.И. Лунин тәжірибелері негізінде осы аурулардың себебін тамақ құрамындағы қандай да бір ерекше заттардың болмауынан екенін анықтады, кейін 1911 жылы поляк ғалымы К. Функ тазартылған күрішпен қоректенген көгершінде пайда болған ауруды емдеген, күріш кебегін витамин деп атайды. Витамин латын тілінен „Vita – өмір, „ amip” – қажетті деген мағына береді.

Витаминның барлық түрінде азот болмайды. Екі атауы сақталып қалды.

Витамин (дәрумен) – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың организмінде зат алмасудың бірқалыпта болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті арнайы қоспалар.

Дәрумендердің негізгі көзі – жемістер мен көкөністер. 1881 жылы Николай Фунин тағам құрамында қандай да бір ерекше заттың бар екенін дәлелдесе, араға 30жыл салып дәл 1911ж Казимеж Функ витамин терминін ғылымға енгізді. Казимеж Функ күріш кебегін витамин деп атаса, кейінгі зерттеулер дәрумендердің амин қышқылдарын, майларды, нуклейін қышқылдарын және гармонда синтездердің ыдырауына қатысатынын дәлелдейді.

Витаминдер бала және жасөспірімнің қалыпты өсуі мен дамуын, ауруға төзімділікті қамтамасыз етіп, маңызды рөл атқарады. Дәрумендер, негізінен өсімдікті тағамда көп, сондай – ақ жануартекті өнімдерде де көп.

Дәрумендердің көпшілігі ферменттердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Организмде үздіксіз жүріп жататын химиялық реакциялар, мысалы: ішкен тағамның, май азығының ыдырап қортылуы, ферменттердің қызметіне байланысты.

Дәрумендердің аз болуы да, көп болуы да организм үшін өте зиянды, әрі қауіпті. Авитаминоз – күнделікті ішкен тағамда витаминдердің жетіспеуінен, олардың бойға сіңуінің бұзылуынан не дәруменнің синтездеуінің тежелуінен туатын аурулар. Егер адам үнемі дәрумені аз бірыңғай тамақтанса, организмге, негізінен көмірсулар мүлдем болмаса дәрумен жетіспеушілігі дамиды. Сондай – ақ азық – түлік дұрыс сақталмаса немесе олардан сапасыз тағам дайындалса, азық – түлік құрамындағы дәрумендер бұзылады. Дәрумендердің азаюы әлсіздіктің, тез шаршаудың, жұмыс қабілетінің төмендеуінің және ашуланғыштықтың пайда болуына әкеліп соқтырады. Авитаминоз жетіспегенде пайда болатын аурулар „қыркұлақ”, „мешел”, „ тауық соқыр”, „пеллагра”, „бери – бери”, т.б.

Пеллагра ауруы аз дәнді дақылдармен қоректенгенде пайда болатын ауру түрлері . Бери – бери қауызы алынған, күріштен және өте ұнтақталған бидай ұнынан жасалынған ғана тамақтармен тамақтануында пайда болатын ауру түрі.

Гиповитаминоз – жұқпалы ауруларға қарсылықты азайтады. Әсіресе қыстың соңы мен көктемде организмнің дәрумен қоры мен тамақтың құрамындағы дәрумендер азаятындықтан дәрумендерді қосымша береді.

Гиповитаминоздың себептері әр түрлі болады:

- біркелкі, құндылығы аз тағамдармен қоректену;
- діни ғұрыптар кезінде шектеулі тамақтану;
- әйел адамдардың жүктелігі кезінде, бала емізу кезінде дәруменге қажеттілік артады;
- дәрумендердің сіңуін бұзатын әр түрлі аурулармен ауру, т.б.

Гиповитаминоз ауа райының қолайсыз жағдайы ауасы лас жерде ұзақ жұмыс істеу, сондай – ақ гастрит, асқазан ісігі, гельминтоз, , тағы да басқа аурулар себеп болады.

Дәруменге жетіспеушілік болғанда организмде зат алмасу процесі бұзылып, оның жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілеті нашарлайды. Сонымен қатар адамның көңіл - күйі күйзеліске ұшырағанда, ауа – райының құбылмалы кезеңдерінде әйелдердің жүктілігі не сәбиін емізуі, тағы да басқа жағдайларда организмде дәруменге жетіспеушілік артады. Мұндай жағдайда дәрігерге қаралып, арнаулы дәрумендер қабылдап, көкөністер мен жеміс – жидектерді көбірек пайдалану керек. Осы күндегі дәрумендерді химиялық атаулармен және латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді.

Мысалы: А, В, С, Д, Е, К, РР .т.б.

Дәрумендер үлкен екі топқа бөлінеді. 1. майда еритін дәрумендер (А,Д,Е,К) 2. суда еритін дәрумендер(В тобы; С, РР.т.б)

Тағам өнімдеріндегі витаминдерді сақтау жолдары. Тағамдық заттарды дұрыс сақтамау және өңдеу кезінде құрамындағы витаминдер бұзылады. Тағамдық өнімдерде жоғары температурада өндегенде С витамині жойылып, В тобындағы витаминдердің мөлшері азаяды. Тағамның құрамындағы витаминдерді сақтау қажет. Бұл кезде тағамдық өнімдер 0 – 4% температура аралығында өңделеді. Азық – түлік өнімдерін тез арада тоңазыту әдісі кезінде олардың құрамындағы витаминдер толығымен сақталады. Азық – түлік өнімдерін күнге кептірілген кезде де олардың құрамындағы витаминдер азаяды. Тұздау кезінде витаминдер сақталады. Витаминдерді сақтау үшін эмаль шыны ыдыстарын пайдаланады. Эмаль (балқыту) бұйымының бетіне электрлік физикалық тәсілімен жалататын берік шыны қабат.

Азықтық тағам құрамындағы витаминдерді сақтау әдістері.

Тағам құрамындағы витаминдердің мөлшерін қысқарту үшін өнімдерді сақтау, дайындау және пісіру ережелерін ұстану керек. Мысалы: зақымдалған көкөністер мен жидектер құрамындағы С витамині ауада бұзылады.

Тағам дайындаған кезде қатты қайнатуға және қатты қуыруға болмайды. Тағамды ұзақ уақыт пісіргенде А витамині жойылады. Температура жоғарылауына В тобының витаминдері өте тұрақсыз. Мысалы: піскен етте бұл витаминдердің мөлшері 20 – дан 50% - ға дейін төмендейді. Кейбір витаминдер металмен жанасқан кезде бұзылады.

Адам ерте кезден өнімдерді қорға дайындауды, тұздауды білген. (консервілеу деген сөз латынша „Сақтау” дегенді білдіреді).

Тағамда витаминдерді сақтау әдістері көп. Маринадтау үшін консервант ретінде сірке қышқылы көп қолданылады. Тұздау, ашыту көкөністер мен жеміс - жидектердің тұз бен қант әсеріне сүт қышқылды ашу процесіне негізделген.

Жемістер , жидектер, көкөністер мен саңырауқұлақтарды консервілеудің ең ежелгі және кең таралған әдісі – кептіру. Консервілеудің едәуір жетілдірілген әдістерінің бірі – тұздату.

Мұздатқанда өнімнің барлық тағамдық құнарлығы және дәмдік сапасын сақтау керек. Қажет кезінде дәрігерлердің рұқсатымен витаминдердің дәрілік препараттардан да қабылдауға болады.

Дұрыс тамақтану және денсаулық. Дұрыс тамақтана білу де денсаулықтың басты шарты. Адам дұрыс тамақтанған кезде ғана ағзасына қажетті тағамдық заттарды толық пайдалана алады. Тамақты дұрыс пайдалану туралы ғылым – диеталогия деп аталады.

Тамақтану ережесі. Адам күнделікті бір мезгіл де тамақтануға дағдылануы тиіс. Мұндай дағдыға үйренген адам да асқорыту сөлдері дер кезінде бөлініп, тағам тез қортылады. Әрі жылдам сіңеді. Күніне төрт рет тамақтану қажет. Бұл ережені өсіп келе жатқан балалар мен жасөспірімдер есте ұстануы жөн. Ал ересектер күніне үш рет тамақтана беруіне болады. Тойып тамақтану адам ағзасына әсер етеді.

Ғалымдар осыны ескере отырып, тәулікте төрт рет тамақтанудың мынадай ережелерін ұстанған жөн деп атайды. Бір күн ішінде пайдаланатын тамақ калориясының 20% таңертеңгілік, 20% кешкі астың үлесінде болуы тиіс. Ал, сәскелік және түскі астың әрқайсында 30% үлеспен келуі керек. Тәулік ішінде пайдаланатын жалпы тағамдар құрамында 15% нәруыздар, 30% майлар, 55% көмірсулар болуы тиіс.

Әрбір ас ішудің арасын созып алу асқазан ауруларына шалдықтыруы мүмкін. Тамақты сылқия тойып ішу де зиянды, кешкі асты ұйықтаудан 2 сағат бұрын ішкен жөн. Әрбір ас ішудің алдында мұқият түрде қолды сабынмен жуу керек. Тамақтанғанда, асықпай асты толық шайнап жұтудың да пайдасы зор. Тамақтанып отырған кезде сөйлеу, радио тыңдау, теледидар көру және т.б. қажет емес. Пайдаланатын тағам өте ыстық немесе өте салқын болмауы тиіс. Тамақтанып болғаннан соң, ауызды шайып, тісті тазалап жуу керек.

Жеміс – жидектердің пайдасы. Шиенің емдік қасиеті ежелден белгілі. Халықтық медицинада оны тәбетті ашып, асқорыту жүйесінің жұмысын жақсартуға қолданады. Жемістің негізгі қасиеті – ағзаның жалпы қабылдауын төмендетіп, зақымданған органдар жұмысын қалыпқа келтіруге септігін тигізеді. Шиенің артық салмақты адамдардың қан қысымын және тыныс алуын реттейді. Сондай – ақ шиенің жүйке ауруларына да ем. Шиенің құрамында қант – 15%, пектин – 11%, А дәрумені – 0,3 – 0,55мкг, С дәрумені – 1,5мкг, РР дәрумені – 0,25 – 0,4мкг, органикалық қышқыл – 1 – 1,6 % болады екен.

Дәрілік мақсат үшін өсімдіктің жемісін, жапырағымен майда бүршіктерін пайдаланады. Шиенің құрамында қант, эфир майлары А, В, С, РР витаминдері, лимон және алма қышқылдарында, мыс бар. Шиенің пісіп тұрған жемістерінің сабақтарын қуық қабынғанда, бүйрекке тас байланғанда, іші өткенде, мешел ауруына пайдаланады. Ол үшін ұнтақталған шиенің жемістері сабақтарының 10 граммын 1стакан суға салып 10минут қайнатады да, 1ас қасықтан 3рет ішеді.

Күніне 50 миллиграмм шырын ішіп жүрген адамның ішіне (шырын) газ жиналмайды, асқазанның шаншып, бүріп ауруын бодырмайды.

Сақтау қоймасы. Организмде дәруменнің қажетті мөлшерін қамтамасыз ету үшін олардың қандай азық – түлікті болатындығын білу жеткіліксіз сонымен қатар, оларды тағам құрамында қалай сақтау жолдарын білуіміз керек. Ауа күн сәулесі ылғалдықтың жоғары болуы, бұл дәруменді ыдыратады. А, Д витаминдері жоғары температураға төзімдірек, бірақ ауада оңай тотығады. Дәрумендерді қышқылды қайнатуға төзімдірек келеді, ол сілтілік ортада тез ыдырайды. В тобы дәрумендері кулинарлық өңдеу кезінде өте аз бұзылады. Е дәрумені жоғары температураға өте төзімді. Ұзақ сақтау, кептіру А дәрумендеріне кері әсерін тигізеді, ал Д, Е дәрумендеріне әсері болмайды. Азық – түліктерді ауасыз, жарықсыз, құрғақ, салқын жерде неғұрлым жақсы

сақтаса, соғұрлым витаминдер жақсы сақталады.

Дәрумендердің ағзадағы рөлі. Дәрумендер тек адамға ғана емес, сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктер үшін де өте қажетті. 1927 жылы Венгер ғалымы орамжапырақтан кристалды „С” дәруменін бөліп алғанда . „Коральдар мен капусталар С дәруменін бірдей қажетсінеді”,- деп жар салады. Бұл дұрыс айтылған сөз. Осыдан біраз уақыттан кейін кеңес өкіметінің ғалымы Энгелогардт. „Дәрумендер өздерінің бар екендігін жоқ кезінде білдіреді” – деген. Адамдар дәрумендер болатынын ертеден – ақ білді тағамның құрамында дәрумен болмаса, адам ауруға шалдығады. Дәрумендер адамға, жануарға, өсімдікке және сикроорганизмдерге де қажет. Өсімдікке қажет дәруменді көректік ортадан алмаса өсімдік тіршілігі жойылады.

Тағам құрамындағы дәрумендерді сақтау үшін оларды сақтау, дайындау және пісіру ережелерін сақтау қажет. Мысалы: зақымдалған көкөніс құрамында „С” дәрумені ауада бұзылады. „С” дәрумені сақталу үшін көкөністер мен жеміс қабығын жұқа етіп ашу керек. Дайындау алдында ғана ашу керек. Көкөністі қайнатқанда эмаль ыдысын пайдалану керек. Кейбір дәрумендер металмен жанасқанда жойылады. Тағамды ұзақ уақыт пісіргенде „А” дәрумені жойылады. Температура жоғарылағанда „В” тобының дәрумені өте тұрақсыз. Мысалы: піскен етте 20% , 50% - ке төмендейді. Тағамды дайындағанда қатты қайнатуға және пісіруге болмайды. Көкөніс қайнататын су аз болғаны жөн. Піскен тамақта дәрумен бұзылмай сақталғаны жөн. Адам ерте кезден өнімдерді қорға дайындауды – тұздау, ашыту, қақтау, ыстау, кептіру, мұздатуды білген. „консервілеу” латынша „сақтау” дегенді білдіреді. Консервант ретінде сірке қышқылы қолданатын маринадтау көп қолданылады. Тұздау, ашыту, көкөністер мен жемістерден тұз бен қант әсерінен сүт қышқылды ашу үрдісіне негізделген. Жемістер, жидектер, көкөністер, саңырауқұлақтарды консервілеудің ең ежелгі және кең таралған әдісі кептіру. Консервілеудің ең жетілдірілген әдістерінің бірі – мұздату. Мұздатқан өнімнің барлық тағамдық құндылығымен дәмдік сапасы сақталады.

Ауруды болдырмаудың іс – шаралары.

А витамині. Аурудың болдырмауы үшін біз ағзамызға қажетті дәрумендерді тәуліктік қажеттілігіне байланысты қабылдауымыз шарт. А витаминінен көз ауруы туындайды. Ал көз ауруын болдырмау үшін броккон, сәбіз, қырыққабат, брусселқыры, кәдіштер. т.б.

Д витамині. Д витамині мешел ауруын туғызады. Осы ауруды болдырмау үшін қозықұйрықтарды, ақжелкенді, ас бұршағы, асқабақ, соя, түрлі көкөністер мен жеміс – жидектер жеп, көректену ағзадағы Д витаминнің алдын – алу іс шаралары болып есептеледі.

Е витамині. Е витамині жасушаларды бос радикалдарын қорғайды және теріге оң әсер тигізеді. Е витаминнен туындайтын ауруды болдырмау үшін қояншөп, салат, саумалды, үрмебұршақ, сояны күнделікті өз мөлшерінде пайдалану ағзада ешқандай ауруды болдырмайды және алдын – алады.

К витамині. К витамині қанның ұйығыштығын жақсартады. К витамині броккошде, қырыққабатта, гүлді қырыққабатта, бұршаққында, үрме бұршағында, салатта, картопта өз мөлшерінде кездеседі.

Жеміс – жидек, көкөніс, өсімдік шырыны, міне осының бәрі дәруменге бай. Тамақтанған кезде алдымен осылардан бастаған дұрыс. Әйел реңі тартымды болу үшін таңертең, түсте, кешке барлық тамаққа дәрумен қосқан абзал. Оларды таблетка түрінде қолданған да жақсы.

Қай дәрумен қандай тамақта көп болады? Енді осы сұраққа жауап берейік.

А дәрумені сарғыш не қызыл түсті тағамдарда кездеседі. Олар – сәбіз, қауын, қызанақ, балық майы, сиыр бауыры, жұмыртқа, сары май, ірімшік, рауғаш, қаймақ т.б. Құрамында А дәрумені бар тағамдарды күн түспейтін қараңғы жерде сақтайды. Оларды ыстық сумен жумайды.

А дәрумені көздің көру процесіне қатысады. Бұл дәруменнің өсіп – өну және зат алмасу үшін маңызы зор. Д дәрумені екіқабат әйелдерге өте пайдалы ол жұмыртқа, сары май, қаймақ, сүт, саңырауқұлақ, балық майы құрамына енеді.

Д дәрумені кальций мен фосфордың алмасуын реттеуге қажет оның ерекше қасиеті сыртқы ортада өзгере қоймайды. Сондықтан тағамды қандай түрмен даярласа да, ол дәруменді байыптандырмайды.

Е дәрумені жыныс бездерінің қызметін жақсартады. Күнделікті пайдаланған тағамдардың ішінде, өсімдік майында көп болады. Ол саумалда, қояншөпте, бұршақта, сояда көптеп кездеседі.

К дәрумені күнделікті пайдаланатын барлық тағамдарда кездеседі. Олар тіпті ішектегі тағамдарда кездеседі.

Олар тіпті ішектегі кейбір бактерияларды әсерімен жаңадан пайда болып отырады. Сондықтан бұл дәруменнің жетіспеуі аурудың салдарынан деп түсіну керек.

К дәруменнің қанды ұйытудағы маңызы зор.

Міне аталған дәрумендердің бәрі ағзаға үлкен әсер ететінін білдік. Олар денеде бір – бірімен тығыз байланыста. Біреуі жетіспесе екіншісі орнын басуы да ықтимал. Қазір бірнеше дәрумендер қосылған поливитамин препараты өте танымал. Оны көктем, қыс кезінде пайдаланған дұрыс.

Дәрумендер өмір сүру ұзақтығын қысқартады. „Biology Zetters” журналында жарияланған Глазко университеті ғалымдарының зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, С және Е дәруменін мөлшерден көп ішсек адамның өмір сүру ұзақтығы төрт есеге қысқартады екен, деп жазады Rout. Бұрын азық антиоксидонттері ақуыздар мен мипедтердің бұзылуын азайту арқылы жасушалардың қартаю процесін баяулатады делінсе, енді ғалымдар бұны жоққа шығарып отыр. Себебі Е дәруменін көп мөлшерде ішкен сұр тышқандар бақылау тобындағы тышқандардан әлдеқайда аз өмір сүрген.

Тағамдардың химиялық құрамы және олардың денсаулық үшін маңызы. Тағамның химиялық құрамының

әр түрлілігі адам денсалығын ең басты кепілі. Өйткені олар адам ағзасын қажетті биологиялық белсенді заттармен А, С, Д, Е, К қамтамасыз етеді. Адам ағзасына минералды элементтер кальций (Ca) фосфор (F), темір (Fe), кобальт (Co), қалайы (Ln) т.б. өте үлкен физиологиялық биохимиялық рөл атқарады. Адамның тез қартаюуы адам ағзасына тағаммен бірге витаминдердің аз мөлшерде келуіне немесе олардың жетіспеуінен байланысты. Витаминдерді көп пайдаланған адамда қартаюу үрдісі өте баяу етеді. Адам тез арада қартай қоймайды. Витаминдер ағзасының ішкі физиологиялық – биохимиялық үрдісінің жүруін жақсартады. Тағам құрамында минералды элементтер аз болса, олардың ішінде йод жетіспесе және витамин С аз болса, онда щитовид безі өсіп кетеді де, адам ауруға шалдығады. Ал дерті базед ауруы деп атайды. Сүйек опырылғыш келеді, және өспей қалады, адам өте тез шаршағыш, тез қажығыш келеді. Ақыл – ой нашарлайды. Сондықтан да тағамның химиялық құрамында жеткілікті түрде минералды элементтер болуы тиіс. Олардың ішінде: Натрий – оны адам ас тұзын қабылдайды. Ас тұзы пайдалы екен деп қалай болса, солай пайдалана бергеннің жөні жоқ. Тұз кейбір жағдайда дос болудың орына қас бола кетуі мүмкін. Сондықтан да тұз аз мөлшерде қолданылады.

Осындай химиялық элементтер адам ағзасында керекті заттар болып табылады.

Жемістер – дәрумендердің қайнар көзі. Алма құрамында – 83 – 88% су, 7,5 – 16% қант, 0,2 – 0,8% қышқыл, 9,5 – 18,5% құрғақ қалдық, 0,28 – 1,0% ілік заттар, А, В₁, В₂ т.б. дәрумендері көптеген минералды заттар бар. Шырыннан шарап, сусын дайындалады, жемісін емдік дәрі ретінде де, адам ағзасын ауыр металл заттардың тазалауға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданады.

Алманың пайдасы. Алманың пайдасы өте көп. Қан қысымын түсіреді, ағзаның радиацияға қарсы күшін тудырады. Адамның қышқыл сорты сусамыр мен семіздікке, ал тәтті түрлері бүйректегі тасты түсіруге көмектеседі.

Денсаулықты сақтау үшін күніне бір алма жеп тұру керек. Қаны аз адамдар күніне 400 – 600 грамм Антонов алмасын жеу абзал. Бүйректе тас пайда болудың алдын алу үшін алманың құрғақ қабығын ұнтақтап, бір стақан ыстық суға араластырып, үш рет бір ас қасықтан бір ай бойына тамақтан жарты сағат бұрын ішеді. Бір апталық үзілістен кейін емді қайта бастауға болады. Жөтелдің алдын – алу үшін ұсақтап тұралған құрғақ алманы қайнаған сумен араластырып, 5 минут отта ұстайды. Одан соң жарты сағат суытып қояды. Тұнбаға бір ас қасық бал қосып, жарты стақаннан күніне үш реттен тамақтан жарты сағат бұрын ішу керек.

Зат алмасуды жақсарту үшін төрт – бес алманы ұсақтап турап, бір литр су құйып 10 минут қайнатады. Тұнбалы шай ретінде ішу керек. Зат алмасудың бұзылуы салқын тиіп ауруы кезінде алманың екі ас қасық құрғақ қабығымен жарты литр қайнаған суға салып, 5 минут қайнатады. Қоспаны 15 – 20 минут тұндырып, жылы күйінде күніне 3 рет жарты стақаннан тамақтанардан 10 – 15 минут бұрын ішеді.

Банан Банан құрамында 22 – 25% көмірсулар, 14 – 22% қант, 5 – 8% крахмал, 1 – 1,5% белок, 0,5% май, сонымен қатар минералды тұздың А, В, С, Р витаминдері бар. Банан жемістерін жас күйіне және кептіріп те жеуге болады. Одан банан ұны, консерві, мармелад, шербат, шарап дайындайды.

Жүзім Жүзім – жидегінің шырынының құрамында су (65 – 80%). Фруктоза, глюкоза (5 – 30%), органикалық қышқылдар (4 – 11%), пектин (0,3 – 1,2%), минералды заттар (0,3 – 0,6%) және С, В₁, В₂, дәрумендері және провитамин бар.

Жүзім жеу немесе жүзімнің бір кесе таза сығынды шырынын ішу ағзаға, ми жасушаларына өте пайдалы, дейді дәрігерлер.

Жүзімнің пайдасы. Жүзім қатерлі ісіктен (рак) қорғау ерекшелігіне ие. Клетка іші малекулаларда ісік пайда болуына апаратын еркін радикалдар шабуылдап, тойтару – жүзімге берілген таңғажайып қасиет. Яғни, ол қатерлі ісік ауруының алдын алады. Екінші жағынан жүзімнің құрамындағы ең маңызды заттардың бірі ресвератролдың де ракқа қарсы әсер ету күші бар екендігі 1985 жылы Жапонияда жүргізілген зерттеу еңбектерінде де анықталған болатын. Бұл зат өсімдіктер тарапынан өндірілетін фитолексин тобына жатады.

Алмұрт Алмұрт – жемісінің құрамында 80 – 84% су, 10 – 13% қант, глюкоза, фруктоза, сахароза, 0,1 – 0,6% қышқыл және 0,4% азотты заттар А, В, С витаминдері бар. одан тосап, шарап т.б сусындар дайындалады.

Алмұрттың пайдасы. Оның шырыны несепті айдау үшін өте пайдалы. Алмұрт шырынын қуыққа тас байланғанда да ішеді. Алмұрттың шырыны мен тұндырмасы несептің бөлінуін күшейтіп қана қоймай, түсін де ашып, бактерияларды жоюға әсеретеді. Оның азықтық, шипалық қасиеті мол. Алмаға қарағанда алмұртта жасуық мөлшері көбірек, сол себепті тәнге бояу сіңеді.

Лимон Лимон – қант диабетімен ауратындарға оның жапырағын көлеңкеде кептіріп, ұнтақтап, сосын бір ас қасығын жарты литр суға салып, шай сияқты демдеп, күніне 3 рет 30 грамнан 2 ай ішкізіп, ауруынан жазады. Лимонның шырының сығып алып бетке жақса, ондағы қара дақ пен секпілді тазартады. Жаңағы шырынды күн сайын 50 грамнан 3 рет үзбей бір ай ішсе бүйректегі тас пен құм түседі. Лимонды кесіп алып, шайға салып, ішіп жүрсе, қан жүрісі реттеледі, қан қысымының көтерілуі бәсеңдейді. Лимонмен шай ішкен адамның жүйкесі бір қалыпты болады.

Апельсин. Отандық сорттарының құрамында 60_{мг}, қант, А, т.б дәрумендері бар. темекі қағазына оралған апельсинді мамыр айына дейін сақтап қоя аласыз. Әсіресе оның қабығы дәруменге өте бай. Семіздіктен емдегенде апельсин, алма, қияр күндерін тағайындайды. Себебі көкөніс пен жемістің энергиялық қуатының аздығы тамақтың күндік рационның колориялығын құртын кемітеді. Осыған орай бұл күндер жеңілдену күндері деп аталады.

Пайдасы. Семіздіктен емдегенде апельсин, алма, қияр күндерін тағайындайды.

Анар Құрамында қант 4 – 10% С дәрумені, танин, лимон қышқылы бар. шырынын және жемісінің қабығын медицинада асқазанның жұмысы бұзылғанда, кепкен бұтақтары мен діңінің қабығын ішек құртына қарсы дәрі ретінде пайдаланады.

Пайдасы Асқазаны ауыратындар, асқазан сөлінің қышқылы жоғары, гастритпен сырқаттанатындар, зторокоштпен ауырғанда анардың ащы сорттарын пайдаланбау қажет.

Тамақтану тәртібі. Тамақтану тәртібі дегеніміз ас қабылдауда белгілі бір уақытқа бағыну, сондай – ақ тамақтану кезінде астық мөлшерін және мәзірін сақтау деген ұғымды білдіреді. Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді.

Бірінші тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу.

Екінші, тәулігіне бір – екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі бір мөлшерде үш немесе төрт рет тамақтану керек.

Үшінші, тамақ құнарлы болғаны жөн. Себебі адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қиындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни, белок, майлар, витаминдер, минералды заттарға бай болғанын адам өзі таңдай алуы шарт. Бұл ретте, дәрігер – диетологтың да кеңесі артық болмайды. Тәуліктік ас мәзірі әртүрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, көңіл – күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей рет ол керісінше бұл процесті бәсеңдетеді. Мұны мамандар физиологиялық процесс деп те атайды.

Тәбет дегеніміз аштыққа қарсы тұратын құбылыс. Ол мына бір принциптермен дәлелденеді. Атап айтқанда, тамақ қабылдау. Мезгіліне, тағамның түрі, дәмі немесе иісі, түрлі қоспалар, тіпті бұл ретте адам ойы да өзіндік рөл атқарады.

Адамның тәбеті шылымға, кофеге, шайға опиум, ішімдік, тағы басқаларына ашылатын көрінеді. Бірақ мұндай физиологиялық қажеттіліктен аулақ болған дұрыс.

Тәбет кей ретте асқазанның шұрылдап, маза бермеуі, бос, еш жұмыссыз тұрғандығымен қиналады. Бұл сипаттама мешкейлерге тән. Бұл орайда халықтық медицина ондай адамдарға бірнеше күн өзіне аштық жариялағанды ұсынады.

Тамаққа деген тәбет сыр білдірмей де келеді. Ол сыртқы факторлардан делдал іздемейді. Адам белгілі тамақты құмартқанда, тәбеті өздігінен пайда болады. Міне, осы кезде адам асқазанда өзі қалаған ас әзірлеп, дастархан басына жайғасып, тамақтанғанға не жетсін дейді. Және солай да жасайды. Бұл адамның организмнің мәнінде ас қабылдауға дайын екендігінен жақсы хабар бергендігі.

Қорытынды. Жеке денсаулықты сақтау үшін әрбір адам өз ағзасында ауру туғызбау үшін не істеу керек екендігін білу керек. Бұл өте қажет, өйткені барлық аурулардың туу себебі бір – ол білімсіздік, денсаулығына көңіл аудармаудан туындайды. „ ауру – астан” дегендей, әр адам ішетін ауыз суы мен күнделікті тамағының сапасына көңіл бөлгені жөн. Таза су, құнарлы тамақ, сіңімді тағам адам бойындағы түрлі ауруларға деген иммунитетті жетілдіріп, қорғаныш қабілетін арттырады. ДДҰ дерегі бойынша адам ағзасына қоршаған ортаның қолайсыз факторларының 80% тамақ арқылы беріледі екен. Елбасы жолдауында ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алудың тиімді екені үнемі көрсетілген. Денсаулыққа белгілі – бір мөлшерде сақтанудың арқасында ғана жететін болғандықтан: мөлшерімен ішіп жесең, денің сау болады, мөлшермен еңбек етсең, күш қосылады.

Мен витаминдерді зерттеу барысында өзіме үлкен сабақ алдым. Себебі витаминдер – тіршілік көзі, тіршіліктің қайнар нәрі, бұлағы. Витамин – адам ағзасына өте пайдалы, онсыз тіршілік жоқ. Витаминдер атты ғылыми жұмысымда көптеген қызықты жайттар өте көп болды. Мен витаминдер туралы оқушыларға өз қолымнан келгенше түсіндіре алдым деп ойлаймын. Бұл жұмыстың өзектілігі оқушылар арасында витаминнің маңызын түсіндіру. Фаст – фуд өнімдеріне тәуелділікті кеміту. Мүлдем қолданбау. Менің алда тұрған мақсатым майда еритін витаминдерге жаңадан қосылған Q, F витаминдерін толығырақ зерттеп, осы витаминдер туралы жаңалық ашу.

Мен витаминдер туралы оқушылар арасында дөнгелек үстелдер, тренингтер өткіздім. 5 – 9 сыныптар арасында витаминдер туралы сауалнама алдым. Сауалнамада „қай үйірге қатысасың” деген сауал қойдым. Себебі дені сау болуы үшін спорттың барлық түрлерімен айналысу шарт. Өйткені менің тақырыбым тікелей денсаулықпен байланысты. Сауалнамады қорытындылаған кезде ең қуантарлық жай ол біздің мектеп оқушыларының 60% дерлік алма жемісін көп пайдаланады.

Ашқан жаңалығым үй және мектеп асханаларының менюін өзгертуіміз керек. Себебі оқушылар көбіне фаст – фут өнімдерін қолданады. Солардың орнына алма, айран, кефир, және т.б. витаминге бай жеміс – жидектер мен көкөністерді енгісек деп жоғары жаққа өтініш айтқым келеді. „Дені сау бала – ұлт болашағы” дейді халық. Сондықтан егерде мүмкіндік туса мен өз айтқанымның уәдесінен шығамын деп сөз беремін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Балалар энциклопедиясы III том.
2. Қазақ энциклопедиясы.
3. Биология 8 сынып Е. Очкур, Л. Аманжолова, Р. Жұмабаева.
4. Паталогиялық анатомия.
5. Шаңырақ кітабы.
6. Валеология Л.З. Гель, Е. Д. Дальенов.
7. Растения витаминостели И. И. Грам.
8. Физиология человека. Е. Б. Бабский, А. А. Зубков, Г. И. Косицкий, Б. И. Ходаров.

- | | |
|--|--|
| 9. Биология анықтамалығы журнал. | 1998ж. |
| 10. Биология анықтамалығы дисклер. | 17. Х. Қ. Сәтбаев, Ж. Б. Нілдібаев. Валеология. – Алматы, 1999ж. |
| 11. А. А. Покровский. Тағам туралы талдау. – Алматы. | 18. К. С. Сағатов. Биохимия. – Алматы „Білім”, 2007ж. |
| 12. Ә. Өмешұлы. Салауатты өмір – денсаулық кепілі. | 19. К. С. Сағатов. Биологиялық химия. – Алматы. |
| 13. Ж. Ж. Жатқанбаев. Валеология. – Алматы, 2003ж. | 20. Н. К. Шоқанов. Микробиология. – Алматы, „Санат”, 1992ж. |
| 14. Н. М. Амосов. Денсаулық туралы толғаныстар. | 21. Шоқанов. Микробиология. – Алматы, „Санат”, 1997ж. |
| 15. Т. К. Мустафина. Основы валеологии. – Алматы, 1999ж. | |
| 16. Х. Қ. Сәтбаев. Основы валеологии. – Алматы, | |

XI-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ФРАНЦИЯ

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебі.
Тарих және қоғамдық білім негіздері пәнінің мұғалімі
1-санатты Құлжабаева Жанар Калиярқызы.*

7-сынып. Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы

Сабақтың тақырыбы: §13. XI-XV ғасырлардағы Франция

Сабақтың мақсаты: Францияның бірігуі, Жакерия, француз халқының батыр қызы Жанна д'Арк-тың өз елін қорғаудағы ерлігі туралы түсіндіру. Оқушылардың оқулықпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, тарихи ұғымдарды талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; Оқушыларды дүниежүзілік мәдениеттің басты жетістіктерімен сусындата отырып, адамгершілікке, елін, туған жерін құрметтей білуге тәрбиелеу

Сабақтың түрі: аралас **Әдісі:** түсіндіру, хронологиялық кестемен жұмыс **Көрнекілік:** карта, суреттер, сызба

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі 2. Үй тапсырмасын тексеру 3. Жаңа сабақ
4. Жаңа сабақты бекіту 5. Бағалау 6. Үйге тапсырма беру

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Бір орталықтандырылған мемлекеттің құрылуына кімдер мұқтаж болды?
2. Қолөнер мен сауданың дамуына кімдер зиян келтіріп отырды?
3. Корольдер неге қала тұрғындарымен одақтасты?
4. Монархия деген не?
5. Еуропа елдеріндегі өкілетті билік түрлері қалай аталды?

Жаңа сабақтың жоспары:

- Француз жерлерінің бірігуі
 - Жүз жылдық соғыс. Жакерия
 - Француз халқының басқыншыларға қарсы күресуі. Жанна д'Арк.
 - Елді саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттары.
 - XI Людовик және оның корольдік өкіметті нығайту жолындағы қызметі
6. **Француз жерлерінің бірігуі.** Король иелігі—домен деп аталды—Париж бен орманның төңірегінде болды.

Ұлғайту жылдары: а/ басқа жерлерді жаулап алу

ә/ тиімді үйлену б/ мұрагерсіз мырзалардың жерін қосып алу

Король II Филипп Август—Нормандияны, Анжуды, Аквитания, Тулуза графтығын

ГүКөркем Филипп—Шампань графтығын қосып алды.

XIYғ. Францияда орталықтанған феодалдық мемлекет қалыптасты. Бас штат—1302ж. сословиелер өкілдерінің жиналысы.

2. Жүз жылдық соғыс. Жакерия.

1337-1453ж.ж.—Англия—Франция соғысы

Францияның мақсаты: Аквитанияны өзіне қосып алу. Француздар үшін -- әділетті соғыс болды. 1346ж.—Креси маңында—француздар жеңіледі. 1356ж. – Пуатье шайқасы—француздар жеңіледі. 1358ж. – француз шаруаларының көтерілісі. Жакерия деп аталды—Гильом Каль басқарды.

3. Француз халқының басқыншыларына қарсы күресуі. Жанна д'Арк.

1360ж. – Англия-Франция бітім жасалды. Бітім бойынша: Франция жерлерінің 3/1 бөлігі ағылшындарға берілді.

1369ж.—соғыс қайта жалғасты.

1415ж.—Азенкур--- француздар жеңіледі.

1420ж. бітім бойынша—Франция өзінің тәуелсіздігін жоғалтып, біріккен ағылшын-француз корольдігінің бір бөлігі ғана болып қалады.

1428ж.—ағылшындар Орлеан қаласын қоршады.

1429ж.—Жанна д'Арк Орлеанды босатты. 1430ж.—Компьеон түбінде тұтқынға түсті.

1434ж.—отқа өртеп жіберді.

1453ж.—Бордо түбінде—француздар жеңіске жетеді.

4.Елді саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттары.

1. Нормандия, Анжу, Аквитания, Тулуза т.б. иеліктер қосып алынды.
2. Бас штаттар шақырылды
3. Жүзжылдық соғыста жеңіп шықты
4. Тұрақты әскер құрылды
5. Бургундия басып алынды. ХҮғ. аяғында Францияны біріктіру аяқталды.

Король: -- Әскер тікелей корольге бағынды.

- d. Мемлекет тікелей өзіне тәуелді шенеуніктер арқылы басқарды
- e. Граф, герцог бағынышты болды
- f. Барлық мемлекеттік істерді өзі шешіп отырды.

5.Х! Людовик, оның корольдік өкіметті нығайту жолындағы қызметі.

Х! Людовик тұсында Францияны біріктіру аяқталды.

Жаңа сабақты бекіту: 1. Карта- схемамен жұмыс. 2. Өзін-өзі тексеру жұмысы.

Бағалау. Үйге тапсырма беру: 63-беттегі тапсырмалармен жұмыс

* * * * *

**БЕЙБІШЛІКТІҢ АҚ ҚҰСЫН ӘНГЕ ҚОСҚАН А.ЖҰБАНОВ.
АҚ КӨГЕРШІН ӘНІ. АШЫҚ САБАҚ**

*Ө. Қанахин атындағы орта мектеп. Пәні: Музыка Класы: 3.
Өткізген: Нұрлыбек Қосыбеков*

Сабақтың тақырыбы: Бейбітшілік ақ құсын әнге қосқан Ахмет Жұбанов «Ақ көгершін» әні.

Сабақтың мақсаты: Саз өнерінің саңлағы Ахмет Қуанұлы Жұбанов өмірі және шығармашылығымен таныстыру.

«Ақ көгершін» әнінің мазмұнын түсіндіру, әуенін үйрету.

Тәрбиелілігі: өнерді сұюге, одан эстетикалық ләззат алуға тәрбиелеу.

Дамытушылығы : ойлау, есте сақтау,тыңдай білу қабілеттерін, дамыту.

Пайдаланылған көрнекілітер: Сазгер портреті,арнау сөздер жазылған плакаттар, сазгердің жинақтары кітаптар.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, әңгімелеу, ән айту.

I. Ұйымдастыру бөлімі. а) Амандасу. ә)Оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Үйге: Өткенді қайталау

а) Отырар сазы оркестрін алғаш құрған композитор кім? (Нұрғиса)

ә)Көне аспаптардың түрлерін атаңдар? (Домбыра, қобыз, шертер,жетіген)

б)Қазірде көне аспаптармен халық әндері мен күйлерін халыққа насихаттап жүрген әнші топтар?

(Тұран,Қоңыр,Ұлытау)

в)Қазақтан шыққан тұңғыш эстрадалық топ? (Дос Мұқасан)

г) Кеңес дәуірі кезінде балаларға арналып шығарылған тұңғыш қазақ киносы? (Менің атым Қожа)

д)Қуыршақ театры алғаш құрылғанда қандай қуыршақтар пайдаланды? (қолға киіп ойнайтын қуыршақтар)

III. Жаңа сабақ Жұбанов Ахмет Қуанұлы

Жұбанов Ахмет Қуанұлы (1906-1968) – қазақтың кәсіби музыка мәдениетінің негізін қалаушы, көрнекті ғалым-фольклоршы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының тұңғыш ректоры, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық ұлттық аспаптар оркестрінің негізін қалаушы, композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі, өнертану ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге келді. Жасынан музыка өнеріне бейімділігін байқатып, домбыра, скрипка аспаптарында ойнауды меңгерді. 1929-1932 жылдары Ленинград музыкалық техникумында, Ленинград консерваториясында білім алды. 1932 жылы Ленинградтағы Актер шеберлігі мектебінің аспирантурасына түседі. Бірақ 1 жылдан кейін Алматыда ашылған музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке шақырылып алынады. Осыдан бастап педагогикалық қызметпен айналысып, Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі әрі дирижері, Алматы консерваториясының ректоры, осы консерваторияда өзі ұйымдастырған халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптанудан сабақ берді. 1961-1968 жылдары Әдебиет және өнер институтының өнер бөлімін басқарды. А.Жұбанов Санкт-Петербурдың «Рабочий и театр» журналында жарияланған мақаласынан бастап, өмірінің соңына дейін қазақ музыкасының тарихы мен теориясын зерттеумен айналысты. 1936 жылы «Музыка әліппесі» атты тырнақалды кітапшасы жарық көрді. Оның жетекшілігімен 20 ғасырдың 30-шы жылдары қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық-тәжірибелік шеберхана, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы төралқасы жанынан өнертану секторы (қазіргі Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі) ашылды. 1934 жылы А.Жұбанов алғаш 11 адамнан құралған домбырашылар

ансамблі негізінде Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыкалық туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсірді. Көрнекті ғалымның қазақ халқының ән-күй шығармашылығының табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап туралы монографиялық ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ музыкасының ғылыми тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды. 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» деген еңбегінде ол қазақ халқының бір ғасырлық музыкалық мәдениетінің тарихын жүйелеп шықты. Осы кітабы үшін оған өнертану ғылымының докторы атағы берілді. Академик А.Жұбанов қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторларының бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді. Оның алғашқы көлемді шығармасы композитор Сары Батақұлының өмірінен алып жазған «Сары» атты бір актілі музыкалық пьесасы еді. Бұдан соң ол Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш Баян сұлу», М.Ақынжановтың «Исатай - Махамбет» пьесасына, «Амангелді» фильміне музыка жазып, «Отаным», «Ақ шолпан», «Біздің ел», «Жылқышы», т.б. әндер шығарды. Сонымен қатар қазақ музыкасын күрделі симфониялық шығармалармен байытты. Оның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «Серт», «Қалғанынша қасық қан», «Майданнан хат», «Қарлығаш» сияқты вокальдық туындылары қазақ халқының ұлттық музыкалық мәдениетіне соны өрнек қосты. А.Жұбановтың Л.Хамидимен бірге жазған «Абай» операсы қазақ опера өнеріндегі ерекше құбылыс ретінде бағаланды. Осы екі композитордың шығармашылық одағынан туған «Төлеген Тоқтаров» операсы да опера жанрындағы замандастар бейнесін жасаудың сәтті бастамаларының бірі саналады. Ал композитордың «Құрманғазы» радиооперасы қазақ музыкасындағы жаңа жанрдың бастауы болып табылады. Жалпы А.Жұбановтың ғылыми еңбектері халық ортасынан шыққан әнші, күйші, композиторлардың шығармашылығына арналған. Ғалымның «Құрманғазы», «Мұқан Төлебаев», «Замана бұлбұлдары», «Ән-күй сапары», «Өскен өнер», «Ғасырлар пернесі» кітаптары қазақ музыкасының әр түрлі кезеңдерін қамтитын іргелі зерттеулер. А.Жұбанов ұлттық өнер мамандарын тәрбиелеу ісіне де зор үлес қосты. Алматы қаласының бір көшесіне, Республикалық музыкалық мектеп-интернатқа, Ақтөбедегі музыкалық колледжге А.Жұбанов есімі беріліп, тұрған үйлеріне ескерткіш тақта орнатылды. Ақтөбе қаласында композитордың ескерткіші бар. Артында өшпестей мұра қалдырған композитор А.Жұбановтың туындылары келер ұрпағымен бірге жа-сап, үшінші мыңжылдыққа да аяқ басты. Мұндай құр-мет, мұн-дай шығармашы-лық табыс сирек болатын құбылыс. Өзінің барлық білімі мен ақыл-ойын, күш-жігерін қазақ кәсіби музыка өнерінің дамуына сарп ет-кен шынайы талант иесіне берілетін халқының нақты-лы бағасы да осындай болса керек. Көгершін – дүние жүзінің көптеген халықтар үшін бейбітшілік белгісі. Бейбітшілік нышанын басқа құстарға телітін халықтар да бар. Мысалы, жапондықтар да ақ тырналар-бейбітшілік құсы. Сондықтан олар ақ тырналарды қағаздан жасап, бір-біріне сыйға тартады, яғни бақыт пен жақсылық әрдайым өзіңмен бірге болсын деген ақ ниеттерін білдіреді. Үнді халықтары үшін бейбітшілік белгісі-тауыс құсы. Ал қазақ халқында шынайы тазалықтың, сұлулықтың, бақыттың белгісі-аққу. Ерте заманнан қалған аңыз-әңгімелерге қарағанда, бір кездері қазақтар өздерін аққу құсынан жаралғанбыз деп есептеген екен дейді. Аққу құсының мүсіні қазақ халқының саз аспаптары-домбыра, қобыз құрылысына өте ұқсас.

Ақ көгершін. Әні : А. Жұбанов. Сөзі: Н.Баймұхамедов.

1 Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің,
Бар, кезіп қайт ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.
Әділеттің құсы деп,
Көз алмастан жолыңнан,
Бақыт болып қоншы деп,
Ұшырамын қолымнан.

Қайырмасы:

Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.

Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.

2 Сенен көзін алмайды,
Ақ ниетті бар адам.
Ақ қанатың талмайды,
Әділеттен жаралған.
Тыныш бейбіт өмірдің,
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің,
Қайт шыңына қонақтап

Қайырмасы.

Көрнекілікпен жұмыс: Композиторлар суреттері. Ән. Әнші. Композитор. Орындаушы. Тыңдаушы. (суретпен жұмыс) Саз әлемінің саңлағы. Композитор шығармалары.

ІҮ Жаңа сабақты бекіту сұрақтары

- А.Жұбанов кім, қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
- А.Жұбанов қай оркестрдің негізін қалаушы?
- А.Жұбановтың өнердегі шәкірті кім?
- Ақ көгершін әні қандай мазмұнда шығарылған, көгершін қандай құс?
- Композитор деп кімді атаймыз?

Ү Бағалау. ҮІ Үйге тапсырма Әннің сөзін жаттау

* * * * *

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Оңтүстік Қазақстан облысы. Шардара ауданы
А. Әлімбетов атындағы жалпы орта мектебінің
Кәсіптік оқыту және еңбек технологиясы пәнінің мұғалімі
АСАНОВА АНАРКУЛ ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ*

Кіріспе. Ою-өрнек өте ежелгі өнер.оның ұзақ та қызықты тарихы бар. Бұдан бірнеше жүз жыл бұрынырақ адамдар табиғатқа қазіргіден гөрі мүлдем өзгеше қараған болатын.Табиғат олардың анасы еді,олар адамдардың асырайтын,киіндіретін,емдейтін,сонымен бірге,құрметтеп күтпегені үшін жазалап алатын.Ай мен күн, теңіз бен шөл, жел мен жартас, жануарлар мен жартас, жануарлар мен өсімдіктер ойлай біледі, сезеді, сөйлей алады, және адамға көмек бере алады немесе одан кек қайтара алады дегенге пендем сенетін.

Ең ерте замандардан адамдар үй бұйымдары мен ішкі жиһаздарынан аспан шаңырақтарының жылу беретін оттың, судың жасыл өркен мен піскен масақтың қонды табындардың белгілерін, балалардың денсаулығы мен жер құнарының, ошақ басы мен оның қожайындарының байлығының және дәулетке кенелуінің символы ретінде бейнелейтін. Аңшылар мен жауынгерлер жыртқыш аңдар секілді батыл, жаужүрек және жеңілмейтін болу үшін өздерінің тәндерін, салттары мен қаруын солардың тұлғалары бейнеленген өрнектері мен безендіретін ою-өрнек қазақтар үшін бейнелеу өнерінің басты түріне айналатын, мұнда халық жан дүниесі туған табиғатқа сүйіспеншілік және қоршаған әлемге қызығушылық сезімдері көрініс тапқан, көшпенділер өмірінде қой, жылқы, түйе, атқарылар үлкен роль атқарған, сондықтан қазақ ою-өрнегінде «түйетабан», «ботакөз» және «қошармүйіз» секілді әуендерде пайда болған. Ал халықтың ежелгі аңыздарында тамыры терең жер астына, дүниеден озған бабалар әлеміне тірелетін мәңгі ағаш туралы айтылады. Сондықтан мол да қомақты гүлдермен жасандырылған ағаш көбіне қазақ ою-өрнегінде ең жиі қолданылатын сүйікті озат әуенге айналады. Көшпелі өмір салты табиғаттағы қатал жағдайлары қазақтарды тапқыр да үнемді болуға мәжбүрледі. Шаруадшылықта ештеңе іс-түсіңз жоғалып кетпейтін, барі де қолданыс табушы еді. Барі де үйді, киім кешекті, үйшілік тұрмыс бұйымдарын қолданаттын басты материал тығыз таптальп басылған қой жүні- киіз болатын болды. Киіз басу көп еңбек сіңіруді тілейтін жұмыс. Материалды үнемдеу үшін шебер қыз-келіншектер ою орнек құрастырудың еркше тасілін ойлап тапқан. Ол былай: киімнің тысы әр түрлі екі пышпағын бірге қабаттайды да, өткір пышақпен ою ояды. Содан соң қойылған деталдардың орнын ауыстырып қалған бір түсті «кесінді» ішіне екінші түсті детаодан мұхият тігенді содан екі бірдей тамаша ою шығады және кийзден титімдей ысырап болмайды. Осындай қазақ ою орнектерінің негізгі ерекшеліктерін бір фонмен өрнектің кендігі қалыптасты. Көбінесе жиі кездесетін жайт оюлар екі түсті, ақ пен қараның қосылуымен құрылады бұлар екі бастаудың өмірі мен өлімнің , жақсылық пен жамандықтың символдары спетті болатын, ал олардың әрқашан бірге және әрдайым бірімен бірі күресіп жүретіні мәлім.

Бұдан әрі қазақ ою -өрнегі түсі жағынан неғұрлым әртүрлі бола бастады бірақ халықтың шамаға деген табиғи сезімталдығы мен мүлтіксіз талап оюдың тым алабажақ балуына ешқашан жол бермеген емес.

Ою-өрнектің тарихы

Ою-өрнек қай халықтың болсын ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін қызмет етеді, өйткені ол сол халықтың төл мәдениеті , тілі мен салт-дәстүрін сақтап , одан әрі дамудың алтын көпірі. Ендеше біздің ұлттық асылдарымыз бен қазыналарымызды сақтап әрі қарай дамытамыз. Біз еңбек сабағы арқылы өз шшәкірттерімізді бойында ұлтымыздың мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын сіңіруге мол мүмкіндік бар. Осы еңбек ақыл- ойымызды жан- жақты дамытады. Есті шынықтырады өз ісінізді жоспарлауға дағдыландырады және шеберлігіңізді жетілдіреді сол өзіміз жасаған еңбегімізді эстетикалық талғамда ддурыс түсінуге үйретеді. Өйткені қазақтың өнердегі эстетикалық талғамын дурыс өз мәнінду жетілдіре түсіндірудің мағынасы зор. Мысалы, Қазақ халқының қол өнерінде өрнек ерекше орын алады. Біз өрнек хөнерін ата-бабаларымыздың көркем шығармашылық өнері ретінде қабылдаймыз. Қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі біріге келіп латынша «орнамент » деген ұғымды білдіреді, мағынасы сәндеу, әсемдеу, ою белгілі бір затты ою, тігу қию арқылы жүзеге асады. Ойылған кесілген тігілген, қиылған оюды екінші бір затқа кірістіре жымдастырып жабыстырып желімдеп әшекейлейді, әсемдейді түрлендіреді. Ою күнделікті тұрмыста .үй жихаздарында сырмақ, текемет көрпеше, сандық, кебеже, сондай –ақ киім – кешекте қабырғаларды безендіруге қолданылады. Осындай бағытта бір бұйым жасамас бұрын қандай оюдың қолданылатынын білу керек және буларды дурыс таңдай білу қажет. Халықтың өмір сүру ерекшелігімен тұрмысын көп жағдайда мал өсірумен айналысқан мал шаруашылық өнімдері мен жүн мен тері , қажетті жіне сәндік затқа оюлы өрнекті киіз, кілемдер, сандық қаптар қоржындар, аяқкиімдер мен бас киімдер жасауға кенінен мүмкіндік берген. Терілер жақсылап иленгеннен кейін қымыз құятын белбеулер, тоң киімдер жасауға пайдаланылады жүннен иірілген жіптен түс кийіз кілемдер алашалар киіз үйдің кереге уығын байлауға және әшекейлеуге арна лған жел баулар, басқұрлар тоқылған бұл бұйымдардың барі тұрмысқа өте-мөте қажетті заттар болып қана қойған жоқ сонымен қатар өмірде де көрік береді ө йткені шебер оларды жасай отырып өзінің арманын мүддесін әсемдікке деген түсініген білдіруге талпынады. Сондықтан технология сабағында бір тарау толығымен «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбыеа арналған сабақтарында халық шеберлігінің таныстыруға олардың еңбектері арқылы бізді әсемдікке баулуға ,

шығармашылық қабілетін арттыруға өз ұлтымыздың мәдениетін қадірлей, қастерлей білуге міндеттіміз. Өйткені әәәдет-ғұрып дәстүріміз бізге бүгінде жат емес. Мәселен ою өрнек шеберлері қазіргі кезде көп қолданатын түрі қошқар мүйізді белгілері жиі қолданылады. Бұрынғы апа – әпкелеріміз жүнді сабап, түтіп алғаннан кейін оны шидің бетіне жаймалап, бояуы қанық түр салған. Содан әжелеріміз оюды қайдан білген? Әрине олар да өз апа-әпкелерінен үйренген. Содан бұл өнер ұрпақтан –ұрпаққа өтіп, бүгінгі күнге жеткен.

Біз ғалымдар зерттеуіне үңілсек, бұл өнер ежелден кекле жатқан ын көреміз. Б.з.б V-VII ғасырда орта азия, Қазақстан және оңтүстік сибір жерлерінде бір-бірімен тығыз байланыста ортақ мәдениеті бар тайпалар өмір сүрген Олар: Сақтар, Ғұндар мен Үйсіндер. Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда-ақ адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа кашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласында «Сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер сол ерте кезде қалыптасқан ұғымдар. Демек қазақ халқының ою-өрнек өнері де өзх алдына сол тұста басталған деуге болады. Бір кезде тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген ою танбалары келе-келе киізге ашлашаға кілемге т.б заттарға салынатын болған. Сол белгі танбалар арқылы халық белгілі бір ұғым түстерді аңғарып біліп отырған. Ендеше панге оюдың мән-мағынасы, «ою тарихы», «ою өрнек түрлері» деген тақырыптар арнайы енгізілуі керек деп ойлаймын. Өйткені адам ою өнерін шын ынтасымен үйретуге, түсінуге құштарланса үлкен жетістікке жетеді. Ойы ұшқыр, қиялы қанатты болады. Ою өрнекті менгеру үшін біріншіден қағаздан қиып үйренген өте қолайлы әдіс. Өйткені оларды қандай түсті қағазға жабыстыру керек екендігін білу де талғамнан туатын өнер.

Сонымен халық мақал-мәтелдерінің өзі балаларға тәлім – тәрбие беруге, оларды өнерге-білімге баулуға ұмтылдырады «ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей ұстаз шәкіртіне деген өз бойындағы бар асыл қасиеттерін, үйретіп келеді Мысалы, «ою ойғанның ойы ұшқыр», «өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу сызады», «Дұрыс ойылған оюды бұруға келмейді», «ойсыздан ою шықпайды» дегендей халық мақал – мәтелдерінің тәлім тәрбие беруге, оларды өнер білімге баулуға ұмтылдырады. Ол үшін мен оқушыларға конкурс жарияладым, Оқушылар бірінен – бірі қызығып, өз білген оюларын сызып келіп жатты. Солардың ішінде 8 «А» сынып оқушысы Мырзабекова Гүлнұрдың ойылған оюлары көңілге қонымды болды. Біз үйірме жұмыстарында осы оюларды қолға ала отырып Гүлнұрмен бірге мынадай оюларды ойлап шықты. «Сырға», «аққу», «қанатты адам», «қарлығаш», «ақ көгершін», «жүкаяқ» оюлары. Біз егеменді ел болдық тілімізді дінімізді дәстүрімізді қолөнерімізді қайта жанғыртып жатқан заманда бізде қазақтың байырғы ұлттық ою-өрнегін дәріптейтін жанадан қосылып жатқан көне көз әжелерімізден тарихымыздың әдет-ғұрыптарын салт-дәстүрлерін білу үшін кездесулер жасап тұрамыз, бұл оюларды ою оқушылардың қабілетін дамытуға әсер етеді.



Жана ою өрнектердің тарихы мен қолданылуы

«Аққу» оюы. Аққу-махаббатың символы және тазалықтың белгісін білдіреді. Пазырық қорғаны жәдігерінде /VI ғасырда/ ақ кйізден тігілген аққулар шатырды тіреп тұратын діңгектің тобесне қондырылған. Яғни аққудың символдық мәні сонау ежелден бастау алады. Содан келе қазіргі бір уақытта қыздардың сәукелесіне кестеленетін өрнек түрлері бізге жеткен. Сәукеле – әйелдің ең қымбат әшекейі Ұзатылатын қыздың үйінен кйіп шығатын бас кйімі. Оны ақ кйізден биік конус тәріздендіріп жасайды. Сыртын қызыл қамақаман тыстап алтыннан күмістен әр түрлі асыл тастардан түсті шынылардан әшекейлер тағып құндызбен жиектелген. Мұндай қымбат сәукелелер сирек кездеседі. Сәукеленің түрлерін мұражайлардан кездестіруге болады. Қазіргі уақытта қыз ұзату кайта қолға алынып жатқан заманда осы аққу оюлары екі жасқа арнап жастық қаптарына тігілсе деген ойдамын.

«Қарлығаш» оюы. Жаугершілік заманында бір шалдың үйіне қарлығаш ұя салады сол уақытта елге жау келе жатыр деген хабар келеді, сонда адамдар көше бастайды сонда алгі шал көшейін десе баласын қимай көштен қалып қояды. сонда адамдар шалға былай дейді: «жүр жау жақындап қалды» дегенде шал былай дейді: «шырылдатып мына балапандарды қайда тастап кетемін», мен осы жерде отырамын, кетсендер кете беріңдер» -деп қалып қояды. Сонда келе жатқан жау ұзақтағы жалғыз үйдің тұрғанын көріп, - мынау не қылған қорықпайтын адам неге көшпей қалған? –деп жақындап кеп қарса бір шалдың үйі екен. –сен неге жұртыңнан қалып отырсың? –деп сұрайды. Сонда шал мана балапандарды қайда тастап кетемін? Осыларға қашан қанат бітіп ұшып кетеді, сонда барып үйді бұзамын. Ал мені өлтіремін десендер, міне жаным өттірмесендер кеудемде жаным болса, ертелі кеш елімді табамын, -деген екен. Сонда Төле би ағамыздың аты Қарлығаш би атанған екен.

«Сырға оюы» оюы. Қазіргі кезде құлағындағы сырғаның сыңғырына қарап ән шырқаған әнші Қанатпен Светаның қыздарға арнап айтқан «Сырғалым» әнін естеріңе түсіріндер деп «Сырғаның көздерінде ұлттың ұлылығы бар, оны түсінген қыздың жүрегінде сыры бар» деп сырғаны бойжеткен қыздар, женгейлер тағады. Сырғалар ерекшелігіне қарай түр-түрге бөлінген. Салпыншақ, айшық қарала, йықты, күмбезді, тұмарша, алтын,

күміс, қоңыраулы, тасты соя сырғалар т.б деп аталатын түрлері болған. Бүгінгі заманда көздің жауын алатындай нәзік сырға бұйымдары бар. Бүгінгі күнде кейбір қыздарымыз сәнге айналдырып құлағына кез – келген жерінен тесіп тағады. Немесе үлкендер, кішілер өздерінің жастарына қарай сырғаны тандай білуіне кенес беріп отыру керек.

«Қанатты адам» оюы. Қанатты адамды салған себебім, қазіргі уақытта небір кинофильмдерде періштелердің ұшып жүргендерін фантазия ретінде көп кинолардан көріп жүрмін ал. өмірде де сол сияқты елестерді, адамның жаны рух болып ұшып жүр деген әңгімелер айтамыз. Дегенмен өмірде де бар құбылыс. Сол себептен қанатты адамның өмірде де барлығына сенемін. Ескі діни аңыздар бойынша адам баласы фәни дүниеден ақи дүниеге көшерде кеудесіндегі жаны ақтық демімен тысқа ұшып шығады, әрі ол көк шыбынның кейпіне келеді. Шыбын жаны марқұм болған адамның қырқын, жылын өткізгенше сол үйдің ішінде ұшып жүреді. Жер бетіндегі адамдармен байланыс жасап тұрады-мыс деген наным - сенім болған, ел ішінде таң атпай жатып періштелер ұшып жүреді екен. «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» деген мақал осыдан шыққан

«Ақ көгершін» оюы. «Ұсталы ел озар, ұстасыз ел азар» дегендей оюымыз барлық үй жиһаздарында немесе белдік қапсырмаларда кездесетін оюлар. Өйткені сандық пен сандықшаларымыз, жүкаяқтар барлығы темір қаңылтырдан орнатылып жүр. Осы оюлар ағаштың өзіне оюылып жапсырылса әдемі көрінеді. Бұл оюда тыныштық пен бейбітшіліктің белгісін өрнектелген, бұндағы мақсатымыз ол дүниелерге әсемдік, оң беру үшін ою-өрнек салдым. Ертеде ата-бабаларымыз өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен. Келе-келе бұл оюлар атадан балаға мұра болып келе жатқан оюларымызды халқымыздың тамаша қасиетін сақтап іске асыру міндетіміз екенін ұмытпайық.

«ҚОРЫТЫНДЫ»

Ою-өрнек ежелгі заманда қалыптасып, халқымыздың тарихы мен тұрмысындағы, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлері сай дамып келеді. Түрленіп отырған қазақтың байырғы ою-өрнек үлгілері тарихта көпке белгілі дәуірден басталған. Ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоймай, ірі рухани мәдениетін үлгі ретінде сақтап келеді.

Мысалы: «Сырға» оюы, «қанатты адам» оюы, «ақкөгершін» оюы, «аққу оюы, «қарлығаш» оюы, «жүкаяқ» оюларын қолдануға болады. «Ұсталы ел озар, ұстасыз ел азар»-дегендей оюларымыз үй жиһаздарында немесе белдік қапсырмаларында кездесетін оюлар және ескі діни аңыздар бойынша алынған оюлар. Бұларды шаршыларға, балалар киіміне кестелесе және аққу оюлары жастықшаларға үй жиһаздарына басқа да заттарға байланысты екенін ұмытпауымыз керек.

* * * * *

ХИМИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯНЫҢ ТИПТЕРІ

Оңтүстік Қазақстан облысы. Мақтарал ауданы
№25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі

Химия пәні мұғалімі: Бекбауова Камшат Сарсеналиевна

Сабақтардың тақырыбы: Химиялық реакцияның типтері **Сыныбы: 8 сыныптар**

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Қосылу, орын басу, айырылу және алмасу реакциялары жөніндегі ұғым, оларды химиялық теңдеулері бойынша ажырата білу білігін қалыптастыру.

Дамытушылық: Химиялық реакцияның типтері бойынша есептер шығара отырып ойларын тереңдете дамыту.

Тәрбиелік: Өз еркімен жұмыс жасауға, ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ. **Сабақтың әдісі** – тәсілі: есептер шығару, оқулықпен жұмыс.

Тірек білім мен біліктері: Зат массасының сақталу заңы, валенттілік, жай және күрделі заттар жөніндегі білім; заттың химиялық формуласын, химиялық теңдеуді құрастыра білу біліктері.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Жаңа сабақты меңгерту IV. Білімді тиянақтау V. Бағалау VI. Үй тапсырмасы

I. Ұйымдастыру 1. Сәлемдесу. 2. Сынып тазалығына көңіл бөлу 3. Оқушыларды түгелдеу.

4. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасы. 1. Заттар дегеніміз не? 2. Қоспалар нешеге бөлінеді? 3. Зат мөлшері. Мольдік масса.

4. Химиялық формула 5. Валенттілік дегеніміз не?

III. Жаңа тақырып. «Ғасырлар мақсаты қоғамның нарықтық қарым қатынасқа көшу кезінде саяси экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп Н. Назарбаев айтқандай, бүгінгі сабағымызды бастаймыз. Химиялық реакциялар әрекеттесетін және түзілетін заттардың түрі сен санына байланысты төрт топқа бөлінеді.

Зат массасының сақталу заңына сүйеніп, химиялық реакцияларды бастапқы және алынған заттардың белгілері бойынша бірнеше түрге бөлуге болады. Солардың бірі қосылу, айырылуы, орынбасу және алмасу реакциялары


Жаңа сабақтың мағынасын ашу үшін актуальді бөлімді ертегімен бастайық.

«Ертеде Прометай алыптар соғысынан тірі қалып, құдіретті өнерімен саз балшықтан мол, химиялық элементке толы жерді сыйға тартыпты. Жерді қараңғылық және су басып жатқан екен. Қайырымды Прометай қараңғылық түнегінен түріп, жер бетіне жарық нұрын себуге ант беріп, аспанға ұшып күн құдайынан отты алып қашып жерге қайтып келеді де:

- Ей адамзат, аспаннан саған от әкелдім. Мұның сырлы сәулесі сенің жүрегіңе түсетін жарық нұр. Бұл сенің жесең асың, кесең киімің, мінсең көлігің, жауыңнан қорғайтын қаруың. Бұл әміріңе жүрер адал қызметкерің.
- Иә, сол от менмін.
- Мен болмасам адамзат өмір сүре алмайды. Адамның киімі, тамағы, мүлкі, техникасы менің қатысуыммен. Химиялық реакция жасау нәтижесінде пайда болып отыр, менсіз ешкім космосқа да самғап ұша алмас еді.
- Ей, от, сен мақтанба, қайдағы аңыз әңгімелерге қарап мақтанасың, сен көбіне менің көмегіммен пайда боласың.
- Сөз кезегін маған беріңдер, әдеп сақтап үндемей тұрсам, тіпті көретін емессіңдер ғой. Мен Фосфор элементі мен күкірт элементінен тұрамын, екеуміздің үйкелісімізден сен пайда боласың.








9. Фосфор:

Ей шырпы, сенің маған көмегің керек. Сонда мен ауадағы оттекті қосып аламын да, өз қосылыстарыма айналамын.






10. Мыс:




Мен мыспын, тіпті сендердің бәрің де маған керек емессіңдер. Стакандағы суға түсіп кетемін де, күміс тәрізді тон киіп аламын.



Қосылу реакциясы – бір немесе бірнеше жай заттан бір күрделі заттың түзілуі





Айрылу реакциясы – бір күрделі заттан екі немесе бірнеше жай заттың түзілуі





Күрделі заттың құрамындағы бір элемент атомының орнын жай заттың атомы басатын күрделі зат пен жай зат арасындағы реакция

орын басу реакциясы деп аталады








Екі күрделі заттың құрамындағы атомдар бірінің орнын бірі басуы арқылы жүретін реакция – **алмасу**

реакциясы деп аталады



Жоғалған формулалар тауып, реакция типін анықтаңдар









Реакция теңдеулері	Қосылу	Айырылу	Орынбасу	Алмасу
$2Na + Cl_2 = 2NaCl$	м			
$Cu(OH)_2 = CuO + H_2O$		а		
$Mg + 2HCl = MgCl_2 + H_2 \uparrow$			л	
$4P + 5O_2 = 2P_2O_5$	а			
$CuO + H_2SO_4 = CuSO_4 + H_2O$				х
$CaCO_3 \rightarrow CaO + CO_2 \uparrow$		и		
$Zn + H_2SO_4 = ZnSO_4 + H_2$			т	





ІҮ. Білімді тиянақтау. Сабақты бекіту мақсатында оқушыларға химиялық реакция типтерін анықтай білуге, және теңдеулерді коэффициент қойып теңестіруге өздік тапсырмалар беру:

1-нұсқа.



1. Төмендегі реакция теңдеулерін теңестіріп таяқша орнына теңдік белгісін қойыңдар:



2. Реакция теңдеулеріне тиісті коэффициент қойып, қай типке жататынын анықтаңдар:









3. Мына оксидтердің айырылу реакциясының теңдеулерін құрыңдар:







2-нұсқа



1. Төмендегі реакция теңдеулерін теңестіріп таяқша орнына теңдік белгісін қойыңдар:



2. Реакция теңдеулеріне тиісті коэффициент қойып, қай типке жататынын анықтаңдар:



3. Мына оксидтердің айырылу реакциясының теңдеулерін құрыңдар:



Ү. Оқушыларды бағалау.

ҮІ. Үйге тапсырма: Химиялық реакциялардың типтері.

* * * * *

МАТА ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС «ЖҰЛДЫЗ ҚҰРАҒЫ»

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы №25 Г.Титов атындағы
жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Технология пәні мұғалімі: Аширбаева Сырғагүл Тыныштықбайқызы

Сабақтың тақырыбы: **Мата қалдықтарымен жұмыс. «Жұлдыз құрағы» Құрақ эскизі, үлгісін жасау.**

Мақсаты: Білімділік мақсаты: Оқушыларға қазақтың ұлттық қол өнері – құрақ өнеріне тоқтала отырып, мата қалдықтарының да тұрмыста кең қолданыс табатындығын және әлеуметтік, экономикалық сұраныстар тұрғысында түсінік қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: Сарамандық іс-әрекет бойынша іскерлік ойын сабағын ұйымдастыру – құрақ эскизі үлгісін жасау.

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды эстетикалық талғамға, үнемділікке, қол өнердің жаңа әдістерін іздене білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас шығармашылық ізденіс сабағы

Көрнекіліктер: Қолөнер бұйымдары, оқулық «Жұлдыз» құрағы эскизі бойынша технологиялық нұсқау картасы.

Пәнаралық байланыстар: әдебиет, тарих, физика, химия, геометрия.

Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы, қатырма қағаз, сызғыш, қаламсап, плакат.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі, дайындық, кезекші мәліметі, сынып тазалығы.

II. Үй тапсырмасымен жұмыс.

Сұрақтар:

Қазақтың ұлттық қолөнері неше бөлімнен тұрады?

Құрақ қандай маталардан дайындалады?

Құрақ құрау қандай мақсатты көздейді?

Құрақ құрағанда неге мән беру керек?

Құрақ қималарын қандай пішіндер құрайды?

III. Сергіту сәті.

Құрақ атауына байланысты жұмбақ шешімін табу.

Жұмбақ: Сансызбын, жансызбын

Мың-мыңбыз.....

Жасырынбақ ойнаймыз,

Күндіз біз. (шешуі: Жұлдыз)

IV. Құрақ атауына байланысты жұмбақ шешуі табылған соң, оқушылармен ойын элементін қолдана отырып, «Жұлдыз» атты көрініс-эскиз дайындау.

Қажетті құрал-жабдықтар: «Жұлдыз» құрағы үлгісі, түрлі-түсті қағаз, желім, сызғыш, қайшы, плакат.

1 оқушы: Алдыңызда тұрған бұл міне,

Сегіз жұлдыз құрағы

2 оқушы: Қызыл-жасыл қиығы,

Топтасқан бір ортаға

Бота көзден тұрады.

3 оқушы: Қолтықтасып төрт қиық

Жартылықтан сары тұрады
4оқушы: Төрт бұрышы тең келген
Тең шаршыдай көмкерген,
Күмбездей көктен тұрады
5 оқушы: Бұдан міне білеміз
Теңдеп те оны көреміз
6 оқушы: Төрт қабырға теңеліп,
Қара жолақ береміз.

7 оқушы: Шаршылаймыз, теңдейміз
Астарлықты еңдейміз
8 оқушы: Тігістікті тігеміз
Сәттілік іске тілейміз
9 оқушы: Сан қағаздан ойлана
Шеттік жиек айнала
Беттестіре қоямыз

Тұмаршалар тізбегін!- деп «Жұлдыз» құрағының эскизін үлгілеп, құрастырдық.

Ү.Сарамандық жұмыс. Құрақ үлгісі бойынша мата түрлерін таңдап, өлшем алу, сызу, қырку, құрақ үлгісін тігу жұмысы.

- маталар бір түсті, ашық реңді, түкті мата болуы тиіс;
- өлшемдері: төрт шаршы көк түсті мата -10*10см, қолтықшасына төрт дана
- сары түсті (2шаршы) үшбұрыш қиықша;
- 8 дана үшбұрыш: 4 қызыл, 4 жасыл қиық дайындаймыз.
- айнала жиек бір түсті қара жолақ дайындаймыз.
- өлшемге сай асталық дайындаймыз,
- шеттік жиек айнала- тұмаршалар тізбегін қырқып дайындаймыз.

Тігілу реті. Қызыл- жасыл қиықты бір сары түс қиықпен біріктіріп жеке және мата шетіне тігіс ені 0,5-0,7мм Қиықшалар дайын болған соң төртқиық көк матаны төрт бұрышына біріктіреміз.

Жарасымына қарай жұлдыз құрақтың шеткі жиегіне қара жолақ қойып тігеміз.

Құрақ өлшеміне сай астарлық дайындап, біріктіреміз.

Мата түстеріне тұмарша тізбегін құрастырамыз. Соңынан құрақ негізіне тұмарша тізбегін біріктіріп тігеміз, тігіс ені 0,7-1см. Осы тәсілмен құрақ жастық, көрпеше жасауға болады. Кез келген жұмыс соңында ылғалды жылу, өңдеу жұмысы жүргізіледі.

ҮІ. Сабақ барысында кездескен кемшіліктерге талдау, ретке келтіру.

ҮІІ. Оқушының жұмысына қарай бағалау.

Тапсырма «Жұлдыз» құрағын тігіп бітіру.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАШАШ СҰЛУ

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Жайсаңбай ауылы, Ө. Қанахин атындағы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Садуова Гүлнаш Әбдіжәлелқызы

Тақырыбы: Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу

Мақсаты: 1.Аңыз әңгімелер бойынша алған білімдерін тиянақтау қорытындылау

2.Жиренше мен Қарашаш әңгімелері арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ету, адам бойындағы жақсы қасиеттерге, ақылдылық, тапқырылыққа баулу.

3.Аңыз әңгімелерді оқыта отырып сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, зденімпаздыққа жетелеу Түрі,әдісі; білімді бекіту,сұрақ-жауап , рөлмен оқу, топтастыру. Көрнекілігі:интербелсенді тақта,кеспе қағаз.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру

а) Оқушыларды топқа бөлу: «Қарашаш» ,«Жиренше» топ басшысын тағайындау

ә) топ ережелерін бекіту

Кіріспе: Мұғалім:-Сабағымыздың басын бір-бірімізге деген жылы лебізбен,бүгінгі сабақта бәрімізге күш-қуат беретін сөздермен бастасақ:

С ә т т і л і к (1,2,3,4,5,6,7,8)

1.Сыйластық,сенімділік,сөзшеңдік.

2.Әдептілік, 3.Тапқырлық, 4.Төзімділік, 5.Ізеттілік, 6.Лайық, 7.Іскерлік, 8.Күштілік, кеңпейілділік, көрегенділік.

- Балалар,біз ауыз әдебиетінің қандай түрін өтіп жатырмыз?

- Аңыз әңгімелер.

Білу.Ұжымдақ тапсырма

(3-слайд)

1.Аңыз әңгіме деген не?

2.Аңыз әңгіменің кейіпкерлерін ата

3.Бүгінгі сабағымыздың кейіпкерлері кімдер?

4.Жиренше шешен мен Қарашаш туралы аңыз әңгімелерді ата. (4-слайд)

Түсіну. топтық жұмыс

Шығарма мазмұнына сай құрылған бөлім атауларын орналастыр.

1) Жиреншенің хан сынағына түскені.

- Жеңілген хан (3)
 Қарашаштың ақылы (1)
 Жиреншенің тапқырлығы (2)
 2) Сұратқан хан ақымақ па,
 Сұраған сен ақымақ па?
 Ханның нөкерлерімен серуендеуі (1)
 Жиреншенің жауабы (3)
 Ұялған хан (4)
 Ханның Жиреншені қаңбаққа жұмсауы (2)
 Қолдану. Топтық жұмыс рөлге бөліп оқу (көрініс).
 1.Жиренше мен Қарашаш
 2.Жиреншенің хан сынағына түскені.
 3.Сұратқан хан ақымақ па,
 Сұраған сен ақымақ па?
 Талдау. а) Кейіпкер моделі (5-слайд)

Кейіпкер	Іс-әрекет үзінділер	Бойындағы қасиет	Халық ойы немесе соңғы түйін
Жиренше	Ханмен кездескен жерде Жиреншенің ақылдылығы айқындалып отырады	Ұнамды, сүйікті қаһарман шешен, тапқыр	Халық ішінен шыққан адам үстем тап өкілдерін әрдайым жеңіп отырса, олардан анағұрлым озық жатса деген тілек
Қарашаш	Сөзге шешен,ақылды	Ақылды, сұлу	Ақылды әйел- ерді де,елді де қорғайды.

Сергіту сәті «Қара жорға»

- Ә) Жиреншеге мінездеме . (6-слайд)
 Біріншіден, Жиренше әрқашан әділдікті, шындықты айтады;
 Екіншіден, кісімен ақылдасуды ұмытпайды;
 Үшіншіден,сөзді тауып айтады;
 Төртіншіден,хан екен деп жағымпазданбайды, өзін еркін ұстап, ханмен тең дәрежеде сөйлеседі.
 V. Қабілетті, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс:
 1,Аңыз әңгімелердің ертегіден айырмашылығы не?
 (кейіпкерлердің тарихта болған адамдар екендігі)
 2, Жиреншенің Қарашашпен ақылдасып әрекет жасауына өзің қандай баға бересің?
 3.Өзің өз кемшіліктеріңді мойындай аласың ба?
 4.Жиреншені хан не үшін бағалап қасына ертіп жүрген?
 5.Қаңбақтың адамша сөйлеуі шындық па? Әлде ауыз әдебиетіне тән белгі ме?
 Ер төстіктің аты да адамша сөйлейтін бе еді? Ауыз әдебиетінің бұл белгісін тұжырымдап айт
 6.Жиренше ханнан не себепті қорықпайды? Бұл жерде халқымыздың қандай асыл қасиеті байқалады?
 7.Тауып сөйлеуге байланысты төрт-бес мақал айт.
 8.Ертөстік. Суретке әңгіме құрау.
 9.Айдос-Жандос: Ауыз әңгімелерді, кейіпкерлерін. атау.
VI.Проблемалық сұрақтар:
 1.Қазір Жиренше шешен сияқты тапқыр адамдар бар ма?
 2.Ханға ұқсайтын адамдар бар ма? Мысал келтір.
 VII.Қорытынды: Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу атына құрылған аңыз әңгімелерді оқи отырып біз бойымызға қандай асыл қасиеттерді жинақтадық? (7-слайд)
 Адалдық, тапқырлық, сабырлық,қарапайымдылық,тауып сөйлеу, әділдік.
Оқушыларды бағалау. Үйге: Аңыз әңгімелер оқу.
 * * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: «ӨЗ ІСІНІҢ МАМАНЫ»

Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы
 №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы
 Үсенбаева Лаззат Әбдіхалыққызы

Білім саласы: қатынас, таным, әлеумет

Білім бөлімі: тіл дамыту, көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Өз ісінің маманы»

Мақсаты: балаларға еңбек етудің қажеттілігі, еткен еңбегінің жемісін көретіндігі, болашақта қандай маман болатындығына бағдар беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: суреттер, слайдтар, кітаптар..

Барысы: Саламатсыңдар ма, құрметті балалар!

Тәрбиеші: Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.-деп Абай ағамыз айтпақшы,
ертең өскенде бізде бір-бір маман иесі боламыз.Солай
емес пе ?Өскенде кім болғыларың
келеді.Жарайсыңдар.Сондықтан да
балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс - әрекетіміз «Өз
ісінің маманы»деп аталады.
Өскенде кім боламын? Балалардың жауаптары
тыңдалады.
Өмір таны, өнер қу,
Өнер табу - ол да оқу.
Талаптансаң тартынба,
Өз күшінде жол табу.
Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық
иелерімен
кездесесіңдер? (тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі,
аспаз.)
Анаңмен бірге дүкенге бардың. Кімді көрдің? (сатушы)
Іш ауырса, тіс ауырса,
Анам дәрі береді.
Барлық ана, барлық бала
Оны жақсы көреді.
Мен кім туралы өлең оқыдым?(дәрігер)
Ал балалар мамандық туралы тақпақтар айтсақ,
Арай: Киім тіккіш жаман ба?
Шипагер, емші маман да,
Бәрі керек адамға.
Саят: Астықсыз өмір болған ба?

Астық егіп өсірген
Тракторшы жаман ба?
Майя: Кең далада көсілген,
Мыңғыртып мал өсірген
Шопан ата жаман ба?
Асылан: Өрнектейтін өмірді,
Өнердің бәрі көңілді!
Қолы алтын шебердің,
Бәрі жақсы өнердің.
Тәрбиеші: Адам баласы белгілі бір іске қабілетті,
дарынды болады.
Өздеріңнің сүйікті істерің бар ма?
«Менің сүйікті ісім» балалар жауаптары тыңдалады.
Аруна: Еңбек етсең, ертеңгі
Бақытыма сенемін!
Мақсатыма жеткізер
Уақытыма сенемін!
Абылай: Адамдық - борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз
Болады ақыл тұл.
Балалар мен мақал айтамын, сендер жалғастырыңдар.
Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың..... тәтті.
Еріншектің..... бітпес.
Ердің атын..... шығарады.
Еңбек етсең.....

Қорытынды.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: “Г” ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

*Ақмарал Серикбаева. Бастауыш сынып мұғалімі
“ №25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі” КММ*

Тақырыбы: “Г” Дыбысы мен әрпі

Сабақтың мақсаты: Г,г дыбысы мен әрпі таныту,сөздегі орны туралы, түсінік беру.Ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету.

Дамытушылығы: Г,г дыбысына қатысты жаңа сөздер ойлау, сөйлемдер құрату.Танымдық іс – әрекеттер арқылы ой – өрісін, тілін дамыту.

Тәрбиелігі: Оқушылардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, құстарға қамқорлық жасау.

Көрнекілік: «Әліппе серігі» суреттер Г,г дыбысы мен әрпінің баспа және жазба түрлері, құрастырмалы тапсырмалар.

Түрі: Дәстүрлі, дамытпалы, жаңа білімді игеру.

Әдісі: Сұрақ – жауап, көрнекілік, түсіндіру, топтастыру. **Пән аралық байланыс:** Дүниетану.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру.

Психологиялық дайындық:

«Қайырлы күн» деп айтамыз.

Түсте бірге қайтамыз.

Отбасылық үлгіміз.

Көңілді өтер күніміз.

II. Өткен сабақты пысықтау. Й,й дыбысы қандай дыбыс (дауыссыз)

Мәтін мазмұнымен жұмыс.

Мәтіндегі адам есімін жазу (тақтаға Айша),

Ғылыми жобаның мәселесі: Суда еритін дәрумендердің Н,С,РР,В тобындағы дәрумендердің жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды анықтау және алдын-алу іс-шараларын биологиялық және химиялық тұрғыдан зерттеу және сол ауруларды болдырмау.

Ғылыми жобада зерттелді: « №25 Г Титов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 13-15жас аралығындағы оқушылардың денсаулығын жақсарту мәселесі

Ғылыми жобаның барысы: Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша оқушыларға суда еритін дәрумендерді адам денсаулығы үшін маңызы,олардың жетіспеушілігінен туындайтын аурулардың алдын-алу шараларын молайтуға және жоспарлауға үлкен мүмкіндік береді.

Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа! Н.Назарбаев

Кіріспе. Жеміс-жидек,көкөніс,өсімдік шырыны,міне осының бәрі дәруменге бай.Әйел реңі тартымды болу үшін таңертең,түсте,кешке барлық тағамға дәрумен қосқан абзал.Дәрумендер деп химиялық табиғаты әртүрлі болып келетін органикалық заттарды айтады.Организмдерде аз мөлшерде кездесетін,өмір сүруге өте қажетті жеке немесе құрылымы күрделі заттардың құрамына еніп, катаметикалық және реттеушілік қызмет атқаратын төменгі молекулалы активті органикалық қосылыстар.Дәрумендер – өсімдіктер, көкөністер, жеміс-жидектер,бойында түзіледі. Адамзат ағзасы мен жануарлар бойында дәрумендер синтезделмейді. Адам баласы үшін дәрумендердің атқаратын қызметі өте зор.

Дәрумендердің негізін 1880 жылы орыс ғалымы Николай Иванович Лунин (1853-1957) салды.1880 жылы Лунин тышқандарға тәжірбие жасаған. Тышқандардың бір тобын сүтпен,екінші тобын сүтте болатын қоректік заттардың жасанды қоспасымен тамақтандырды.Біраз уақыттан кейін бірінші тобы – ауырмайды,екінші тобы-ауруға шалдыққан. Сондай-ақ қабығынан тазартылған күрішті пайдаланған елдерде «бери-бери» ауруы етек алған.Ал, күріш қабығынан бөлініп алған кристалдық заттың кішкене мөлшері ауруды жазған.Мұны 1911жылы Казимир Функ дәлелдеген.1922 жылы орыс дәрігері Н.А.Бессонов қарағай бұтағы мен лимоннан аскорбин қышқылы (С витаминін) бөліп алды.Қазіргі кезде витаминдердің 30-ға жуық түрлері бар. Дәрумендер,әсіресе балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуы үшін қажет.Витаминдер өсімдіктерді және жануартекті тағамдар құрамында кездеседі.Адамға тәулігіне 180-200 мг дәрумен қажет.Дәрумен адам организміне жеткіліксіз болған жағдайда авитаминоз ауруына шалдығады. Дәрумен шектен тыс көп болса – гипервитаминоз ауруына шалдығады.

«Ас адамның арқауы»-дейді халық.Атап айтсақ ,тәнге күш-қуат тек тамақ арқылы келеді.Сәби күнінде дұрыс тамақтанбаған адамның денсаулығы онша болмайды.Сол үшін де дәруменді дұрыс пайдаланып жүргеніңіз жөн. Гиповитаминоз құбылысы организмге қажет дәрумендер мөлшерінің қалыптан тыс төмендеп кетуінен болады.Әдетте гипавитаминоз сырқаты қыстың аяғына таман,азық-түлікте дәрумендер мөлшері өте азайған кезде

байқалады.Гиповитаминоз бен авитаминоздың көктем айларында көптеп кездесуінің басты себебі адамдардың қыс мезгілінде көкөністі, жеміс-жидекті мөлшерден аз пайдалануынан орын алады.Авитаминоз дәрумендердің жетіспеушілігінен ғана емес,кейде ағзаның дәрумендері табиғи, физиологиялық,психологиялық және тағы басқа да факторларға байланысты көп қажет етуінің салдарынан да туындайды.Мысалы,ауа температура-сының жоғары немесе төмен болуы, ауыр,қауіпті жұмыстар атқару, жүйкенің жұқаруы,күйзеліске ұшырау мен әйелдердің жүктілік және бала емізу кезінде.Сонымен қатар авитаминоз салдарынан адам ағзасында зат алмасу процесі бұзылып,иммунитет төмендейді, адам әртүрлі созылмалы және жұқпалы ауруларға шалдығуы мүмкін.Авитаминоз белгілері:ұйқышылдық,үнемі шаршап жүру,безудің пайда болуы,ашуланшақ-тық,қөру қабілетінің төмендеуі,шаш-тың түсуі,тырнақтың сынуы және т.б.

Жалпы витаминдер майда еритін және суда еритін дәрумендер болып үлкен екі топқа бөлінеді.Дәрумендер латынның бас әріпімен белгіленеді.Майда еритін дәрумендерге мыналар жатады:А-ретинол; Д-кальциферол; Е-токоферол;К-филлохинон;

Суда еритін дәрумендерге мыналар жатады:

С-аскорбин қышқылы; В-тиамин және В тобындағы барлық витаминдер;

Н-биотин ;Р-биофлавоноидтер;РР-ниацин.

Қазіргі кезде дәрумендерді классификациялап 4 топқа бөледі.

- 1.Алифатты дәрумендер тобы;
- 2.Алициклді дәрумендер тобы;
- 3.Гетероциклді дәрумендер тобы;
- 4.Ароматикалық дәрумендер тобы;

Тағамдық заттарды дұрыс сақтамау және өңдеу кезінде құрамындағы дәрумендер бұзылады.Тағамдық өнімдерді жоғары температурада өңдегенде С дәрумені жойылып,В тобындағы дәрумендердің мөлшері күрт азаяды.Тағамның құрамындағы дәрумендерді сақтау үшін төменгі температурада тоңазытып барып,сүрлемей әдісін қолданады.Бұл кезде тағамдық өнімдер 0-4С температура аралығында өңделеді.Азық-түлік өнімдерін тез арада тоңазыту әдісі кезінде олардың құрамындағы дәрумендер толығымен сақталады.Азық-түлік өнімдерін

күнге кептірген кезде де, олардың құрамындағы дәрумендер азаяды. Тұздау кезінде дәрумендер сақталады. Дәрумендерді сақтау үшін эмаль, шыны ыдыстарын пайдаланады.

Біз суық тию ауруларымен жиі ауырамыз. Дәрумендердің жетіспеушілігі қартаю процесін жылдамдатады және біздің өміріміздің сапасына әсер етіп әртүрлі аурулардың жиілігін жоғарылатады. Неліктен дәрумендердің маңызы зор? Осы сұраққа жауап беру алдында олардың анықтамасын еске түсірейік.

Дәрумендер-тағам өнімдері құрамында болатын, ағзада зат алмасуды реттейтін, химиялық құрылымы жағынан әртүрлі болып келетін биологиялық белсенді заттар.

Авитаминоз дәрумендер тұтынуының жетіспеушілігінен басқа стрессті жағдайлар шылым шегу, алкогольизм және созылмалы жұқпалы аурулардың дамуы салдарынан болуы мүмкін дәрумендерді қайдан табуға болады. Дәрумендер олардың әрқайсысы ағзаның тіршілік әрекетінде белгілі процестерге жауап беретін топтарға бөлінеді. С дәрумені немесе аскорбин қышқылы инфекциялардан қорғайды, иммунитетті күшейтеді, темірдің сіңірілуін жақсартады, жаралардың жазылуын қамтамасыз етеді, улы және канцерогенді заттардың түзілуіне кедергі жасайды, ағзадағы аллергендердің әсерін төмендетеді, суық тию аурулардың еміне және профилактикада көмектеседі, жасушалы блоктардың тіркелуін күшейтеді. С дәрумені адам үшін өте маңызды, себебі ол ешбір жағдайларда ағзада жинақталмайды. Ол тек қана өсімдік өнімдер құрамында болады. Олардың мөлшері қыста күрт төмендейді, сонымен қатар өнімдерді өңдегенде аскорбин қышқылы ыдырайды.

С дәрумені таза түрінде нашар сіңіріледі. Оның сіңірілуін рутин гесперидин және биофлавоноидтер қамтамасыз етеді.

Ол көп мөлшерде итмұрын, болгар бұрышы, брюссель қырыққабаты және қара қарақат құрамында болады. В тобындағы дәрумендер стресс немесе жарақаттан кейін иммунды жүйенің қызметін белсенді етуге көмектеседі. В1 витамині (тиамин) артық салмақпен күреседі, көмірсу алмасуды жақсартады, жүйке жүйесінің емделуіне мүмкіндік береді. Бұл топтағы суда еритін дәрумендер миды және нерв жүйелерін, жүйке жүйелерін реттеуге қатысады. қорғайды. Бауыр, балық, бұршақ, мандарин, кебек, балық, жұмыртқа, ұн, ірімшік, теңіз өнімдері, қара құмық, сұлы жармалары құрамында көп кездеседі.

В1 дәрумені

Тиамин (В витамині, аневрин). Тамақ құрамында тиамин немесе В1 витамині жоқ болса, бери-бери немесе полиневрит деген ауруға шалдығады. полиневрит кезінде нерв жүйелері қабынады, жүректің қызметі бұзылады, асқазан-ішек трактасының қызметі бүлінеді, ас қорыту сөлінің секрециясы төмендейді, судың алмасуы бұзылады, ісік пайда бола бастайды. Азия және Оңтүстік Америка материктерінде тұратын халықтардың арасында «бери-бери» ауруы ерте заманнан-ақ кең етек алып келгені белгілі. Бұл нерв жүйесінің ауруы, әсіресе Жапония, Шығыс Азия, Филиппин аралдары, Оңтүстік Америка сияқты күріш дақылы көп пайдаланатын елдерде жиі тараған. Европа елдерінде «бери-бери» ауруы, керісінше өте сирек кездеседі. Мұның себебі, ондағы тұратын халықтардың негізгі тағамы күріш емес, олар қара нан, әр түрлі тағамдар мен көкөністер жиі пайдаланады. Ролланд ғалымы Эихман 1890-1897 жылдары Ява аралында жүргізілген зерттеулері кезінде мынаны байқады: адамның жегенінен қалған таза күріш берілген тауықтарда «бери-бери» ауруларының белгілері пайда болған. Ал, әртүрлі қалдықтарды берілген тауықтар бұл аурумен ауырмаған. Осы байқауларға сүйене отырып жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ХХ ғасырдың басында «бери-бери» ауруының негізгі себебі күріштің кебегінде көп кездесетін В1 витаминінің (тиаминнің) жетіспеушілігінен екені анықталған.

Организмде В1 витаминінің жетімсіздігінен нервтердің жарақаттануының мәні – бұл витамин фосфор қышқылымен қосылып тиамин пирофосфат деген зат түзеді. Тиамин (В1 витамині) – пирофосфат декарбоксилаза деген ферменттің құрамына кіреді. Бұл фермент заттар алмасуына пайда болатын организмде зияны пирожүзім қышқылы ыдыратуға керек. Денеді В1 витамині жетіспегенде фермент азаяды да, қанда пирожүзім қышқылы көбейіп кетеді, ақырында ол нерв жүйесіне зақым келтіріп, адамды ауруға шалдықтырады. Тиамин ашытқы, сәбіз, сүт, бауыр, саңырауқұлақ, жұмыртқаның сары уызында, бүйректе, еттің құрамында көп кездеседі. Ауруды болдырмаудың іс-шаралары: жоғарыдағы өнімдерді күнделікті, қажет мөлшерде тұтыну керек. Бұл тағамдарда тиамин таза не қосынды тиамин-пирофосфат және карбоксилаза түрінде кездеседі. В1 витаминінің таза кристалды препараты 1926 жылы күріш кебегінен бөлініп алынды.

В1 витамині зат алмасуға, әсіресе, углеводтардың организмдегі түрлі химиялық өзгерту процестеріне өте қажет. Өйткені ол осы процестерге қатысы бар ферменттер құрамына кіреді. В1 дәруменінің организмнің түрлі зиянды әсерлерге қарсы күресу қабілетін арттыруда мәні зор. Күнделікті тағамда бұл дәрумен жеткіліксіз болса, нерв жүйесі зақымданады.

Сөйтіп полиневрит, яғни нерв жүйелерінің ауруы пайда болады. Жоғарыда айтылған «бери-бери» ауруының негізгі себебі де осында.

«Бери-бери» ауруымен ауырғанда адамның жүру қабілеті нашарлап, кібіртіктеп жүреді, организмнің жалпы әлсіреуі байқалады. Тамаққа тәбеті тартпайды, самақ кемиді. Аяқ-қолдың шаншып немесе сыздап ауруы пайда болады, сол ауырған жерлердің сезіну қабілеті нашарлайды. Бұлшық еттер тартылып, солып қалады. Жүрек қысылып, тамыры жиі соғатын болады. Тиаминнің организмде жетіспеуінің негізгі себептерінің бірі оның тағам құрамында аз болуы. Жоғарыда көрсетілгендей, В1 витамині қауызынан тазаланбаған күріште, ірі тартылған ұнда, тағы басқа өсімдік тағамдарында кездеседі. Организм тәулігіне 2-3 мг В1 дәруменін қажет етеді.

В1 дәруменінің организмдегі рөлі

В1 дәрумені(тиамин)-жасушалар деңгейінде барлық процеске қатысады.Ішкі энергияның түзілуіне септігін тигізеді.Тиамин көмірсулардың, аминқышқылдарының,ақуыздардың,жүйке жүйесінің бас миының түзілуіне әсер етеді.В1 дәрумені орталық нерв жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасз етеді.В1 дәруменін асқаша «жанның қуат дәрумені»деп те атайды. Ол ми функциясына,есте сақтау қабілетіне және жүрек бұлшық еттеріне, асқазанға,ішекке әсер етеді.

В1 дәрумені (тиамин) үлкен адамдар үшін тәулігіне 1-2,5мг ал балалдар үшін 0,5-2 мг қажет. В1 дәруменін жануар организмінде ішек микрофлора бактериялары синтездейді.

Қазіргі кезде тиаминнің организмде атқаратын қызметі жақсы зерттелген. В1 дәруменінің тірі организмдерде атқаратын қызметі оның биологиялық әрекетшіл түрі тиаминпирофосфатқа байланысты. В1 дәрумені дәрі-дәрмек түрінде де кездеседі.

Алайда,бүгінгі күнде дәрумендердің дәрі-дәрмек түрі,немесе,таблеткаларды ішудің орнына дұрыс тамақтану керектігін және дәрумендерді табиғи жолдармен алу керектігін,жаттығуларға ауырлық қосу керектігін дұрыс көрген жөн. Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

В2 дәрумені . В2 дәрумені(рибофлавин,өсу дәрумені) суда еритін ең маңызды дәрумендердің бірі.Рибофлавин адам денсаулығын сақтаудағы маңызды рөл атқаратын биологиялық белсенді зат болып табылады.Рибофлавиннің биологиялық рөлі оның көптеген маңызды тотығу-тотықсыздану реакцияларына қатысумен анықталады. Рибофлавин қышқылдық ортада тез бұзылады.Ол сонымен қатар тері, тырнақ,шаштың өсуі саулығы үшін қажет.В2 дәруменін ең алғаш рет сүттен бөлініп алынды,сондықтан лактофлавин деп те аталады.Рибофлавинді 1935 жылы Р.Кун химиялық синтездеу жолымен алды.Химиялық тұрғыдан В2 дәрумені 5атомды спирт рибитолмен байланысқан метилденген гетероциклдік изолаксозиннен тұратын, кристалды,қызғылт-сары түсті,табиғи пигменттер флавиндерге жатады. Рибофлавиннің изоаллоксазин сақинасындағы қос байланыстар үзіліп сутек қосылған кезде сары түсті рибофлавин түссіз лейкоқосылысқа ал, лейкоқосылыс керекті жағдайда,керісінше,сутегіні бөле отырып сары түсті рибофлавинге айналады.

Рибофлавин суда,спиртте жақсы ериді,қышқыл ортаға берік,қыздыруға төзімді болса да,ультрақұлгін сәулесінің әсерінен тез бұзылады.В2 дәруменін кейбір микроорганизмдер мен өсімдіктер синтездейді,ал жануарлар мен адамдар организмдерінде синтезделмейді, сондықтан рибофлавин организмге ас арқылы түседі.Рибофлавин табиғатта өте кең тараған,жануарлар организмнің барлық ұлпаларында және өсімдіктерде кездеседі.В2 дәрумені етте,бауырда, жұмыртқада,сүтте,ірімшікте,сары майда,балықтан жасалған тағамдарда, ұнда,әсіресе,ірі тартылған ұнда,бидай тұқымдастардың дәндерінде,жас көкөністе көп болады.

Рибофлавиннің тотығу және тотықсыздану реакцияларына қатысуы,бұл дәруменнің зат алмасуындағы өте үлкен маңызын көрсетеді.Рибофлавин жетіспеуінен организмдегі органикалық заттардың тотығуы бұзылады. В2 дәрумені организмнің,клетканың өсіп-өнуіне,көздің көру процесіне әсер тигізеді.

Рибофлавиннің ас арқылы жеткіліксіз түсуі организмдегі органикалық заттардың тотығуын нашарлатып,зат алмасу процесін,әсіресе белоктар мен амин қышқылдарының алмасуын төмендетеді.В2 дәрумені авитаминозында адам шаршағыыш келеді,бұлшық еттерден әл кетеді,жүрек еті әлсірейді,балалардың бойының өсуі тенжеледі,салмақ қосуы төмендейді, шашы түсіп бас терісі қабыршақтанады. Салқын кезде және ыстықта адам ағзасына оның қажеттілігі одан сайын арта түседі.Адам организмінде рибофлавин жетпегенде көздің мөлдір қабығы мен бұршағында кератит, катаракта сияқты аурулар пайда болады,көз қызарып,жас ағып,көру процесі нашарлайды.Тілдің кілегей қабаты қабынады(глоссит),ауызы уылады,екі езудің терісі жарылып,қабынады ауыздық ауруы пайда болады. Бұл дәрумен әр жасушаның өсіп жетілуіне әсер етеді.Оның күнделікті мөлшерінің 2,5-3 мг болғаны абзал.Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

В3 дәрумені-никотин,РР-ниацин-Асқазан,ішек-қарын жұмысын қалыптастыратын,организмдегі холестерин мөлшерін реттейтін,көмірсу,май, ақуыз алмасуына қатысатын қышқыл.Тағамда В3 дәрумені немесе никотинамид болмаса,адам пеллагра ауруына шалдығады.Бұл кезде адамның терісі (дерматит) ,ауыз қуысының кілегейлі қабаты (стоматит),ал тіл(глоссит)

сияқты аурулармен ауырады.Бұл ауруларға тән қасиет қолдың терісі мен бетте байқалады.Терінің күн тиетін жерлері түгел қызарып,одан кейін қарайып кетеді.Никотин қышқылы клеткалардағы тотығу және қайтадан қалпына келу процестеріне қатысады.Қарындағы сөлдің бөлінуін реттеуде ұйқы безінің жұмысына,бауыр қызметіне,эритроциттердің түзілуіне және т.б. функцияларға әсерін тигізеді.Пеллагра ауруы,әсіресе, қорегі тек жүгері ғана болатын халықтарда кеңінен етек алған.Оның себебі жүгері белоктарында триптафон амин қышқылы өте аз кездесетіндіктен адам организмінде никотинамид немесе РР дәрумені аз түзіледі.РР дәруменінің негізгі провитамині никотин қышқылы ашытқыда,бауырда,саңырауқұлақта,түрлі жармаларда көп кездеседі.Никотин қышқылының тәуліктік қажеттілігі 15-25 мг.Ауруды болдырмаудың іс-шаралары қажетті өнімдерді күнделікті қолдану.Егер қолданбасаңыз ауруға шалдығуыңыз әбден мүмкін.Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

В5-дәрумені(пантотен)-май қышқылдарын,бүйрек безінің гормондарын түзу үшін қажет.Ол жетіспегенде адам әлсізденіп,тез шаршайды,басы айналады,терісі жарылады.Ауыздың шырышты қабықшасы бұзылып,жүйке ауруына ұшырайды.Бұл дәруменге өсімдіктер де,жануарлар да жатады.Негізгі көздері:бауыр,бүйрек,ет,балық,ашытқы,қара құмық,қара нан, бұршақ,бидай, картоп,жұмыртқа тұқымдастар да жатады.В5 дәрумені адам организмне тәулігіне 2-4мг дәруменді қажет етеді.

Ауруды болдырмаудың іс-шаралары жоғарыдағы өнімдерді күнделікті қажет мөлшерде тұтыну, күтіну. Зертханалық жұмыста мектеп бойынша пантоген қышқылы бойынша ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

В6 дәрумені (пиридоксин)-В6 дәрумені міндетті түрде тағам құрамында болу керектігін 1934 жылы Дьерди, егеуқұйрықтылардың аяқ жағында болатын акродиния деп аталатын ерекше дерматитті, сол кезде белгілі болған В1, В2, В3 дәрумендері жаза алмағаннан кейін ашты. Бұл дәрумен 1938 жылы ашытқы лар мен бауырдан бөлініп алынды, 1939 жылы синтезделді. Белоктардың құрамдас бөлігі болып табылатын амин қышқылдарының алмасуына қатысады. В6 дәруменінің жетіспеушілігі жас балалардың бойының өсуін тежеп, қан аздығы мен сезіміне тез қозғыштығын тудырады, ал екіқабат әйелдердің бетінде қара дақ пайда болады. В6 дәрумені мал етінде, балықта, сүтте, ірі қара малдың бауырында, ашытқыларда және көптеген өсімдік өнімдерінде бар. Әдеттегідей дұрыс тамақтанып жүрген жағдайда бұл дәрумен организмде жеткілікті болады. В6 дәруменін молырақ қажетсіну организмнің өсуі, әйелдің екіқабат және бала емізу кезеңдерінде жиірек байқалуы мүмкін. Пиридоксин авитаминозында амин қышқылдары мен белоктардың алмасуы бұзылады, қанның түзілуі нашарлайды, жалпы мөлшері азайып, анемия ауруы пайда болады. В6 жетіспесе, қан азайып, тамаққа тәбеті шаппай, ашуланшақ, ұйқышыл, кейде бет, мойын терісі қабынып, кейде қояншақ ауруына тап болады. Жас балалар мен мал төлінің бойларының өсуі баяулап, салмақтарын жоғалтады. Адам организмі В6 дәруменін тәулігіне 2-3 мг тұтынуды қажет етеді. Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша қан аздық, яғни анемия бойынша 42 адам тіркеуде тұрады. В6 дәрумені дәрі-дәрмек түрінде де кездеседі.

В9 дәрумені (Фолий қышқылы)-В9 дәрумені ең алғаш рет 1945 жылдары өсімдік жапырақтарынан бөлінген (лат. folium-жапырақ). Бұл дәрумен турлы алғашқы деректер 1940 жылы балапандарға жасалған тәжірибе нәтижесінде алынып, олардың қалыпты өсуіне қажеттілігі анықталды. Фолий қышқылының табиғи көздері: бауыр, нан, саумалдық, қырыққабат, жұмыртқа, салат, ет, қызанақ, сәбіз, сыра, нан ашытқылары және т.б. болып табылады. Адамдар мен жануарлар ішек микрофлорасы фолий қышқылын организмге керек мөлшерде синтездейді. В9 дәрумені организмге жетпеген жағдайда сөл бөлу функциясы төмендейді, соның әсерінен тәбет жоғалады, тері, жүйке жүйесі көбею органдарының жұмысы нашарлайды. Бұл дәрумен адам организмінде жетпегенде аса қауіпті мегалобластический анемия ауруы пайда болады. Егер фолий қышқылын шамадан тыс қолданса, онда организм уланады.

Ауруды болдырмаудың іс-шаралары жоғарыда айтылған өнімдерді күнделікті тұтыну. Адам тәулігіне В9 дәруменін 100 мг қажет етеді. Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша қан аздық, яғни анемия бойынша 42 адам тіркеуде тұрады. Фолий қышқылы дәрі-дәрмек түрінде де кездеседі.

В12 дәрумені (цианокобаламин)-қанның түзілуі үшін қажет. Жүйке ұлпасының өсуін реттеуге қатысады. В12 дәруменінің физикалық рөлі өте зор. Оның зат алмасуына, жүйке жүесіне қанның құрамына үлкен әсері бар. Бұл дәрумен екіқабат әйелдерге және жемсау ауруына шалдыққан адамдарға өте пайдалы. Көбінде піскен ет, бауыр, бүйрек, жұмыртқа, сүттің құрамында көп болады. Ол жетіспесе қаназдық ауруына пайда болады. Ол бауыр, бүйрек, балық тағамдарында және балықтың бауыры мен уылдырығында көбірек кездеседі. Еттің, сүт пен ірімшіктің, жұмыртқа сары уызының құрамында В12 дәрумені анағұрлым аз. Тәуліктік қажеттілігі 2-3 мг. Ауруды болдырмаудың іс-шаралары жоғарыдағы өнімдерді күнделікті тұтыну. Зертханалық жұмыс бойынша мектепте ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

В15 дәрумені (кальций пангаматы)-Химиялық табиғаты мен әсер ету күші әлі жеткілікті зерттелмеген. Емдік мақсатта атеросклероз қан айналымының бұзылуы, бауыр ауруларына және басқа да сырқаттарға пайдалы. Адам ағзасына пангамат қышқылының жетіспеушілігі зат алмасу процесін бұзатындығы дәлелденбегендіктен, оны біз дәрумен деп атай алмаймыз. Ең дұрысы дәрумен типтес қосылыс деп атаған жөн. Пангамат қышқылы тағам құрамында өте көп тараған. Асқабақ, күнбағыс, күріш, сыра ашытқысы, қауын және қарбыз, миндаль, жаңғақ, бауыр, қан құрамында кездеседі. В15 дәрумені тотығу процестеріне қатысады, жасушалардың оттегіні жақсы сіңіруіне ықпал жасайды, жасуша өмірін ұзартады. Бауырдың жұмыс қабілетін сақтайды, цирроздан қорғайды. Ағзада пангамат қышқылының жетіспеушілігі жүйке жүйесінің шаршауына, ағзаға дұрыс оттегінің бармауы және жүрек қан-тамыр ауруларына шалдықтырады. Ауруды болдырмаудың іс-шарасы жоғарыдағы өнімдерді күнделікті тұтыну.

В5 дәруменінің тәуліктік қажеттілігі:

3 жасқа дейінгі балалар үшін -50 мг

3-7 жастағы балалар -100 мг

7-14 жастағы балалар -150 мг

ересек адамдар үшін 100-300 мг

Зертханалық жұмыс нәтижесінде мектеп бойынша ешқандай бала тіркеуде тұрмайды.

Н дәрумені (биотин). Биотиннің дәрумендік қасиеті 1920 жылдары белгілі болды, тек 1936 жылдары ғана 250 кг жұмыртқа сарысынан 1,1 мг биотин кристалды түрде бөлініп алынды. Биотиннің құрылымы 1942 жылы ашылып, бір жылдан кейін химиялық синтездік жолмен жасанды түрде алынды.

Н дәруменінің тағамдық көздері: бауыр, бүйрек, тауық жұмыртқалары, сүт, сәбіз, бұршақ, картоп және т.б. Адам организмінде биотин аз мөлшерде болса дерматит ауруына шалдығады. Егер денім сау болсын десеңіз жоғарыдағы өнімдерді күнделікті тұтыну керек. Биотиннің тәуліктік қажеттілігі 30-60 мг. Зертханалық жұмыс нәтижесінде бұл ауру бойынша мектепте ешқандай адам тіркеуде тұрмайды.

С дәрумені(аскорбин қышқылы)-1820 жылы Австралия дәрігері Крамер белгісіз аурудың әсерінен адамның тістерінің еті қанталап, түбі босап, тіс түсіп және оңай жарақаттанғыш келетінін, тері экзема сыпайда болатынын, организмнің жұмысқа деген қабілеті кеміп, тез шаршайтынын кезінде жазып сипаттаған еді. Бұл аурумен, әсіресе теңізшілер, жауынгерлер, жиһанкездер ұзақ сапарға шыққанда жиі ауырады. Ағзаның жұқпалы ауруға қарсы тұру әрекетін арттырады. Сүйекке және тіске беріктік қасиет береді. С дәрумені биологиялық тотығу кезінде зиянды заттардың түзілуін тежейді. Ол қарсы денелерді түзетін ферменттердің құрамына кіреді. Терідегі қантамырлардың қабырғасының бүлінуіне де кедергі жасайды. С дәрумені жетіспеген жағдайда ағза тез шаршайды, сілемейлі қабықшалар қабынады, қызылиек қанталайды. Бұл дәрумен ұзақ уақыт жетіспесе, адам қауіпті құрқұлақ (цинга) ауруына шалдығады. Қырқұлақ дегеніміз тіс түбінің, қызыл иектің зақымдалуы. Сол сияқты қырқұлаққа шалдыққанда жүйке жүйесі нашарлайды. Адам ағзасы С дәруменін түзбейтіндіктен, тамақпен бірге қабылдануы керек. С дәрумені ағзаға қыс пен көктем айларында көбірек қажет. Жаңа піскен көкөністер, жемістер және тұздалған орамжапырақ құрамында көбірек кездеседі. Әсіресе итмұрынның, қарақаттың құрамында мол болады. Ағзаға қажетті тәуліктік мөлшері 60-70 мг.

Қорытынды. “Әуелгі байлық-денсаулық”-дейді дана қазақ. Меніңше бұл сөзді әрбір адам қаперіне енгізу керек сияқты. Себебі, біз кез-келген жұмысты істеу үшін, тіршілік жасау үшін де денсаулық керек. Деннің сау болуы дәрумендердің организмде жеткілікті болуына байланысты. Мен бүгінгі ғылыми жобада мұның барлығын өз ойыма түйдім. Ғылыми жобада дәрумендердің әлі де зерттелмеген тұстары өте көп. Менің болашақтағы арманым осы дәрумендердің зерттелмеген тұсын зерттеу мысалға, біріншіден дәрумендердің В15-В30 дейін зерттелуі тиіс, алайда әлі зерттелмеген, зерттегім келеді, екіншіден, адамдарға дәруменді күнделікті қолдануға мүмкіндік ашқым келеді, үшіншіден, денсаулыққа зиянды өнімдер: дәмдеуішті қолданбауға, зиянды жағын бұдан да толығырақ етіп зерттегім келеді. Мен бұл ғылыми жобада суда еритін дәрумендердің жетіспеушілігінен туындайтын ауру түрлері, болдырмаудың іс-шаралары, зертханалық жұмыс, тәуліктік қажеттілігі туралы мәліметтер жаздым. Бұл мәліметтерде сіздің денсаулығыңызға қажет пайдалы кеңестер бар. Дәрумендер мұнымен қорғалып біткені жоқ, мен болашақта дәрумендерді бұдан да жақсы етіп зерттегім келеді. Дендеріңіз сау болсын!!!

Пайдаланылған әдебиет тізімдері

- 1) Ғаламтор
- 2) Ғаламтор “Білімділер сайты”
- 3) Ғаламтор 45minut.kz
- 4) Емші газеті №18 2009 жыл
- 5) CD ұсынылған слайд-презентациялар
- 6) Биолог анықтамалығы Республикалық ғылыми танымдық педагогикалық журнал
- 7) Биология және салауаттылық негізі. Ғылыми-педагогикалық журнал топтамасы.
- 8) Денсаулық журналы
- 9) 8-сынып Биология “Алматы-Атамұра”
- 10) Газет, журнал және т.б.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІНІҢ ЗАҢЫ **Тақырыбы бойынша ана тілі пәнінен өткен ашық сабақ жоспары**

ОҚО. Сарыағаш қаласы. №1 М. Әуезов атындағы мектеп-гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі: Қосаева Ұ Сыныбы: 3 «В»

Сабақтың тақырыбы: Достық өлкесінің заңы

Сабақтың мақсаты:

1. Өлеңнің мәтіндік мазмұнын, негізгі идеясын ашу.
2. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорларын байыту, жылдам оқуға дағдыландыру.
3. Өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, іздену, әңгімелеу, талдау.

Сабақтың көрнекілігі: Шоқан. М. Шаханов суреттер, плакаттар, сөзжұмбақтар.

Сабақ барысы: Оқушылардың зейінін назарын психологиялық жаттығулар арқылы сабаққа аудару.

«Алақан» жаттығуы. Көршілеріңе бұрылып, алақандарыңды біріктіріп, жүректеріңнің жылуын беріңдер:

Достар бірге жүреміз

Міне, біздер қандаймыз

Бірге ойнаймыз, күлеміз

Бөлінбейді іргеміз,

Бірге балық аулаймыз

Әрқашанда біргеміз.

Өткен сабақты қайталау. 1. «Достық» ауылы: Сапарғали Бегалиннің «Мейірім» әңгімесін әңгімелеу.

С.Бегалиннің «Мейірім» әңгімесі кім туралы? Олар қайда болды? Не көрді?

Жылқышылар қандай озбырлық жасады? Шоқан не үшін арашаға түсті? Шыңғыс сұлтан қандай шешім

жасады?

2. «**Бінтымақ**» ауылы: Сапарғали Бегалиннің өмірбаяны жайлы әңгімелеу.

3. «**Бірлік**» ауылы. Сөзжұмбақты шешу.

4. «**Жақсылық**» ауылы: Көк тор көздегі шыққан сөзді оқу. «Шоқан» Ол туралы не білесіндер?

II. Тест тапсырмасын орындау.

1. Сапарғали Бегалиннің «**Мейірім**» әңгімесі кім туралы?

а) Шоқан ә) Абай б) Әбіш

2. «**Таза бұлақ**» мәтінінің авторы кім?

а) М. Шаханов ә) С.Бегалин б) Ы.Алтынсарин

3. **М. Шахановтың өлеңін тап.**

а) Қыс ә) Жазғытұрым б) Төрт ана

III. Алфавитпен жұмыс: Дд әрпін көркем жазу.

«**Достық**» ауылы: Дд әрпін қорғау және дыбыстық талдау жасау.

«**Бінтымақ**» ауылы: Дд әрпінен басталатын сөздер айту. Сөз таптарына талдау.

«**Бірлік**» ауылы: Сөйлем құрау және сөйлем мүшелеріне талдау.

«**Жақсылық**» ауылы: Сөз құрамына талдау.

Сергіту сәті:

Әрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

- Балалар өлеңімізде не туралы айтылған?

- Достық туралы

- Олай болса, бүгін біздің өтетін жаңа тақырыбымыз

IV. Зерттеу жұмысы:

Т: Достық өлкесінің заңы

А: Мұхтар Шаханов

Ж: Өлең

Ө.Ш: 10

Қ: 43

Н.О: жүз теңге болғанша, жүз досың болсын

V. Оқулықпен жұмыс:

«**Достық**» ауылы: Мұхтар Шахановтың өмірбаянын айту

«**Бінтымақ**» ауылы Өлеңді мәнерлеп оқу

«**Бірлік**» ауылы: Сұрақ-жауап арқылы өлеңнің мазмұнын ашу.

1. Ақын бала кезін қалай есіне түсірді?

2. Ол кезде қандай оқиға болған еді?

3. Балалар әжесінен неліктен қорықты?

4. Әжесі баласын неге жазалаусыз қалдырды?

5. Әжесі кенет неге ашуланды?

6. Нағашы атасы жиенің қалай қорғады?

7. Баланың орнында өзің болсаң не істер едің?

«**Жақсылық**» ауылы: Достық, жолдастық туралы мақал - мәтелдер айту.

VI. Шығармашылық жұмыс:

«**Достық**» ауылы: постер жасау: Дос қандай болуы керек?

«**Бінтымақ**» ауылы: 4 жолды өлең құрау.

Досым менің **тірегім**,

Бақытыңды **тіледім**.

Жүрсең ылғи **қасымда**,

Көңілді өмір **сүремін**.

«**Бірлік**» ауылы: «Дос» сөзіне ребус құрастыру

«**Жақсылық**» ауылы: Досыңа хат жазу.

Досың саған өкпелі, неге екенін білмейсің...

VII. Сабақты қорытындылау: бағалау.

Үйге тапсырма:

«**Достық**» ауылы: Өлеңнің мазмұнын айту

«**Бінтымақ**» ауылы: Соңғы шумағын жаттау.

«**Бірлік**» ауылы: Автордың шығармашылығын іздену.

«**Жақсылық**» ауылы: Өлеңді мәнерлеп оқу.

Ән: «Біз өмірдің гүліміз»

* * * * *

ТЕЗИС К ДОКЛАДУ ПО ТЕМЕ
«ЛИЧНОСТНО-ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ РУССКОМУ
ЯЗЫКУ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ»

Ергалиева Гульнар Куанышовна. сш №3. г. Атырау
Учитель русского языка и литературы в казахских классах

Личностно-дифференцированный подход в обучении русскому языку как средство повышения качества обучения.

Эффективность же современного урока основывается на широкой реализации связи с жизнью, на применении новых форм обучения. Ребенок в своём развитии индивидуален, поэтому учителю необходимо учитывать особенности каждого ученика. Главная задача педагогической учреждения – научить учиться, а это значит уметь самостоятельно добывать знания в процессе поисковой деятельности, применять полученные знания на практике, решать поставленную задачу творчески, контролировать и оценивать свою деятельность. Эти умения поможет сформировать такая форма организации учебного процесса, как дифференциация. Дифференцированный подход к учащимся на уроках русского языка - это необходимое условие дальнейшего успешного обучения.

Одна из серьезнейших проблем национальной школы – снижение грамотности, неумение правильно, логично выразить свою мысль. Диагностика, проводимая мною, показала, что в классах, где я работаю, не все учащиеся умели извлекать и перерабатывать учебную информацию, затруднялись выделять главную мысль изучаемого материала. Цель моей работы: научить ребёнка учиться, активизировать его деятельность на уроке, развивать интерес, следовательно, повысить грамотность.

Еще К.Д. Ушинский, рассматривая вопросы организации учебного процесса, рекомендовал делить классы на группы, чтобы давать детям задания в соответствии с их подготовкой. Любой класс можно разделить на три группы: ученики с высокими – средними - низкими учебными возможностями. Критериями деления учащихся на группы являются: объем имеющихся знаний, культура умственного труда, способность к абстрактному мышлению, умение анализировать и обобщать, утомляемость от интеллектуальной деятельности, уровень самостоятельности, уровень работоспособности, уровень познавательной активности. Изучая вопрос дифференцированного подхода в методической литературе, опираясь на свой личный опыт, условно разделяю учащихся по уровню знаний, сформированности умений и навыков, а также способам познавательной деятельности на 3 группы: А- углубленный; В-несколько продвинутый; С-базовый. Но эти группы не являются постоянными. В процессе работы время от времени делю класс на группы. Это позволяет уделить внимание тем ребятам, которые не усвоили новый материал. Решающую роль играет разграничение заданий по степени сложности, по степени самостоятельности учащихся при выполнении упражнений. Технологию уровневой дифференциации стараюсь часто применять на своих уроках. На примере одного, двух уроков хотелось бы изложить применение мною данной технологий в моей педагогической практике. На мой взгляд, осуществлять дифференцированный подход необходимо на различных этапах урока. Для осуществления контроля за усвоением темы «Глаголы 1 спр. и 2 спр.» учащимся 6 класса были предложены разноуровневые задания по принципу «от простого к сложному». Урок по теме «Глаголы-исключения». Цель урока: познакомить с глаголами – исключениями; развивать умение распознавать их в тексте и правильно писать их безударные личные окончания; умение определять спряжения глаголов. Лучшее запоминание темы - это грамматическое стихотворение. Учащиеся после успешного выполнения практических упражнений проводят самопроверку по правилам. На предыдущем уроке учащиеся сами сформулировали алгоритм определения безударного окончания глагола. На этом уроке учащиеся выполняли такое же задание повышенной трудности. Самостоятельно составляли алгоритм по определению спряжений глаголов. Они учатся рассуждать по алгоритму. На этом уроке разноуровневые задания также я использовала на этапе закрепления знаний о глаголах – исключениях. Вместе с героями сказок А.С.Пушкина учащиеся закрепляют знание глаголов-исключений. Предлагаю учащимся отрывки из сказок А.С.Пушкина. Учащимся задаются проблемные вопросы, затем они в группе выполняют закрепляющие упражнения по принципу «от простого к сложному». Домашнее задание учащиеся тоже получают разноуровневые. По применению дифференцированной технологий были проведены открытые уроки в 9 «Б» классе по теме «Основные виды сложного предложения»; в 10 классе общественно – гуманитарного направления проводила урок – обобщение на тему «Употребление имён числительных в речи», лексическая тема – «Путешествие в Астану»; в 8 классах проводила уроки нового формата по темам «Обособленные дополнения» и «Обособленные обстоятельства». Особенность этих уроков в том, что лелея старое, постигаю новое. Применяя на этих уроках дифференцированную технологию, попробовала провести уроки нового формата: применила здоровьесберегающую технологию, элементы критического мышления, новые формы оценивания учащихся, метод «Таксономия Блума».

К какому результату я пришла при проведении уроков с использованием технологии уровневой дифференциации?

1.Проведенные уроки позволяют вызвать активность всех учащихся на разных этапах работы. Уроки такого типа позволяют избежать схематизма, однообразия, создают творческую атмосферу, обеспечивают активную

работу учащихся, осуществляется педагогика сотрудничества.

2. Особенности этих уроков заключаются в том, что они способствуют развитию мышления и памяти учащихся, развитию способности наблюдать и образно мыслить. Обогащает словарный запас учащихся, стимулирует творческий поиск.

3. Дифференцированные задания позволили задействовать на уроке каждого ученика. Развивается учебная мотивация, личностная сфера, снимается тревожность, робость, развиваются коммуникативные способности.

4. Применяемые формы и методы позволили оценить каждого ученика по его возможностям. Каждый ученик смог показать свои знания и умения на различных этапах работы на уроке. На этих уроках дети получают огромный заряд положительных эмоций. Это стимулирует дальнейшую работу каждого ученика, даже самого слабого.

Мои результаты по ЕНТ:

2009-2010гг. – 92%

2011-2012гг. – 89%

2012-2013гг. – 86%

Качество знаний по русскому языку:

2008-2009гг. – 42%

2009-2010гг. – 46%

2010-2011гг. – 52%

2011-2012гг. – 56%

Современный педагог обязательно должен научиться работать с новыми средствами обучения хотя бы для того, чтобы обеспечить одно из главнейших прав ученика – право на качественное образование. Девизом каждого учителя сегодня пусть станут слова Конфуций: « Кто постигает новое, лелея старое, тот может быть учителем ».

Список использованной литературы:

- Л.С.Выготский « Мышление и речь » // Собр.соч. – М. 1982.
- О.А.Любимова «Уровневая дифференциация обучения русскому языку». 9 класс. Барнаул, 2002.
- Н.Н.Соловьёва «Карточки для дифференцированного контроля знаний по русскому языку». 6 класс. М. 2004.
- Т.В.Селевко «Современные образовательные технологии» М. 1998.
- И.М.Осмоловская « Организация дифференцированного обучения в современной школе ». // М. 1998.
- А.В.Хуторский «Методика личностно – ориентированного обучения. Как обучать всех по – разному? Пособие для учителя. // М. 2005.

* * * * *

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

*М.С.Сейтен, Ақтөбе гуманитарлық колледжі,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан республикасы*

Экология ғылымының негізгі салаларының бірі ретінде экологиялық педагогика көпшілікке білім мен тәрбие беру барысында дами түсуде. Бұл бүгінгі өмір талабы. Өйткені, биосферадағы тіршіліктің тұрақты сақталуы – адамның ақыл-ойына тікелей тәуелді екендігі анықтала түсті. Сондықтан ХХІ ғасыр адамзаттың ақыл-ойы кемелденген этно-экология кезеңі болмақ. Жер шарының бүгінгі тағдыры мен болашағы адам баласының ақыл-ойының деңгейіне байланысты болып табылады. Экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеттерін шешуде орта білім беретін мектептің алатын орны ерекше.

Қазіргі кезде ғылыми техникалық прогресстің қарқынды дамуы табиғатқа кері әсерін тигізіп отыр. Осыған орай жас ұрпақтардың бойына табиғат тағдырына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, экологиялық білім мен тәрбие беру, оны ғылыми түрде талдап шешу-педогогика ғылымының алдындағы негізгі міндеттердің бірі.

Бүгінгі таңда педогогика ғылымының салалары экологиялық білім мен тәрбиенің ғылыми негіздерін , ұстанымдары мен міндеттерін толық анықтауға ұмтылуда. Білім ордаларындағы экологиялық білім беру әдістемелік және теориялық тұрғыдан зерттеліп зерделенуде.

Экологиялық білім мен тәрбие беруді барлық пәндердің соның ішінде жаратылыстану пәндерінің (химия, биология және т.б.) нақтылы мазмұнына сүйене отырып жүргізу мүмкіндіктерін зерттеу-мәселенің негізі болып табылады. Ал, пәндерді әсіресе химия, биология, география және т. б. пәндерін экологияландыруда студенттерге табиғат жайлы білім негіздерін беріп қана қоймай , әр пәннің студенттерді қоршаған ортасын сүюге баулудағы тәрбиелік орнын , қуатын аша отырып оқыту , сол арқылы студенттердің дүниетанымын , эстетикалық сезімін, мейрімділік , адамгершілік , жауапкершілік қасиеттерін дамытуға, яғни қоршаған ортасына қиянат жасамауға , оның заңдылықтарын ескере отырып, жаңартуға, қорғауға атсалысуына басты назар аударылады. Табиғатқа антропогендік факторлардың әсерінің

күшеюі бұрыннан бар экологиялық мәселелерді одан әрі шиеленістіріп жіберді. Ал оған теориялық және іс- жүзінде мән берілуі - табиғат пен практиканы дамытудың қажеттілігі. Жалпы теориялық және жеке әдістемелік бағыттағы зерттеулерді кеңейту және тереңдету қажет. Бірақ қазіргі оқу орындарындағы практика шын мәнінде уақыт талабына сай емес. Сол себепті экологиялық сауатты, тәрбиелі жастарды дайындауды толықтай қамтамасыз ете алмай отыр. Қазіргі зерттеуші ғалымдардың пікірінше, мұндай жағдайлардың туындауындағы басты себептердің бірі- гуманитарлық циклді пәндер мазмұнында әлеуметтік экология идеясын ұғындырудың жеткіліксіздігі. Сондай-ақ экологиялық мазмұндағы гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының бір- бірімен байланыстылығының болмауы деп түсіндіріледі.

Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесінің қандай да болмасын бір ғана оқу орындарындағы жүргізілетін пәндер арқылы шешілуі мүмкін еместігі түсінікті. Шын мәнінде қоршаған ортаны қорғау идеяларының мазмұнын ашатын бірде-бір пән жоқ деседе болады. Оқу орындарындағы экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесінің жеке пәндерде біріктірілген мазмұны болуының мүмкіндігі оны әрбір пәннің өз тұрғысынан қарастыруын, жан-жақты зерттелуінің қажеттігін туындатады.

Қазіргі заман талабына сай оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие беру жұмыстарын жүзеге асыруға байланысты мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:

1. Студенттердің психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерімен санасу.
2. Экологиялық тәрбиені пәнаралық байланыстар негізінде іске асыру.
3. Оқу курстарының жүйесі мен өзіндік құрылымы, оны оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін басшылыққа алу.
4. Оқулықтағы экологиялық сипаты бар материалды іріктей білу.

Студенттердің қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруда табиғи ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті тану білу шарт. Педагог И. Д. Зверев (1983ж.) тәрбиеленушіге педагогикалық әсердің бірінші кезеңі ретінде ең алдымен студенттің табиғат сұлулығын түйсінуі, осы сұлулықты сақтау үшін адамгершілік, азаматтық борышты ұғынуын қамтамасыз ету керектігіне көңіл аударады. Сондықтан да экологиялық күйзелістердің болуы не болмауы антропогендік факторға, жастардың экологиялық мәдениетіне, сауаттылығына, экологиялық білімінің жоғары деңгейде болуына байланысты.

Студенттердің экологиялық тәрбиесін бағалауда іс-тәжірибеде қолданылып жүрген мынадай мотивтерді жіктеп көрсетуге болады:

1. Азаматтық патриоттық себеп –табиғат байлығын байыта түсуге ынталануы, табиғатты қорғауды қоғам алдындағы борышы деп ұғынуы.
2. Эстетикалық себеп -табиғат сұлулығын ұғынып, ол арқылы рухани күш алуы.
3. Гуманистік себеп- студенттердің іс- әрекеттері мен қылықтарында барлық тіршілікті қорғауға ынталануы, жақсылық жасау, жамандыққа күйіну сезімінің көрінісі.
4. Ғылым танымдық себеп-табиғатты тану, адамның табиғатқа әсерінің саздары мен табиғат заңдылықтарын білуге ұмтылу.
5. Экономикалық практикалық себеп табиғи ресурстары адамның тұрмыс тіршілігінің көзі екенін, оның маңыздылығын бағалай білу.
6. Гигиеналық себеп табиғаттың адам денсаулығына пайдасын ұғыну және зиян келтірмеуге тырысу.

Бірақ қазіргі оқу орындарында студенттерге экологиялық тәрбие беруге толық мүмкіндіктер болмай отыр. Бұл мәселеге төмендегідей фактілер қиыншылықтар келтіруде:

1. Оқу үрдісінде экологиялық тәрбие беру міндеттерін іске асыру үшін пән мұғалімдерінен қажетті ұсыныс, бағдарламалардың жеткіліксіздігі.
2. Арнайы әдістемелік нұсқаулардың болмауы.
3. Сабақтан экологиялық материалдардың көпшілік жағдайда сыныптан және оқу орындарынан тыс жұмыстармен байланыстың жетімсіздігі.

Қорыта айтқанда, қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бар байлығын адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту ісі бүгінгі күн талабына сай туындап отырған мәселе. Дархан табиғат қаншама бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отырған тұста экологиялық үздіксіз білім беруді заңдастыру ұстанымы мен қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында экология кодексін қабылдау ұсынысы ең жарлыққа бой алдырмай, көзі қарақты, ойы ұшқыр азаматтардың қолдауын күтетін қоғамдық тұжырым деп білеміз. Ал, бұл тәжірибе халықтың жаппай экологиялық мәдениетін көрсететін белсенділік қабілетінсіз мүмкін емес. Сондықтан да экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне табиғатты қорғауға немқұрайдылықпен қарамауды үйретіп, қоғам мүшесін әрқашанда қоршаған ортаны қорғауға дағдыландыруды көздейді.

Жаратылыстану пәндеріндегі экологиялық тәрбиенің теориялық мәселесін қарастыру барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

- Жаратылыстану пәндерін оқыту барысында әрбір тақырыптан экологиялық білім және тәрбие берудің халық педагогикасы элементтерін және экологиялық білімді қалыптастырудың педагогикалық принциптерін пайдаланған дұрыс.

- Студенттердің экологиялық көзқарасын қалыптастыру үшін әрбір сабақтың және сыныптан тыс жұмыстардың мүмкіншіліктерін тұрақты түрде пайдалану керек.
- Жаратылыстану заңдылықтары мен заңдарының орындалуын көрсету барысында, оларға сәйкес келетін ғылыми-техникалық прогрестің бағыттарының мысалдары көрсетілуі қажет.
- Студенттердің экологиялық білімін қалыптастыру үшін, жаңа материалды өту барысында экологиялық мазмұнды мысалдар, есептер, тәжірибелер және тест сұрақтары кең көлемде кешенді түрде пайдаланған дұрыс.
- Экологиялық материалдарды жаратылыстану пәндерін оқыту барысында ғана емес, сыныптан тыс сабақтарында тиімді пайдалануы керек.

Қазіргі кезде студенттердің экологиялық білімдерін жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар беруге болады:

- Студенттердің, жалпы әртүрлі мамандықтар бойынша экологиялық білімдерін дамытуды ғылыми-педагогикалық тұрғыда сипаттайтын оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар жазу;
- Оқу орындарында мамандықтар бойынша элективті курстар есебінде экологиялық тақырыптарға байланысты пәндер берілсе;
- Экологиялық білімді арттыру бойынша студенттерге ұлттық педагогика идеялары бойынша зерттеулер қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зверев И.Д. и др. Концепция и программа деятельности общеобразовательной школы по экологическому образованию-М., 1991.
2. Бейсенова Ә.С, Шілдебаева Ж.Б. Экология -Алматы: АлМУ,1999.
3. Жайсаңбаев Т.Р. Ғылыми-техникалық прогресс және оның экологиялық зардаптары//Ізденіс-поиск.-2002.-№2. –94-99б.
4. Байкенжеева А.Т., Изимова Ж. Использование активных методов обучения на уроках экологии Materiały IX Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji «Strategiczne pytania światowej nauki - 2013» Volume 16. 61-65 с

* * * * *

ОТАНЫМ МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАН

Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қалалық № 376 бастауыш мектептің мұғалімі Манабаева Набат Тұрсынбайқызы

Отаным менің Қазақстан

Қазақстаным – Отаным гүлдей жайнаған,
Төсінде оның тасқындап еңбек қайнаған.
Төскейі малға, астыққа толып қамбасы,
Еліміз дамып, жылжыды өрге арбасы.

Әнұран, Туы, Елтаңбасы бар азат ел!
Әлемге мәлім, өркендеп өскен ғажап ел!
Бой тікті қала Есілдің қос қапталынан,
Мақтанышыма мұрагер ұрпақ бола көр!

Көшбасшы өзі, тұтқасы елдің Нұр аға,
Қиялын баптап қондыра білген қияға.
Күн санап менің құлпырып жатса бай далам,
Қуанышы шіркін кеудеме менің сия ма?

Мәңгілік болсын тәуелсіздіктің тұғыры,
Күлкімен өтсін, бейбіт күнімнің ғұмыры.
Татулық пенен бірліктің туын көтеріп,
Арманшыл елдің лайланбасын тұнығы.

Отаным менің сен қандай көркем,
Бұлбұлың болып сайрасам ба екен?
Бейбіт күн жаса мәңгіге деймін,
Нұрымен күннің мен де гүлдейін!

Тәуелсіз елге тілеулес менмін бүгінде,
Ырыс құт дарып, бақыт кеп қонсын еліме.
Молшылық тойдың куәсі болып әрдайым,
Ынтымақ болсын Қазақтың шалқар жерінде.

Жиырма жыл міне,, жұлдызды күндер өтіпті.
Тарихта өшпес іздерін тастап кетіпті.
Шыдамды қазақ, өз бейнетінің арқасы,
Аңсаған талай бақытты күнге жетіпті.

Мен Қазақстандықпын!

Барлық есік ашық деймін,
Өз елімде мен үшін.
Ата-бабам қорғап қалған,
Ұрпақтары, елі үшін.

Тәуелсіздік төрімізде,
Желбірейді туымыз.
Қазақпын деп мақтанады,
Қызымыз бен ұлымыз.

Еңсемізді тік ұстап,
Мақтанатын кез келді.
Қазақстан таң қалдырды,
Туысқан, дос, өзге елді.

Елу елдің қатарына,
Жетеміз деп сенемін.
Жастар адал Отанына,
Көркейтетін өз елін.

Туған жерім - Қазақстан!
Өскен елім - Қазақстан!
Ән жырым да - Қазақстан!
Байлығым да – Қазақстан! 07.10.2013жыл.

Тәуелсіздік таңы

Өзің жайлы жазылар-ау мың дастан,
Қасиетті, қасіретті желтоқсан.
Рухы биік еліміздің жастары,
«Тәуелсіздік таңы» үшін айқасқан.

Желтоқсанды айтып өту парызым,
Сайрап жатыр тарихымда әр ізің.
Дүр сілкіктіп қазақ халқын танытты,
Сыпырып ап бұғауланған қамытты.

«Отаным» деп жалындаған жастары,
Намыс кернеп, азат шеру бастады.
Қазағымның мақтанышы ұл-қызы,
Ел намысын бір оятып тастады.

Сол жастардың қаныменен қол жеткен,
Тәуелсіздік қымбат едің сен неткен?
Осы күнді армандаған боздақтар,
Қайрат, Ләззат, Ербол өтті өмірден.

Тағзым етіп басымды мен иемін,
Арыстарым, аруларым, киелім!
Әрбір айтқан сөздеріңді үлгі етіп,
Сағынышпен еске алып жүр елің.

Қазағымның тарихы жатқан аңыз,
Ел болдық егеменді мақтанамыз.
Төбеміз көкке жетті қуаныштан,
Жаңғырды ата дәстүр, салт-санамыз.

Жиырма жыл егеменді елімізге,
Тәуелсіздік шықты енді төрімізде.
Әлемнің тыныштығын ойлап жүрген,
Ел тізгіні Елбасы өзіңізде.

Әрбір күн ала келсін жақсылықты,
Көп көрді халқым менің тапшылықты.
Тойымыз тойға ұласқан заман болсын,
Еліміз әрқашан да аман болсын.

«Туған жер - тұғырым»

Туған жердің тау тасы,
Көркем қандай жартасы.
Өсіп келеді жастарым,
Туған өлкем арқасы!

Иісі жұпар, таза ауа,
Қанша жұтсақ тоймаймыз.

Арысымның туған күнін,
Қуанышпен тойлаймыз!

Тоғысқан тоғыз жолдың торабында,
Батыр да әнші де бар қаламызда.
Киелі туған жердің топырағы,
Төрт түлік малға толы атырабы.

Туған жер тұғырымсың, мекен еткен,
Қыс пен жаз, көктем, күзім сенде өткен.
Самал жел самайымнан сипап мені,
Мұңайған сәттерімде еркелеткен.

Қонағын құшақ жайып, қарсы алады,
Той жасап, таң атқанша ән салады.
Осындай кең пейілді халқым менің,
Көргендер риза боп тамсанады.

Елу бес жыл толыпты қаламызға,
Тойлауда ауыл-аймақ, даламыз да.
Татулықты, бірлік туын көтереді,
Шаттықтың құйып нұрын санамызға.

Осындай қос мереке қарсаңында,
Ақындар жиналыпты бүгін мұнда.
Жүректен шыққан ыстық лебізімен,
Ортаны толтырайық өлең жырға!

Аналарды ардақтайық!

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Шын жүректен ана дейміз жарқылдап.
Анамыздың алдындағы борышты,
Ақтай алмай келеміз-ау біз бірақ.

Сәбиі үшін түн ұйқысын төрт бөлген,
Көз ілместен талай түнді өткерген.
Аналардың төзімі мен пейіліне,
Дүниеде ешбір нәрсе жетпеген.

Бұл өмірде ұл-қызым деп өтеді,
Жеткізем деп тыным таппай жүреді.
Білім алсын, адам болсын деп жүріп,
Өзі жайлы ұмытып та кетеді.

Сондай асыл аналарды ардақтап,
Бар кезінде бағалайық мадақтап.
Сенің әрбір жылы сөзің ол үшін,
Дүниедегі ең әдемі сая бақ!

Әр сөзіне құлақ салып жауап бер,
Біздер үшін төкші ана маңдай тер.
Сәл нәрседен көңілі қалып ананың,
Жүрегінен орын алар мұң мен шер.

Не істесең анаңа, алдыға сол келеді,
Қадірлеп төрден орын бер, сол ғана оған керегі.
Бақытты болсын аналар, анасыз тірлік не оңар,
Берекесі әр үйдің жасай бер мәңгі аналар!

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЕРТЕҢГІЛІК

Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қалалық
«Балдырған» бала бақшасының тәрбиешісі
Алипбекова Алмагүл Жақсыбекқызы

Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллионнан астам жауынгер қатысты. Олардың басым көпшілігі ұрыс даласында қаза тапты. Қаншама жауынгер хабар-ошарсыз кетті. Қазақстаннан құрылған әскери дивизия ең қауіпті жерлерде соғысты. Генерал Панфилов бастаған 28 дивизия жауынгерлерінің есімдері Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріппен жазылған.

Қымбатты бауырлар 1941 жылы 22-ші маусымда фашистік Германия тұтқиылдан айырып, жерімізді топтамақ болды, бірақ олай болмақ емес. Біз жеңеміз, әділет әрқашанда жеңбек. Фашистерге өлім келсін! Ұлы Отан соғысында жеңіспен оралған батырларды еске алуға арналған, және Жеңіс күніне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

«балалар кіріп келеді»

5. **Ән-ұран** (ескерткіш, алауға гүл шоқтарын қою.)

Соғыс өрті өшіп, қайғы мұңнан арылып, бейбітшілік орнағанына биыл 68-жыл!

Екі қолмен шоқ көсеп ойнағандар, Кеудесін отқа төсеп лаулағандар. Бір сәтке сол ерлерді еске алайық. Жеңіс тойын бүгінде тойлағандар - деп сонау сұрапыл жылдары жеңіс күшін жақындатуға атсалысқан жандарды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

«Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмытылмақ емес!» Осынау сөздер Жеңіс күшін мерекелеу кезінде жиі айтылады. Бұл сөздер соғыста қаза тапқандар ескерткіштеріне тастан қамалып жазылған.

2) Катюша биі

3) «Мақта қыз» тобы тақпақтар.

Маржан

Тоғызыншы мамырда
Гүл қоямын алау қабырға
Еске алып отанды,
Үн қосамын дабырға.

Әсел

Жеңіс күні құтты болсын,
Құтты болсын аталар!
Ұмытпайды ешқашанда
Жауынгерді балалар.

Бағдәулет

Жеңіс келді далама
Жеңіс келді ән болып
Жеңіс келді қалама
Келді ауылға сән көрік.

Ақниет

Батыр Атам-анам да
Батыр үлкен ағам да
Ал үйдегі әжеміз
Алғыс айтар заманға

Самат

Атам отан қорғаған
Алтын жұлдыз кеудеде
Нағыз батыр ол маған.!

Али

Жеңіс келді, алақай!
Жетім қалған балаға
Тоя жейтін нан болып.

Қасиет

Қосылған соң қатарға,
Еңбек етем отанға!
«Болмасаңда ұқсап бақ»
Деген Абай атам да!

Ақбота:

Үстінде сүр шинелі
Дулығасы болаттан
Мәншүк әпке күн - түні

Жауға оқты боратқан.

«Кішкентай солдат» хор.

Қызыл телпек тақпақтар.

Айна

Оңайлықпен түскен жоқ жеңіс бізге
Соғыс елді түсірді - ау ауыр күйге
Жұрт күйзелді, төгілді қанша көз жас
Түнерді қайғы бұлтты талай үйде.

Айдос:

Ұлы отан қамы үшін
Өткен суды кешеміз
Жіберместен намысты
Солдат болып өсеміз.

Арман:

Солдат болған атамда
Солдат болған папамда
Солдат бүгін ағамда
Кезек келді мағанда
Баламын еліме ардақты
Тәуелсіз ел солдаты

Жібек:

Нұр тұнсыне қырымыз
Құлпырсын гүліміз
Жайқалсын гүліміз
Жайнасын күніміз.

Бағдәулет

Біздер болсақ елімнің
Ел қорғаған ұланы
Көк байрағы желбіреп
Мәңгі көкте тұрады

Наргиза

Жауынгер біздің саңлақтар
Жауды жеңген солдаттар
Ардақта Отан ел үшін
Бақытты туған жер үшін

Нариман

Жеңіс күні құтты болсын

Құтты болсын аталар!
Ұмытпайды ешқашанда
Жауынгерді балалар.

Саят

Жер мен көктің арасын
Шарпығанда қалың өрт
Әлия орыс қомасын
Азат етіп болды мерт.

Сұлтан

Әлия Мәншүк анамыз,
Бауыржандай ағамыз.
Фашистерден Отанды
Қорғап батыр атанды.

Сағыныш

Біз еліктеп өсеміз,
Батырларың десе кім
Әлия Мәншүк анамыз
Бауыржан біздің ағамыз.

Қасиет

Жамылды жер тұманда
Өрт ішінде қалды бақ
Жиырма сегіз қыранды
Жеңе алмады жау бірақ

Сұлтанғазин

Әлияны бұл күнде
Барлық болса біледі
Әлия атты көңілде
Әпкеміз деп жүреді

Анелья

Нурислам

Қосамыз біз өлеңге
Айтамыз біз ән қылып
Мәншүк әпке ерлігі
Ұмытылмас мәңгілік

Нұрғазы

Жеңіс деген жақсылықтың сұңқары
Жігер менен құштарлықтың құралы
Жүректердің арманы мен ұраны
Қуаныш пен мерекенің бұлағы

Аяжан

Ақ көгершін қалықтап
Аспанда ашық самғасын
Тыныштық болып елімде
Қанаты оның талмасын

Еларыс

Тастар көкке атылды
Орман шулап тау құлап
Жиырма сегіз батырды
Жеңе алмады жау бірақ

Димаш

Біз балдырған тең басқан
Дос құшағын елге ашқан
Тілегіміз бейбіт күн
Ашық болсын кең аспан.

Нұрдияр

Жау жеңілді ақыры
Атты бейбіт таң күліп
Жиырма сегіз батырды
Ұмытпайды ел мәңгілік

- Бейбіт күннің әрбір арайлап атқан таңы үшін біз майдангерлерге қарыздармыз. Осы апа - аталарына ұқсауды армандайтын балаларымыз, қазір сіздерге өз өнерлерін көрсетеді.

4) Көрініс. 1945 жылы 30 сәуірде сағат 6,30-да жеңіс туы тігілді. Ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев. Төрт жылға созылған қан төгіс аяқталды. Соғыс әскерлері Германияны құлатып Ұлы отан соғысында жеңіске жетті. **Жеңіс құтты болсын!**

Бір ғана жеңіс деген сөзді естігенде сол кездегі адамдардың қуанышында шек болмады, жан-жақтан айқайлаған дауыстар, әрине бұл үлкен қуаныш жасы еді. Ержүрек батыр ата-апаларымыз сыйлаған бақытты таңдар, бейбіт күндер үшін, ол кісілердің алдарында біздер әрқашан бас иеміз. Ендігі жерде жыл сайын саны азайып бара жатқан батырларымыздың қалғандарына Алла тағала ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз, Кешімізді әрі қарай көңілді бимен жалғастырамыз.

5) «қызыл телпек» тобы «Морячка» биі

6. Айзере «Балдәурен» Ақбота «Айгөлек»

7. Айна «Қошақаным»

8. Атамекен хор.

9. День победы музыка.

* * * * *

БАТЫРЛАР АЛЛЕЯСЫНДА ЖЕҢІСТІҢ 69 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ ОТАН ЖӘНЕ АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШТІҢ СЦЕНАРИЙІ

*Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласы, Ж. Байгуттиева атындағы
өнер мектебі домбыра бөлімінің ұстазы Шалабаева Нұржамал Сайрамбайқызы*

I-жүргізуші: Армысыздар қан майданда шыңдалған қайсар жүректі аталар! Армысыздар тау тұлғалы соғыс ардагерлері! Ел басына қиын-қыстау күн туған 1418 күнге созылған сұрапыл соғыста жастық шақтарыңды ұрлатып, талай майдандас достарыңызды жау оғынан ажырата алмай қоштастыңыздар. Олар да армандар көп еді. Олар да жарық дүниеге, болашақтың қызығына құштар еді. Амал нешік? Соғыс заңы солай! Елім деп еңіреп, кеуделерін от пен оққа төсіп, Отанын қорғаған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алайық!

II-жүргізуші: Соғыс ... соғыс ... Аты қандай суық тым, Көбейтеді атты үрейін халықтың.

Бейбіт елдің қаны судай шашалып , ортасында мұңайды ерлер өліктің.
Соғыс десе шымырлайды өн бойың, Соғыс жұтты асылдардың талайын.
Қанды майдан енді қайтып болмасын,
Аман болсын туған ел, туған жерім, ағайын !

I-жүргізуші : Ұлы Жеңістің 66 жылдығы құрметіне құттықтау сөз қала әкімі **Сыдықов Қанат Жамалбекұлына**, қалалық маслихаттың хатшысы **Керімқұлов Өсербай Қалдыбекұлына** беріледі.

II-жүргізуші: Табаны күректтей төрт жыл бойы ғаламат күш – қайрат көрсеткен біздің жауынгерлер қанқұмар фашистерге қарсы тұрып , қасық қаны қалғанша күресті . Төбеден қарша жауған ауыр бомбалар мен ажал оқтары қаншама мыңдаған боздақтардың өмірлерін қиып , ауыл-ауылдарды «қара қағаздар» аралап , халыққа қайғы сыйлады .

Айтуға оңай ! Көзбен көріп, түн қатып, мұз жастанып, қан кешкен ерлердің басына түскен ауыртпашылықты айтып жеткізу оңай емес.

I-жүргізуші: Құттықтау сөз. Арыс қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы **Төлебай Ысқабаевқа** сөз береміз.

II-жүргізуші: Адам батыр болып тумады. Батырлық өлім мен өмір арпалысқан шақта жасалады . Қанды майданда бораған жау дзоты шабуылға шығуға мүмкіндік бермеген шақта , талай ақ көз ерлер **«Отан үшін»** деп кеуделерін дзоттың аузына тосып , өздерін өлімге қиды. Осындай көзсіз ерлік сол соғыста қаншама мәрте қайталанды десеңші !

II-жүргізуші: Өнер мектебінің ұстазы Тайыр Бектасовтың орындауында **«Офицеры»** әнін қабыл алыңыздар

I-жүргізуші: Бауырлас ізгі ерлердің ,

Іздерін қалай шаң баспақ ?

Төлеген, Мәншүк , Әлия

Жасады және сан ерлік

Баймағанбеттің сұлтаны,

Әбдіров Нүркен жас қыран,

Байсалды туған , батырлар,

Тағызым етер піріміз !

Келесі ән **«Темная ночь»** әні Ж.Байгуттиева атындағы өнер мектебінің ұстазы Сербина Ирина Ивановнаның орындауында тыңдаңыздар **«Огонек»** әні /екінші орындауында айтылады/

II-жүргізуші: Жаралған жалынан

Жайсаң батыр Бауыржан

Естігенде есімін

Жау есінен жаңылған

I-жүргізуші: Ж.Байгуттиева атындағы өнер мектебінің директоры, композитор Жомарт Сейтбековтің

«Сарбаздар» әнін Республикалық байқаудың Лауреаты, Бекзат Шілдеханнның орындауында қабыл алыңыздар .

II-жүргізуші: Жауына тиді жасындай,

Мәншүк пенен Әлия.

Қанмен жазды есімін,

Ел үшін қиып өмірін

I-жүргізуші: **«Мәншүк туралы ән»** орындайтын Республикалық **«Балдаурен»** ән байқауының жүлдегері Нұрдәулет Мансұр

II-жүргізуші: Көрдік қой соғыс дауылын ,

Көрдік қой от пен жалынын.

Жас ұрпақ сөнбес өзгеге,

Өзгелер айтқан сөзге де,

Тек қана сенер сіздерге , - деп келесі сөзді

I-жүргізуші: **«Катюша»** әні. **Дуэт** . Өнер мектебінің ұстаздары

II-жүргізуші:

Сүйінші ! Сүйінші ! Жеңіс !

Солдат үшін бұйрық деген қатал заң ,

Оққа ұшты аласұрып жас арман.

Армандары орындалып әкелер,

Туған елге жеңіспенен оралған !

Құттықтау сөз

I-жүргізуші: Сен құрметте оны !

Түсіндің бе қарағым !

Ол ақшаға сатқан жоқ,

Тізеден кесіп аяғын.

II-жүргізуші: Өнер мектебінің ұстазы Асқар Қошбағаровтың орындауында Блантердің әні **«Смуглянка»**

I-жүргізуші: 1979 жылдан 1989 жылдар арасында 2238 күнге созылған Ауған соғысында талай ерлердің тағдырын оққа байлады.

Қайсар жүрек Ауғандық жауынгерлер,
Жырым бар жырланған жаныңды емдер
Өлгендер тағызым етіп, дұға оқимыз,
Ортамызда жүргендер дәуірлендер.
Сөз кезегі :

II-жүргізуші: Жомарт Сейтбековтің әні «**Ауғанстан**» орындайтын өнер мектебінің ұстазы Еркеғали Молдалиев

I-жүргізуші: Бейбіт күннің біз қадірін білеміз,
Туған елдің тыныштығын сүйеміз.
Майдангерлер аман жүрсін ортада ,
Батырларға саулық тілеп келеміз.
Сөз кезегін:

II-жүргізуші: Өнер мектебінің ұстазы Бағила Абдраманованың орындауында «**Бейбіт күн тілегі**» әнін қабыл алыңыздар.

I-жүргізуші: Қаншама жыл өтсе дағы арада ,
Соғыс дерті қалып қойды санада .
Ұмытылмайды жиі түске енеді,
Сыздап кетер майдангерлер жүрегі

II-жүргізуші: Нұрғиса Тілендиевтің «**Алатау**» әнін өнер мектебінің шәкірті Нұрдәулет Құрманқожаның орындауында қабыл алыңыздар .

I-жүргізуші: Қазақстан –бейбіт өмір кешуде ,
Өткен күні ұрпақтардың есінде.
Енді соғыс атын ұрпақ ұмытсын,
Тыныштықтың бұзылмасын көші де.

II-жүргізуші: Ержан Серікбаевтің әні «**Жаса Қазақстан**» орындайтын өнер мектебінің шәкірті Мансұр Нұрдәулет. Қабыл алыңыздар !

I-жүргізуші: Елімізді бүгінде әлем таныды ,
Ел басымыз – Қазағымның нар ұлы.
Күн секілді парасаты, пайымы ,
Дүниеге, түсті мейірім жарығы

II-жүргізуші: Ән. «**Туған жер**» орындайтын өнер мектебінің шәкірті Аяжан Өтегенова.

I-жүргізуші: Майдангерлер , шаршамаңдар, самғаңдар,
Сіздер біздің арқа сүйер қорғандар .
Ортамызда ақыл айтып жүріңдер,
Шөберелер қуанышын көріңдер !

Бүгінгі кешті ұйымдастыруші Арыс қалалық ішкі саясат бөлімінің бастығы **Ербол Ақтаевпен Ж.Байгуттиева** атындағы өнер мектебінің директоры **Жомарт Сейтбековке** сөз беріледі.

II-жүргізуші: Келесі тыңдайтындарыңыз «**Бала кезді сағындым**» әні орындайтын өнер мектебінің ұстазы **Таир Бектасов**.

I-жүргізуші: **Қадірлі соғыс ардагерлері !** Мерекелеріңіз құтты болсын, дендеріңізге саулық, от бастарыңызға амандық тілейміз. Жеңіс күнінен келесі жеңіс күніне аман –есен жете беріңіздер. Мерекелік кеш соңына да жетті. **Сау болыңыздар !**

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КВАДРАТ ТҮБІРЛЕРІ БАР ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ

*Ақтөбе облысы. Ырғыз ауданы. Ө. Қанахин атындағы орта мектебі.
Тоғжанова Ләйлаш Тұхметқызы. Математика пәнінің мұғалімі*

Әр сабақты жоғары деңгейде өткізу мұғалімнің үздіксіз ізденуін, тақырып ерекшелігін жете білуін қажет етеді. Сондықтан сабақ барысында жаңа тақырыпты түсіндіргенде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану керек. Сондықтан сіздердің назарларыңызға «Квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру» тақырыбында өткен сабағымның жоспарын ұсынып отырмын.

Сабақтың тақырыбы: Квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру.

Сабақтың мақсаты: Квадрат түбірлер тарауынан алған білімдерін жалпылап тиянақтау, квадрат түбірлер туралы оқушылардың білімдерін бекіту

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: Квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіруді меңгерту

Тәрбиелік: Оқушыларды өз бетінше есеп шығаруға, ізденуге, шығармашылықпен еңбек етуге баулу.

Дамытушылық: Білуге тиісті міндетті деңгейдегі есептерді шығару, ой-өрістерін дамыту, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге қалыптастыру.

Оқыту әдісі: Деңгейлеп – саралап оқыту.

Сабақтың көрнекілігі:

Слайд, математикалық лото, тест парақтары, деңгейлік тапсырмалар .

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

Пәнаралық байланыс: тарих

Сабақтың құрылымы:

- Оқушылық деңгей (Ауызша сұрақтар)
- Алгоритмдік деңгей (Математикалық лото)
- Эвристикалық деңгей (Деңгейлік тапсырмалар)
- Шығармашылық деңгей (Тест)

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- Оқушылармен амандасып, сабаққа қатысымын белгілеу
- Оқушыларға сабақтың мақсатын түсіндіріп, назарын сабаққа аудару

II.

12. Оқушылар, жарқын болашақтың иелері сендерсіңдер, “Болашақ бүгіннен басталады” дейміз. Бүгін біз арифметикалық квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру тақырыбынан алған білімдерімізді бүгінгі сабақта тексереміз. Міне, біз бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын тақтадағы берілген тапсырмаға қарайық.

Тақтада он алты миллион бір жүз жиырма бір мың тоғыз жүз тоқсан бір саны жазулы тұр. Осы сандарға дұрыс нүкте қойсаңдар, бір тарихи дерек шығады. Жауабы: 16.12.1991 яғни тәуелсіздік алған күн.

I. Оқушылық деңгей. (ауызша сұрақтар)

8. a санының квадрат түбірі дегеніміз не?
- 2) Квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендірудің қандай жолдары бар?
- 3) Арифметикалық түбірдің қасиеттерін жазып көрсет.
- 4) көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. $\sqrt{108} =$
3. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгіз. $8\sqrt{5} =$

II. Алгоритмдік деңгей (Математикалық лото.)

Өрнектердің дұрыс шешімін тапсаңдар, бірдей көбейткіштерден тұратын көбейтіндінің атауы шығады.

№	Өрнектер	Дұрыс шешім
1	$\sqrt{225}$	
2	$\sqrt{169}$	
3	$\sqrt{81}$	
4	$\sqrt{36}$	
5	$\sqrt{625}$	
6	$\sqrt{121}$	

III. Эвристикалық деңгей. (Деңгейлік тапсырмалар.)

Шығармашылық деңгей. (тест)

1. v -ның қандай мәнінде $\sqrt{2/v}$ өрнегінің мағынасы болады?
А) $v < 0$ В) $v > 0$ С) $v = 0$
2. $\sqrt{x} = 5$ теңдеуін шеш.
А) 25 В) -25 С) 25; -25
3. u -тің қандай мәнінде $\sqrt{u} = 7/2$ теңдігі дұрыс болады?
А) 9,25 В) 24,5 С) 12,25
4. $5\sqrt{10a}$ өрнегіндегі көбейткішті түбір белгісінің ішіне енгіз.
А) $\sqrt{50a}$ В) $\sqrt{15a}$ С) $\sqrt{250a}$
5. $\sqrt{180}$ өрнегіндегі көбейткішті түбір белгісінің алдына шығар.
А) $9\sqrt{10}$ В) $6\sqrt{10}$ С) $6\sqrt{5}$

IV. Үйге тапсырма: Қайталау. №84 №85

* * * * *

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙЫРҒЫ ӨЛШЕМДЕРІ

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы Ө.Қанахин атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Имантаева Гулишат Сағитбекқызы

Біздер, қазіргі заман өкілдері өз тұрмыс тіршілігімізді математикалық шамалармен, олардың өлшем бірліктерімен байланыстырмай елестете алмаймыз. Мөлшерсіз дүние жоқ. Әлемнің де, табиғаттың да өзіндік жарасымды өлшемі, мөлшері бар. Өлшем — өндірілетін өнімдердің, күнделікті тіршілік-тұрмысқа қажетті заттардың сандық және сапалық көрсеткіші. Шамалар ұғымымен біз күн сайын кездесеміз. Сабақта болсын, тұрмыста болсын немесе ғылым мен техникада болсын шамаларды ескермей қадам баса алмаймыз. Өлшемнің ұзындық, қалыңдық, көлемдік, сондай-ақ жол сапарға байланысты қашықтық мөлшері бар. Шамалардың барлығы есептеуді қажет етеді, немесе есептеуге арналған болғандықтан, шама дегеніміз математикалық ұғым болып табылады.

Қазір кез келген шаманың Халықаралық бірліктер жүйесіне сай бірлігі бар, соларды күнделікті тұрмыс барысында да, ғылым мен техникада да қолданып келеміз. Мысалы: массаның бірлігі килограмм (кг) немесе грамм (г), ұзындықтың бірлігі метр (м), километр (км), т.с.с. Бұл бірліктер біздің өміріміз бен тұрмысымызға қайнасып, кірісіп кеткен, тіпті олардың қай тілден кіргені, қашанан тілімізге кіргені жайлы ойланып та жатпаймыз. Бұл шамалардың бірліктерінің барлығы тілдік қорымызда кірме сөздерге немесе терминдерге жатады. Сонда біздің ана тіліміздегі сөздік қорларында шамалар бірліктері болмаған ба деген сұрақ туындауы да мүмкін ғой. Немесе ата бабаларымыз ешқандай ғылыммен айналыспаған, математика-жаратылыстану ғылымдары бұл халыққа жат болған деген ой кіруі де мүмкін ғой. Ал қазақ тілінің сөздік құрамында шамалардың алуан түрлі бірліктері кездеседі.

Қазақ халқы баланы тәрбиелей отырып, олардың танымын кеңейткен. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Ата-бабамызда бұл замандағыдай дәл өлшейтін аспап-жабдықтары болмаған. Қазақ халқының өмірі мал шаруашылығы, егін егу болғандықтан ертеректе осы шаруашылықтарға сай өлшем бірліктерін дене мүшелері: саусақпен, аяқпен, қолмен, буынмен өлшеудің әдістерін меңгерді. Бұнымен бірге судың тереңдігін, көлем өлшемдерін, уақытты өлшей білген. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесінің ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз, өңделіп, жаңарып жетуі нәтижесінде өлшеудің өзіндік халықтық жүйесі қалыптасты.

Ұзындық және қашықтық өлшемдері: Тіліміздің сөздік құрамында ұзындықтың көптеген бірліктері қолданыста болған. Олардың көбі әлі күнге дейін қолданыстан түскен емес. Мысалы: елі, қарыс, сүйем, құлаш, арқан бойы, шақырым және т.б.

Саусақпен өлшенетін ұзындық (қалыңдық) өлшемдері:

Елі – бұл шамамен ересек адамның сұқ саусағының қалыңдығына (ені) тең ұзындық бірлігі. Шамалап алғанда 1,5 – 1,8 см.

Қарыс – шамамен ересек адамның қолын жазғанда бас бармағының ұшынан шынашағының ұшына дейінгі ұзындыққа тең бірлік. Шамамен 15 – 18 см.

Сүйем – бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.

Құлаш – ересек адамның екі қолын бір түзудің бойымен кере созғанда бір қолының ұшынан екінші қолының ұшына дейінгі ұзындыққа тең шама. Шамамен 1,5 – 1,8 метр.

Тұтам – бес саусақпен тұтқандағы көлемге шамалас, 5 – еліге тең ұзындық өлшем. Шамамен

Сынық сүйем – сұқ саусақтың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшем. Бір сүйемнің $\frac{3}{4}$ бөлігі.

Қарыс сүйем – бас бармақ пен орта саусақтың аралық мөлшері.

Сере – сұқ саусақ пен шынашақтың кере созылған арасы. Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.

Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдері

Білем – саусақтың ұшы мен қолдың бірінші буынының аралығы.

Шынтақ – қолдың бас пен шынтақ аралығы.

Кез – қолдың басы мен қолтықтың аралығы.

Құлаш – иық деңгейінде созылған екі қол ұшының арасы.

Аяқпен өлшенетін ұзындық өлшемдері

Табан – Аяқтың өкшесі мен башпайдың ұшының аралығы

Адым (қадам) – Жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы

Аттам – Екі аяқты кере созғандағы қашықтық.

Бұйымдарға байланысты ұзындық өлшемдері

Көген бойы - Көгеннің ұзындығы.

Қазық бойы - Қазықтың ұзындығы.

Найза бойы - Найза ұзындығымен шамалас келетін халықтық өлшем.

Оқ бойы - Тым таяу, оқ жетер мөлшеріндегі қашықтық.

Тізгін бойы - Тым қысқа бір метр шамасында.

II. Аудан, көлем және салмақ өлшемдері.

Ертедегі адам бір нәрсенің ауданын, үлкендігін (көлемін) сөз еткенде, оны да өзіне таныс басқа нәрсенің

ауданымен, үлкендігімен (көлемімен) салыстырып, мысалы, аудан туралы айтқанда: “түймедей”, “теңгедей”, “ат төбеліндей”, “алақандай”, “туырлықтай”, “ауыл аумағындай”, деп кейбір нәрсенің үлкендігін: “жұдырықтай”, “ат басындай”, “үйдей”, “таудай” деп ұсынған. Әдет бойынша қазір де қолданылатын өлшеуіштердің алғашқы нышаны болған, осы сөздер өлшеу мен өлшеуіштер тарихы жөнінде және халықтың өмірі, кәсібі туралы едәуір мәліметтер береді. Ертедегі адамдарда заттардың салмағын өлшейтін қазіргідей таразы мен гирлер болған жоқ, нәрсенің ауыр - жеңіл көрсететін “зілдей”, “қаңбақтай” деген сияқты салыстырма ұғым ғана болды.

Шымшым – Ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем.

Шөкім – Ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандағы өлшем.

Бір уыс – Қос саусақтарын жұмдастыра бүккендегі өлшем.

Қос уыс – Қос қолдың саусақтарын бірге жымдастыра, бүккендегі өлшем.

Оймақтай - Оймақ деген қолға ине кірмес үшін сұқ саусақтың басына кигізілетін зат екені белгілі. Сұқ саусақтың жуандығы бір еліге тең. Ондай болса оймақтай дегеніміз жан-жағы бір еліге тең бет ауданына тең шама.

Алақандай - Алақандай деген өлшем бірлік ауданы адам қолының алақанымен шамалас шаршының ауданына тең шама деп қарастыруға болады.

Сырмақтай - Сырмақ дегеніміз киізден ойылып, өрнектеліп жасалынған қазақтың ұлттық төсеніштерінің бірі. Сырмақтай деген өлшем бірлік – аумағы сырмақтың аумағымен шамалас шаршының ауданына тең шама. Сырмақтың ұзындығы – шамамен бір құлашқа тең.

Ат шаптырым - Аумағы 10 шақырымға тең шаршының ауданына тең өлшем бірлік деп қарастыруға болады.

Бармақ басындай - Ересек адамның бармағының басының көлеміне тең бірлік шама.

Торсық - ертеде қазақ халқы сұйықтар мен сусындарды алып жүруге торсықты пайдаланған. Торсық көлемі жағынан ықшам әрі ыңғайлы болғандықтан үнемі қолданыста болған, әрі өлшем бірлігі ретінде қолданылған. Торсық шамамен 3 – 5 литр көлемге тең.

Тең - Ертеде қазақтар көшіп қонуға, жүк артуға түйе көлігін пайдаланғаны белгілі. Ыңғайлы болу үшін түйеге артылатын жүктерді, қаптарды буып біріктіріп, өзара көлемі мен салмағы сәйкес келетін екі бөлік жасаған. Бұл бөліктердің өлшемі шамамен бір құлашқа сай келетін текшеге тең болады.

Кейбір шамалардың қазіргі өлшеммен мөлшерін қарастырайық:

1 көнек сүт шамамен 6 – 7 литр

1 шелек шамамен 12,13 литр

1 пұт -16 кг

1 батпан -12 кг.

1 қап шамамен 4 пұт, яғни 65 – 66 кг.

1 ширек шай 250 г

1 әшмөңке шай шамамен 50 г.

1 таймөңке шай шамамен 25 г

1 шөкім тұз 12,5 г

- қайнатым шай 6,5 г.

III. Уақыт өлшемдері.

Адам тіпті ерте кезден бастап түрлі шамаларды (ұзындықты, ауданды т.б) өлшеумен қатар уақытты да өлшеді, бірақ алғашқы уақыт өлшеуіштерінің дәлдігі аз болды. Табиғат құбылыстарының, мысалы күн мен түннің, қыс пен жаздың ауысып, Ай формасының өзгеріп отыратындығын және бұл өзгерістерде белгілі бір мерзімде қайталап келіп отыратын периодтылық бар екендігін байқап, адам оларды өлшеуіш етіп қолданды.

1) Астың пісуіне байланысты уақыт өлшемдері

1. Ас пісірім. 2-3 сағаттық мезгілді білдіретін өлшем.

2. Ет асым. 2-3 сағат шамасындағы мезгіл өлшемі.

3. Ет қайнатым. Қазанға салған ет қайнатымдай мерзім. Шамамен 20-30 минут.

4. Қайнам: қазан қайнам. Қазанның қайнау уақытының өлшемі.

5. Сүт пісірім. Өте қысқа мерзімді білдіретін өлшем. Шамамен 5-10 минут.

2) Тәулік мезгілдерінің атаулары

1. Күн шығар алдындағы мезгіл атаулары – бұл мезгілді таң немесе таңертең деп атайды.

2. Алагеуім, алатөбе, алаң – ғұлан, алаң – елең – таңертеңгі мезгілде айналаның әлі жарықтанбай, сәл ғана бозғылт тартқан кезі.

3. Құланиек, құлан сәрі – таң жаңа сыз беріп ата бастаған кез.

4. Таң сәрі – жерге жарық түсе бастаған кез.

Күн көкжиектен көтерілген мезгіл атаулары

Бұл мезгілді сәске деп атайды.

1. Сиыр сәске – күн арқан бойы көтерілген кез.

2. Сәске түс – түске жақындаған мезгіл, сағат 12 шамасы.

3. Ұлы сәске – тал түске жақындаған мезгіл.

3) Жыл санау

1. Биыл – осы жылы

2. Былтырғы (өткен) жылы – 1 жыл бұрын
3. Бұрнағы жылы – 2 жыл бұрын
4. Одан арғы жылы – 3 жыл бұрын
5. Бұрынғы жылдары – 4 жылдан бұрынғы жылдары.

Жылдардың ретін еске сақтаудың оңай әдісі:

Түйе сеніп бойына,

Қалған ұмыт жылдардан.

Жатпа қарап, мойыма,

Тойма именіп ділмардан.

*Осы шумақтағы әрбір сөз жыл санауда қолданылып жүрген жануарлардың алғашқы әрпінен басталады.

Мүшел жас

1 – мүшел 13 жас (ер жете бастау)

6 – мүшел – 73 жас (қарттық)

2 – мүшел – 25 жас (жігіттік шақ)

7 – мүшел - 85 жас (кәрілік)

3 – мүшел 37 жас (ақыл тоқтау)

8 – мүшел - 97 жас (қалжырау)

4 – мүшел – 49 (орта жас)

9 – мүшел – 109 жас (шөпшек сүйю)

5 – мүшел – 61 жас (орта жас)

10 – мүшел - 121 жас (немене сүйю)

Қазақ өлшемдерінің басқа ел өлшемдермен ұқсастығы. Заманында ата-бабаларымыздың кеңінен қолданған «қолдың қары» өлшемі ағылшын «ярдмен» шамалас. Ал Ресейде 17 – 20 ғасырларда қолданылып келген ағылшын футы (фут – табан) байырғы қазақ өлшемі «табанға» жуықтау келеді: «табан» өлшеміне қазақ табанның енін алса, ағылшын футы – табан тұрқына тең. Сондай-ақ ағылшынның дюйм (голландша – үлкен саусақ) өлшемі қазақ халқының байырғы «бармақ» өлшеміне («Бармақ елі қазы») сәйкес келеді. Орыстың «верстасы» мен қазақтың «шақырымы», сондай-ақ ағылшынның «фунты» мен қазақтың «қадағы» шығу төркіні, атқаратын қызметі жағынан төркіндес, тектес деуге әбден болады.

* * * * *

АҚЫЛ-ОЙ ТӘРБИЕСІНІҢ ОҚУШЫЛАРҒА БЕРЕРІ МОЛ

Ақмола облысы. Аршалы ауданы. Анар станциясы

Анар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Хабас Алтынгүл

Ақыл-ой тәрбиесі — адамның таным қабілетін дамытып, білім қорын игеруіне жол ашатын тәлім-тәрбиенің негізгі бір саласы. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы оқушылардың оқып білім алуына іс-әрекетін бағыттау — сана-сезімінің дамуына, ғылыми негіздерін меңгеруіне бағыт-бағдар бере отырып жеке тұлғаны қоғамның өркениетті даму бағытына сай жан-жақты тәрбиелеудің құрамды бөліктерінің бірі.

Ойлау құрылымының механизмін түсіну үшін ақыл-ой қызметінің репродуктивті және продуктивті бөліктері қатынастарының қағидасы ерекше маңызды. "Ойлау — шындықты танудың қорытындыланған және жанама түрдегі үрдісі, бірақ оның диалектикалық, қарама-қайшылықтық бірлігінде продуктивті және репродуктивті бөліктері тұтасып кеткен" деп көрсетеді З.Калмыкова.

Н.Менчинская өз еңбегінде "Жақсы дағдыланған және нық бекітілген тәсілдерді қалыптастыру оқушылардың ақыл-ой дамуына елеулі әсер береді" деп, оның дамытушылық функциясының жоғарылауын, оқыту тәсілдерінің рөлін анықтайды.

Ақыл-ой қызметінің тәсілі — ол белгілі бір топтағы мәселелерді шешу үшін ұйымдастырылған қисынды операция немесе операциялар жиынтығы. Абстрактылы ойлау елеулі емес екінші дәрежелі белгілерден аулақтануға, жалпы және елеулілерін бөліп алуға, сөйтіп, осы негізде абстрактылы ұғымдарды тұжырымдауға адамның іскерлігін көздеуде өз маңыздылығымен ерекшеленеді. Абстрактылы ойлауға қабілеттілік, сөз жоқ, оқушылардың жасына байланысты. Алайда, абстрактылы ойлаудың дамуы мектеп жасында мейлінше интенсивті етеді. Жүйелі оқыту оның дамуын жеңілдетіп тездетеді. Осы қабілеттіліктердің көріну уақыты оқытудың мазмұны мен сабақ беру әдістеріне байланысты болып келеді. Сондай-ақ негізгі ой әрекеттері мен операцияларды игеру ісінде арнаулы машықтануды керек етеді. Талдай, жинақтай білу және пәндер мен құбылыстарды жіктей алу, шешімдер қабылдауды, қорытындылар шығаруды, баға беруді, ұғымға келтіруді, құбылыстың немесе пәннің белгілі бір қажеттілікпен анықталуын қажетсінеді.

Тасымалдауға қабілеттілік те ақыл-ойдың дамуында өте маңызды болып табылады. Тасымалдау немесе генерализациялау ғылымы ақпарат қауырт есіп отырған қазіргі кезде ерекше маңызға ие, себебі, жаңа білімдерді неғұрлым тез де үнемді игеру үшін негізгі құрал бола алады. Құбылыстардың түпкі нәтижелерін немесе келіп жетуін алдын ала көре білу қабілеті, ой мен қорытынды шығару негізінде, ең алдымен, табиғат пен ғылымдағы заңдылықтардың рөлі мен маңызы туралы жалпы ұғымдарды игеруге негізделеді, әрі бақылау, талдау, салыстыру, құбылыстар арасындағы ерекшеліктерді табу, ұқсастықтарына қарай ой қорытындыларын жасауды, сондай-ақ индуктивтік және дедуктивтік ойлау әдістерін игере білуді қамтиды. Индуктивтік ойлау жеке пәндер немесе құбылыстар туралы білімдер негізінде оқытылатын барлық пәндер мен құбылыстар туралы жалпы қорытындыға келе білуді көздесе, дедуктивтік ойлау бұрын белгіленген жалпы ережені, жеке деректерді немесе құбылыстарды зерттеп, үйрене білуге қолдануды міндеттейді.

Интеллектуалдық әрекетке адам қабілеттерін дамыту ой еңбегінің мәдениетін игерумен де мейлінше тығыз байланысты. Ой еңбегі мәдениетінің ұғымына, әдетте, ой жұмысының режимін тиімді ұйымдастыра білу туралы ұғым, белгілі бір жүйе жасап алу, ұқыпты жұмыс істеу қабілеті жатады.

Ой жұмысының нәтижелілігі жұмыста адам белгілі бір жүйені ұсынатын болса едәуір артады, бұл әрекет жасаудың белгілі бір дәйектілігін таңдап алудан, жұмыс орнының белгілі бір ұйымдастырылуынан, осы материалдарды және оқу құралдарын, т.б. орналастыру жүйесімен жазба жұмыстарды жазып алуды жүргізу жүйесінен көрінеді. Нақ осы ой еңбегінің мәдениеті интеллектуалдық қызметпен ұзақ шұғылдана білуге жол ашады.

Дербес танымдық қызметке қабілетті дамытуда ақыл-ой дамуы міндетінен саналады. Дербес танымдық қызметке қабілеттілік жалпы мәдени ой-өрісін ұлғайтып, өздігінен білім алу және адамды жан-жақты дамыту үшін де керек. Дербес танымдық қызмет ақыл-ой дамуының жеткілікті дәрежесін дербес жұмыс істеу іскерліктері мен дағдыларын игеруді, сондай-ақ белгілі бір мотивтердің болуын көздейді. Дербес жұмыс істеу іскерліктері мен дағдылары ой еңбегінің мәдениетімен де байланысты, өйткені бұл жұмыстың нәтижелі болуы үшін оны тиімді ойластырып ұйымдастыру керек болады.

Ақыл-ой қабілеттерін дамыту тұрғысынан алғанда, дербес жұмыс оқушының алдына мәселе қойылып, мәселелік жағдаят жасалғанда анағұрлым тиімді бола түседі. Мәселелік жағдаяттар тек күрделі де елеулі міндеттер мен мәселелердің айналасында жасалып қана қоймайды, қандай да болсын танымдық міндеттерді шешуге барудың өзі де өзекті бола алады.

Оқушыларды білім, іскерлік және дағдылар жүйесімен қаруландырудың мақсат көздеген үрдісі ретінде ақыл-ой жетекші рөл атқарады. Оқыту жеке тұлғаның ақыл-ойының дамуында жетекші болып саналады. Себебі, интеллектуалдылық және белсенді танымдық қызмет үшін керекті ақыл-ойдың бірде-бір бағалы қасиеті жүйеге келтірілген білімдердің қорынсыз дами алмайды.

Даму, ең алдымен, білімдерді меңгергенде оқушы жасайтын ой операциялары мен әрекеттердің сипаты арқылы анықталады. Ақыл-ой тапқырлығына, қабілеттілік ісіне тәрбиелеуде едәуір мөлшерде оқытуға зерттеушілік тұрғысынан қарау ісі жәрдем ете алады. Оқытудағы зерттеушілік ұстанымы өздері зерттеп отырған ғылымдарда қолданылатын зерттеулердің негізгі әдістері арқылы жаңа білімдерді өз бетімен меңгере ала білуді оқу үрдісінде ұйымдастыру жағы көзделеді. Яғни, олардың қисынды ойлауын дамытып және сенімдерін қалыптастыру үшін оқушыларды дәлелдерге және өз көзқарасын негіздеуге үйрету жөніндегі жұмыстары өте пайдалы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мектептегі тәрбие жұмыстары. 2008ж
2. Бастауыш мектеп. 2007ж
3. Бала тәрбиесі 2009ж

* * * * *

ТАРАУДЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: WINDOWS ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Қызылорда қаласы Шиелі ауданы №219 Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің информатика пән мұғалімі Дәрібаева Нұргүл Қонысбекқызы

Оқушылардың білім сапасын арттыруда модульдік технологияның көмегі көп. Бұл технологиямен өткен дәрістер оқушылардың сабақ үстінде еркін сөйлесуіне, жолдастарымен бірігіп жұмыс істеуіне, өзіне деген сенімін тудыруына, өзін-өзі басқаруына ұмтылуына, өзін-өзі сыйлауына құрметтеуіне мүмкіндік аша түседі. Модульдік сабақтарда оқушылар мұғалім басқарымен бір-біріне көмектесіп, ортақ тапсырмалар, деңгейлік тапсырмалар орындайды. Осы мақсатта 7-сыныпта информатика пәнінен «Windows операциялық жүйе» тарауынан модульді оқытудың жоспарын төмендегіше құрдым.

Сыныбы: 7 «А». **Сағат саны:** 5 **Пәні:** информатика **Пән мұғалімі:** Дәрібаева Н

Тараудың тақырыбы: Windows операциялық жүйе

Бөлімі	Сағат саны	Мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1-ші сабақ	5. Модульге кіру	5 мин
		6. Лекция: Файлдар, қапшықтар таңбашалар туралы түсінік	15 мин
		7. Тірек сызбалар. Объектілерді іздеу, көшіру. Себет. Өшірілген файлдар мен қапшықтарды орнына келтіру.	10 мин
		8. Ақпаратты тасымалдау. Иілгіш, компакт дискілер.	10 мин
		9. Қорытынды. Үйге тапсырма	5 мин

Сөйлесу	2-ші сабақ	1. «Өз жартыңды тап» оқыта үйрену ойыны. 2. «Алгоритм» оқыта үйрену ойыны. 3. Компьютермен жұмыс. 4. Қорытынды. Үйге тапсырма.	15 мин 15 мин 10 мин 5 мин
	3-ші сабақ	1.«Домино» оқыта үйрену ойыны. 2. «Даналық ағаш» оқыта үйрену ойыны. 3.Қорытынды. Үйге тапсырма	20 мин 20 мин 5 мин
	4-ші сабақ	1. «Бренг-ринг» оқыта үйрену ойыны. 2. Қорытынды Үйге тапсырма	40 мин 5 мин
Қорытынды	5-ші сабақ	1. Тест. 2. Сынақ	20 мин 25 мин

Білімділік мақсаты:Объектілермен жұмыс жасауды, объектілерді көшіруге, іздеуге, өшіруге, өшірілген қапшықтарды қалпына келтіруге, дискілермен жұмыс жасауды үйрету.

Дамытушылық мақсаты: тапсырмалар бере отырып, олардың тиянақты орындалуын ұйымдастыру, шығармашылыққа баулу, өз бетінше жұмыс жасауға, алғырлыққа баулу.

Тәрбиелік мақсаты: оқушыларды отансүйгіштікке, еңбек қорлыққа, білімділікке, шыдамдылықпен төзімділікке тәрбиелеу.

I. Оқушы не білуі керек:

- файлдар, қапшықтар деген не екенін;
- қапшықтар құрылымы;
- қапшық құру ережелері;
- таңбаша деген не екенін;
- таңбаша құру ережелерін;

II. Оқушы нені меңгеруі керек:

- Файлдар мен қапшықтарды құруды;
- Таңбаша жасауды;
- Объектілерді көшіруді, жылжытуды, атын өзгертіді;
- Дискеттерді пішімдеуді;
- Объектілерді дискіге көшіруді;

III. Пайдаланылған әдебиеттер:

- ✚ «Информатика» оқыту әдістемесі Н. Ермеков
- ✚ «Информатика» Н. Ермеков

VI. Шығармашылыққа арналған тапсырмалар

1. Әр оқушы жеке қапшықтарын құру.
2. Сөзжұмбақ дайындау.

Сөйлесу бөлімі. 2-ші сабақ

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, сыныпты түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Үй тапсырмасы «өз жартыңды тап» ойыны арқылы сұралады.

Ойынның мақсаты: оқушыларды жұппен жұмыс жасауға баулу.

Ойынның шарты: Фигуралар екіге бөлініп, қоржынға салынады. Фигураның жартысына екі сұрақ жазылады, екінші жартысы бос қалады. Оған жауап жазылады. Әр оқушы бір кеспе қағаздан алады. Оқушылар қолындағы фигураның жартысын тауып, бірге отырып жұмыс істейді.

1. Объектілер нешеге бөлінеді? Оларға тоқталып кет.
2. Таңбашаларды қалай жасайды?
3. Файл деген не?
4. Таңбашаның негізгі міндеті қандай?
5. Жұмыс қапшығы мен жүйелік қапшықтың айырмашығы неде?
6. Таңбашаны жойғанда не болады?
7. Жаңа қапшық құру жолдарын көрсет.
8. Қапшықтан таңбаша белгісінің айырмашылығы

«Алгоритм» оқыта үйрену ойыны.

Ойынның мақсаты: өзгенің жұмысын бағалауға, әділдікке дағдыландыру.

Ойынның шарты: 1 топта 4 оқушыдан бөлінеді. Алдарына 3 сұрақ тасталады. Сұрақтарды кітаптан іздеп жауабын жазады. Әр сұраққа уақыт беріледі. I-ші сұрақты жазып болғасын дәптерін келесі оқушыға береді. Сөйтіп, әр сұраққа жауап жазғасын, шеңбер бойынша дәптерлерін ауыстырып отырады. Алдарына берілген жауап бойынша жолдастарының жауаптарын тексеріп бағалайды.

Сұрақ: Себет дегеніміз не?

Жауабы: Себет – бұл өшірілген объектілер (қапшықтар, файлдар, таңбашалар) уақытша сақталатын арнайы қапшық.

2.Сұрақ: Операцияны қалай болдырмауға болады?

Жауабы: Правка Отменить (түзету орындатпау)командасын орындау арқылы.

11. Құрал-саймандар тақтасындағы Отменить (Орындатпау) батырмасын шертіндер.

3.Сұрақ: Файлдың атын адам атымен салыстырып көрсет. Атаудың оң жақ және сол жақ бөлігі нені көрсетеді?

Жауабы: Адамның толық аты-жөні, атынан және тегінен тұрады. Адам атты ата-анасы өздерінің қалауы

бойынша қояды. Тегі оның қандай жанұядан екенін білдіреді және оған автоматты түрде беріледі. Файлдың сол жақ бөлігі, пайдаланушы өзі берсе, оң жақ бөлігі автоматты түрде меншіктеледі.

«Сергіту сәті». Қауіпсіздік ережесіне тоқталып кету.Оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды.

III. Компьютермен жұмыс:

III деңгей сұрақтары:

1. Жұмыс үстеліне «7 А сынып» деген атпен қапшық құрыңыз.
2. Осы қапшықтың ішіне екі қапшық құрыңыз.
3. Оның біреуіне өз аттыңызды беріңіз, екіншісіне «Желтоқсан» деген ат беріңіз.

II деңгей

1. Өз аттарың берілген қапшыққа таңбаша жасаңыз.
2. Ол таңбашаны жұмыс үстеліне қойыңыз.
3. «Желтоқсан» қапшығының атын «Астана» деп өзгертіңіз

I деңгей

1. «Астана»қапшығын көшірудің үш жолымен көшірмесін жаса.
2. Жұмыс үстеліндегі «7 А сынып» қапшығын жой
3. Себетті тазала.

IV. Бағалау. Жауап берген оқушыға компьютердің және калькулятордың суреті бейнеленген фишкалар беріледі. Сол арқылы оқушылар бағаланады.

V. Үйге тапсырма.3.4 3.5 – тақырыпты оқып келу. «Сөзжұмбақ» дайындап келу.

Бұл сабақта сыныптағы барлық оқушыларды жұмыспен қамтамасыз еттім, әрбір оқушының белсенді түрде қатысуын қадағаладым, әр оқушы өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізді. Оқушылар жолдастарының жұмыс нәтижелерін әділ бағалай білді. Сонымен қатар тәртібі мен мінез-құлқына әсерін тигізді. Бұл сабақта уақыт ұтымды пайдаланып, оқушылар толық бағаланды.

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: ЗАТТЫҢ СЫНЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

*Ақтөбе облысы. Шалқар ауданы. Қауылжыр ауылы
ГКС-12 орта мектебі. Класы: 2 Мұғалімі: Бертагина А.А*

Тақырыбы: Заттың сынын білдіретін сөздер

Мақсаты:

Білімділігі:Заттың сынын білдіретін сөздер туралы толық мағлұмат беру. Ойлануға, ізденуге жетелеу.

Дамытушылығы:оқушылардың өз бетімен іздену қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын арттыру

Тәрбиелігі: бірінің пікірін бірі тыңдай білуге, әдемі, таза, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Барысы: I Ұйымдастыру бөлімі

II Үй тапсырмасын тексеру

Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қою.

20. *Етістік дегеніміз не? Етістіктің түрлері?*

-- Заттың қимылын, іс - әрекетін білдіретін сөздерді етістік дейміз. Дара және күрделі

2.*Дара және күрделі етістік дегеніміз не?*

3. *Дара және күрделі етістікке мысал келтір.*

III Жаңа сабақ

1-жаттығу. Тапсырма: Өлеңді мәнерлеп оқы.Өлеңдегі түсті білдіретін сөздерді ата.Ол сөздерге сұрақ қой.Суреттен осы түстерді көрсет.Бұл түстермен тағы нелерді бейнелеуге болады?

Түрлі түстер

Қызыл, жасыл, көк...

Түрлі түстер көп.

Ақ түсім – сүт

Бозғылт бояу - бұлт

Жасыл бояу –шөп

2-жаттығу. Тапсырма: Өлеңді көшіріп жаз.Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді тап.Ол сөздер нені білдіреді?Тағы қандай түстерді білесің?

Көкшіл бояу әкелші,

Көк теңізді салайын.

Ақшыл бояу әперші,

Ақ теңізді салайын.. Ө.Оралбаев

3-жагтығу. Тапсырма: Сол бағандағы және оң бағандағы сөздерді оқы. Заттың атын білдіретін сөзге сәйкес сынын білдіретін сөзді тауып жаз.

қалың	аю
жирен	қант
қоңыр	айран

тәтті	ат
қышқыл	киім

IV Сәл демалайық. Сергіту сәті

Жаңбыр, жаңбыр себелеп,

Тырс - тырс етіп төбеме

Күркіре күн тарсылда

Найзағайым жарқылда,

4-жагтығу. Тапсырма: Жаңылтпашты жатқа айт. Ала сөзі неше рет кездеседі? Ол сөздердің қайсысы заттың сынын білдіріп тұр? Жауабыңды дәлелде.

Құр қайтпасын ала қабыңыз,

Шөлін бассын балаларыңыз.

Ала қарбыз ала барыңыз,

Қара қарбыз ала барыңыз.

Б.Қастек

V «Адасқан сөздер» дидактикалық ойын

Тапсырма: Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз, сын есімдерді тап, астын ирек сызықпен сыз.

1. Өсіп тұр, гүлдер, аулада, қызыл.

2. Балды, аю, ұнатады, қоңыр.

3. Озып келді, ат, жирен, бәйгеден.

4. Қалаларда, метро, болады, үлкен.

Қорытынды: Не үйрендік, не білдік?!

Үйге тапсырма: Төмендегі сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрастыр:

Қызыл, көк, жасыл, қара, сары. Ереже жаттау.

* * * * *

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

*Берикалиева Лидия Куанышбековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
М. Б. Ықсанов атындағы ОЖББМ-балабақша*

Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы сабақ барысында оқушыларға сапалы және терең білім беруде атқаратын қызметі орасан зор. Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиянақты білім беру-мұғалімдер алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімге тынымсыз ізденісті, оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз:

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шыңдалған ойлау. кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сын тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жаңа жүйенің құны болмайды.

Мына бір сызбаға назар аударайық.

Күнделікті дәстүрлі сабақтар

Мұғалімнің әдістері Оқушының іс-әрекеті

Тақырыпты түсіндіреді Мазмұнын айтып береді

Кейіпкерлер туралы айтып береді Кейіпкерге мінездеме береді

Мәтіннің идеясын анықтайды. Оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.

Мәтіннің көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді. Мәтіндегі негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады

Тақырыпқа шығарма жазуды тапсырады. Шығарма жазады

Сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылады Жауап береді

СТО технологиясы сабақтары

Мұғалімнің әдістері Оқушының іс-әрекеті

Топқа бөліп, ой қозғайды Ұжыммен жұмыс жасайды

Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды. Мәтінмен өздері танысады

Мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады. Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді.

Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды. Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады.

Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды.

Өз ойларын жазуды ұсынады. Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді. Ойларын қорытуға бағыттайды.

Өз тұжырымдамасын жасайды. Осы оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының жүзге тарта стратегиясы бар екені белгілі, демек сол әдіс – тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Шығыс даналығы “Мәселе нені үйретуде емес қалай үйретуде” демей ме? Сондықтан мақсат пен мазмұн мемлекеттік бағдарламаларда айқын беріліп отырған қазіргі жағдайда бұл стратегиялардың маңызы зор. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Мен өз сабақтарымда, көбінесе қазақ тілі пәнінде стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келдім. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

б) Түртіп алу — + ? v (INSERT)

Сабақтың жоспары:

II. Мағынаны тану сатысы.

1. Психологиялық дайындық.

1. Топпен жұмыс.

2. Ой ашар.

2. Бес жолды өлең.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Ой толғаныс сатысы.

4. Жаңа сабақ.

1. Венн диаграммасы.

I. Қызығушылықты ояту.

2. Бағалау.

а) Ой қозғау.

3. Үйге тапсырма.

ә) Өзіндік жұмыс.

Соның ішінде толғануды тиімді етуге лайықталған “Венн кестесі”, “Бес жолды өлең”, “Көрнекілік арқылы баяндау”, “Семантикалық карта” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Мәселен: “Венн кестесі” арқылы өз ойынан қорытып сөз шығару, екі затты салыстырып айырмашылығы, ұқсастығы туралы сөз ойлап табу оқушы үшін үлкен ойды қажет етеді. Бұл стратегиялардың қай-қайсысы болмасын оқушының ізденісін, қызығушылығын дамытады. Пәнге деген өзгеше көзқарас қалыптасады. Әр сабақты оқушымен санаса отырып, жүйелі жүргізуде сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегиялық бағыттары ұстаздарға үлкен қолғабыс тигізеді.

Осы стратегияларды қолданудың тиімділігінің дәлелі ретінде оқушылардың жұмыстарын ұсынамын:

1. 6 класта «Сын есімнен өткенді қайталау»

тақырыбында СТО технологиясына негізделген сынақ сабақ өтті. “Көрнекілік арқылы баяндау” стратегиясы бойынша 6 класс оқушыларының топтық жұмысы: (оқушылар үш топқа бөлініп, әр топқа үш түрлі өлең шумақтары таратылды, оқушылар мәнерлеп оқып, содан соң бір-бірімен ақылдасып, сурет салып қорғады).



I топтың жұмысы :

А) Көктем күні күркіреп,
Жаңбыр жауды сіркіреп
Бәйшешектер дүркіреп,
Шыға келді қыр түлеп.
Көктем күні шуақты,
Көктем күні қуатты.
Мал жағалап суатты,
Сай-саламен су ақты.

II топтың жұмысы :

Б) Көктем кереметі.
Көктем келді. Көктемде жаңбыр жауады. Ауа райы жылына бастайды. Мұз, қар ереді. Жер күндіз жібіп, кешке қарай тоңазиды. Ағаш бұтақтарында бүршіктер пайда болды. Өзендерде сең жүре бастады. Көктемде бәйшешектер өседі. Құстар ұшып келеді. Наурыз мейрамы болады. Маған көктем мезгілі ұнайды.

II. Мағынаны таны

Ережелер мен мағыналарды ажырату үшін «Сынақ бетін» пайдаландым.

Реті Түрі Ұпайы

I Сұраққа жауап бер:

- Сын есім деген не?
- Туынды сын есім дегеніміз не?
- Сын есім мағынасына қарай қалай бөлінеді?
- Қатыстық сын есім деген не? 1 жауапқа

1 ұпай

II. Тест

- 1.... батыр алдырмас
а) ақылды; ә) айлалы; б) өжет;
2. Негізгі сын есімді тап
а) жүйрік ат; ә) гүлді көйлек; б) әдепті оқушы;
3. Заттың түр- түсін, сын сапасын тікелей анықтайтын сын есімді ... сын есім дейміз.
а) қатыстық; ә) сапалық; б) негізгі
4. Қатыстық сын есімді тап.
а) өнерлі жігіт; ә) көк шөп; б) әдемі гүл; 1 жауапқа

1 ұпай

III. Сын есімді теріп жазып, сөйлем құра.

Бұл аймақтың жері жазық. Мұнда көк аспанмен таласып тұрған биік тауда жоқ. Ағыны тежеусіз ақ жалды асау өзен де жоқ. Көлеміне көз жеткісіз көлкіп жатқан көгілдір көл де жоқ. Солай бола тұра, осы аймақтың әдемілігі көзіңізді бірден үйіріп алатыны бар екен. Тергенге **1 ұпай**, сөйлем құрағанға **5 ұпай**

III. Ой толғаныс

«Түртіп алу стратегиясы» бойынша мен оқушыларға мәтін оқып тұрамын, ал оқушылар сол мәтіннің ішінен сын есімдерді тез- тез жазып алады.

Ақтайдың ағаш үйінің іші- тысы салтанатты, өте көрікті. Оның сұлу көздерінің ақ- қарасы әлі де тап- таза. Көгілдір өзен жай ғана толқып ағып жатыр. Аспалы бесік өзінің екпінімен тербеліп тұра берді. Бірі сұлу, бірі мықты, бірі жүйрік. Адам тастай берік, гүлдей нәзік.

IV. Рұқсат етілмейтін түстер ойыны

Алдымен мені мұқият тыңдаңыздар. Қазір мен сіздерге сұрақтар қоямын, ал сіздер жауаптарын баған бойына жазып отырасыздар және де бұл ойынның барысында мына 2 ережені сақтауымыз керек:

1. Ойын барысында ақ және көгілдір түсті айтуға рұқсат етілмейді.
2. Бір түсті екінші рет қайталауға болмайды.

Сонымен ойын шартына түсінсек ойынымызды бастайық.

Сұрақтар:

- | | |
|--|---|
| 1. Шөптің түсі қандай? | 1. Жасыл; |
| 2. Аспан түсі қандай? | 2. Көк; |
| 3. Күнбағыстың жапырақтарының түсі қандай? | 3. Шөптің түсі сияқты; |
| 4. Күзде жапырақтың түсі қандай болады? | 4. Сары; |
| 5. Күннің түсі қандай болады? | 5. Қызыл, күрең қызыл; |
| 6. Қардың түсі қандай? | 6. Жарқыраған; |
| 7. Теңіздің түсі қандай? | 7. Қайың түстес немесе теңіз толқындарының түстерімен бірдей; |
| 8. Құрбақаның түсі қандай? | 8. Баптақ түстес; |

Жауаптары:

V. Дөңгелек үстел «Дөңгелек үстел» стратегиясы бойынша берілген ақ парақтарға сын есім туралы білетіндерін қорытып жазады, соңғы жазған оқушы оқиды.

2. Немесе оқушылардың берілген мәтін бойынша жұмыс жасауға көмектесетін INSEPT стратегиясы, ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында

V - білемін

- - білгеніме сәйкес келмеді

+ - жаңа ақпарат

? - тереңірек білгім келеді, зерттегім келеді, белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

INSEPT оқығанын түсінуге, өз ойын басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Оқушылар білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Жалпы сын тұрғысынан ойлау, оқыту мақсатына жетудің нақты жолдарын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, оқыту технологиясының ең лайық деген технологияны таңдау ұстаз еркінде. Елбасы Н. Назарбаевтың «Біздің міндетіміз-бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу»- деген ойын қолдай отырып, саналы, білімді, ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін ұлылық тілеймін.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті XXI ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз- ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, білімпаз болғанда ғана қоғамның мықты да шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2006ж.
2. «Құзырлылық ұғымдарының эволюциялық дамуы». Құдайбергенова К.С. «Білім берудегі менеджмент» 2007ж. №1.
3. Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бастауыш мектеп, 2004ж.
4. С. Мирсеитова. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Алматы, 2006ж.
5. С. Қожагелдиева, Н. Нұртазаева. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі. Бастауыш мектеп, 2009ж №4
6. Интернет жүйесі

* * * * *

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ САБАҚТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*ШҚО. Аякөз қаласы. Аякөз аудандық білім бөлімінің
«№4 аралас жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі. Мусабаяева Бағдат Мухтаровна*

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім.

Strong, Ward & Grant. 2011

Әлемдік деңгейдегі мектептер:

- Оқушының ілгерілеуіне көмектесетін ахуалда қамтамасыз етеді;
- ақпаратты ашық және ақылмен қолданады;
- ксперименталдық жолмен алынған деректерді қолданады;
- оқуды жақсарту үшін ынтымақтасады;
- білікті педагогтарды даярлайды;

Жоғары педагогтарды даярлау-Джон Хэтти, Окленд университеті, 2003

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек;

Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқытунемесе интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекскеуіне мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады, оны қызметтестіктің әлде қайда жоғары нысандарына ауыстырады.

Оқудың интерактивті әдістерінің артықшылығы қандай? Ең алдымен, интерактивті әдістер:

- * оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- * әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- * әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- * оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- * оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- * кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- * оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- * өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- * мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі ережесі қандай?

Бірінші ереже. Жұмысқа сол немесе басқа межедегі қатысушылардың толық тартылуы тиіс. Осы мақсатта талқылау процесінде семинардың барлық қатысушыларын енгізуге мүмкіндік беретін технологияны пайдалану пайдалы.

Екінші ереже. Қатысушылардың психологиялық дайындығына қамқорлық жасау. Бұл жерде сөз, барлық өткен сабақтар жұмыстың сол не басқа мысалын тікелей енгізуге психологиялық дайын екендігі туралы болып отыр. Осыған байланысты шарықтап, шыңдау пайдалы, оқушыға өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, жұмысқа белсенді ат салысқан қатысушыларды үнемі көтермелеп отыру керек.


Үшінші ереже. Интерактивті технологияда оқушылар көп болмауы тиіс. Қатысушылардың саны мен оқу сапасы тікелей байланыста болуы мүмкін. Қатысушылардың қолайлы саны – 25 адам. Тек осындай жағдайда ғана шағын топтардың жұмысы жемісті болады.

Төртінші ереже. Жұмыс істеу үшін ғимаратты дайындауға көңіл бөліңіздер. Ғимарат үлкен және шағын топтарда жұмыс істеу үшін қатысушылар оған жеңіл жайғасатындай есеппен дайындалуы тиіс. Оқушылар үшін физикалық қолайлылық құрылуы тиіс.

Бесінші ереже. Регламент мәселесіне назар аударып отырыңыздар. Мысалы: кез-келген көзқараста барлық қатысушылар, әркімнің сөз бостандығы құқығын сыйлауға, оның намысын сыйлауға төзімділік көрсетіңіз.

Алтыншы ереже. Қатысушыларды топқа бөлуге ерекше көңіл бөліңіз. Ең алдымен оны еріктілік негізінде жасаған дұрыс. Содан кейін кездейсоқ таңдау қағидатын пайдаланған жөн.

Оқушылардың оқуына әсер ету:



Дереккөз: Ұлттық оқу зертханалары, Бефель, Мэн штаты, АҚШ

10-сурет. Оқу пирамидасы

7. Сыздарлы оқыту теориясы-оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдерімен астарластыра жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

8. Сыздарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Интерактивті оқыту яғни, интербелсенді оқыту-оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын тікелей жүзеге асыратын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивті оқытуда мұғалім сабақты алдымен жоспарлайды, қандай түрде оқыту, қалай оқыту керектігін жоспарлайды.

Қызығушылықты ояту:

- үй тапсырмасын тексеру;
- бұрынғы білімді еске түсіру;
- белсенді іс-әрекетке жұмылдыру;
- ойлау жұмысын ынталандыру;

Мағынаны тану:

- Джигсо
- әңгіме-дебат;
- топтық талқылау;
- зерттеушілік әңгіме;
- кемпірқосақ топтары;
- жұптық әңгіме;
- Құндылықтар спектрі;
- Стоп-кадр;
- ТВ шоу;
- Қар кесегі;
- Ыстық орындық;
- Аквариум;
- Ақылдың алты қалпағы;
- Радиоға қоңырау шалу;
- Сұрақтар шеңбері;
- Айнымалы бекет;
- Үш қадамдық сұхбат;
- Ойлан-Жұптас-Бөліс;
- “Инцидент” әдісі

-
- Ой толғау;
- Конверт-сұрақ;
- Тоғыз ромб;
- Венн диаграммасы;
- Т кестесі;
- Талқылау кестесі;
- Өздік жұмыс;
- Неге? Неліктен?
- Сөйлемді толықтыр;
- Факт;
- Әліпби желісі;
- Сұрақты тап;
- Серіппелі сауал;
- Маған көрсет!
- Детальдарды қосу;
- Он сұрақ;
- Негізгі сөздер;
- Ойлан. Бірік.Бөліс.
- Көршіңе әңгімелеп бер;
- Кезбе тілші;
- Реттілікті сақта;
- Бағдаршам;
- Эссе;
- Суретті жауап;

Егер, біз белгілі бір мақсатқа жұмыс істесек, ол мақсат біз үшін жұмыс істейтін болады. Джим Ром
Интербелсенді сабақтардың нәтижесінде:

- Оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен белсенділіктері жоғарлады
- Оқушылардың сенімділігі мен жауапкершілігі жоғарлады
- Оқушыларға сөйлесу,талқылау және бір-бірін бағалауға мүмкіндік берді

Алдағы уақытқа болжам:

Бағдарламаның 7 модулін сабақтарға жүйелі кіріктіру оқушыларды ойландыру, іздендіру, сол арқылы өз беттерінше еңбектеніп оқуға ықпал етеді, өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыруды жүзеге асырады

Оқушы:

- Алған білімін өмірде қолдана алуға үйренеді
- Адамгершілік қасиеттері қалыптасады
- Өзіндік баға бере білуге үйренеді
- Бала бойына тұлғалық қасиеттері қалыптасады

Біз неліктен интербелсенді әдістерге «иә» деуіміз керек? Олар мыналарды:

- * Жоғары уәжділікті.
- * Тиянақты білімді.
- * Қиялдау мен шығармашылықты.
- * Тез тіл табысуды.
- * Белсенді өмірлік көзқарасты.
- * Командалық рухты.
- * Жеке, дербестіктің құндылығын.
- * Өз пікірін білдіру еркіндігін.
- * Іс-әрекетке ерекше назар аударуды.
- * Өзара сыйластықты.
- * Демократиялықты қамтамасыз етеді.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін.

Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,

Білімдік бар биікке шығар саты.

Ең алғаш басталады осы адамнан,

Сүйеді сондықтан да жақын, жаты...

Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,

Сыйлайды мәңгі бақи беріп төрін, -

деп, Сәбит Мұқанов айтқандай, үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете беріңіздер!

* * * * *

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ТЬЮТОРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

*Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы селосы, №5 орта мектептің
информатика пәні мұғалімі Джанғалиева Махаббат Дәжолдыбайқызы*

Ел Президентінің пайымды саясатының арқасында білім қызметкерлерінің кешегіден бүгінгі көш ілгері. Алдағы 2020 жылы еліміздің барлық мектептері толығымен 12 жылдық білім беру жүйесіне көшіп, жаңа технологиямен жүргізілетін жұмыс сапасы жоғарылайды. Еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Президент Жолдауында да білім беру мен білікті маман даярлау жүйесін дамытуға байланысты сөз болды. Сондықтан оқу тәрбие үрдісінің алдында тұрған негізгі міндет табысты және тиімді әрекетке дайын өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекетін өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың бойында шығармашылық іс-әрекетті, іздемпаздықты қалыптастыру, жүйелі қортынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды.

Мектептегі білім мазмұнын ізгілендіру негізінде қайта құру, оның ішінде мектептің оқу үрдісіне компьютерлік технологияны енгізу болып отыр. Ал оның өзі оқушының өзіндік бағдарлай және дами алатын субъект дәрежесіне көтерілуін, сонымен қатар арнайы оқу ортасын жасау арқылы оның өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруды талап етеді. Аталған міндетті шешу үшін негізгі мектептердің 7 сыныбынан бастап информатиканы пән ретінде енгізудің орны ерекше. Жаппай компьютерлендіру кезеңінде компьютерлік технологияны оқу үрдісінде пайдалану арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, дамытуда үлкен жетістіктерге жетуге болатындығы практика жүзінде дәлелденіп отыр.

Мұғалімдердің мақсаты - оқытудың барлық компоненттерін пайдалана отырып, оқушыға жалпы орта білім деңгейінде терең білім беру. Әрбір оқушыны жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу - әр мұғалімнің негізгі міндеті. Оқушының өзіндік танымдық іс-әрекеті танымдық қызығушылықтан туындайды. Олай болса, Г.И.Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық оқудың ең негізгі мотивтерінің бірі бола отырып, оның белгілі бір жағдайларға байланысты «жеке тұлғаның іс-әрекеті мен жекелеген әрекеттерінің дамуына қуатты түрткі күшіне айналады». Сонымен, бұл жағдайлардан оқушы өздігінен жорамалдауына, бақылауына, ізденуіне мүмкіндік беруге мұғалім тарапынан жағдай жасалуы қажет. Әрине мұғалім оқу процесінде тьюторлық қамтамсыз етуі керек.

Тьютор деген кім? Тьютор - (ағылш.tutor) оқушылар мен студенттердің жеке оқу бағдарламаларын жасауын қамтамасыз ететін және қосымша және үздіксіз білім беру жүйесінде мектепте және жоғары оқу орнында жеке оқыту үрдісін қоса алып жүретін тарихи пайда болған ерекше педагогикалық позиция. Бұл белгілі бір пән бойынша практикалық (семинар) сабақтар жүргізу, оқу процесін жетілдіріп, оны оңтайлы ұйымдастыру мен орындау бойынша кеңес беретін, семестрлік және курстық жұмысқа басшылық ететін, практиканы ұйымдастыратын пән оқытушысы болып табылады. Тьютор бойында оқытушының, кеңес берушінің және менеджердің қасиеттері болуы керек.

Тьютордың мақсаты: оқушының жеке білім алу жолын құруына көмек көрсету, мектеп оқушыларына білім алу мақсатында жеке ресурстарын, мектеп және басқа да мекемелердің ресурстарын пайдалану мүмкіншіліктерін түсінуге, оқыту нәтижелерін пайдалануда көмек көрсету. Яғни тьютор өзіне жетілген, қазіргі өмірде іске жарауға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға көмек көрсетуді мақсат етеді, сол үшін тьютор адамға өзін терең танытындай жағдай жасайды.

Тьютордың міндеттері:

- білім алушыға мейлінше көбірек көмек беру;
- білім алушының үлгерімін жүйелі түрде бақылап отыру;
- орындалған тапсырмалар бойынша қайта дайындық сабақтарын ұйымдастыру;

- топқа немесе жеке студентке кеңес беру;
- ынталы оқушылардың және студенттердің белсенділігін арттырып, оларға қолдау көрсету.

Тьюторлық феномені еуропалық университеттермен тығыз байланысты және Ұлыбританиядан бастау алған. Ол XIV ғасырда Оксфорд ағылшын классикалық университетінде және кейін Кембридж университетінде рәсімделді. Осы уақыттан бастап тьюторлық қалыптасқан университеттік тәлімгерлік формасы деп түсіндірілген.

Қазіргі кезде ғалымдар келесі процестерді: дербес педагогикалық процесс ретінде шамалай отырып оқыту, білім беру және дайындау деп ерекшелейді. Білім берудің дәстүрлі кеңістігінде оқытуға акцент жасалады, ал білім беру рефлексиясы және әлеуметтік практика процестері қарастырылмайды. Тьюторлық үлгіде дәстүрліге қарағанда білім беру рефлексиясы және әлеуметтік практика міндетті түрде қарастырылады.

Тьютор жұмысының кезеңдері:

1. Болашақ бейнемен жұмыс (білім беру – кәсіби ұқсастықтың үлгі пішінін сызу)
2. Білім беру кеңістігі қорының ұсынысы.
3. Болашақ оқушы бейнесі мен білім беру кеңістігі қорының қатыстылығы.
4. Жеке білім беру кеңістігін құру.
5. Сынақ жүргізуді және нәтижелілік пен сынақ ісінің тиімділігі бойынша кері байланысты ұйымдастыру.
6. Шынайы жетістіктерді болашақ бейнесімен салыстыру, жеке білім беру кеңістігін түзету жұмыстары, келесі қадамды құру.

Тьюторлық сүйемелдеу – бұл оқушы қызметін сүйемелдеу. Оқушы мен тьютор бірлескен тақырыбы анықталған, мақсат, міндеттері қойылған жеке білім алу бағдарламасы жасалады. Тьюторлық сүйемелдеу оқушының тьютормен өзара әрекетінің негізгі формасының білім беру технологиясы ретінде жиі жеке кездесулері ретіндегі ұзақ жеке жұмысын қарастырады.

Тьюторлық қамтамасыз етудің жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық мәліметтеріне еркін қол жеткізуге болады.

Қорыға келе айтарымыз, тьюторлық оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі тьюторлық қызметтің нәтижесі: білім беру кезеңдерін зерттеуге көмектесетін, өзін - өзі бағалау инструменті болып табылатын қалыптастырылған «Портфолио» папкасы. Оқушыларымыз өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІ. ИНТЕРНЕТ

*Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутин ауылы
Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы
Жубауова Алтынгул Кожаселдиевна*

Сабақтың тақырыбы: Компьютерлік желі. Интернет. **Сыныбы:** 7 **Пәні:** Информатика

Жалпы мақсаты: Компьютерлік желі түрлерімен жұмыс жасауды үйренеді, топтық жұмыста сыни ойлау қабілеттері артады.

Сілтеме: Оқулық; Дербес компьютер, Интерактивті тақта; Электронды оқулық; Слайдтағы тапсырмалар; Интернет.

Оқыту нәтижелері:

- Топтасып жұмыс істей білуге үйренеді.
- Өз ойын еркін жеткізе біледі.
- Компьютерде дұрыс жұмыс жасай біледі.
- Интернетпен жұмыс жасауды үйренеді.
- Теория мен практиканы ұтастыра алады.

Негізгі идеялар: Сыни тұрғыдан ойлау салыстырмалылықты түсінуді дамытуға көмектеседі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.
2. 1,2 сандарымен топқа бөлу. Бір –бірімізге жақсы тілек тілеп сабақты бастаймыз.

II. «Ой шебері» кубикте жасырылған сұрақтар.

- Бір уақытта музыка тыңдап, басқа қолданбалармен жұмыс істеуге бола ма?
- Фонограф - бұл
- CD-ROM диаметрі қандай?
- CD-ROM-да не сақталады?

III. «Анаграмма» шешу.

TNERE, ATL, CLTR, DETELE, BCKAPSACE

TBA, SIFHT, INESRT, DEN, CPALSOCK

ІҮ. Бас қатырып, шешіп көр

Ү. Жаңа тақырып. Компьютерлік желі-бұл әр түрлі ресурстарды, мысалы, программаларды, құжаттарды және құрылғыларды бірігіп пайдалану үшін бір-бірімен жалғастырылған компьютерлер тобы.

ҮІ. Тапсырмалар.

1-тапсырма. Интернеттің пайдасы мен зияның постер арқылы екі топ қорғау.

2-тапсырма. Оқушылар интернет арқылы хат алмасу және бейнекамера арқылы сөйлесу.

ҮІІ. Бағалау. Оқушылар фишкалар арқылы бағаланады.

ҮІІІ. Үйге тапсырма. Тақырыпты оқып келу.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАР МЕН ҚОРЫҚШАЛАР

Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Мұнайшы селосы

№ 5 орта мектебінің география пәні мұғалімі

Кенжебаева Қаламқас

Сабақтың тақырыбы: Ұлттық саябақтар мен қорықшалар

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділігі: Қазақстан Республикасының ұлттық саябақтары мен қорықшалары туралы жалпы мағлұмат бере отырып, олардың ерекшелігі, маңызы туралы экологиялық білім беру;

2. Дамытушылығы: Оқушылардың танымдық білімін, ой – өрісін арттыру, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Тәрбиелілігі: Қоршаған ортаны, табиғатты аялауға, өсімдіктері мен жануарларын қорғауға, өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Қазақстанның физикалық картасы, интерактивті тақта, үлестірмелер, бағалау парақшалары, слайдтар.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ **Сабақтың әдісі:** сұрақ – жауап, топтастыру, ойын.

Сабақтың технологиясы: сатылай кешенді талдау, СТО, СТН, рефлексия, сәйкестендіру.

Пәнаралық байланыс: биология, жаратылыстану, экология;

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. II. Үй тапсырмасын тексеру. III. Жаңа сабақты түсіндіру.

IV. Жаңа сабақты бекіту. V. Үйге тапсырма. VI. Бағалау. VII. Қорытындылау.

I. Ұйымдастыру.

а) Сәлемдесу.

б) Сыныпты түгендеу.

(Бүгінгі сабақтың ерекше сабақ екендігін және 3-мамыр д\ж «Күн»күні екенін атап өту.)

II. Үй жұмысын сұрау.(Үй тапсырмасын сұрар алдында оқушыларға сұрақ қою арқылы ЭКСПО-2017 көрмесі туралы айтып өту. Осыған байланысты бағалау парақшалары таныстырылады.)

1-тапсырма 1топ (тест)

2-тапсырма 2топ (сәйкестендіру)

3-тапсырма 3топ (тақтамен жұмыс)

1.Тест

21. «Малиус боката» қай қорықта кездеседі?

а. Алматы

в. Наурызым

с. Үстірт

д. Алакөл

а. Алакөл

в. Қаратау

с. Үстірт

д. Марқакөл

5. Үстірт қорығының эндемик жануары?

а. қоқиқаз

в. ақбөкен

с. муфлон

д. дуадақ

6. Аққұм – Қалқан «әнші тауы» қай қорықта?

а. Алакөл

в. Алматы

с. Ақсу - Жабағылы

д. Алтай

7. «Аққу, реликт шағала, тырна» қай қорықтың құстары?

а. Алтай

в. Қорғалжың

ұйымдастырылған?

а. 1968ж

в. 1984ж

с. 1926ж

д. 1934ж

3. Марқакөл қорығының дәрілік өсімдігі?

а. дермене

в. жолжелкен

с. аралий

д. жалбыз

4. Ең соңғы ұйымдастырылған қорық?

с. Алакөл
д. Барсакелмес
2-топқа. Сәйкестендіру

в.бадам бұтасы, ақ тырнақты аю
3.Алматы
с.қоқиқаз, сусар

ерекшелігі
1.Қорғалжың
а.аралий, «алтын тамыр»
2.Наурызым

Қорықтар4.Үстірт
5.Ақсу-Жабағылы
6.Марқакөл
7.Батыс Алтай

Бұл қай қорық?

1. Маңғыстау облысында орналасқан қорық?(Үстірт)
 2. «Ән салғыш құмдар» құмды төбесі бар қорық?(Алматы)
 3. Екі өзеннің атауынан құрылған қорық? (Ақсу - Жабағалы)
 4. Суда жүзетін құстарды қорғау мақсатында құрылған қорық? (Қорғалжын)
 5. «Аралий» дәрілік өсімдігі кездесетін қорық? (Марқакөл)
 6. Шөлейтті аралда орналасқан қорық? (Барсакелмес)
 7. Жаңа қорық? (Қаратау)
- 3. Суреттер сөйлейді.**(Слайдта суреттер беріледі, қайда кездесетінін, ерекшелігін айтып өтеді.)

р/с	Сенесің бе? Сенбейсіңбе?	Иә	Жоқ
1.	Қорғалжың қорығы ЮНЕСКО-ның тізіміне ерекше қорғалатын батпақты-шөлді ландшафт ретінде алынғанына	+	
2.	Батыс Алтай қорығының 1995ж құрылғанына		---
3.	Ақсу –Жабағылы қорығында қабан, ақ тырнақты аю бар екендігіне	+	
4.	Республика аймағында ұйымдастырылған 11қорық бар екендігіне		---
5.	Марқакөл қорығы Алтай тауында орналасқандығына	+	

II. Жаңа сабақ. Ұлттық саябақтар елімізде қорғалатын ландшафтылардың жаңа түрі. Олар әлі де толық өріс алып, дами қойған жоқ. Мұның қорықтардан айырмашылығы - туристер мен тынығушылардың кіріп көруіне рұқсат етіледі. Бірақ олардан табиғатты қорғау ретін сақтау талап етіледі. Қазақстанда 5 саябақ ұйымдастырылған.

1. Баянауыл ұлттық саябағы
2. Іле Алатауы саябағы
3. Қарқаралы саябағы
4. Алтынемел табиғи саябағы
5. Көкшетау саябағы

Баянауыл ұлттық саябағы. Ол 1985 жылы Павлодар облысындағы Баянауыл орман шаруашылығының негізінде құрылған, ауданы 50,7 мың гектар. Саябақ аумағына енетін таулы-орманды ландшафтылары тамаша табиғат ерекшеліктерімен көзге түседі. Қарағай, қайың ормандары өскен, гранитті, үгіліп мүжілген Баянауыл таулары Сарыарқаның шөлейтті жазықтарында орналасқан. Мұнда құстардың 54 түрі, сүтқоректілердің 54, балықтың 8, өсімдіктің 438 түрі бар. Биік жері - Ақбеттауы, биіктігі 1026 метр. Табиғатының қолайлы жағдайына байланысты Баянауыл тауларын «шөлді даладағы таулы-орманды шұрат» деп атайды. Бұл аймақ жаппай демалыс пен туризмнің дамыған жері. Мұнда көптеген демалыс үйлері, емдеу мекемелер, туристік базалар орналасқан. Саябақта ұзақ уақыт үгілу әрекетінен қайталанбас жартас, шоқылар қалыптасқан. Олар сыртқы түріне орай «Жалмауыз кемпір», «Найзатас», «Тас және Ат басы» т.б. деп аталады.

Іле Алатауы саябағы. 1996 жылы ұйымдастырылған. Ауданы 199,7 мың гектар. Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген шатқалынан бастап, батыста Қаскелең асуына дейінгі ерекше ландшафтыларды қорғау және демалыс, тынығу мақсатында пайдаланылады. Мұнда қорғауға аңның 43 түрі, құстың 138 түрі, балықтың 8 түрі, өсімдіктің 1282 түрі алынды. Қарқаралы саябағы 1998 жылы құрылған. Ауданы 90,3 мың гектар. Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданында орналасқан. Қарқаралы және Кент тау жүйелерін қамтиды. Осында әйгілі Шайтанкөл орналасқан. Мұнда аңның 39 түрі, құстың 55 түрі, балықтың 11 түрі, өсімдіктің 68 түрі қорғалады.

Алтынемел табиғи саябағы. 1996 жылы Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов аудандары жерінде орналасқан. Ауданы 161,1 мың гектар. Алтынемел тауын қамтиды. Мұнда аңның 6 түрі (таутеке, қарақұйрық, құлан, қызыл қасқыр және т.б.), сонымен бірге құстың 231 түрі, балықтың 30, өсімдіктің 1800 түрі қорғауға алынған.

Көкшетау саябағы. Ол 1996 жылы ұйымдастырылған. Ауданы 182,1 мың гектар. Мұнда аңның 305 түрі, құстың 223, балықтың 22 түрі, өсімдіктің 800 түрі қорғауға алынған. Дүние жүзінің әр түрлі елдерінде құрылған қорықтардың қорғау тәртібі, атқаратын қызметі мен негізгі бағыты әр түрлі. Сондықтан қорғауға алынған жерлерді қорықтар, қорықшалар, резерваттар, ұлттық парктер, табиғат ескерткіштері деп бөледі. Қазір дүние

жүзінің 124 елінде 2600-ден артық ірі қорық бар екен. Олардың ішіндегі ең үлкені Гренландия ұлттық паркі. Оның жер көлемі 7 млн. гектар. Біздің республикамызда жалпы 784,1 мың гектар жерді алып жатқан 7 қорық бар. 50-дей аңшылық қорықша, 42 зоологиялық және 24 ботаникалық бақтар мен қорықша, 3 табиғат ескерткіштері бар.

Ал Ұлттық парктердің қорықтардан айырмасы бар. Ұлттық парктерде өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін әрі бағалы түрін сақтаумен қатар, адамдардың мәдени демалысын ұйымдастыратын, туризммен шұғылдануға мүмкіндік жасайтын орындар бар. Қазақстанда алғаш рет ұлттық пак Баянауыл таулы орман алқабында ұйымдастырылды. Мұнда 40-қа тарта аңдардың, 50-ден аса құстардың түрлері қорғалады. Олардың көпшілігі "Қызыл кітапқа" енген.

Табиғат ескерткіштері деп сирек, құрып бара жатқан, желдің, судың әрекетінен мүжіліп, бұзылып жатқан ғылыми, тарихи және мәдени жағынан құнды табиғат объектілерін айтады.

Табиғат ескерткіштерін қорғау – бұл жанды табиғатқа тән затты қорғау деген сөз. Табиғат ескерткіштері дүние жүзінің көптеген елдерінде бар. Қазақстанда қазір 24 табиғат ескерткіші бар. Олардың ішіндегі аса маңыздыларына "Жетісу маржаны", "Шың түрген" шыршасы, Павлодардағы "Жыл құстары" табиғат ескерткіштерін жатқызуға болады. Ұлттық табиғи саябақтар

Ұлттық табиғи саябақтарда табиғат қорғау жұмыстарымен бірге табиғат қорғауды насихаттау, экологиялық білім мен тәрбие беру, туризмді үгіттеу жұмыстары қоса жүргізіледі. Елімізде 10 ұлттық табиғи саябақ ұйымдастырылған. Ұлттық табиғи саябақтар көбіне табиғаттың көрікті жерлерінде ұйымдастырылып, шаруашылық жұмыстарды табиғат қорғау жұмыстарымен үйлесімді жүргізуге ерекше мән беріледі.

Қорықшалар

Табиғи қорықшалар. Табиғи қорықшалар — белгілі бір ерекше табиғи аумақтардағы барлық табиғат байлықтарын кешенді қорғауға немесе өсімдіктер мен жануарлардың жеке түрлерін қорғау мақсатында ұйымдастырылады. Сондықтан қорықшалар кешенді, зоологиялық, ботаникалық, геологиялық және т. б. деп бөлінеді. Кейде қорықшалар уақытша (он не жиырма жыл мерзіміне) немесе тұрақты түрде ұйымдастырылады. Қорықшаларда табиғат қорғау жұмыстары онша қатаң түрде жүргізілмейді және шаруашылық жұмыстардың жекеленген түрлеріне ғана тыйым салынады.

Табиғат ескерткіштері. Табиғат ескерткіштері — көбіне тарихи-табиғи және ғылыми мәні зор жеке табиғат нысандарын ғана (өсімдіктердің, жануарлардың жеке түрлері, үңгірлер, сарқырамалар және т.б.) қорғауды көздейді. Олардың ғылыми-танымдық мәніне ерекше көңіл бөлінеді. Елімізде республикалық мәні бар "Қаз қонақ" (Ертіс өзенінің жағалауында), "Шарын шаған тоғайы", "Шыңтүрген шыршалары" (Алматы облысында) "Баум тоғайы" (Алматы қаласында) және т.б. табиғат ескерткіштері бар.

Табиғи резерваттар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жаңа түрі — табиғи резерваттар. Елімізде Ертіс өзенінің алқабындағы реликті қарағайлы ормандарды қорғау мақсатында 2003 жылы "Ертіс орманы" және "Семей орманы" деген табиғи резерваттар ұйымдастырылды. Табиғи резерваттарда қорықтық белдем де, шаруашылық жүргізілетін алқаптар да бірге қорғалады. Табиғи резерваттарда, негізінен, биологиялық сан алуан түрлілікті сақтауға және оны қалпына келтіруге айрықша көңіл бөлінеді. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк — ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Ұлттық табиғи парктер мен қорықшалар

Атауы	Құрылған	Ауданы мың/га	Орналасқан жері	Ерекшелігі
Баянауыл ұлттық паркі	1977	50,7	Павлодар облысы, Баянауыл орман шаруашылығы	Биік жері – Ақбет тауы (1026м). Құстар – 54, балық – 8, өсімдік – 438 түрі бар. Мұнад қайталанбас жартас, шоқылар «Найзатас», «Жалмауыз кемпір», «Тас және Ат басы» т.б. қалыптасқан.
Іле Алатауы ұлттық паркі	1996	181,6	Іле Алатауының солтүстік беткейінен қаскелең асуына дейін	Ерекше ландшафты қорғау мақсатында құрылған. Аңдар – 43, құстар – 138, балық – 8, өсімдік – 1282 түрі бар.
Қарқаралы ұлттық паркі	1998	90,3	Қарағанды облысының, Қарқаралы ауданында	Әйгілі «Шайтанкөл» орналасқан. Аңдар – 39, құстар – 55, балық – 11,

				өсімдік – 68 түрі бар.
Алтынемел табиғи ұлттық паркі	1996	212,1	Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов ауданында орналасқан	Аңдар – 6, құстар – 231, балық – 30, өсімдік – 1800 түрі бар.
Көкшетау аркі	1996	135,8	Ақмола облысы	Аңдар - 305, құстар – 223, балық – 22, өсімдік – 800 түрі бар.

IV.Бекіту. Сәйкестендіру

- | | |
|----------------|--------------------|
| 1.Баянауыл | Шайтанкөл |
| 2. Іле Алатауы | Ақмола облысы |
| 3.Қарқаралы | алғашқы саябақ |
| 4.Алтынемел | ауданы-199,7мың.га |
| 5.Көкшетау | Алматы облысы |

Рефлексия. Басбармақ

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.

Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

VI. Үй жұмысы қорықтаршалар оқу, кескін картаға салу.

V. Бағалау.

* * * * *

АСТАНА-ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС ҚАЛАСЫ

*Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Мұнайшы селосы
№5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі
Нурсолтанова Ақмарал Алыбайқызы*

Сыныбы: 5. Пәні: Қазақстан тарихынан әңгімелер

Сабақтың тақырыбы: Астана – Қазақстанның бас қаласы

Мақсаты: Білімділік: Бүгінгі астанамыздың ортағасырлық қала болғандығы туралы білім беру. Қазақстанның астаналарымен таныстыру. Қазіргі Қазақстан астанасы Астана қаласы жайлы мағлұмат беру.

Дамытушылық: Оқушыларды оқиғаларды салыстыра білуге үйрету. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Елін, жерін қорғауға, елжандылыққа, Астана қаласын құрметтеуге, оны мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

- Интерактивті тақта,
- А₃, А₄ қағаздары,
- стикерлер,
- маркерлер,
- интерактивті тақта
- кеспе қағаздары
- видеолар

Оқытудың нәтижелері:

- ойлау логикасы дамиды;
- салыстырып отырған түсінік пен құбылыстың ортақ және жеке ерекшеліктерін анықтай алады;
- мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды;
- ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынталы болады;

Қамтылатын модульдер: 1-модуль оқыту мен оқудағы жаңа тәсіл (топтық жұмыс), диалог, 2-модуль сыни тұрғыдан ойлауға үйрету «Ой қозғау» әдісі, «INSERT» әдісі «ішке және сыртқа» әдісі, «Проблема қою» әдісі, «топтастыру» әдісі, «Семантикалық карта» әдісі, 3-модуль –бағалау, 4 –модуль-АКТ пайдалану (электронды оқулықпен жұмыс, интерактивті тақтамен жұмыс), 5 –модуль көшбасшылық

Қадамдар:

- Үй тапсырмасын тексеру
- Топпен жұмыс
- бағалау

Сабақ барысы:

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- Ұйымдастыру
- Зейіндерін сабаққа аудару

- Топқа бөлу
- Тапсырмаларды тарату

Оқушының іс-әрекеті: Үй тапсырмасын тексеру

I топ. Тұлғаны таны

II топ. ВЕНН диаграммасы

III топ. Жылдар сөйлейді

1922-1991ж.ж –

1979 ж. –

1986 ж. –

1991 ж. 16 желтоқсан –

1991 ж. 1 желтоқсан –

1991 ж. 10 желтоқсан –

Жаңа сабақтың мағынасын ашу. Видеороликтер көрсету. Тапсырмалар тарату.

I топ. Бозоқ - орта ғасырлық қала

II топ. Қазақстанның астаналары қандай болды? (Ойларын сурет арқылы жеткізу).

III топ. Ақмола тарихы.

IV топ. Қазіргі Астана

Проблемалық сұрақ. Неліктен астананы Алматыдан Астанаға ауыстыру идеясы пайда болды?

Шығармашылықпен жұмыс. 5 минуттық эссе

Бекіту. Картамен жұмыс. Қазақстан Астаналарын картадан көрсет

СТО. ББҮ әдісі.

IV топ. Топтастыру

Жаңа тақырыптың мазмұнын ашу

Сергіту. Болашақтағы Астана туралы бейне үзінді жіберу. Ол арқылы ой қозғау

13. Бұл бейне баян не туралы?

14. Бұл қала туралы не білеміз?

Жоспар:

9. Бозоқ (Бұзық) ортағасырлық қала

10. Астана - ел мақтанышы

<i>Білемін</i>	<i>Білгім келеді</i>	<i>Үйрендім</i>

Үйге тапсырма. Астана қаласы туралы сурет салу. Қызықты мәліметтер жинау

Кері байланыс. Бағалау

* * * * *

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Арқалық қаласы. Жалпы білім беретін №10 орта
мектебінің биология пәні мұғалімі
Алиева Гульнар Расуловна*

"Адамзат үшін XXI ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында". (Н.Ә. Назарбаев)

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білу. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Биология сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын. Мысалы 8 сыныпта «Жүрек жұмысы» тақырыбындағы сабақта explorer GLX құралдарын пайдалану арқылы оқушы танымдығы, қолданбалы дағдылары жақсы қалыптасады. Оқушылар жүрек кардиограммасын анықтау арқылы әр түрлі сусындардың адам ағзасына әсерін талдау арқылы, қай сусынды ішуге болатындығын, қайсысы адам ағзасына зиян келтіретіні туралы білімдерін кеңейтеді.

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияны пайдалану барысы:

- Теориялық материалды меңгерту кезінде;
- Электрондық оқулықтар;
- Power Point бағдарламасында жасалған презентациялар;
- MS Word редакторында жасалған сызба кестелер, үлестірмелер;
- Блокнот мәтіндік кіші редакторда жазылған ережелер жиынтығы (электрондық ереже анықтамасы) немесе электрондық сөздік қолданылады.

Теориялық материалды бекіту кезінде:

- Word Pad мәтіндік редакторында мәтінмен тікелей жұмыс (түзету, үзінді қосу, аяқтау, әріп қою, астын сызу, суреттер мен сызбалар кірістіру).
- Мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалану (дыбыстарды жазу мен ойнату, лазерлік ойнатқыш бағдарламасы, фонограф бағдарламасы арқылы дауысты жазу және жазылған дыбыстық файлды құжатқа қою аудиолекцияны алдын ала жазып алып, сабақ барысында қолдануға болады).
- Интернет жүйесі, яғни электрондық кітапхана мүмкіндігін қолдануға болады. Ол арқылы жаңа мәліметтер қорыту.

Теориялық материалды қорыту кезінде:

- Тест бағдарламасы арқылы білімді тексеру;
- Power Point бағдарламасымен сызбалар сызу;
- Excel бағдарламасында өз білімдерінің мониторингін шығару.
- Сынып ішіндегі компьютерлік желі арқылы өзара білім жарыстыру немесе өзара тексеру жұмыстарын жүргізу;
- Әмбебап ойнатқыш бағдарламасына жазылған файлдар арқылы диктант алу;
- Интернет жүйесі арқылы жазылатын рефераттар, виртуальды интернет олимпиадалар.

Өз практикада осы бағыт бойынша жұмыстар жүргіземін. Мысалы 8 сыныпта өтілген «Қаңқа бөлімдері» тақырыбындағы сабағын көрсетейін. 6 сыныпта "Жапырақ" тақырыбын бекіту кезінде оқушылардың деңгейіне байланысты әрқайсысына деңгейлік тапсырмалар беремін: 11-сынып оқушылары өз білімдерінің нәтижесін "Excel" бағдарламасына салып мониторингін шығарып отырады. Бұл жұмыс оқушының практикалық шеберлігін арттырып қана қоймай, алға ұмтылуына жол ашады.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды оқушының флеш-карталарына салып беру өте тиімді.

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтік сұраныс технология деңгейінің жетістігін талап етеді, яғни оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын модернизациялау деңгейінен (бағдарлама, оқулық, оқу курстары) өтіп, екінші саты – ақпараттық технология деңгейіне көтерілу. Ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерттей отырып, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау – білім субъектілерін дамытуда үлкен нәтижелерге жеткізеді, сонымен қатар білім сапасын да арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
2. Қазақстан мектебі. №6, 2006 жыл.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
4. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл

* * * * *

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫ ҮРДІСІНДЕГІ РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІ

Қарағанды қаласы, «№74 ЖББОМ» КММ-нің
орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі Зарубаева Лилия Елеухановна

Соңғы кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Соның ішінде ең бастысы, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы алғашқы қадамдар. Мемлекеттік білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа салып, жылжып келеді. Бұл істерде мұғалімге қойылар талап та ерекше болып отыр. Мұғалімнің қазіргі міндеті: ойы ұшқыр, шығармашы-лық қабілеті жоғары, өмірге икемді, бәскеге қабілетті қоғам құру негізінде көптілді тұлға қалыптастыру, тәрбиелеу.

Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Мұғалім – ұйымдас-тырушы, бағыт беруші. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім техно-логиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру, оқушының шығармашылығы мен талабына жол ашу.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды. Олар мыналар:

- Модульдік технология;
- Рейтингік жүйе;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлау.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қолданылады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі.

Оқушылардың білімін тексеруге және оны есепке алуға, бағалауға қатысты маңызды мәселелер әлі толық шешімін таппай, жүйелі және жаппай бақылау, тексеру, оқушылардың білімін бағалауды жақсартуға бағытталған шара-лар толық пайдаланылмай жүр. Жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың білімін тексеру және бағалау жүйесін жетілдіру – қазіргі кезде күн тәрті-бінде тұрған мәселелердің бірі. Білім технологиясын жетілдіру мақсатында мемлекеттік стандартқа сай айқындау, бекіту үшін оқушы білімін бағалауға рейтинг жүйесін енгізген тиімді.

Рейтинг – бағалаудың бір түрі. “Рейтинг” – жеке адамның сапалық жетістігін бағалаудың сандық көрсеткішін білдіретін, ағылшын сөзі, қазақша «бағалау» мағынасында.

Рейтинг жүйесінің мақсаты:

- оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру;
- оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілді-ру және әділдігін орнықтыру;
- оқу-таным әрекетіндегі білім, білік дағды сапасын, дәрежесін бақылау-да жүйелілікті қамтамасыз ету;
- оқу-таным әрекетіндегі оқушылардың жауапкершілігін, белсенділігін арттыру;
- тексеруде уақытты үнемдеу.

Бағалау дегеніміз – оқушы жұмысындағы дербестікті, тапсырманы дұрыс орындау нәтижесін, білімнің, іскерліктің және дағдының сапасын анықтау. Ал оқушылардың білімін бағалау – білім берудің мазмұны мен мақсаттарын өлшейтін өзіндік құрал ретінде қарастырылады.

Бағалау және баға – оқу үрдісінің ажырамас біртұтас құрамдас бөлігі. Бағалау – ынталандыру әдісі мен құралы, оқыту мен оқудың қозғаушы құралы; бағалау емтихан не сынақ алу – білім сапасын жетілдірудің, оқу-шының басқа да қасиеттерін дамытудың, ұштаудың кепілі; бағалау мұғалім мен оқушының жан-жақты ынтымақтастық қарым-қатынасын қалыптастыра-ды, жағымды ықпал етеді; тәрбиенің маңызды құралы; оқушылардың белсен-ділігі мен ынтасын арттырудың құралы.

Рейтинг арқылы оқушылардың жұмыстың қандай түрімен айналысқан-дығы туралы толық мағлұмат алып отыруға болады. Рейтинг – білім мен біліктіліктің, оқушының жеке басындағы кешенді сандық және сапалық жиынтық индексі.

Рейтинг жүйесінің ерекшелігі мұғалімнің педагогикалық әрекеті мен оқушылардың оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерін тек-серу, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады.

Оқушыларға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән сапасы, қабілетін ашуға рейтинг жүйесінің мәні зор. Ұпайлар саны жинақтала бергенде қоры-тынды бағаның көтерілуіне мүмкіндік беріледі. Рейтинг қорытындысын әр тақырып бойынша шығарылып, бағаланып отырылады. Нәтижесінде жеке оқушының барлық білім сапасы қандай дәрежеде екені анықталады. Білім са-пасының жоғарлауына, сабақта берілген білімнің оқушы жадында сақтал-уына рейтинг жүйесінің маңызы зор.

Рейтинг мұғалім мен оқушыны ынталандыра түсіп, олардың қабілетін ашады.

Оқушының әр түрлі жұмыстарын саралап өткізу (тыңдап-түсіну, жазу, сөйлеу, оқу) оны рейтинг арқылы бақылау оқушының не жақсы, не нашар қабылдағанын бірден аңғартады. Сонымен қатар, мұғалім рейтинг

жүйесі арқылы сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін, интеллектілік деңгейлік дәрежесін білуге болады.

Бұл әдісте оқушының білімі бақылау, өздік жұмыстар, тест, дәптер тек-серу, үй тапсырмасын орындау, т.б. орындаған әрбір тапсырмасы бойынша ұпай арқылы бағаланады. Жазба жұмыстардың түрлерін талдау ғылыми, қосымша мәліметтерді игеру, сұраққа жауап беру сияқты жұмыс түрлерімен ұштастырылып жүргізіледі.

Оқушылардың білімін бағалау оқу-тәрбие үрдісінен тыс құбылыс емес. Ол педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан кешенді түрде жүзеге асады. Ті-рек-сызбанұсқаулар тараулар бойынша жасалып, сабақты түсіндіруде және қорытындылауда қолданылады.

Бұл жүйе бойынша оқушының әрбір жұмысы ұпаймен бағаланады. Мұғалім тапсырмалардың әрбір элементін “5” деген ұпай жүйесінде бағалап отырады.

Мысалы, 6-сыныптағы етістікті оқытуды алсақ:

1. Етістікті оқыту бағдарлама бойынша 11 тақырыбын 11 блок деп есептейміз.
2. Әрбір блокқа арналған ұпайлардың жиынтығын есептеу қағазы болады.
3. Оқушы әрбір блоктың соңында сынақ тапсырады.
4. Егер оқушы 60% ұпай жинаса – “3”, 75-84% ұпай жинаса – “5”.
5. Егер оқушы бағасын көтергісі келсе, тағы сынақ тапсыра алады. Әрбір жұмыстың ауырлығына қарай ұпай белгіленген, оқушы 3 ұпайдан 3, 5 ұпайға дейін не болса - “3”, 3, 7-4, 2 ұпай аралығын жинаса - “4”, 4, 2 ұпайдан.

Егер оқушы 60% ұпай жинаса сынақ автоматты түрде қойылады.

Балл жинау оқу жетістіктерін бағалауды даралауды жүзеге асыруға, белгілі бір уақыт аралығында жинақталған балдардың қосындысы көрініс табатын және оқушының оқу портфолиосы формасы түрінде жүзеге асырылатын білім, білік, дағдыларын мүмкіндіктеріне, қалауларына және қабілеттеріне қарай тереңдетуге, кеңейтуге және оның өзінің дамуының же-ке траекториясын өз бетінше таңдауына мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде білім алушылардың өздері, олардың ата – аналары және мұғалімдері белгілі бір уақыт аралығындағы жетістігін салыстыра отырып, оның жеке даму динамикасын тұрақты қадағалауға мүмкіндік алады.

Рейтинг жүйесінің ерекшелігі мұғалімнің педагогикалық әрекеті мен оқушылардың оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерін тек-серу, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады. Сонымен рейтинг жүйесі арқылы баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға –бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім ба-ға қоюға өте мұқият болу керек. Ал егер мұғалім өз тәжірибесінде рейтинг жүйесін тиімді қолдана білсе, оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Әбенбаев, Ж. Әбиев. Педагогика «Фолиант» баспасы-Астана 2009 ж.
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика –Алматы 2005 ж.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СӘУЛЕТ ӨНЕРІНЕ САЯХАТ

Алматы облысы Іле ауданы №6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен мемлекеттік мекемесінің бейнелеу өнері және сызу пән мұғалімі Солтанбаева Гаухар Турсынбаевна

Пәні: бейнелеу өнері Сыныбы: 4 Айы, күні: 08. 05. 2014 жыл.

Сабақтың тақырыбы: Сәулет өнеріне саяхат

Сабақтың мақсаты: орта ғасырлардағы және қазіргі заман сәулет өнері, стильдері, архитектуралық құрылыс жүйелерінің ерекшеліктерін аша отырып, айырмашылығын айта отырып, олардың тарихтағы алатын орнын анықтау.

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: оқушыларға жалпы сәулет өнері, тарихы туралы түсінік бере отырып, Қазақстандағы орта ғасырлардағы сәулет өнерінің дамуы, тарихи ерекшелігі жайындағы мәліметтерді ұғындыру

Дамытушылық: Қазақстандағы сәулет өнері туындыларынан мысалдар келтіре отырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін, сөйлеу қабілеттерін дамыту. жаңа терминдерді ұғындыру.

Тәрбиелік: орта ғасырлардағы сәулет өнерінің туындыларын қазіргі заманғы архитектураның озық үлгілерімен салыстыра отырып, оқушылардың сәулет өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, эстетикалық тәрбие беру

Сабақтың типі: аралас сабақ

Сабақтың түрі: дәстүрлі

Сабақтың әдісі: жарыс, топқа бөліп оқыту

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, карточка, плакат, бояулар.

Пәнаралық байланыс: тарих, архитектура.

Сабақтың құрылысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Сабақты пысықтау.
4. Жаңа сабақ.
5. Сабақты пысықтау.
6. Қорытындылау.
7. Оқушылардың білімін бағалау.
8. Үйге тапсырма беру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

1. оқушылармен амандасу
2. класты түгендеу
3. психологиялық дайындық
4. құралдарын түгендеу

II. Үйге берілген тапсырманы сұрау.

Сыныптағы оқушыларды үш топқа бөлемін.

Бейнелеу өнеріндегі негізгі түстер атауымен атаймын, олар-

- 1 топ-көк түс
- 2 топ-қызыл түс
- 3 топ-сары түс

Қораптан карточкалар алынып, әрбір топтың жетекшісі сұрақтарды өздері таңдап алып, тобымен бірге дайындалады. Қай топ дайын болса, сол топ жауап береді. Дайындалуға 2 - 3 минут уақыт беріледі. Топ жетекшісінде бағалау парағы бар, сол бойынша жауап берген оқушыларды бағалап отырады. *дұрыс жауапқа 5 ұпай, қате жауапқа ұпай қойылмайды.*

Әр топ 2 сұрақтан алады

11. Пейзаж өнері деген не? Слайд-табиғат көрінісін бейнелеу
12. Перспектива деген не? жақындағы заттар үлкен, ал алыстаған сайын кішірек болып көрінеді
13. Перспектива түрлерін ата. Сызықтық және ауа
14. Табиғат деген не? Бізді қоршаған орта
15. Акварель қандай бояу. Суға тез еритін
16. Гуашь қандай бояу. Суға жақсы езіліп қою жағылатын
17. Жылы түстерді ата. сары, жасыл, қызыл
18. Суық түстерді ата. көк, күлгін, сұр.

Қосымша қойылатын сұрақтар: Слайдта тапсырмалар беріледі.

Саған орман пейзажын бейнелеу керек болды делік, алдыңғы қатарда діндері жіңішке, ал артқы қатарда жуан дінді ағаш орналасқан. осы перспективалық шешімді суретке қалай бейнелейсің.

Тақтадағы плакатқа маркермен салып көрсеру.

Сонымен балалар перспектива, пейзаж жайлы білімдерінді тексеріп бағаларыңды алдыңдар, енді жаңа сабақты бастаймыз.

III. Сабақты пысықтау/дайындық. 3- топқа қойылатын сұрақтар. оқушылар қол көтеріп жауап береді.

4. Адам өмірінде баспана қандай рөл атқарады?
5. Сәулет дегеніміз не?
6. Баспана қандай қасиеттерге ие болу керек?
7. Сен қандай сәулет ескеркішін білесің?
8. Мына ғимараттардың қалай аталатынын еске түсір. қай қалада орналасқан?

Слайдта көрсету (Астана, Алматы қалаларының ғимараттары)

Ал енді сұрақтарға дрыс жауап берген топтың ұпайлары ұпай қойылады

IV. Жаңа сабақ: Жоспар:

1. Сәулет өнері тарихы.
2. Сәулет стильдері.
3. Европа ескерткіштері туралы мәлімет.
4. Орта Азия мен Шығыс сәулет өнері
5. Қазіргі заман сәулет өнері.

Сәулет өнері тарихы. Слайдтағы ғимараттарды көрсете отырып жаңа сабақты түсіндіру.

Бүгінгі салынып жатқан ғимараттар ерте кезеңдегі ғимараттарға мүлде ұқсамайды. бұл ғимараттар европа елінің сәулет өнері. **Египет, Грекия, Рим сияқты** ежелгі мемлекеттерде қарапайым адамдар тұратын үйлер арзан және сапасыз тұрғызылған, сондықтан біздің заманымызға дейін жетпеген. Ал мыңдаған адамдардың еңбегімен салынған ғимараттар-храмдар, кітапханалар, салтанатты сарайлар берік сапалы материалдардан салынғандықтан, олардың көпшілігі күні бүгінге дейін сақталған.

Белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған үлкен туындыларды **СТИЛЬ** деп аталады

Ал енді Грекия мен Рим сәулет стилімен танысайық. -антикалық дәуір деп атайды

Ғимараттардың шатыры мүсіндермен, қабырғаға сылағы кеппей салынатын суреттер-**фреска, мозайкалар**(түсті минерал қосып балқытылған шыны сынықтары) Ең әйгілі құрылыстардың бірі-**Парфенон храмы**.5 ғасырдың ортасында Афиныдағы Акрополь қыратында тұрғызылған грек храмы.периметрі бойынша биіктігі 10 метрлік 46 баған қоршап тұрған.

Көне Римнің батпақтан құрғап қалған орталығында қаланың басты алаңы-**Форум** салынды.мұнда жиындар өткізіліп,императорлар сайланды.

Римнің ең әйгілі құрлысы **КОЛИЗЕЙ** б.д.д 1 ғ салынған.50000 мыңнан астам көрермен сиятын болған.4 қабаттан тұратын.аренада гладиаторлар, жабайы аңдар айқасы көрсетілетін болған.колизейдің ашылу салтанатында 5000 жабайы аң көрсетілген.

Сонымен бірге Римде **АКВЕДУКТАРЫ** осы кезге дейін сақталған.(қалаға таза тау суын жеткізетін аркалы көпірлер)

Сонымен қатар Римде моншалар салынған-**термдер** деп аталған.Каракалланың термдері өте әйгілі болған,2500 аса адам жуына алатын.сәнді сарайларға ұқсаған.

Роман стилі. Европалықтарда менің үйім-менің қамалым- деген мәтел бар. Бұл мәтелді айтқан кезде әрбір адамды, өмірдің қиыншылығынан қорғап,оларды жеңуге көмектесуін меңзейтін болар. 11 ғ бастап Европада бай жер иеленушілер-феодалдар ғамалдар тұрғыза бастаған.гректер мен римдіктердің сымбатты әрі нәзәктік туғызатын құрлысарының орнына ауыр,аласа,түнерген ғимараттар бой көтерді.мұндай қамал салуға мақсат-сыртқы шапқыншылықтан қорғану болатын.Слайд.Шильен қамалы(Швецария)

Готика стилі. 12 ғ роман стилі ақырындап готика стиліне ауысты.ауыр да ұсқынсыз ғимараттардың орнына аспанмен таласқан биік ғимараттар бой көтерді.христиан дінінің бекуіне байланысты готика стилінде діни қызмет пен рәсімдер өткізілетін соборлар болды. Германиядағы Кельн соборы.

Терезелері сәнді **витраждармен** жасалған.**Гүлөрнек** – негізгі элементі болып табылды. Готика стилінің ең әдемі соборларының бірі Нотр-Дам де Пари (Париждегі Құдай анасы соборы)алайда құрлысы 170жылға созылды.

Қоңырау – ажырамас бөлігі болды.15 тонна салмағы, салтанатты кездерде ғана соғылатын. Собор мен оның салыну тарихына байланысты оның көптеген аңыздары бар.соның бірі қақпасын жасаған ұста туралы,денсаулығынан айрылған.ал құлыптардың құпияс әлі күнге дейін ашылмаған.

Собор шатыры қиял-ғажайып **гаргугалар мен химералармен** әшекейленген.

Орта Азия мен Шығыс сәулеті (слайд)

Орта Азия мен Шығыс сәулет өнері негізінен арабтар енгізген ислам дінінің ықпалымен дамыды.мұсылмандарға адам мен жануарларды бейнелеуге тиым салынған. Сондықтан суретшілер өрнектер мен оюлар арқылы көрсеткен,мозайкалармен,геометриялық өрнектермен безендірілген. Жиі болған шапқыншылық пен табиғат апаттарына байланысты Орта Азиядағы ескерткіштерінің көбісі қирап жойылып кеткен. Біздің заманымызға дейін жеткен, мысалы; 15 ғ Самарқан қаласының Регистан сәулет өнеріне үш мұсылман білім беру медресесі-**Ұлықбек**,Ширдор,Тілаққари кіреді. Қазақстанның көне қалаларының бірі Түркістанда Қожа Ахмет Йассауи кесенесі-қазақ халқының мақтанышы.орталық күмбезінің диаметрі 18 метр 10 ж ішінде тұрғызылған.ұлы ойшыл және ақын Қожа Ахмет Йассауи құрметіне тұрғызылған.Әмір Темірдің бұйрығы бойынша салынған. Кесене ішінде үлкен тайқазан,жеті металл қосындысынан құйылған.салмағы-2 тонна,диаметрі 2 метр.

Ал қазіргі заман сәулет өнеріне келсек.олар-Көп қабатты үйлер,театр үйлері,қонақ үйлер,бәйтерек,Ақ Орда,Нұрмешіті т.б(слайд) Қазіргі кездің сәулет өнері қарыштап дамуда.Дегенмен әлі күнге дейін ортағасырлық ескерткіштердің салыну деңгейінен асу қиын. Олар ғасырлар мен мыңжылдықтар өтсе де сыр бермей, әлі де өзіндік ерекшеліктерімен таң қалдыруда.

- Осыған байланысты біздің міндетіміз қандай болады деп ойлайсыздар?

- Ескерткіштерді сақтау, қорғау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу

Ү. Сабақты пысықтау.

Оқушыларға тапсырма беріледі әр үш топ өзінің плакатына, топтасып сурет салады.

Балалар, сендерге «Көне қала» тақырыбына тарихи пейзаж жазу тапсырылады.сызықтық және ауа перспективасын есіңе түсір.жұмысты акварель,гуашь,фломастер немесе аппликация түрінде орындауға болады. Топқа бөле отырып, «ойлан тап» ойынын ойнап, тақырып бойынша тапсырма беру.қай топ бірінші қол көтерсе сол топ жауап береді.

А) Мына шаршы ішіне сәулет өнеріне байланыстытерминдер мен атаулар жасырылған.Оларды тап(колизей,акведуктар,роман,рим,готика,медресе)

а	к	в	р	с	м	а
ю	о	е	д	у	қ	н
и	л	я	о	т	и	э
з	е	й	г	а	к	й

Ә) треннинг.Сөйлемді аяқта:

1.Қожа Ахмет Йассауи кесенесіәмірі бойынша тұрғызылған (Әмір Темір)

2.Орта ғасырдағы сәулет өнерінің жауһары-..... (Регистан)

3.Регистан сәулет кешені.... тұрады. (Самарқан қаласы)

4. Үш мұсылман білім беру медресесі..... (**Ұлықбек**, Ширдор, Тілаққари)

5. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі..... орналасқан. (Түркістан)


6. Кесененің ішінде үлкен..... бар (қазан)

Б) «Нотр-Дам де Пари» Сөзжұмбағын шеш.

Тігінен: 1 Нотр-Дам де Пари соборында кездесетін сәулет өнері стилінің бірі.

3. Собор шатырына сән беріп тұрған мифологиялық тіршілік иелерінің бірінің атауы.

Көлденеңнен: 2. Собордың ажырамас «үнді» бөлігі. 4. Собордың кіреберісімен витраждарын безендірген шеңбер түріндегі сәулет өнері элементі. 5. Соборға сән беріп тұрған түрлі түсті шыны бөлшектерінен тұратын терезе.



В). Шұғыл есте сақтау. Тақтаға жеті сөз жазылады.. Сонан соң екі - үшеуін өшіріп тастап, өшірілген сөздерді оқушылар жылдам айтып қайталайды.. Егер жылдам сол сөздерді есте сақтап айтып бере алса, онда ұпай жинайды.

Стиль, парфенон, форум, колизей, акведуктар, роман, готика, сәулет.

ҮІ. Қорытындылау. Оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімін жинақтау үшін төмендегіше бекіту сұрақтарын қоямын.

Сәулет өнері деген не? (құрылыс, тұрғын үй салу өнерін сәулет дейді)

Стиль деген не? (Белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған үлкен туындыларды **стиль** деп аталады)

Стиль түрлерін ата? (Грекия мен Рим ,РОМАН.ГОТИКА)

Көне ескерткіштерді ата. (парфенон, форум, колизей, акведуктар, қазан)

Қазіргі заман сәулет өнері мен өткен ғасырлардағы сәулет өнері айырмашылығы неде?

Мозайка деген не? түсті минерал қосып балқытылған шыны сынықтары

Парфенон деген не? (Ү ғасырдың ортасында Афиныдағы Акрополь қыратында тұрғызылған грек храмы)

Римнің ең әйгілі құрлысы(.колизей)

Қожа Ахмет Йассауи кесенесі қай қалада салынған?(Түркістан)

Акведуктар қызметі қандай болған? (қалаға таза тау суын жеткізетін аркалы көпірлер)

Сонымен біз балалар сәулет өнеріне саяхатты өттік, сендерге ұнады ма осы саяхат, несімен ұнады қандай қызық деректер білдіңдер?

ҮІІ. Оқушылардың білімін бағалау. Сонымен балалар мен бағалау парағын алып, әр топтағы оқушының жұмысына байланысты жеке бағалар қоямын. Жеңген топқа орын беру.

1 топ-көк түс 2 топ-қызыл түс 3 топ-сары түс

ҮІІІ. Үйге тапсырма беру: 84 бет Ұлықбек медресесінің суретін сурет дәптерге бейнелеу.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «А ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ»

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті
С. Шарипов атындағы мектеп – интернаты
Бастауыш сынып мұғалімі Абилгазиева Куляш*

Сабақтың тақырыбы: А дыбысы мен әрпі Әліппе 1-сынып

Сілтеме: 1-сынып Әліппе оқулығы, әдістемелік Алматы «Атамұра» 2011 жыл. Авторлары: С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, **Р.Базарбекова**

Жалпы мақсаттар: а) оқушыларды А дыбысы мен әрпімен тапсыру. А дыбысы бойынша алған білімдерін пысықтау .ә) оқушылардың сөздерді дыбыстық талдау жасау арқылы алған білімдерін дамыта түсу б) оқушыларды реттілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Оқыту нәтижесі: Сыни ойлауды дамыту, алған білімдерін өмірмен байланыстыра білу

Негізгі идеялар: Теориялық білімді практикамен ұштастыра білу, ойларын еркін жеткізу.

Қолданылған модульдер: Сұрақ - жауап, диалог, АКТ, СТО, диалогтік оқыту тәсілі, талантты және дарынды балаларды оқыту үшін бағалау, талдау жинақтау, кубизм.

Сабақ бойынша жазбалар:

Мұғалімнің іс-әрекеті: 1. I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу
Оқушылар ортаға шығып «Шаңырақ» уықтарына ұқсап, қолдарын көтеріп, бір-біріне жылы лебіздерін айтып бір шаңырақ астына бірігеді.

II. Жаңа тақырып

Білу

22. Сурет бойынша әңгіме.

23. А дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, а дыбысын дұрыс айтуға үйрету.

А дыбысының әріп таңбасымен таныстыру.(баспа және жазба түрі)

А- бас әрпі, а-кіші әрпі.

Оқушының іс-әрекеті:

Хормен дыбыстап айту, жеке-жеке оқыту.

Түсіну

Ертегі кейіпкерлері қонақта. Солардың әкелген сұрақтарына шолу жасап, жауап беріп көрейік.

Оқушының іс-әрекеті:

Оқушылар: Сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты қаншалықты түсінгендерін байқатады.

Қолдану

Суретте не көріп тұрмыз: Оларды жалпы не деп атауға болады? Жеміс-жидектер. Енді суреттерге қарай отырып, буынға бөліп көрейік.

Оқушының іс-әрекеті:

Сурет арқылы топ басшысы өз тобына түсіндіріп, талқылайды. Өз ойларын постер арқылы қорғайды

Талқылау

1 - топ: Сөздер ойлайды

2 - топ: А дыбысы қандай дыбыс екенін айтады

3 – топ Сөздің қай буынында

4-топ Сөзде неше буын барын айтып дәлелдейді.

Оқушының іс-әрекеті:

Әр топ тапсырмаларын орындайды

Сабақты мұқият тыңдап, есте сақтап, сабақтың тақырыбын айту.

А дыбысының қай және неше буын барын баяндайды.

Өз топтарында оқып талқылау

Жинақтау.

Ойын арқылы сабақты қорыту.

Оқушының іс-әрекеті: Орамал тастамақ сұрақтарға жауап беру.

Үйге тапсырма беру.

Оқушының іс-әрекеті: Формативті бағалау алмұрт арқылы ұпай жинау

Рефлексия: Өз әсерлерімен бөлісу.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ОЙЫНШЫҚТЫ ӘШЕКЕЙЛЕП БІТІРУ

ОҚО. Шымкент қаласы. №52 жалпы орта мектеп

Технология пәні мұғалімі: Ақылбекова Нұрлыайым Шаймерденқызы

Сабақтың тақырыбы: Ойыншықты әшекейлеп бітіру.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ойыншықтың көзін, тұмсығын, мұрнын, тілін дұрыс орналастыру, тігу, желімдеу.

Дамытушылық: Оқушылардың қолөнерге деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін, қиялын дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, ұқыптылыққа, үнемшілдікке, тазалыққа баулу, тәрбиелеу.

Пән аралық байланыс: бейнелеу, математика, биология.

Сабақтың көрнекілігі: Дайын ойыншықтар, ойыншық мүшелерінің үлгілері, қажетті материалдар, қайшы, ине, жіп, желім, сызғыш, бор, сантиметр лентасы, «Жұмсақ ойыншықтар», «Ойыншықты әшекейлеу», «Нұсқау картасы» плакаттары, буклет.

Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру кезеңі.
- Өткен сабақты пысықтау.
- Жаңа сабақ.
- Жаңа сабақты бекіту.
- Сарамандық жұмыс.
- Сабақты қорытындылау. Бағалау.

- Үйге тапсырма.

Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Қазақстан Республикасының рәміздерінің бірі – әнұранды айту. Кезекшіні анықтап, оқушыны түгелдеу. Жұмыс орнын әзірлеу.

Оқушыларды екі топқа бөліп, топ басшысын сайлап, бағалау қағазын тарату.

I – топ – «Шебер», II – топ – «Арулар».

II. Өткен сабақты пысықтау.

«Ойыншықтар әлемінде» ойынын өткіземіз. Ойынның шарты мынадай: үстел үстінде тұрған ойыншықтардың өзіне ұнағанын алады. Сол ойыншық астында тұрған сұраққа жауап беруі қажет. Жауабына қарай бағаланады. Дұрыс жауап берсе ойыншықты алады, болмаса орнына қояды.

9. Жұмсақ ойыншықтар неше түрге бөлінеді? Ерекшеліктеріне тоқтал.

- Жұмсақ ойыншықтар үш түрге бөлінеді:

- 1) Жалпақ (негізі – картон, қабырғаға ілу үшін артында ілгіші бар. Сувенир ретінде қолданылады).
- 2) Жартылай көлемді (жалпақ ойыншық сияқты, бірақ негіз бен матаның арасына жұмсақ астар салынады).
- 3) Көлемді (бұл ойыншықтың бөлшектері жеке-жеке дайындалып, әрқайсысына мақта, синтепон немесе поролон салынады).

2. Ойыншықтар не үшін қажет?

- Бала ойыншықпен ойнайды, ойнау барысында баланың дүниетанымы ұлғаяды, айналадағы қоршаған орта туралы мағлұмат алады.

3. Бөлшектерді қалай құрастырамыз?

- Бөлшектерді оң жақтарымен беттестіріп, теріс жағынан тігеді.

4. Қандай қол тігістері қолданылады?

- Көктеу немесе инені алға қарай шаншу тігісі; машина тігісі немесе инені артқа қарай шаншу тігісі; тор тігісі; майда қиғаш тігіс; жасырын тігіс.

5. Көктеу тігісі қалай тігіледі, не үшін қажет?

- Бөлшектерді жылжып кетпеу үшін бір-біріне біріктіріп ұстап тұрады. Инені оңнан солға қарай шаншу арқылы тігіледі.

6. Инені артқа қарай шаншу тігісінің орындалу техникасын көрсет.

- Инені оңнан солға қарай шаншу арқылы тігіс пен оның арақашықтығын бірдей қалдыра отырып, бірінші тігісті түсіреді. Екінші тігісті түсіру үшін жіпті солдан оңға қарай салып, инені бірінші тігістің біткен нүктесінен шаншып, екінші тігістің сол жағынан (тігістің ұзындығындай қалдыра отырып) шығарады. Осылайша қайталана береді.

III. Жаңа сабақ.

Плакат пен үлгілерді пайдалана отырып, ойыншықты әшекейлеуді түсіндіру.

Ойыншықтың көзі өзіне тән ерекшелігін көрсетіп, ерекше сән беріп тұрады. Сондықтан көзін ерекше ыждаһаттылықпен орындау қажет. Жасап отырған ойыншыққа байланысты көз де әртүрлі кескінде кездеседі. Көзді қара немесе қанық қоңыр түймеден жасауға болады. Түрлі-түсті клеенка, кітаптардың ескі мұқабасы да өте жиі қолданылады. Тағы да фотоқағаз, былғары, мата т.б қолдануға болады. Көз ерекшеленіп көрініп тұруы үшін оның астына көздің кескініндей, бірақ одан үлкенірек етіп көз астын қою қажет. Көз асты көздің астынан жарты ай тәрізді көрінуі мүмкін. Әдетте көз асты ақ түсті болады, кейде оны түрлі-түсті етіп жасаған да жөн. Мысалы, мысықта, арыстанда, жолбарыста көз асты жасыл, қоянда – қызыл немесе қызғылт, құстарда – көк немесе сары болуы мүмкін. Көз астын қос қабат етіп те жасауға болады. Мысалы, қара көздің астына ақ, оның астына түрлі-түсті көз астын қояды. Ойыншықтарда жылтыр қара клеенкадан жасалған көздер түрлі-түсті көз астымен әдемі көрінеді.

Ойлаған бейнеге байланысты көздің көрінісі әртүрлі болып келеді. Көздің кескіні шеңбер, овал, жартылай шеңбер, тамшы бейнесінде болып келеді.

Ойыншықтың көзін әртүрлі өлшемдегі және кескіндегі дәрі қорапшасынан да жасауға болады. Қорапшадан екі жағынан кішкене үшбұрыш етіп қалдырып, екі ұяшық қиып алады. Бұл үшбұрыштардың көмегімен көз мата ішіне бекітіледі. Алдын-ала ұяшыққа түйме, ақ немесе түрлі-түсті қағаз салынады. Егер түйме ұяшық ішінде еркін жатса, онда ойыншықтың көзі тірі сияқты қозғалатын болады.

Көздің орналасатын орнын анықтау да маңызды. Аңдарда көз кеңсірік деңгейінде орналасады. Кейде көзді тиісті орнынан жоғарырақ тігеді, сонда ойыншықтың беті өзгеше сипат береді.

Ойыншықтың бет бөлігін көлденең сызықпен тура екі бөлікке бөлу керек те, осы сызыққа көзді орнату қажет.

Көз ойпаңы пайда болуы үшін №10 жіп пен ұзын иненің көмегімен көздің орналасу орнын тартады. Жіпті құлақ артына немесе шүйденің төменгі бөлігіне бекітеді. Егер көз бірнеше бөлшектен тұратын болса, онда алдымен оларды бір-бірімен желімдеп қосып алады, сонан соң бұйымға өлшейді.

Аңдардың тұмсығын әртүрлі кескінде жасайды. Кескіні шар тәрізді тұмсық өте көп тараған. Қара матадан (барқыт, жібек, сәтен немесе жұқа былғары, клеенка) диаметрі 4 см-дей болатын шеңбер қырқып алады (өлшемі дайындалып жатқан ойыншықтың басының мөлшеріне қарай). Шетін айналдыра көктеу тігісімен тігіп, жіпті аздап тартады. Пайда болған қапшыққа мақта салып, шар пайда болу үшін жіпті соңына дейін тартады.

Аңдарға тұмсықты фетрден де жасау оңай. Қара немесе қоңыр фетрден екі бөлік қиып алады және оларды бірге қисық сызық бойымен тор тігісімен тігеді. Төменгі жағындағы тесіктен тігілген кескінге аздап мақта салып,

тесікті тікпеген күйі тұмсыққа тігеді.

В суретте бейнеленген тұмсықты былай дайындайды: қара түсті жұмсақ клеенкадан немесе оқулықтың ескі мұқабасынан суретте бейнеленген кескінді қиып алады. «А» әрпімен белгіленген қиықтарды бірге қосып, жіппен тігеді, жіпті үзбестен осы орынға «Б» әрпімен белгіленген қиықты салып, алдыңғы екеуімен қоса бекітеді. Тұмсық өлшемі ойыншық мөлшеріне байланысты.

Ойыншықтың тілін ойыншық мөлшеріне қарай сетінемейтін қызыл матадан қиып алып, желімдейді.

ІҮ. Жаңа сабақты бекіту.

Екі топқа екі тапсырма-кеспе қағазы беріледі. Онда ойыншыққа байланысты сұрақтар қойылған. Топ мүшелері сұрақтарға жауап береді. Онда ерекше белгіленген әріптерден сөз құрастырады. Кілт сөзін табады.

Тапсырма-кеспе қағазы №1.

8. Ойыншыққа ерекше сән беретін мүше. (көз)
9. Мағаның қыртыс-тыртысын жазатын құрал. (үтік)
10. Бөлшектерді қиып алуға арналған құрал. (қайшы)
11. Ойыншыққа қажетті материалдардың бірі. (тері)
12. Сым кесуге қажетті құрал. (тістеуік)

Кілт сөзі: (күшік)

Тапсырма-кеспе қағазы №2.

6. Бөлшектерді құрастыру үшін қолданылатын тігістердің бірі. (тор)
7. Ойыншықтың көзіне пайдалануға болатын зат. (түйме)
8. Бөлшектерді біріктіруге арналған құрал. (ине)
9. Бөлшектердің ішін толтыруға пайдаланатын материалдың бірі. (синтепон)

Кілт сөзі: (түйе)

Кілт сөзін тапқанда әр топтың жасап жатқан ойыншықтарының аты шығады. Сұрақтарға жауап берген оқушыларға бағалау қағазына баға қойылады.

Ү. Сарамандық жұмыс.

Нұсқау картасы бойынша топ мүшелері ойыншықтарын әшекейлейді.

I-топ. Күшіктің көзін, тұмсығын, мұрнын, тілін қиып, тігеді немесе желімдейді.

II-топ. Түйенің көзін, кірпігін, құлағын қиып, тігеді немесе желімдейді.

Сарамандық жұмыс бойынша топ мүшелері бағаланады.

ҮІ. Сабақты қорытындылау.

Бүгінгі сабағымызда біз ойыншықты әшекейлеп, толық бітіріп шықтық. Ойыншықпен бала ойнайды, ойнау барысында дамиды дейміз. Сонымен бірге бұл үлкендердің де көз қуанышы. Ойыншыққа қарай отырып үлкендер өз балалық шақтарының небір қызықты кезеңдерін еске алады, баламен бірге қуанады.

Бүгінгі сабақта қыздар екі топтың атын қосып оқығандағы «Шебер арулар» номинациясына толық лайық екендіктерін көрсетті деп ойлаймын.

Бағалау қағазындағы баллдары бойынша баға журналға түсіріледі.

Үйге тапсырма.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. Алматы, 1991
2. Нагибина. М. И. «Чудеса своими руками». – Ярославль: «Академия развития», 1998.



ТЕМА: ВТОРОСТЕПЕННЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ. «ДОПОЛНЕНИЕ»

Абильдаева Мариям Бахытжановна
СШ №187 им. М. Шокая г. Кызылорда

Тема: Второстепенные члены предложения. «Дополнение» Русский язык 6 класс

Цели: образовательная: обобщить и систематизировать знание, умения и навыки по теме.

Развивающая: познакомить учащихся новой темой для обогащения словарного запаса, развить устную и письменную речь.

Воспитательная: привить интерес к русскому языку, бережное отношение к родной природе.

Метод: практический, частично-поисковый **Тип урока:** коммуникативный

Оборудование: интерактивная доска, тест, слайды

Ход урока. Орг. Момент. Пробуждение интереса.

-Чтобы определить тему сегодняшнего урока, угадайте времена года по стихотворению.

1.Идет матушка весна

Отворяй-ка ворота:

Первым март прошел.

Всех детей провел.

А за ним – апрель

Отворил окно и дверь.

А уж как пришел май,

Сколько хочешь теперь гуляй.

2.Еще в полях белеет снег,

А воды уж весной шумят –

Бегут и будят сонный брег,

Бегут и блещут и гласят...

Они гласят во все концы:

«Весна идет, весна идет!

Мы молодой Весны гонцы,

Она нас выслала вперед!»

Какие ассоциации вызывает. Весна

Составление кластера.

Какой член предложения отвечают на вопросы кто? что?

Какой член предложения отвечают на вопросы что делает? что делал? что буду делать? что сделаю?

Какие это члены предложения?

Грамматическая сказка. В домике «Члены предложения» жила-была большая семья. Папа, мама и трое детей. Папа любил спрашивать «Кто это? Что это?» Как звали его?(подлежащим). А мама указывала всем, что делать, что сделать. Как звали ее? (сказуемым).

Дети были любопытными, всегда спрашивали у родителей: Где? Когда? Куда? Откуда? (обстоятельство), С кем? Чем? Кого? Чего? (дополнение). Какой? Какая? Какое? Какие? (с этим второстепенным членом предложения мы познакомимся сегодня). А родители терпеливо отвечали на вопросы детей, потому что очень любили их.

Работа в тетрадях. Второстепенные члены предложения.

Работа по таблице

Дополнение	Обстоятельство	Определение
Кого? Чего? Кому? Чему? Кого? Что? Кем? Чем? О ком? О чем? Птицы поют о весне.	Где? Куда? Откуда? Когда? Как? Куда? Солнце светит ярко.	Какой? Чей? Наступили теплые дни.

Новая тема.

Дополнение - второстепенный член предложения, который отвечает на вопросы: Кого? Чего? Кому? Чему? Кого? Что? Кем? Чем? О ком? О чем?

Дополнения, как и подлежащие, обычно бывают выражены существительными и местоимениями: Люди радуются весне. Природа пробуждается ото сна. Мне нравится весна. Я с нетерпением жду ее.

Работа по тексту.

Скоро придет какой праздник?

Наурыз (стих.) – на казахском языке

Весна – красна.

(Поздравление детей)

Проверь себя.

Задание1. Допишите существительные. Каким членом предложения они являются?

Люди ждут будущего... .

И радость эта превращается народный... .

С раннего утра мужчины очищали... .

Сжигали на кострах соломенное

Задание2. Среди данных слов подчеркните только имя существительное и местоимение.

Март, веселый, весенний, Наурыз, он, ждут, урожай, день, мазали, чучело, мы.

Вывод по уроку.

Домашнее задание: 1.Выучить правило. 2. Упр. № 3

Выставление оценок.

ОҚУШЫНЫҢ ҮЙ ЖҰМЫСЫНА АТА-АНА КӨМЕГІ

Қызылорда қаласы. № 187 М.Шоқай атындағы мектептің
бастауыш сынып мұғалімі Имашева Тынымкүл

Қазіргі кездегі мектептің қойып отырған талабы – жеткіншек ұрпақтарды негізгі пәндермен терең де берік қаруландыру, ал меңгерген ілімдерді күнделікті өмірде өз деңгейдегі іскерлік-шеберліктермен қолдана білу. Мұндай күрделі мәселені мектеп тек қана ата-ананың бірігіп жұмыс істеуі нәтижесінде шеше алады. Мектепке барған бала еңбектің жаңа түрі - оқумен шұғылдана бастайды. Бірінші класс оқушыларының көбінің оқуға деген талабы болады. Бұл-бірақ алғашқы мектепке, оқуға деген сыртқы еліктеу. Сондықтан оқушының осы бастауыш сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын қалыптастырмаса, оқу жылының соңында бірінші сынып оқушысының оқуға, тіптен мектепке бару талабы жойылады. Сол себепті ата-ана баласының оқып жүргеніне немқұрайлы қарамауы тиіс. Амал жоқтықтан оқып жүрген оқушы өзіне де, отбасына да, мектепке де көптеген реніш әкеледі. Ата-ана осыған тәртібіне көңіл бөліп, тиісті дәрежеде қадағалап, көмектесуі керек.

Ата-ана баласының кейбір мәселені ілмей, шеше алмай жатқан кезінде оны кекетпеуі керек, себебі ол баланың алғашқы қадамдары. Егер бала ата-анасының сабақ дайындау барысында қиын мәселелерді шешуге көмектесетінін білсе, оларды сыйлаушылығы артады. Төмен баға алса, олардан ұялып, қысылады. Сөйтіп келесі жолы жақсы баға алып, ата-анасын қуантуға тырысады. Ата-ананың көп қателесетін мәселесі, ол мұғалімнің бірінші сынып оқушыларына қоятын бағасы жөнінде. Кейбір ата-ана баласын тек қана «4» пен «5» алуға тиісті деп те айтады. Мұны естіген бала ата-анасының жазалауынан қорқып, «2» немесе «3» бағасы тұрған күнделіктің бетін жыртуға, бағаны түзетуге немесе басқаша жолдармен оларды алдауға барады. Сол себепті ата-ана баға баланың оқуындағы маңызды, бірақ басты мәселе емес екендігін білулері керек. Тек жақсы баға үшін оқыған балада танымды қызмет пен қызығушылықтың дамуы екіталай. Сонымен қатар бала өтірік айтуға тек өзіне пайдалы жаққа ғана әдістенуге, жағымсыз қылықтарға үйренеді. Ата-ана баласының сабақ дайындау барысында қиын мәселелерді шеше алмай жалғыз қалмауына жол бермеуі керек. Егер болмаса «2» алса, оның себебін біліп, оның тез арада жою шараларын қолдануы керек. Үштік бағамен де қанағаттанған дұрыс емес. Бұл баға да баланың біліміндегі олқылықты көрсетеді. Сол себепті «2» мен «3» деген баға оқушыға көмек керек екендігі жөніндегі хабарлама болып табылады. Ата-ана баланың үйде жасайтын өзіндік жұмысына қажетті жағдай жасауы керек, бала өз оқуының туған-туыстары үшін аса маңызды екенін түсінуі тиіс. Ата-ана баланың бойына лайықты үстел, кітап қоятын сөре, оқу құралдары, қалам, қара және түсті қарандаш, сызғыш, өшіргіш, т.б. құрал-жабдықтары бар оқушы бұрышын жасауы керек. Оқуға барған күннен бастап бала үйге белгілі бір уақытта сабақ дайындау үшін күн тәртібі (режимі) болуы тиіс. Бала сабаққа дайындалғанда бөлме іші тыныштықта болған жөн. Осыдан-ақ бала әке-шешесінің оның оқуына үлкен сән беретінін байқайды. Үйде сабағын тамақ ішетін үстелде дайындайтын балалар бар. Мұндай жағдайда ата-ана «сабағыңды үстелдің үстінен алып кет, басқа жерде, не қоя тұр»-дер ұрысады. Тамақтан кейін ата-ана телевизор көреді, олармен қосылып бала да көреді, сосын ұйықтап қалады. Соның нәтижесінде ертесіне «2» деген баға алады. Осылайша ата-ана баласының оқуға деген ынтасын бұзады. Ата-ананың оқушыға беретін ең бір қажетті көмегі үйде өздік жұмыс жасату. Үй тапсырмасын орындау барысында оқушының өзіндік жұмыс жасауына дағдыландыруда ата-ананың көмегі қандай болуы керек?

Мәселен: «Ана тілінен» балалар бірінші сыныпты бітірер кезде әрбір сөзді дұрыс, мәнерлеп оқи білулері керек. Тез оқу дағдысы түрлі жаттығулардың нәтижесінде қалыптасады. Әрине, бұл жөнінде де ата-ана тарапынан бақылау болуы керек. Бірақ, «осыны оқымай, орныңнан тұрмайсың» дегуге болмайды. Кітапты оқып көп отыра беру баланы жалықтырып жібереді. Баланың одан гөрі берілген тапсырманы дауыстап бірнеше минуттай оқығаны жөн. Осылайша күнде оқуы керек. Ата-ана баланың оқуын қадағалауға уақыт бөліп, дұрыс бағалап отырса, баланың өзіне деген сенімділігі күшейе түседі.

Білім негізі бастауышта қаланатындығы әркімге аян. Баланың оқуға деген ынталылығы, қабілетінің дамуы, мінез-құлқында болатын еекшеліктер осы жаста мектеп және отбасы тәрбиесіне байланысты біртіндеп қалыптасып, дами береді. Кейбір бала жолдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасаудың орнына, орынсыз ашуланып, ызаға булығып, керісіп қалады. Сөйтіп өз жолдастарынан оқшаулана беретінін баланың өзі де, достары да байқайды. Кейбір бала сабақты ықыластанан тыңдағанымен, түсінігін айтып бере алмайды. Үй ішінде, өзге адамдармен әңгіме арасында оын жеткіе алмайды. Мұндай баланың отбасында көп сөйлеуіне көңіл бөліну керек. Ол үшін сұрақтар қойып, жауабын тыңдап, өзінің естігенін айтқызыған жөн. Бала ойын жеткізе алмауының екінші себебі-сөз қорының жеткіліксіздігінен де болады. Сондықтан отбасында баланың тілін дамыту керек. Кейбір бірінші сынып оқушысы текстті кітап бойынша оқи алады, бірақ жазуы нашар. Және үйге берілген жаттығуды орындамай келеді. Себебі, бала үйінде сабақ орындауға дағдыланбаған. Демек, отбасында баланың сабаққа дайындалуына, өздігімен оқуына мән берілмеген. Ата-ана бастауыш сынып оқушысы өзін-өзі бақылай алама деген қате пікірде болады. Қайта оларды өзін-өзі бақылауға осы жастан үйрету пайдалы. Сонда ғана қандай істі болмасын оланып істеуге үйренеді.

Баланы бақылау дегеніміз – оның ісінің дұрыс – бұрысына мән беріп, дұрыс бағытқа салып отыру ғой. Бала жас ерекшелігіне, ойының дамуына, іс-әрекетіне қарай белгілі бір бағыттағы тәрбиені қажет етеді. Сондықтан, ата-ана ой-пікірін әрдайым мектеп мұғалімдеріне айтып ақылдасып отыруға тиіс. Өздеріңізге аян

,оқушылардың мектепте алған білімі тиянақты болуы үшін әрдайым үйге тапсырма беріледі.Оқушылар сол тапсырманы одағыдай орындаса,сыныпта алған білімін нығайтып,тиянақтайды.Келесі сабақты жақсы түсінетін болады. Оқушы үйге берілген тапсырманы орындамаса,өткен сабақты шала түсінеді,соның салдарынан жаңа сабақты меңгеруіде қиынға соғады.

Демек, үйге берілген тапсырманы орындаудың маңызы қандай екенін осыдан көруге болады.Сондықтан отбасында ата-ана баланың үй тапсырмасын орындауына баса көңіл аудару қажет. Кейбір ата-ана баласының математикадан берілген есебін өзі шығарып береді,бұл өте зиян. Біріншіден,баланың өз бетімен жұмыс істеуіне кедергі жасайды.Екіншіден,баланың өзіне деген сенімділігін жояды.Үшіншіден,баланы жалқаулыққа үйретеді.Оқушыға көмектескенде,түсінбеген ережені не емлені түсіндіруі керек. Сөйтіп,оқушының әрі қарай өз бетімен оқуына,тапсырманы орындауына бағыт бергені жөн.Жазбаша жаттығуды орындамас бұрын, жаттығуды орындаудағы нені білу керектігін және соған байланысты тақырыпты тағыда жақсылап оқып,қайталау қажет.

Сондай-ақ бала тақпақтарды,прозадан үзінділерді жаттағанда,мазмұнын түсініп жаттадыма және көркемдегіш сөздеріне мән бердіме, мәнерлеп оқи алама ? Осы жағына зер салу керек.Бастауыш сыныпта-ақ үй тапсырмасын мүлтіксіз орындауға дағдыланған бала жоғары сыныпта бала өз бетімен үй тапсырмаларын мұқият орындайтынын өмір тәжірибесі айқын көрсетіп отыр.Әрине,бұдан жоғарғы сынып оқушыларын бақылау жасаудың қажеті жоқ деген қорытынды тумайды.

Ата – ана баласының үй тапсырмасын орындауын,уақытты тиімді пайдалануын үнемі бақылап,қамқорлық көрсетіп отырғаны абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Бастауыш мектеп журналы 1994 жыл
2. Сыр мектебі газеті 2000 жыл

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ВАКУМДЕГІ ЭЛЕКТР ТОГЫ

Жамбыл облысы. Қордай ауданы. Қордай ауылы
Балжан Бөлтірікова атындағы №4 орта мектеп
Физика пәні мұғалімі: Керімбаева Ляззат Амангельдиевна

Сабақтың барысы	Сабақтың мақсаты					Күтілетін нәтиже
Вакуумдегі электр тогы	Вакуумдегі электр тогы тақырыбын ашу, жаңа мәлімет алу; Вакуумдегі электр тогы тақырыбына сәйкес тапсырма орындау; Ой-өрісін кеңейту және ой-пікірін алмасу, шешімін табу; Физика пәніне қызуғышылығын арттыру.					Вакуумдегі электр тогы тақырыбы бойынша-білім мазмұнының тұрақтылығын игереді.
№	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	Қарым-қатынас	Уақыт
1	Оқушыларды түгендеп, топқа бөлу.	Сабаққа назар аударту.	Вакуумдегі электр тогы, диод, триод, бойынша сұрақтарға жауап беру	Диалог құрып, қорытынды жасайды.	Мұғалім мен оқушы.	3 минут.

Ұйымдастыру кезеңі

№	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	Қарым-қатынас	Уақыт	Ресурстар

II 1	Жаңа сабақты меңгеруге дайындық: 1.Вакуумдегі электр тогы 2.Диод 3.Триод 4. Электрон. Сәулелік түтік	Бақылайды, қатесін оқушыларда н түзетуін талап етеді, кеңес береді	Оқушылар үш топқа бөлінеді, әр топта жеке тапсырмасы бар. Өз бетінше орындайды. Презентация жасайды, құрбыларының жұмысымен өз жұмысын салыстырады.	Топтық жұмыс	Оқушы мен оқушы	3 минут	Тақтада
III 1 2 3	Жаңа сабақ: Оқулықта н мәтінді оқу I топ-Вакуумдегі электр тогы II топ-Диод III ТОП-Триод Шығарма шылық жұмыс: (топта талдау, ойларын постерге түсіру) Әр топ өз жұмысын қорғау	Қадағалайды, бақылайды «Электр тогының қасиеттері, вакуумдегі электр тогы»	Әркім өз бетінше оқиды Ойларын ортаға салады, постерге түсіреді, талдайды	Өз бетінше білім алу Жартылай іздену	Оқушы мен оқушы	7 минут 7 минут 10 минут	Презентация, интерактивті тақта. Постерлер, маркерлер Стикерлер 2-жұлдыз, 1 тілек лапат, маркер
IV	Сабақты бекіту: 1-топ 23-жаттығу №1 2-топ 23-жаттығу №2 3-топ 23-жаттығу №3	Бақылайды, көмек көрсетеді	Әр топ өз бетінше есептейді		Салыстыру арқылы пікірталасқа түседі	5-минут	Диалог құрып, қорытынды жасайды.
V	Алған білімді пайдаланып, тақырып бойынша физикалық диктант	Бақылайды, бағыт береді	Әр топ өз бетінше орындайды салыстырады, қорытынды шығарады	Өз бетінше орындайды	Оқушы мен оқушы	5 минут	Интерактивті тақтада сұрақтары беріледі. Артынан дұрыс жауаптары тексеріледі

VI	Бағалау: I топ өзін-өзі бағалау II топ бірін-бірі бағалау III топ сабақты бағалау	Тыңдайды, түзетеді	Әр оқушы берілген тапсырма бойынша стикермен, смайликтермен бағалайды, бірін-бірі тыңдайды	Формативті бағалау	Оқушы мен оқушы	3 мин ут	Стикерлер Смайликтер
VII	Үйге тапсырма беру			Шығармашылық жұмыс			

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Қызылорда облысы. Қазалы ауданы. Тасарық ауылы
№238 орта мектептің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жарболова Айбарша Болатқызы

Күні: 8.09.2014ж Қазақ тілі 7- сынып

Сабақтың тақырыбы	Әдеби тілдің лексикалық нормалары
Сілтеме	Жоспар
Жалпы мақсаты	Оқушылар әдеби тілдің лексикалық нормалары туралы түсініктерін схемалайды.
Күтілетін нәтиже	10. Оқушылар қолданыстағы сөздердің бәрі әдеби нормаға жата бермейтінін белгілей алады. 11. Лексикалық нормаға жатпайтын сөздерді көрсете алады. 12. Топтық жұмыс арқылы оқушылар ынтымақтастықта жұмыс жасайды.
Негізгі идеялар	Оқушылар тақырыптың мәтінін оқи отырып ондағы ойды өз бетінше түсіну. Кез –келген сөздерді ауызша талдау жасау. Қойылған сұрақтарға сыни көзқараспен қарауға үйрену.
Тапсырмалар	Топтық жұмыс /Галерияға саяхат, Аялдама (сабақты бекіту) Жұптық жұмыс, Жеке жұмыс

Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары: (мұғалім және оқушы немен айналысады)

I. Ұйымдастыру

1. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу (5-мин)
2. Топтастыру.

Оқушыларды тақ және жұп сандар арқылы топтастыру.

II. Талқылау үшін сұрақтар беріледі (8-мин) миға шабул

1. сұрақ. Әдеби тілдің неше түрі бар?
2. Сұрақ. Ана тілі деген ұғымды қалай түсінесің?
3. Лексикалық норманың белгісі
4. Грамматикалық норманың белгісі?

III. Топтық жұмыс «Галерияға саяхат» (10-мин)

Екі топқа жаңа тақырып бойынша топтық таныстырылымтапсырылады.

- 1.Мәтінді оқу (2-мин)
2. Мәтіннің мазмұнын топта талқылау (2- мин)
3. Әдеби тілдің лексикалық нормасы бойынша постерге түсіру
4. Әр топ өз жұмысын қорғайды.
5. Топтық жұмыс «Бағдаршам» арқылы бағалау

Әдеби тілдің лексикалық нормалары .

Лексикалық норма- әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, баршаға түсінікті де ортақ мағынада жұмсалуды.

Қолданыстағы сөздердің бәрі әдеби нормаға жата бермейді. Сөздердің жарыспалы бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Олардың қайсысы лексикалық норма екені орфографиялық, терминдік сөздіктер арқылы анықталады.

Лексикалық нормаға жатпайтын сөздер 1. Диалект сөздер: Абдәсте	Лексикалық норма Құман
---	----------------------------------

Абзалы Абырай Ағаш үй Бақуат Жалдау	Шамасы, жөні Абырой Киіз үй Қуатты, күшті Жүзу, малту
2. Дәрекі, жаргон сөздер: Көкмылжың Итбай- шортбай Кәкір- шүкір Қуып кету (жаргон)	Сөзшең Кім көрінген Ұсақ – түйек Орынсыз сөйлеу
3. Қазақ тілінде баламасы бар терминдердің орысша атауларын қолдануы: Агитатор План Период Герой Процесс Методист	Үгітші Жоспар Мерзім, кезең Кейіпкер Үдеріс Әдіскер

Сөз арасында *нетіп, жаңағы яғни, сөйтпін*, т.б. сөздерді бірнеше қайталап қолдану да лексикалық нормаға үйлеспейді.

Сергіту сәті: «Қара жорға» биі

IV. Жұптық жұмыс (7-мин)

«Оқушы мұғалім рөлінде» оқушылар жанындағы отырған оқушымен жұптастыру

Оқулықтан тапсырма беру

Жұптар бір – бірінің жұмысын тексереді

Рөлдік ойынды «Басбармақ» арқылы бағалау

V. Жеке жұмыс. (9- мин)

Талантты және дарынды оқушымен жұмыс

Әдеби тілдің лексикалық нормаларын қатыстырып эссе жазу тапсырылады.

Үлгірімі төмен оқушыларға оқулықтан жаттығу жұмыстарын орындайды. 13-14- жаттығу

«Аялдама» (Бүгінгі сабақты бекіту мақсатында)

Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек»

Кейінгі тапсырмалар: Әдеби тілдің лексикалық нормалары тақырыбын түсініп оқу.

Кейінгі оқу. А) 15- жаттығу Б) 16- жаттығу

* * * * *

«БІЛІМДІ ТАРЛАН» САЙЫСЫ

*Ақтөбе облысы. Шалқар қаласы. Ә.Жангелдин атындағы
орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Айекшова Гулмира Сәбитқызы*

Тақырыбы: «Бүгінгі білім - ертеңгі болашағым» Сайыс

Мақсаты: Оқушылардың білім – білік дағдыларын байқап, өздерін емін еркін ұстай білуге үйрету. Шапшаң ойлау, шығармашылық қабілетін дамытып, білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: Сайыс сабақ Көрнекілігі: Слайд, интерактивті тақта

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру бөлімі

Кіріспе

Жер үстінде адам өмір өткізер,

Бар нәрсеге білім қолды жеткізер.

Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімнен аспанға жол салынар.

Армысыздар ұстаздар!

- Бармысыздар,

Болашақтың бастауы

Балғын шақты балалар!

Алдарыңызда тұрған 2 - сынып оқушыларының «Бүгінгі білім ертеңгі болашағым» атты интеллектуалдық ойынын тамашалап отырсыздар.

Ал оқушы, ұстаздар

Ортаға назар салайық
Білімділер шықпақ ортаға
Қол соғып қарсы алайық деп ортаға сайыскерлерімізді шақырайық.
Білімімізді артып, санамыздың өскенін, сөз байлығымыздың молайғанын көрсетейік
Сәттілік.

Ашық жарқын жүзді,
Әділ қазылар біздің
Таңдап баға беруге
Шақырайық төрге деп әділ – қазыларымызды сайлайық.

Интеллектуалдық ойынымыз 7 бөлімнен тұрады. Әр сұрақ жауабына ұпай сандары беріліп отырады. Тағы бір айта кететін жағдай құрметті ойыншылар осы сайыста жеңген жеңімпаз «Талап» АҚ ұсынған сыйлыққа ие болады.

Жоспар

1. Бәйге
2. Пән бойынша сұрақтар
3. «Мың бір мақал»
4. «Жүз бір жұмбақ»
5. Ұйқасын тап
6. Шешендік өнер
7. Оқушының ойы «Егерде мен.....»

Жеребе суыру

Егер сайыскерлеріміз дайын болса I тур. Бәйге
Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз
Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар
Бәйге, бәйге, бәйгені бір көріңіз

I оқушы

1. Жапырақ қай кезде сарғаяды (күзде)
2. Бір сағатта неше минут бар (алпыс мин)
3. Қазақтың ұлттық саз аспабы (домбыра)
4. Дауысты дыбыстардың түрлері (жуан, жіңішке)
5. Жыл неше мезгілден тұрады (төрт)
6. Жердің пішіні қандай (домалақ, шар тәрізді)
7. Қ. Р. Рәміздерін ата (ту, елтаңба, әнұран)
8. Қойдың төлі (қошақан)
9. Әкеңнің шешесі қалай аталады (әже)
10. Қазақ тілі оқулығының авторы (Балтабаева, Солтанғазина, Лекерова)

II оқушы

1. Ешкінің төлі қалай аталады (лақ)
2. Тудың түсі қандай (көгілдір)
3. Қазақ халқының ұлы ақыны (Абай)
4. Қасиетті тағам (нан)
5. Мүсін неден жасалады (саз, ағаш, металл, тас)
6. Қыстың көркі не (қар)
7. 16 – желтоқсан қандай мейрам (тәуелсіздік күні)
8. Торғай шырылдайды, қаз.... (қаңқылдайды)
9. Жылдан құр қалған жануар (Түйе)
10. Ұя салмайтын құс (Көкек)

III оқушы

1. Судың түсі қандай (түссіз, мөлдір)
2. Көру мүшесі (көз)
3. 7 күнді не дейміз (апта)
4. Білім ұясы (мектеп)
5. Көшет қай мезгілде отырғызылады (көктемде)
6. Қазақ алфавитінде неше әріп бар (қырық екі)
7. Математика оқулығының авторы (Ақпаева, Лебедева Бурова)
8. Бір жылда неше ай бар (он екі)
9. Жылқы иесі (Қамбар ата)
10. Бір тәулікте неше сағат бар (жиырма төрт)

IV оқушы

1. Аспанның түсі қандай (көк, көгілдір)
2. Түн ұйқысын төрт бөлген адам (ана)
3. «Кел балалар оқылық» өлеңінің авторы кім (Б. Алтынсарин)
4. Алфавиттің ең соңғы әріпі (я)
5. Екі өркешті жануар (Түйе)
6. Адам өміріне не қажет (ауа, су, жарық)
7. Жаяу жүргінші бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді (жасыл)
8. Жұлдыздар қай кезде пайда болады (түнде)
9. Әнұранның авторлары (Ш. Қалдаяқов, Н. Назарбаев, Ж. Нәжімеденов)
10. Дыбыстар неше түрге бөлінеді (дауысты, дауыссыз)

V оқушы

1. Іс қимылды білдіретін сөзге мысал келтір (жүрді)
2. Жылдың ең соңғы айы (желтоқсан)
3. Балық қайда болады (суда)
4. Ы. Алтынсарин кім (ұстаз)
5. Ақтөс ит, Марат кім (адам)
6. Адамдарға қандай сұрақ қойылады (кім, кімдер)
7. Елтаңбаның авторы (Ш. Уалиханов, Ж. Мәлібеков)
8. Әкеңнің әкесі саған кім болады (ата)
9. Судың пішіні болама (пішінсіз)
10. Иіс сезу мүшесі (мұрын)

Сонымен I бөлім аяқталды. II бөлім Пән бойынша сұрақтар

МАТЕМАТИКА

Ұшқыр ойға ерік болып шеберлік
Сөз кезеңін математикаға берелік
Арамызда тапқыш достар көп екен
Солардың енді жауаптарын көрелік.

1. $19 - 5 = 14$
2. 1дм неше см болады (10 см)
3. Айырманың мәніне азайтқышты қосқанда не шығады (азайғыш)
4. 9онд 3 бірліктен тұратын сан (тоқсан үш)
5. 1 ғасырда неше жыл бар (100)
6. Шаршы дегеніміз не
7. Альбомда 15 түрлі түсті, одан 7 і кем жай сурет бар.

Альбомда неше жай фотосурет бар (8)

8. $7+9=16$

9. $19 - 7=12$

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Әрбір тілде сөйле адамды таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық

Өсер болсаң байтақ далаң тұрғанда

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік

1. Заттың іс қимылын білдіретін сөздерге мысал келтір

2. Дауыссыз дыбыстар неше топқа бөлінеді

3. Ұяң дауыссыз дыбыстарды ата (б, в, г, ғ, д, ж, з)

4. Мына мақалдан етістікті тап Бірлігі жоқ ел тозады

Бірлігі күшті ел озады

5. Сөйлем неден құралады (сөзден)

6. Мына сөйлемнен заттың сынын білдіретін сөзді тап

Терісі жазда сұр түске өзгереді

7. Ауызекі тіл дегеніміз не (бірін бірі көріп және естіп

тұрған адамдардың өзара қарым қатынасы, әңгімелесуі.

8. Белгілі бір мәтіннің мазмұнын жазбаша түрде

баяндап беру (мазмұндама)

9. Р дыбысы дауыссыз дыбыс тың қай түріне жатады

(үнді)

10. Күз сөзінде неше буын бар (бір)

ДҮНИЕТАНУ

1. Дүниетану оқулығының авторы (Аймағамбетова)

2. Көкжиек дегеніміз не (жай көзбен қарағанда көз

жеткен жерге дейінгі кеңістік)

3. Көкжиек тұстарын анықтайтын құрал (Компас)

4. Көкжиектің негізгі төрт тұсын ата (С, О, Б, Ш)

5. Біздің айналамызды түгел қоршап тұр, біз оны

көрмейміз, себебі ол мөлдір, түссіз (Ауа)

6. Судың қасиеттерін ата (пішіні болмайды, түссіз,

мөлдір, дәмі болмайды, иіссіз)

7. Өмір сүру үшін адамға не қажет

8. Сұйық зат, ол бұлақ, өзен, көл, теңіздерде болады.

(су)

9. Ауаны ластайтын заттарды ата

10. От жану үшін не қажет (ауа)

Әдебиеттік оқу

1. Сұлтан Бейбарыс әңгімесі не туралы айтылған

(тұмар)

2. Айгөлек журналының авторы (Қ. Әбділда)

3. Шежірелі жерлер әңгімесіндегі Қазығұрт дегеніміз не

(тау)

4. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров қай жылы ғарышқа

ұшты (екінші қазан тоқсан бір)

5. Ең бірінші бақытым халқым менің

Соған берем ойымның алтын кенін

Ал екінші бақытым тілім менің

Тас жүректі тіліммен тілімдедім өлеңінің авторы кім

(М. Мақатаев)

6. Өз үйім өлең төсегім мәтінінің мағынасын түсіндір

7. Әлкей Марғұлан кім (атақты ғалым, ғылымның әр

саласында еңбек еткен)

8. Әдебиеттік оқу кітабының авторы (Иманбекова

Мадиева)

9. Қазақ тілі Мемлекеттік тіл делінген. Сондықтан әрбір

Қазақстан азаматы қазақ тілін білу керек деп қай заңда

айтылған (Ата Заңда)

10. Талай ақын жыр еткен,

Есілдің оң жағасы

10. Сенде барлығы он бес теңге, сен сегіз теңгесіне
карандаш сатып алдың. Сен қанша теңге қалды(жеті)

Елге әйгілі Қара өткел

Ескі Ақмола қаласы (Астана)

АРАЛАС СҰРАҚТАР

1. Домбырада неше ішек бар (екі)

2. Қатаң дауыссыз дыбыстарды ата (к, қ, п, ф, с, т, х, ц,

ч, ш, щ, һ

3. Жаңылтпаш дегеніміз не (шапшаң айтылатын бір

шумақты өлең)

4. $17 - 6=11$

5. 1 онд7 бірліктен тұратын сан

6. Тірі табиғатты ата (адам, жануар, өсімдік)

7. Құбылнаманың ең негізгі бөлігі (қозғалмалы тілдер)

8. Ауаның қасиеттері (мөлдір түссіз, пішіні жоқ,

сығылады, иісі жоқ

9. Табиғаттағы су неше күйде кездеседі

10. Омар ойыннан кеш келді іс әрекетті білдіретін сөзді

тап

3Тур Мың бір жұмбақ»

Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр,

Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр

1. Ти десе тимейді

Тиме десең тиеді (ерін)

2. Қабат - қабат қаптама

Ақылын болса аттама (кітап)

3. Аппақ дала, қара дән

Дәнін сепкен, түсінуге жараған (әріптер)

4. Өзім сөзден тұрамын

Аяқталған ойды құрамын (сөйлем)

5. Ауыл сыртында сайда

Жатыр үлкен айна (мұз)

6. Қант емес

Қатты

Мұз емес

Тәтті (сәбіз)

7Күн күледі

Жер түледі (көктем)

8. Қалың киімді ұнатады

Шешіндірсең жылатады (пияз)

9. Шөпшілердің шөбін шашты

Қалпағымды ала қашты (жел)

10. Жайса көлдей,

Жиса еңдей (кітап)

4тур «Мақал – мәтел мәйегі»

Кім көп мақал біледі

5тур «Ұйқасын тап»

Жаңбыр жауып жабылды

Аспан шайдай ашылды

.....

.....

Көктем қандай көңілді

Күміс жаңбыр төгілді

.....

.....

Мен гүлдерді жұлмаймын

Торғайларды қумаймын

.....

.....

Айдын көлі сағынып
Қаздар қанат қақты бір

.....
.....

Мақтан етем ұстазымның әр ісін
Білім, беріп сусындатқан бәрі үшін

.....
.....

6. бөлім Егерде мен.....

Озық ойлы оқушы (сайыс сабақ)

Категориясы: Бастауыш сынып

Мақсаты: Білімділік: Оқушылардың зеректік қабілетін дамытып ой өрісін кеңейту, білімге деген құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау.

Дамытушылық: оқушылардың дүниетанымын, білімге қызығушылығын және ойлау, ойды жүйелеу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зейінді тұлғаны тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: интерактивті тақтаға жазылған слайдтар. Карточкалар.

Сайыстың жүру барысы:

I. бөлім «Сен білесің бе?»

II. бөлім «Мақалдың жалғасын тап»

III. бөлім «Күлдіргі жұмбақтар»

IV. бөлім «Кім жылдам»

V. бөлім «Кім тапқыр»

VI бөлім Қорытындылау

Жүргізуші. Біреудің жүрегінің түгі бар,

Біреудің арқалап жүрген қоғамдағы жүгі бар.

Бәрінен де басты – барлығының,

Қатты істейтін миы бар.

Енді сайыскерлерімізді топ басшылары таныстырып өтсе.

Ғылымның сырын ұғына,

Шығындар білім шыңына.

Ұқыптылық пен зеректік,

Жеткізер сіздердей өренді.

Жеңістің мынау шыңына, – дей келе сайыскерлерімізге сәт – сапар тілейік.

Көрермен жиналған бұл тамашаға,

Құр қарап жай отыру жараса ма?

Туыс, досқа, сыныптас, танысқа емес,

Соқ қолыңды білгірлер мен талаптыға.

1 бөлім. Сен білесің бе? (сұрақтар беріледі. әр сұраққа 5 ұпайдан)

3 «а» сынып

1. Біздің облысымызды ата? /Ақтөбе облысы

2. Жылдың неше мезгілі бар? /төрт/

3. Жаз айларын ата / маусым, шілде, тамыз

5. Білім күні қай күн? /1 қыркүйек

6. Зат есім дегеніміз не? Сұрақтары? /Заттың атын білдіретін сөздер

4. ҚР - ның тұңғыш президенті кім? / Н. Назарбаев

5. Суда жұбын жазбай жүретін құс?

6. Жұмадан кейінгі күн қалай аталады

7. Аң аулағанда қай құсты пайдаланады

9. Биыл тәуелсіздікке неше жыл (22жыл)

10. Әліппенің атасы кім?

3 «ә» сынып

1. Ел басымыз (Н. Ә. Назарбаев)

2. Қазақтың ұлы ақыны (А. Құнанбаев)

3. Алғашқы оқулық (Әліппе)

Егер де мен Президент болсам.....

Егер де мен Досыммен ренжісіп қалсам....

Егерде мен сабаққа дайындықсыз келсем

Егер де мен ақша тауып алсам

7. Шешендік өнер кезеңі

Менің Отаным

Білім - өмір шырағы

Менің ұстазым

Кім болам?

4. Елтаңбаның авторы (Ш. Уәлиханов, Ж. Мәлібеков)

5. Үш биді ата (Төле, Қазыбек, Әйтеке)

6. Бірінші маусым қандай мереке? (балаларды қорғау күні)

7. ҚР - ның астанасы қай қала? (Астана)

8. ҚР - ның тәуелсіздігі қашан жарияланды? (1991ж 16 желтоқсан)

9. Әнұранның авторы кімдер? (Н. Назарбаев, Ж.

Нәжмеденов, Ш. Қалдаяқов)

10. Т. Әубәкіров кі м? (ғарышкер)

4 сынып

1. 30 тамыз қандай мереке? (Конституция күні)

2. Тудың авторы кім? (Ш. Ниязбеков)

3. ҚР - ның мемлекеттік тілі (қазақ тілі

4. ҚР - ның тәуелсіздік күні (16 желтоқсан 1991ж)

5. Қазақтың ұлттық ойындарын ата (бәйге, көкпар, алтыбақан, қыз қуу)

6. Мемлекеттік туды не бейнеленген? (күн, қыран, ою)

7. Көкжиектің тұстарын ата (оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс

8. Астана қаласының бұрынғы атауы (Ақмола)

9. Ата Заң қашан қабылданды? (1995ж 30 тамыз)

10. Рәміздерді ата? (ту, елтаңба, әнұран)

2 бөлім

"Мақал айтсаң - жол көрсеттің, мәтел айтсаң - жанымды жайландырдың" — демекші, ал енді балаларыңызбен бірігіп мақалды жалғастырамыз. (әр топқа бірдей қойылады, дұрыс жауап берген сайыскерге

5 ұпайдан беріледі)

3 «а» сынып оқушыларына

Ұяда не көрсең, ... (Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің)

Ата бәйтерек..... (Ата - бәйтерек, бала — балжапырақ)

Тамшы тас жарады, (Тамшы тас жарады, тас жармаса бас жарады)

Өнер алды —..... (Өнер алды қызы тіл)

Денсаулық — (Денсаулық зор байлық)

Әдепті бала – арлы бала,(әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала)

Білекті бірді жығады,(Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады)
Әдептілік белгісі,
(Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені)
Ата көрген оқ жонар,
.....(Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер)
Анаға құрмен, (Анаға құрмет, балаға міндет)
3 «ә» сынып
Ер бір өледі, (Ер бір өледі, қорқақ мың өледі)
Мысыққа ойын керек, (Мысыққа ойын керек, тышқанға өмір керек)
Мектеп – кеме, (Мектеп - кеме, білім - теңіз)
Жүздің көркі – көз, (Жүздің көркі көз, ауыз көркі сөз)
Көп сөз күміс, (Көп сөз күміс, аз сөз алтын)

Әдептілік белгісі — (Әдептілік белгісі — иіліп сәлем бергені)
Жақсыдан үйрен, (Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен)
Күннің шуағы жылы — (Күннің шуағы жылы – ананың құшағы жылы)
Еңбектің наны тәтті,..... (Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті)
Өнерлінің қолы алтын,
(Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын)
4 сынып
Өле жегенше, (Өле жегенше, бөле же)
Таяқ еттен өтеді, (Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді)
Жақсы сөз сүйіндіреді (Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді.
Жақсы байқап сөйлер,(Жақсы байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер)
Ана сүті бой өсіреді, (Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді)
Жақсы алданда жазыласың,..... (Жақсы алданда жазыласың, жаман алданда тарыласың)
Емен ағаштың иілгені — сынғаны,
..... —
(Емен ағаштың иілгені - сынғаны, ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені)
Жаяудың шаңы шықпас.
(Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас)
Аттың бәрі тұлпар болмас,
(Аттың бәрі тұлпар болмас, құстың бәрі сұңқар болмас)
Баланың ұяты әкеге,..... (Баланың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге)

3 бөлім: «Күлдіргі жұмбақтар» деп аталады.
(барлық оқушыға бірдей қойылады да дұрыс жауап берген сайыскерге 5 ұпай беріледі)

1. Кім барлық тілді сөйлейді? Жауабы: жаңғырық
2. Тышқан аулағышты бес әріппен қалай жазуға болады? Жауабы: мысық

3. Дүниедегі шапшаң нәрсе не? Жауабы: Ой - қиял
4. Егер түнгі сағат 12 - де жаңбыр жауса, мұнан соң 72 сағаттан кейін күн ашылып, шуақ түсе ме? Жауабы: Жоқ – бұл түн мезгілі.
5. Қай кезде аспан жерден төмен тұрады? Жауабы: Аспан суреті суға көрінген кезде.
6. Қандай бөшкеге су құюға болмайды? Жауабы: Іші толы бөшкеге.
7. Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды? Жауап: түйеқұстар ұшпайды.
8. Қосарлап жегілген үш ат бір сағаттың ішінде 12км жол жүреді. Осы уақыттың ішінде бір ат қанша жол жүреді. Осы уақыттың ішінде бір ат қанша жол жүреді? Жауап: 12км жол жүреді.
9. Не нәрсе сенің меншігің, бірақ оны сенің өзіңнен гөрі басқалар атайды? Жауабы: сенің есімің.
10. Тауық түс көре ме? (Тауықтың түсіне тары кіреді).
11. Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді)
12. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр? (Көз - қорқақ, қол - батыр).
4 - ші бөлім «Кім тапқыр» деп аталады. Тақтада барлық әріптер шығып тұрады. Сайыскерлер өздері әріптерді таңдайды.
(Әріптер сөйлейді, 5 сұрақтан қойылады. Әр сұраққа 1 ұпай беріледі.)
А - қазақтың ұлы ақыны.(А. Құнанбайұлы)
Ә - алғашқы оқулық.(Әліппе)

Б - қазақтың батыры. (Бөгенбай батыр)
В - ежелгі мемлекеттердің бірі. (Вавилон)
Г - әнұранның орысша атауы (Гимн)
Ғ - Т. Әубәкіров кім? (Ғарышкер)
Д - «Витамин»сөзінің аудармасы.(Дәрумен)
Е - қызыл кітапқа тіркелген жануар?(Елік)
Е - «Шырша» сөзінің аудармасы.(Елка)
Ж - Бурабайдағы көлдің ортасындағы тас.(Жұмбақтас)
З - үлкен, дәу сөздерінің синонимі.(Зор)
И - тігінші құралы (Ине)
Й - қоңыр түсті дәрі (Иод)
К - қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі.(Көкпар)
Қ - атақты күйші(Құрманғазы)
Л - ешкінің төлі.(Лақ)
М - күнге ең жақын орналасқан планета? (Меркурий)
Н - ас атасы -... (Нан)
О - Батыс Қазақстандағы қала.(Орал)
Ө - тілсіз жау -... (Өрт)
П - Ірі жануар (піл)
С - тілдің негізі не?(Сөз)
Т - үш бидің бірі.(Төле би)
У - Жыланның тілінің ұшындағы не? (У)
Ұ - Құстардың Үйін не дейміз? (Ұя)
Ү - кіші сөзінің Антонимі (Үлкен)

Ф - Әл - Фараби кім?(Философ)
Ч - Крокодил Генаның досы.(Чебурашка)
Ш - тудың авторының есімі.(Шернияз Ниязбеков)
Ы - «посуда»сөзінің аудармасы.(Ыдыс)
І - қарға « қарқ»дегенде аузынан не түсіп кетті? (Ірімшік)

Э - экология Сөзінің аудармасы ()

Ю - «Киіз үй» сөзінің аудармасы.

5 - ші бөлім «Кім жылдам»

(Сандар сөйлейді, сандардың орнына әріптерді қою арқылы білім туралы мақал - мәтел оқи аласыңдар)

(дұрыс жауап берген сайыскерге 10 ұпай беріледі)

Аа - 1 Әә - 2 Бб - 3 Вв - 4 Гг - 5 Ғғ - 6 Дд - 7 Ее - 8

Ее - 9 Жж - 10 Зз - 11 Ии - 12 Йй - 13 Кк - 14 Ққ - 15

Лл - 16 Мм - 17 Нн - 18 ң - 19 Оо - 20 Өө - 21

Пп - 22 Рр - 23 Сс - 24 Тт - 25 Уу - 26 Ұұ - 27

Үү - 28 Фф - 29 Хх - 30 һ - 31 Цц - 32 Чч - 33

Шш - 34 Щщ - 35 ь - 36 Ыы - 37 Іі - 38 ь - 39

Ээ - 40 Юю - 41 Яя - 42

1 15 37 16 — 25 20 11 3 1 13 25 37 18 25 20 18.

3 38 16 38 17 – 25 1 26 24 37 16 17 1 13 25 37 18 14 8 18.

«Ақыл – тозбайтын тон,

Білім – таусылмайтын кен»

Осымен сайысымыздың бес шарты да бітті.

Әділқазылар алқасы оқушыларымыз жинаған

ұпайларды есептегенше, көрермендерге жұмбақтар жасырайық.

Тақырып: «Біз білімді ұрпақпыз»

Мақсаты: оқушылардың әрбір пән бойынша алған білімдерін тиянақтау, топтар бойынша сайыс өткізу, шапшаңдыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ойын бөлімдері жазылған плакаттар,

Жүру барысы

Ал, келіндер, келіндер!

Біріңе бірің еріндер

Біліміңді тексеріп

Жарысқа қатысып көріңдер - деп балалар ортаға шақырылады.

Мұғалім:

1. - Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып

Тәрбие, тәлім табар ма?

Бұл бәйге ойдың бәйгесі

Кім ұшқыр ойға – сол алда – дегендей, бүгінгі сабағымызды бастайтын уақыт та келіп жетті.

- Балалар бүгін бізде кімдер отыр? /Қонақтар/

- Дұрыс айтасыңдар.

- Біздің халқымыз қонақжай екенін білесіңдер, келген қонақтарды қалай күтеміз?

- Иә, балалар, біз қонақтарды сабаққа жақсы дайындығымызбен, қарсы алайық.

2.«Қазылар алқасын» сайлау

Құрметті қонақтар, бүгінгі болатын сайысты «Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы» деген атпен 4 А сыныбының оқушылары ұйымдастырып отыр.

Сонымен ортада « Тамаша жетілік» тобы.

Екі топқа бөлу: «Құлагер» «Тайбурыл»

1. Сәлемдесу:

«Құлагер»

Құлагердей халық сүйген

Шаршамастан шабамыз

Қиналмай - ақ, сұрақтардың

Жауаптарын табамыз

«Тайбурыл»

Бар жұмысы, ермегі,

Талай қанат қағады.

Еңбекті хош көрмейді,

Жат ыдысты бағады. (шыбын)

Жабық астында жарты күлше. (Ай)

Жылқы тұмсық, ешкі құйрық.

Есек құлақ, қорқақ өзі, қыли көзі. (қоян)

Тал басында, түнсіздік отау. (құстың ұясы)

Күндіз жоқ, түнде бар. (жарқанат)

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады» демекші

бүгінгі сайысымызды таразылап, әділбағасын береді

деген оймен келесі сөзді әділқазылар алқасына береміз.

Болмасын ешбір сын – өкпе,

Әсері қалды жүректе.

Қазылар берген бағалар,

Ұштассын айтар тілекке!

Тайбурылды серік етсе

Қобыланды сынды бабамыз

Қиын сұрақты шешкен сайын

Арта түспек бағымыз

Сұрақ деген не тәйірі?

Шемішкеше шағамыз

2. Ой ұшқырлығын байқаймыз. «Бәйге» /әр дұрыс жауапқа 10 ұпай қойылады

1. Абай Құнанбаев кім?

2. Қабанбай батырдың шын аты? / Ерасыл/

3. Қазақтың ең алғаш ұшқыш – ғарышкері кім? /Тоқтар Әубәкіров/

4. Исатайдың жан серігі кім? / Махамбет/

5. Тірі табиғатқа не жатады? / өсімдік, адам, жануарлар/

6. Жүрек қандай қызмет атқарады? /қан айналу/

7. - Түйеқұс 2 аяғымен тұрғанда 15 кг тартса, бір

аяғымен тұрғанда қанша тартады? /15кг/

8. - Ұшақ Алматыдан Семейге дейін 1сағ 40мин ұшады, ал кері қайтқанда 100 мин ұшады. Айырмашылығы бар ма? /100 мин/

9. - Екі қарға бірі оңтүстікке қарап, бірі солтүстікке қарап отыр. Олар бір - біріне « досым мен сені көріп отырмын дейді» сонда олар бір бірін қалай көрген.

/екеуі бір – біріне қарама қарсы отыр/

10. Ілік септіктің сұрақтарын ата / кімнің?, ненің?/

4. « Жеті жұрттың тілін біл» немесе полиглот / дұрыс жауапқа 20 ұпай, егер біреуі дұрыс болса 10 ұпай/ Мұнда сендер қазақша, орысша, ағылшынша тілді дұрыс сөйлеумен қатар, қатесіз жазуларыңыз тексеріледі.

1. Күн мен түн теңелетін жыл мезгілі / көктем - весна - spring/

2. Мұрты бар, иегінде сақалы жоқ,
Тоны бар, киеріне шапаны жоқ,
Пайдасы үй ішінен табылған соң,
Далаға кіріп – шығар сапары жоқ / мысық - кот - cat/
 3. Жүз теңге болғанша,
Жүз..... болсын. /дос – друг – friend/
 4. Тықырлатып тақтайды,
Түні бойы жатпайды /тышқан - мышь -/
 5. Футболшының алаңдағы ойын заты /доп - мяч - ball/
 6. Қабат – қабат қаттама
Ақылың болса аттама / кітап – книга - Book/
 7. Жеті қазынаның бірі -
Адамды қорғап жүретін досы /ит – собака - dog/
 8. Қыста ұйықтап жатады,
Жазда қызыққа батады / аю – медведь/
 9. Бір үйге
Көзсіз боп басты сұғасың
Бұл үйден
Көреген боп шығасың / мектеп – школа/
 10. Әр адамның шағын Отаны /отбасы – семья – family/
5. « Қызықты жетілік»
20 20 20
30 30 30
40 40 40

Бұл кезеңде сендер өздерің таңдап алған сұраққа жауап бересіңдер.

- Жеңіл сұрақ 20, ең күрделі сұрақ 40 ұпай
қазақ тілі /20 ұпай/ - сөз таптарын ата
ана тілі - 30 /ұпай/
Балалар, бұл - жол басы даналыққа
Келіндер түсіп келіп, байқайық та
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп
Соларды көре тұра қалайық па? - авторы / А
Байтұрсынов/
/20 ұпай/ - Елтаңбаның авторлары кім? / Шот Аман
Уалиханов, Жандарбек Мәлібеков/
20 ұпай - математика - Геометриялық фигуралардың
периметрін қалай табамыз
30 ұпай – Неше материк бар, соны картадан көрсетіп
бер
30 ұпай - неше мұхит бар, соны картадан көрсетіп бер
40 ұпай - Қашықтықты қалай табамыз
40 пай – 8 - дің көбейту кестесін айтып шық
40 ұпай - Отан деген не? / менің жерім, елім/
6.« Кім жылдам? 1 - топ
1. Ертегі оқисың ба?
2. Тәтті берсе жейсің бе?
3. Анаңа еркелейсің бе?
4. Сөмкеңде не бар?
5. Досың кім?
6. Аспанда не бар?

7. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың?
8. Қандай тілек айтасың?
2 - топ
1. Жасың нешеде?
2. Қалтаңда не бар?
3. Қандай кітап оқисың?
4. Алма берсе жейсің бе?
5. Нені жақсы көресің?
6. Ініңнің аты кім?
7. Кеше не істедің?
8. Кімге сәлем жолдайсың?
7.«Білімді мықта» деп аталады.
Шабыт тасып шалқысын
Көңілді кеш жасайық
Мұнда қызық табылар
Жұмбақ есеп бәрі бар
Білімдеріңді сынайық
Қателеспей мұқият ойланып айтуларыңыз қажет.
1. Бір қазақ қалаға бара жатыр еді, жолда үш танысы
қарсы шықты. Қанша адам қалаға барды? /1 адам/
2. Төрт жұмыртқа төрт минутта піседі, ал екі жұмыртқа
неше минутта піседі? / 4/
3. Үйдің төрт бұрышында төрт мысық отыр. Әр
мысықтың алдында үш мысық отыр. Үйде неше мысық
отыр? /4/
4. Тауық бір аяқпен тұрғанда 5 кг, ал екі аяқпен
тұрғанда неше кг болады? / 5/
8.« Сен білесің бе?» / екі капитан жарысы/
1. Кел, балалар, оқылық өлеңінің авторы кім? / Ыбырай/
2. Қазақстан тұңғыш президенті кім?
3. Дыбыстар нешеге бөлінеді?
4. Қос бүйірін таянып тұрған қай әріп?
5. Аптаның бесінші күні қалай аталады?
6. Адам немен тыныс алады?
7. Жылджан құр қалған жануар?
8. Ұя салмайтын құс?
9. Көру мүшесі
10. 9 - мамыр қай күн?
9. « Ойлан да, аяқта»
Ойланбастан басқасын
Жазып қойма бұл жерге
Керек сөзді таңдап жаз
Уақыт берем сендерге
1. Отан оттан да..... /ыстық/
2. Айтылған сөз – атылған...../оқ/
3. Көз қорқақ, қол...../ батыр/
4. Ашу - дұшпан
Ақыл --..... /дос/
5. Денсаулық - зор...../байлық/
6. Күш - білімде
Білім -...../кітапта/

11. Қорытынды: Қазылар орнықтырар әділдікті
Кімдердің жауаптары кәміл шықты
Білім мен тапқырлықтың жарысында
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты, - дей келе сөз кезегін әділқазыларға береміз
Қорытындылау, бағалау

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ҮШІН, ТУРАЛЫ, ДЕЙІН (ШЕЙІН) ШЫЛАУЛАРЫ»

*Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы
Бастауыш сынып мұғалімі
Кутешова Жадыра Серикалиевна*

Сабақтың тақырыбы: Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары **Қазақ тілі 4 сынып**

Сабақтың мақсаты: Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары септік жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша мән үстеп тұратындығын және алдындағы сөздердің септік жалғауда тұратыны қажет ететінін түсіндіру.

Міндеттері: 1. Шылау және оның қолданылуы жайлы білімдерін тереңдету.

2. Жаттығуларды ауызша, жазбаша орындату арқылы шылау туралы алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

3. Сабақ барысында еңбекқорлыққа, іздемпаздыққа, салт-дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдіс- тәсілдері: түсіндіру, ой қозғау, ой қорыту, өз бетімен жұмыс, сын тұрғынан ойлау технологиясы

Көрнекіліктер: кесте, семантикалық карта, слайд, үш түсті смайликтер, шашу табағы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу сәті

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, жер ана!

Амансыз ба, ұстаздар!

Сіздерді көрсем қуанам.

Психологиялық даярлық

Күннің сәні - шуағымен

Қыстың сәні- қырауымен

Көлдің сәні - аққуымен

Оқушы сәні - біліммен

II. Өткенді қайталау кезеңі. Ойын «Жалауша»

Жалаушадағы сұрақтар мен тапсырмалар:

24. Шылаудың басқа сөз таптарынан қандай айырмашылықтары бар?

25. Не себепті шылаулар сөйлем мүшесі бола алмайды?

26. Сұраулық мағына үстеп тұратын шылауларды атаңдар.

27. Өзі тіркескен сөзге сұраулық мағына үстеп тұратын шылауларды қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

(Жалауша артынан қазақтың салт-дәстүрі «Шашу» туралы түсінік шығады, 1 оқушы дауыстап оқиды, оқушылардан шашуды қайда, қай кезде шашылатыны сұралады)

Мұғалімнің сөзі: - Балалар бүгін мен сендерге шашу табағын алып келдім. Бұл табақтағы теңгелерді сабаққа жақсы қатысқан балаларға беріледі. Ал осы шашу табағынан дәм татуға ат салысайық, әрі өзіміздің білімімізді көрсетейік.

2. Ережелерді еске түсіру. Семантикалық карта.

Сөз таптары	Зат есім, сан есім, сын есім орнына жұмсалатын сөздер	Өз алдына дербес мағынасы жоқ сөздер	Заттың атын білдіретін сөздер	Заттың санын, ретін білдіретін сөздер	Заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сөздер	Заттың іс -әрекетін, қимылын білдіретін сөздер	Іс- әрекеттің мезгілін, мекенін, сын- қимылын білдіретін сөздер
Зат есім							
Сын есім							
Сан есім							
Етістік							
Есімдік							
Үстеу							
Шылау							

3. Семантикалық картаны мысалдар келтіре отырып, дәлелде (оқушылар өздерін тексереді, бағалайды)

III. Қызығушылықты ояту кезеңі. Жаңа тақырыпты ашу

Өрнектердің мәнін тауып, жаңа тақырыпты ашады. (Үшін, туралы, дейін, шейін шылаулары)

250×6+350×6=3600

(176+124)×450=135000

(125+875)×24=24000

3600×2+450×2 =8100

III. Мағынаны тану кезеңі

А) Тақтада төмендегідей кесте көрсетіледі.

1. Атам маған Қамбар батыр ... жыр айтып берді. 2. Ана баласы ... түн ұйқысын төрт бөледі. 3. Әлі тау басына ... біраз жер бар.	Туралы, үшін, дейін (шейін)
---	-----------------------------

Оқушылар мынадай тапсырмаларды орындайды:

- Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді оқиды (Атам маған Қамбар батыр туралы жыр айтып берді);

- Шылаулардың тіркесіп тұрған сөздері қай сөз табы және олар қай септікте тұрғанын анықтайды (Қамбар батыр туралы).

Тапсырманы орындап болған соң, «**Базарлық**» туралы түсінік беріледі.

ІҮ. Ой толғаныс кезеңі

Оқулықпен жұмыс.

25 -жаттығу ауызша орындалады.(Оқушыларды сөйлемдерді оқып, әр сөйлемдегі шылауды тауып, не үшін қоланылып тұрғанын, байланысқан сөздің қай септікте тұрғанын дәлелдейді)

Қорытынды шығарады:

Үшін, туралы, дейін (шейін) шылауларының өзіндік белгілері қарастырылады:

9. Шылау, туралы, дейін (шейін) шылаулары өзінің алдындағы сөздерінің белгілі бір септікте тұруын қажет етеді;

10. Үшін, туралы шылаулары атау септіктегі, дейін, шейін шылаулары барыс септіктегі сөздермен тіркеседі;

11. Бұл шылаулар белгілі септік жалғаулы сөздермен тіркесіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, т.б.) мән үстейді.

12. Өздері тіркескен сөздерден бөлек жазылады.

Тапсырманы орындап болған соң, **қалжа** туралы түсінік беріледі.

Дәптермен жұмыс. Көркем жазу. Ққ қалжа

Қолға қалам алайық

Сауатты, әдемі жазайық.

26- жаттығу. **Жатқа жазу.**

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

(Оқушылар мақалды жатқа жазады, мағынасын түсіндіреді. Шылауды тауып, қай сөзбен тіркесіп тұрғанын, алдыңғы сөздің қай септікте тұрғанын анықтайды.)

Сүндет той туралы түсінік беріледі.

19. Көңілді үзіліс .Сергіту сәті (Кірпімен бірге «Қара жорға» билейік)

Видео көрсетіледі, оқушылар кірпі қимылын қайталай отырып, қара жорға билейді.

Өзіндік жұмыс. Туралы, дейін (шейін) шылауларын қатыстырып, сөйлем құрастырып жазу.

(Оқушылар сөйлемдерін оқи отырып, шылауларды тауып, қай сөзбен байланысып тұрғанын, ол сөздің қай септікте тұрғанын анықтайды.)

Сүйінші туралы түсінік беріледі.

28- жаттығу. (Интерактивті тақтамен жұмыс) **Көру диктанты**

Айжан түске дейін кітапханада болды. Барлаушылар туралы кино көрдім. Жақсы оқу үшін тыңғылықты дайындалу керек.

Үшін, туралы, дейін, шейін шылауын алып тастап оқып көріңдер.

Қорытынды шығару:

13. Үшін, туралы шылауы атау септіктегі сөзге тіркесіп, екінші сөзге байланысып тұр және сөз тіркесін құрап тұр.

14. Дейін, шейін шылауы барыс септіктегі сөзбен байланысып тұр.

Қыз ұзату салт –дәстүрі туралы түсінік беріледі.

ҮІ. Қорытынды кезең

а) Топтастыру стратегиясы бойынша сызба толтыру.

Үшін, туралы, дейін, шейін шылаулары сөзге мезгілдік, мекендік, мақсаттық т.б. үстеме мағына береді

ә) Кесте толтыру

Етістік	Үстеу	Сын есім	Шылау

Оқушылар кесте толтыра отырып, сөз таптарының ұқсастығы мен айырмашылығына тоқталады.

б) Ойын «Наурыз көже»

- Наурыз көже қай кезде жасалады? Қандай нәрселер қосылады?

- Ендеше біздің бүгінгі наурыз көжеге қандай нәрселер қосамыз, оны ойын барысында анықтаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үшін, туралы шылаулары қай септіктегі сөздермен тіркеседі?(ет)

2. Дейін, (шейін) шылаулары ше?(сүт)
3. Үшін,дейін шылауларын қатыстырып, сөйлемдер құрастырыңдар.(құрт)
4. Шылау сөйлем мүшесі бола ?(бидай)
5. Мен, бен, пен шылаулары не үшін қолданылады?(су)
6. Шылаулар қалай жазылады?(тұз)
7. Өтірік айтпа. Ол сабаған оқып па? Екі сөйлемді салыстыр.(тары)

В) **Үйге тапсырма.** 30-жағтығу.(170 бет)

Бағалау. (өзін –өзі бағалау)

- Кім бәрін түсіндім, сабаққа белсене қатыстым, өте жақсы жауап бердім десе 1-ші смайликті таңдайды. «5» деген баға
- Жаңа сабақты түсіндім, бірақ белсене қатыспадым, жақсы жұмыс істедім деп ойласа 2-ші смайликті таңдайды. «4» деген баға
- Кім ойланатын нәрсе бар, бұл сабақта аз жұмыс істедім, бірақ келесі сабақта міндетті түрде тырысамын десе – 3-ші смайликті таңдайды. «3» деген баға

* * * * *

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Атырау қаласы Фани Мұратбаев орта мектебінің І ші санатты
математика пәні мұғалімі Қанатова Талшын Иватқызы*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Қазақ елінің болашағы бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Ендеше, ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан жақты жетілген, бойында ұлттық тәрбие, ұлттық сана қалыптасқан, білімді, парасатты азамат тәрбиелеп өсіру басты міндетіміз екенін үнемі назарда ұстап жүруіміз қажет. Бүгінгі таңда білім беру мазмұны жаңару үстінде. Сол жаңару жолындағы міндеттерді іске асырушы маңызды мекемелер балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары.

Мектеп қабырғасынан бастап ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз керек.

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Мұғалім жан - жақты жетілген, білімді, халықтық дәстүр, әдет - ғұрып пен салт - сана ерекшеліктерінен сусындаған шәкірт тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана экономикалық дамуда әлемдік дамудың алдыңғы көшінде бола алады. Қазақ халқы ерте замандарда ғылым мен білімге еркін қолы жетпесе де өмірлік тәжірибеден оқып үйреніп талғай біліп, шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен сақтап, біздің дәуірімізге жеткізе білген. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаевтың «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелі қылуға міндетті» деген ұлағатты сөзі қазіргі заманға сай еліміздегі ұлттық мектептің қалыптасуын меңзейді. Елбасымыздың сөзімен айтқанда, «Қазақстан біреулердің қазақтарға тартуы емес, олардың тарихи Отаны». Адам бойына біткен алуан қасиет, дарын туған топырақтан дариды. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен мейірім кейінгі ұрпаққа ана сүтімен, бесік жырымен сіңірілген. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызудың жолдарының көзі қазақ халқының тәрбиелік және танымдық мәні бар, баға жетпес асыл қазынасы, тарихи – мәдени мұраларында жатыр. Соның бірі – Қазақтың ұлттық шежіресі.

«Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, біліп оны ескерсе, дүниедегі алыс-жақын мен жақсы-жаманды білгені мен көргені көп болған адам білімді болады» - дейді Абай Құнанбаев. [1]

Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану – тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге оқушылар халқымыздың өткен тарихына ойлы көз тастап, қарым-қатынасты, салт-дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

«Квадрат теңдеу» тақырыбында “Зерде” ойынында мақал-мәтелдер, даналық сөздер жүргізуге болады. Оның ішінде екі сан есім квадрат теңдеудің түбірі, яғни Виет теоремасына кері теоремасы бойынша квадрат теңдеу құру керек.

$$1. x^2 - 11x + 10 = 0 / \quad x_1 = 1; \quad x_2 = 10$$

Бір тал кессең, (он тал ек).

$$2. x^2 - 8x + 7 = 0 / \quad x_1 = 1; x_2 = 7$$

Жеті рет өлшеп (бір рет кес).

$$3. x^2 - 9x + 8 = 0 / \quad x_1 = 1; x_2 = 8$$

Жігіт сегіз қырлы (бір сырлы).

$$4. x^2 - 70x + 1200 = 0 / \quad x_1 = 7; x_2 = 7$$

Жеті жұрттың тілін біл (жеті түрлі білім ал)

$$5. x^2 - 10x + 24 = 0 / \quad D = 4 \quad x_1 = 6; x_2 = 4$$

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді (төртеу түгел болса, төбедегі жетеді).

$$6. x^2 - 1001x + 1000 = 0 / \quad D = 998001 \quad x_1 = 1; x_2 = 1000$$

Білімді мыңды жығады (білекті бірді жығады).

Санға қатысты жұмбақтар:

28. Бес, он,

Жиырма, елу,

Жүз, екі жүз, бес жүз, мың бар.

Әрқайсысының құны бар. (Теңгелер)

2. 100 мүйізі бар

Үстінде киізі бар. (Киіз үй)

3. Бұлбұлдың 2 құлақ, 1 басы бар

Салдыраған 8 жерден таңбасы бар.

Бұлбұлды жолға салып айдағанда,

Салатын неше түрлі жорғасы бар. (Домбыра)

Математикалық сандармен берілген мақал – мәтелдер:

Ел құлағы – елу.

Елу жылда – ел жаңа.

Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем бер.

Халық педагогикасының тағылымдарын математика сабақтарында қолдану – оның білімдік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп, оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар.

5 сыныпта бөлшек тақырыбын өткен уақытта бөлшектің негізгі ұғымын біздің ата бабаларымыз өте ерте кезден бері қолданғаны туралы айта кеткен жөн, яғни қазақтың төрт түлігі он екі жілікке, төрт аяқ бөлінген. Бір жілікті - бөлік, бір аяқты бөлік.

Ет мүшелеу дегеніміз - сойылған малдың етін жілік-жілігімен бөлшектеу. Малдың төрт аяғындағы 12 жіліктегі жамбас, ортан жілік, тоқпан жілік, кәрі жілік, жауырын сүйектеріне орай ет мүшелегенде осы жіліктерді буын-буыны бойынша ажыратып жіліктейді.

жамбас - 2, ортан жілік - 2, асықты жілік - 2, бел омыртқа - 1, сүбе қабырға - 2, (сүбемен бірге бүйректен жоғары 5 қабырға кетеді), қабырға - 2, төс - 1, омыртқа - 1, жауырын - 2, тоқпан жілік - 2, кәрі жілік - 2, бұғана - 1, мойын - 1 етіп бөледі.

Ұлттық құндылықтардың бірі халықтық есептер. Табақ тарту есебі.

Тәттібек дейтін кісінің үйіне қонақ келді. Шайдан соң қонақтарға табақ тарту кезінде Тәттібек жұбайына келіп, «Екеу ара табақ тартсаң, онда бір табақ ет артылып қалады, не істеу керек» деген екен. Сонда қонақ қанша? табақ қанша?

Шешуі X қонақ, Y табақ

$$3y - 3 = 2x + 2$$

$$3y - 2y = 3 + 2$$

$$y = 5$$

$$x = 2y + 2 = 2 * 5 + 2 = 12$$

Жауабы: 12 қонақ, 5 табақ.

Шәкәрім мұрасы математикалық жұмбақтарын өзімің сабақтарымда жие қолданамын.

Тоғыз жиылып бір толғатқан

Бірін бірі буазғыз жуандатқан

Тоғызының киімі тоғыз түрлі

Келген кісі сияқты әр тараптан...

Ал, балалар бұл не?

(математикалық цифрлар)

Тамам сөзді сөйлейді сөйле десе,

Етінен ет кесемін сөйлемесе

Айт демес, айтпайтұғын жауабы жоқ,

Сүйгенімді сөйлеттім әлденше.

(қарындаш)

Оқушыларға тек пәндік білім, білік дағдыларын меңгертпей ұлттық құндылықтардың тәрбиелік мақсатын

түсіндіре отырып сабақтарда қолдану қажет.

Байтерек монументтінің шармен қосқандағы биіктігі 105 метр, шарсыз биіктігі 97 метр. Осы сандарды пайдаланып дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек және аралас сандарды жазыңдар.

Киіз үйдің биіктігі 4м 20см. Бұл оның керегесінің, уық бөлігінің және шаңырағының биіктіктерінің қосындысына тең. Оның керегесінің биіктігі 1м 60см, уық бөлігінің биіктігі 2м. Шаңырағының биіктігі киіз үй биіктігінің қандай бөлігін құрайды.

Домбыраны координаталық сәуле бойына орналастырғанда домбыраның тиегіне (А нүктесіне), мойнына (В нүктесіне) және құлағына (С нүктесіне) қандай бөлшектер сәйкес келеді. А, В және С нүктелерін координаталарымен жазыңдар.

Домбыраның басы(құлағы) м, мойны м, шанағы м. Домбыраның ұзындығы неше метр.

Сандықтың биіктігі 50см. Ұзындығы 1м 50см, ені 55см. Сандықтың көлемін және ауданын тауып, оларды бұрыс және дұрыс бөлшек түрінде жазыңдар.

6 сыныпта өстік симметрия тақырыбын өткенде үй жиһаздарына бедерлеп салынатын ою өрнектер түзуге қатысты симметриялы түрде салынатынын айтып кеткен жөн.

Бабаларымыз ошақпен мосыны жасауда және пайдалануда «бір түзу бойында жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол біреу болады» деген заңдылықты тұрмыста шебер пайдалана білген. Конус тақырыбын түсіндіргенде қазақ қыздарының басына киетін сәукеле ер адамдардың басына киетін тақияны айтып кеткен жөн.

Халқымыздың осындай асыл тәрбиелік мұраларын күнделікті сабақ мазмұнымен байланыстыра оқушыларға жеткізіп отыру жас ұрпақтың таным дүниесін кеңейтіп, ұлттық тәлім береді. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып ықпалдастыру мүмкін болмайды. Еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын оны одан әрі дамытып көркейтетін ұрпақ даярлау мақсатымыз.

* * * * *

ТАРИХ ПӘНІНЕН ҰБТ-ГЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ТЕСТ ТҮРЛЕРІ

*Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка орта жалпы білім беру мектебі. Тарих пәні мұғалімі
Мырзабекова Дана Ержановна*

Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу кезеңінде тарих пәнінің оқытылуы айтарлықтай қиыншылықтар туғызып отыр. Сондықтан тарих пәнінің әрбір сабағы көп ізденуді, қосымша деректермен толықтыруды керек етеді. Мұғалім тақырыптың мазмұнын кеңейтетін және толықтыратын қосымша материалды кең қолдану арқылы дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізіп, оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын үнемі арттырып отыруға тиіс. Осы міндеттермен талаптарды мұғалім сабақ барысында қолданып, баланың білімдік және біліктілік дағдыларын қалыптастыра алады.

Тарих пәнін оқытудың басты міндеті – жас ұрпақты адамзаттың шынайы тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің негізгі жетістіктерімен сусындату, тарихты сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын шығармашылықпен жұмыс істеп, дұрыс қорытынды жасай алатын оқушыларды тәрбиелеп шығару.

Әзірлеген баяндаманың мақсаты – бүгінгі күнде педагогикада қолданылатын тест түрлерімен таныстыру және өзінің оларды тарих сабағында пайдаланудың әдіс-тәсілдерімен бөлісу. Мұнда тест түрлеріне жалпы шолу және 6 сынып курсы бойынша Ұлттық Біріңғай Тестілеуге дайындық кезінде өзім қолданатын тест тапсырмаларының үлгілері берілген.

Тест тапсырмаларының типтері мен түрлері.

Тест тапсырмаларының формасы олардың мазмұны мен тестілеу мақсатына байланысты болады. Бүгінгі күнде педагогикада кез келген пән бойынша тест тапсырмаларын құрастырудың негізі болып табылатын тест тапсырмаларының негізгі төрт формасы қалыптасқан.

- Дұрыс жауап (жауаптар) таңдауы бар тапсырмалардың жабық формасы.
- Дұрыс сәйкестілікті анықтауға бағытталған тапсырма.
- Ашық формалы тапсырмалар (толықтырулары бар) – жауабын оқу өзі арнайы орынға жазады. Толықтырған соң оқушы дұрыс немесе қате жауабын алады.
- Дұрыс бірізділікті анықтауға бағытталған тапсырмалар: әрекет, операция, есептеу т.б.

Ашық типті тапсырмалар екі түрлі болады – толықтыру және еркін баяндау тапсырмалары. Мұндай тапсырмалардың ерекшелігі – оларды орындау үшін оқушы бір немесе бірнеше сөз (сан, әріп, сөз тіркесі, сөйлем) жазуы тиіс.

Жабық типті тапсырмалар (баламалы жауаптары бар, көп ішінен таңдау, сәйкестікті орнату және бірізділікті орнату) берілген сұраққа түрлі жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігі бар: ұсынылған бірнеше жауаптар ішінен бір немен одан да көп дұрыс жауаптар таңдап алынады, тізімнің ішінен дұрыс (немесе қате) элементтер

алынады т.с.с. Бұл тапсырмалар қойылған сұраққа алдын ала дайындалған бірнеше жауаптардың болуын қажет етеді.

Жабық типті тапсырмалар.

1. Баламалы жауаптар тапсырмалары.

Баламалы жауаптардың әрбір тапсырмасына тек екі жауап нұсқасы беріледі. Тест өтуші біреуін таңдауы тиіс – «иә», «жоқ» немесе «дұрыс», «қате» т.с.с.

Тапсырма мәтіні (сұрақ)	Тапсырма формасы	
	Жауабы	
1 тұжырым	Иә	Жоқ
2 тұжырым	Иә	Жоқ
3 тұжырым	Иә	Жоқ
...

Баламалы жауаптар тапсырмасына арналған нұсқаулық: *Сізге өзіңіз дұрыс санайтын жауаптың бір нұсқасын таңдап алу қажет.*

Баламалы жауаптар тапсырмалары көбінесе күрделі анықтамаларды игеру деңгейін, біршама күрделі графиктер, диаграммалар, сызбаларды білуін анықтау үшін қолайлы.

Баламалы жауаптар тапсырмаларының ерекшелігі – мұндағы сұрақ тұжырым ретінде қойылуы тиіс, себебі, жауап келісуді немесе келіспеуді білдіреді.

Мысал.

Нұсқаулық: өзіңіз дұрыс деп санайтын жауап нұсқасын таңдап алыңыз.

Сұрақ: Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей ме?

Жауап нұсқалары:

3. Иә

4. Жоқ

Жауап: иә.

2. Көп ішінен таңдау тапсырмалары.

Бұл нәтиже тесттерінде қолданылатын тапсырмалардың негізгі түрі. Көп ішінен таңдау тапсырмалары таңдау нұсқаларының болуын меңзейді. Тестті орындаушы ұсынылған жауаптың ішінен біреуін таңдауы тиіс, көбінесе олардың біреуі ғана дұрыс болады.

Көп ішінен таңдау тапсырмаларын ұсыну формасы:

Сұрақ (тұжырым):

А) 1 жауап нұсқасы

В) 2 жауап нұсқасы

С) 3 жауап нұсқасы

Д) 4 жауап нұсқасы

Е) 5 жауап нұсқасы

Көп ішінен таңдау тапсырмаларына арналған нұсқаулық: *Дұрыс жауап нұсқасына сәйкес келетін әріпті (әріптерді) таңдаңыз.*

Мысал 1.

Нұсқаулық: дұрыс жауап нұсқасына сәйкес келетін әріпті таңдаңыз.

Сұрақ: қазақтардың патша үкіметіне қарсы 1783-1797 ж.ж. болған ұлт-азаттық көтерілісін басқарған қолбасшы:

Жауап нұсқалары:

А) К.Қасымұлы

В) С.Датұлы

С) М.Өтемісұлы, И.Тайманұлы

Д) Есет Көтібарұлы

Е) Тентектөре

Дұрыс жауабы: В)

Нұсқаулық: дұрыс жауап нұсқасына сәйкес келетін әріптерді таңдаңыз.

Сұрақ: XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтардың патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшыларын атаңыз:

А) К.Қасымұлы

В) Әмір Темір

С) С.Датұлы

Д) Қ.Рысқұлбеков

Е) А.Иманов

Ф) Есет Көтібарұлы

Г) Тентектөре

Н) М.Өтемісұлы, И.Тайманұлы

Дұрыс жауаптар: А, С, Ф, Н.

Мысал 2.

3. Сәйкестікті орнатуға арналған тапсырмалар.

Мұндай типті тапсырмаларға екі тізім, екі қатар элементтерінің арасында сәйкестікті орнату тапсырмалары жатады.

Сәйкестікті орнату тапсырмаларын ұсыну формасы:

Нұсқаулық: 1 және 2 бағанда жазылғандарды сәйкестендіріңдер.

Сұрақ:

Жауап нұсқалары:

1 баған	2 баған
А	1
В	2
С	3
Д	4
Е	5

Мысал.

Нұсқаулық: 1 және 2 бағанда жазылғандарды сәйкестендіріңдер.

Сұрақ: Қазақстан жерінде ертеде мекендеген тайпалық одақтарды билеушілерінің титулымен сәйкестендіріңдер:

Жауап нұсқалары:

1 баған	2 баған
А) Сақтар	1) шаньюй
В) Үйсіндер	2) көсем
С) Қаңлылар	3) гуньмо
Д) Ғұндар	4) хан
Е) Сарматтар	5) патша

Дұрыс жауаптар: А-5, В-3, С-4, Д-1, Е-2

Мұндай түрдегі тапсырмалардың басты артықшылығы – нақты ғылым саласындағы білім, білік, дағдыларды жылдам бағалау және тесттегі тапсырмалардың үнемді орналасуында.

4. Бірізділікті орнатуға арналған тапсырмалар.

Бұл тапсырмаларға бір қатарда аралас берілген мәліметтерді сәйкесінше алғашқысынан соңғысына қарай немесе бұрынғысынан кейінгісіне қарай орналастыруға арналған тапсырмалар жатады. Мұндай тапсырмалар – тест түріндегі тапсырмалардың өте сапалы формасы, оның артықшылықтары қысқалығы, тексерудің оңайлығы.

Тапсырма.

Нұсқаулық: *дұрыс бірізділікте орналастыр.*

Сұрақ.

Жауап нұсқалары.

5. А
6. В
7. С

Бірнеше мысал келтірейік:

Мысал:

Нұсқаулық: *дұрыс бірізділікте орналастыр.*

Сұрақ: мына оқиғаларды ең ертесінен бастап кешіне қарай орналастыр.

Жауап нұсқалары:

1 баған	2 баған
1-	А) Кіші жүздің Ресейге қосылуы
2-	В) Тәуке ханның өлімі
3-	С) Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның басталуы
4-	Д) Бұланты шайқасы
5-	Е) Аңырақай шайқасы

Жауабы: 1-В, 2-С, 3-Д, 4-Е, 5-А.

Жабық типті тапсырмалардың артықшылықтары:

1. Тапсырмалар сенімді болады, себебі, сенімділікті төмендететін субъективті бағалаумен байланысты факторлар жоқ;
2. Тапсырмаларды бағалау толығымен объективті: әр түрлі тексерушілердің бағаларының арасында айырмашылық жоқ;
3. Тест тапсырушылардың жауаптарды жақсы құрай білу қабілеті ескерілмейді;
4. Мұндай типтегі тапсырмалар жылдам өңделеді, тестілеу жылдам өткізіледі;
5. Толтырудың қарапайым алгоритмі кездейсоқ қателердің санын азайтады;
6. Бұл тапсырмалар білімнің көп көлемін қамтиды, бұл тест үшін ерекше маңызды;
7. Жауаптарды техникалық құралдармен өңдеу мүмкіндігі;

8. Дұрыс жауаптарды болжап білудің төмен ықтималдығы.

Ашық типті тапсырмалар.

Бұларға екі түрлі тапсырмалар жатады:

- ✚ Толықтыру (жауаптары шектеулі тапсырмалар). Бұл тапсырмаларда тест тапсырушылар сұрақтарға жауапты өздігінен береді, бірақ олардың мүмкіндіктері шектеулі. Толықтыру тапсырмасына арналған нұсқаулық: көп нүктенің орнына тек бір сөзді (символды, белгіні) жаз.

Мысал:

Сұрақ: орта ғасырлық қалалардағы үйлерде орнатылған канализацияның қарапайым түрі

Жауабы: ташнау.

- ✚ Еркін баяндау немесе еркін құрастыру. Бұл тест тапсырушылардың сұрақтарға еркін жауап беруін білдіреді. Жауаптарға шектеу қойылмайды. Алайда тапсырмалардың құрылымы тек бір дұрыс жауапты қамтамасыз ету керек.

Еркін баяндау тапсырмасына мысал.

Нұсқаулық: *сөйлемді аяқтаңыз.*

Сұрақ: бір мемлекет ішінде бір ел азаматтарының билік үшін соғысы бұл -

Жауабы: азамат соғысы.

Бұл тапсырмаларды пайдаланудағы қиындықтар жауаптарды құрастыру, бағалау схемаларын дайындау қажеттілігі, өткізуге көп уақыт қажет етуімен байланысты.

Ашық түрдегі тапсырмаларды құрастырғандағы негізгі қиындық – тест тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптарды сақтау (бір дұрыс жауаптың болуы).

Дұрыс құрастырылған толықтыру және еркін баяндау тапсырмаларының артықшылықтары:

1. Жауабын болжап табу мүмкіндігінің жоқтығы;
2. Жауаптардың қысқалығы және бір мағыналылығы;
3. Жауапты есінде қайта жаңғырту қажеттілігінің болуы;
4. Жауаптың бірнеше нұсқасын іздеудің қажет болмауы;
5. Сұрақ құрылымының қарапайымдылығы;
6. Тексерудің қарапайымдылығы.

Ежелгі Қазақстан тарихынан Ұлттық Біріңғай Тестілеуге дайындық барысында өткізілетін тестілер үлгілері. 1 тақырып: *Ежелгі адамдар өмірі. Тас дәуірі.*

1. Баламалы жауаптар тапсырмалары.

Сұрақ	Жауап
1. Ежелгі адамдар Африкада пайда болды ма?	Иә Жоқ
2. Ғалымдар ең ежелгі адамды кроманьон адамы деп атай ма?	Иә Жоқ
3. Питекантроп Ява аралынан табылды ма?	Иә Жоқ
4. Ежелгі адамдардың негізгі кәсібі аңшылық пен терімшілік.	Иә Жоқ
5. Синантроп Қытайдан табылды.	Иә Жоқ
6. Ерте тас ғасыры – мезолит.	Иә Жоқ
7. Орта тас ғасыры – неолит.	Иә Жоқ
8. Қазақстандағы алғашқы адамның іздері Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасынан табылды.	Иә Жоқ
9. Ежелгі тас ғасыры – палеолит.	Иә Жоқ
10. Ертедегі адамдардың маймылдар мен жануарлардан басты айырмашылығы – бет-әлпетінде.	Иә Жоқ

2. Көп ішінен таңдау тапсырмалары.

Тас дәуірі.

1. Адамзат тарихы дамуының ең алғашқы кезеңі?
 - A) қола дәуірі
 - B) тас дәуірі
 - C) темір дәуірі
 - D) мысты-тас дәуірі
 - E) орта тас дәуірі
2. Ежелгі адамдардың ең алғашқы кәсібі:
 - A) егіншілік
 - B) балық аулау
 - C) терімшілік
 - D) мал шаруашылығы
 - E) тігін
3. Ежелгі адамдардың тұңғыш баспаналары:
 - A) үңгірлер
 - B) күркелер
 - C) ағаш үйлер
 - D) шалаштар
 - E) киіз үйлер
4. Адамның шыққан отаны:
 - A) Америка
 - B) Африка
 - C) Антарктида
 - D) Европа
 - E) Евразия
5. Алғашқы адамдардың бастапқы кезеңдегі топтасу жүйесі:
 - A) тайпа
 - B) тобыр
 - C) рулық
 - D) отбасы
 - E) көршілік
6. Қазақстанда ең ежелгі адамдардың өмір сүрген аймағы:

- A) Орталық Қазақстан B) Солтүстік Қазақстан C) Оңтүстік Қазақстан
D) Батыс Қазақстан E) Шығыс Қазақстан

7. Ғалымдардың ең ежелгі адамдардың атауы:

- A) саналы адам B) епті адам C) тік жүретін адам
D) маймыл тектес адам E) қытай адамы

8. Алғашқы адамдардың аулаған аңдары:

- A) қой мен жылқы B) сиыр C) аю мен қасқыр D) мамонт пен бизон E) түйе

9. Епті адам қайдан табылған?

- A) Ява аралынан B) Қытайдан C) Кениядан D) Франциядан E) Кубадан

10. Алғашқы адамдардың тобырдан кейінгі топтасу жүйесі:

- A) рулық B) отбасылық C) тайпалық D) көршілік E) қауымдық

3. Сәйкестікті орнатуға арналған тапсырмалар.

1) Ежелгі адамдарды табылған жерлерімен сәйкестендір.

Адам	Қайдан табылды
1) Австралопитек	1) Франция
2) Питекантроп	2) Қытай
3) Синантроп	3) Германия
4) Неандерталь	4) Кения
5) Кроманьон	5) Ява аралы

2) Ежелгі адамдарды өмір сүрген кезеңімен сәйкестендір.

Адам	Осыдан қанша мың жыл бұрын өмір сүрді
1) Австралопитек	1) 100-35 мың жыл бұрын
2) Питекантроп	2) 40-35 мың жыл бұрын
3) Синантроп	3) 1 млн 750 мың жыл бұрын
4) Неандерталь	4) 1 млн жыл бұрын
5) Кроманьон	5) 500-200 мың жыл бұрын

3) Тас дәуірінің хронологиясын сәйкестендір.

Дәуір атауы	Хронологиясы
1) Палеолит	1) Б.з.б. 5-3 м.ж.
2) Мезолит	2) Б.з.б. 3000-2800 м.ж.
3) Неолит	3) Б.з.б. 2,5 млн-12 м.ж.
4) Энеолит	4) Б.з.б. 12-5 м.ж.

4) Тас дәуірі кезеңдерін оларда пайда болған еңбек құралдарымен сәйкестендір.

Дәуір	Еңбек құралдары
1) Палеолит	1) Садақ пен жебе, микролит, ине, жіп, дән үккіш, орақ
2) Мезолит	2) Жебе ұштары, тілікшелер, жаңқалар, нуклеус
3) Неолит	3) Бифас, пышақ, қырғыш, үшкір тас

5) Тас дәуірі кезеңдерін әрқайсысында болған жаңалықтарымен сәйкестендір.

Дәуір	Жаңалықтар
1) Палеолит	1) Мата тоқу, киім тігу, өндіргіш еңбек, кен кәсібі, қыш құмыра жасау (керамика)
2) Мезолит	2) Мыс өңдеу, еңбек бөлінісі, аталық ру үстемдігі
3) Неолит	3) Жануарларды қолға үйрету, дәнді дақылдарды өсіру
4) Энеолит	4) Адамдар тобыры, отты пайдалану

6) Тас дәуірі кезеңдерін археологиялық ескерткіштерімен сәйкестендір.

Дәуір	Археологиялық ескерткіштер
1) Палеолит	1) Есіл
2) Мезолит	2) Шақпақата, Арыстанды, Семізбұғы,

3) Неолит	3) Ботай, Шебір
4) Энеолит	4) Усть-Нарым, Зеленая Балка, Қарағанды, Пеньки, Сексеуіл

7) Неолиттік тұрақтарды табылған жерлерімен сәйкестендір.

Территория	Археологиялық ескерткіштер
1) Шығыс Қазақстан	1) Сексеуіл
2) Орталық Қазақстан	2) Усть-Нарым
3) Солтүстік Қазақстан	3) Қарағанды, Зеленая Балка
4) Қызылорда облысы	4) Пеньки

8) Ертедегі адамдардың діни түсініктерін анықтамаларына сәйкес орналастыр.

1) Тотемизм	1) Тасқа түсірілген хат-суреттер
2) Пиктография	2) Қанның жанмен байланыстылығы
3) Анимизм	3) Әр түрлі тылсым әрекеттер жасау
4) Магиялық әрекеттер	4) Адамдардың шығу тегін жануарлармен, өсімдіктермен байланыстыру

4. Бірізділікті орнатуға арналған тапсырмалар.

1) Ежелгі адамдарды алғашқысынан соңғысына қарай орналастыр.

Неандерталь	
Синантроп	
Питекантроп	
Кроманьон	
Австралопитек	

2) Тас дәуірінің хронологиясын ертесінен соңғысына қарай орналастыр.

Мезолит	
Энеолит	
Палеолит	
Неолит	

Ойын «Орнын тап». Төмендегі адасып кеткен түсініктерді өз орындарына орналастыр.

Дән үккіш, бумеранг, адамдар тобыры, отты пайдалану, Шақпақата, б.з.б. 2,5 млн-12 м.ж., мұз басу, садақ пен жебе, питекантроп, инициация, Пеньки, б.з.б. 12-5 м.ж., егіншілік, көзе, микролит, австралопитек, Шебір, мыс, б.з.б. 3000-2800 м.ж., Усть-Нарым, Ботай, Қарағанды, Сексеуіл, қыш құмыра жасау (керамика), өте көп жылқы сүйектері, Батпақ, б.з.б. 5-3 м.ж., жануарларды қолға үйрету, Семізбұғы, дәнді дақылдарды өсіру, Зеленая Балка, 158 тұрғын үй, 20 тұрақ, еңбек бөлінісі және аталық ру үстемдігі, 500 тұрақ.

Палеолит	Мезолит	Неолит	Энеолит

САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КОПЕРНИКТИҢ ГЕЛИОЦЕНТРЛІК ЖҮЙЕСІ

Ақтөбе облысы. Мұғалжар ауданы. Сага негізгі мектебі
Физика және информатика пәні мұғалімі
Бримбетова Мадина Тыныштықбаевна

«Сабақ беру – үйренішті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер»

Сабақ тақырыбы: Коперниктің гелиоцентрлік жүйесі

Мақсаты: Күн жүйесі туралы білімдерін толықтыру, Коперник теориясының маңыздылығын ұғындыру;

Экономикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру, топтық жұмыстарға белсене қатысуға, бірлесе тұжырымды жауап беруге, өз ойларын ашық айтуға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, жауапкершілікті сезінуге, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Саяхат ,сайыс сабақ **Пән аралық байланыс:** Экономика,математика

Көрнекілігі: Кодоскоп, слайд ,тапсырмалар, “Күн жүйесі” моделі, шарлар

Сабақ барысы: 1.Ұйымдастыру бөлімі: Сыныпты екі топқа бөліп отырғызу

Психологиялық дайындық: -Балалар шарларды көріп отырмыз. Бұл шарлар жай шарлар емес, сиқырлы шарлар екен. Олар көптеген ғаламшарларды шарлады.Көптеген елдерді аралап, қызықты, тамаша оқиғалардың куәсі болды.Бүгін біздің сыныпқа келіпті.Әр елдің тапсырмаларын ,ойындарын ала келіпті.

1-ші шардың тапсырмасы: Амаңдасу .Үнді елінде балалар бір-бірімен құлақ, мұрындары арқылы амандасады екен.Кәне , балалар бізде бір-бірімізбен солай амандасайық.

Екінші шар:Экономика еліне саяхатқа шақырады екен.

Экономика ханшайымы: Саламатсыздар ма,балалар?

-Экономика ханшайымымын,сендерді экономика еліне саяхатқа шақырамын. Менің қолымда компьютер бар,сол арқылы бағыттарыңды белгілеп,аялдамаларды сендерге хабарлап отырамын.

Мұғалім: Балалар экономика ханшайымы сендердің экономикалық білімдеріңді тексеруге келген,сендерге тапсырмалар дайындап әкеліпті . Саяхатқа шықпас бұрын экономикалық терминдерді еске түсірейік.

(Салық, кіріс,шығыс, бюджет, сапа,кредит, банк, қажеттілік ,жарнама т.б.)

Саяхатқа шықпас бұрын сендерді екі топқа бөліп алайын.Мына сұрақтарға жауап берейік:

а.Ақшаны үйге келген соң не деп айтамыз?(Кіріс)

б.Ақшаны жұмсағанды не деп айтамыз?(Шығыс)

2.Үй тапсырмасын тексеру:

Экономика ханшайымы хабарлайды.Бірінші аялдама “Бюджет” аялдмасы. *Бюджет дегеніміз кіретін кіріс пен шығатын шығысты өзара жалғастыратын қаржы жоспары(Слайд)*

Мұғалім: Бюджет аялдмасының тапсырмасы бар екен. Сұраққа жауап береміз. Екі топтан кезектесіп сұрақтар аламыз.Әр дұрыс жауап 10 доллар мен бағаланады.

- Эклиптика деп нені айтамыз?
- Зодиак шоқжұлдыздары нешеу және олар қалай аталады?
- Зодиак белдеуі деген не?
- Күн мен түннің теңелуі қашан және ол қай шоқжұлдыздарға сәйкес келеді?Көрсетіп бер.
- Жазғы және қысқы Күн тоқырау қай күндері болады?
- Птолемейше Әлем жүйесінің құрылысы қандай еді? Ол қандай жүйе деп аталады?
- Птолемей тұжырымдарына түзету енгізген қай ғалым?
- Бируни еңбектерінің маңызы неде?Ол қандай көзқарасты жақтады?
- Қазіргі Күн жүйесінің құрылысы қандай?
- Төменгі планеталарға қандай планеталар жатады және неге олай аталған?
- Жоғарғы планеталарды атаңдар.Жоғарғы планеталар деп қандай планеталарды айтамыз?
- Күн маңындағы планеталарды атаңдар.
- Қандай планеталарды алып планеталар дейміз?

Экономика ханшайымы: Екінші аялдама “Ақша “ аялдмасы. *Ақша –тауар мен көрсетілетін қызметтерге төлеуге қабылданатындардың бәрі(слайд)*

5,10,20 долларлық тапсырмалар берілген. Соларды орындаймыз.

-Үшінші аялдама “Жарнама “ аялдмасы. *Шындығында адам жарнамадағы хабарландыруларды оқымайды, олар одан өзіне керек нәрсені іздейді, осы жағдайға жеткізген жарнама –нағыз жарнама болып табылады. (Говард Госиди)(Слайд)*

Мұғалім: -Балалар қазір “Сергіту” сәті ретінде екі топ жарнама көрсетесіздер.

Экономика ханшайымы: Төртінші аялдама “Бизнес” аялдмасы. *Бизнес –пайда алуға бағытталған экономикалық қызмет,кәсіпкерлік. (слайд)*

3.Жаңа сабақ

Планеталардың Күнді айнала қозғалатыны жөніндегі идея бірнеше ғасырлар бұрын пайда болғанымен 20 ғасырдай бұғып жатты. Себебі Птолемейдің геоцентрлік жүйесі сол кездегі адамдардың тіршілікке қажетті талаптарын қанағаттандырып келді.Ол тұтылулады ,планеталардың көкжиектен көрінуін т.б. өзгерістерді алдын –ала болжауға мүмкіндік берді.Себебі ол жүйе де ұзақ жылдар бойы тәжірибелерге негізделіп жасалған еді.Дегенмен планеталардың орналасуы туралы бақылау мәліметтері молайған сайын Птолемей тұжырымдары түзетулерді қажет етті.Оны 16-ғасырда ұлы поляк ғалымы Н.Коперник жүзеге асырды. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан “Жер қозғалмайды” деген түсінікті теріске шығарды. Жерді басқа планеталардың қатарына қосып ,жер өз осін айнала отырып Күнді айнала қозғалады деді.Ал Ай Күнді емес,Жерді айнала қозғалады деді.

Коперниктің пікірін сол кезде ғалымдар бірден қабылдамады. Коперниктің өзі осы тұжырымның төңірегінде 40 жыл бойы ойланумен болды.Коперник Польша мен Италия университеттерінде үздік оқып,жан-жақты білім алған.

Ол Күнге қатысты планеталардың қозғалыстарын мұқият бақылап , зерттеулер жүргізген, бірнеше математикалық есептеулер жүргізген.Аспан денелерінің қозғалыс кестесін жасады, оған 324 мың шаманы есептеп шығару қажет болды.

Осындай ғылыми деректермен негізделген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Коперник Күн жүйесінің құрылысы туралы жаңа жобаны ұсынды.Оның “Аспан сфераларының айналуы туралы” деп аталатын еңбегі 1543 жылы жарық көрді. Ол планеталар жүйесінің центрінде Күнді орналастырғандықтан , бұл жүйе

гелиоцентрлік жүйе деп аталды.

Коперник жасаған жүйе әлі де болса мүлтіксіз емес еді. Ол планеталар күнді дөңгелек орбита бойымен қозғалады. Ал қазіргі Күн жүйесінің моделі бойынша планеталар Күнді дөңгелек орбита бойымен емес эллипстік орбиталар бойымен айналады.

Коперниктің ілімін көптеген ғалымдар: Тихо Браге, Джордано Бруно, И. Кеплер, Г. Галилей, И. Ньютон қолдап, одан әрі дамытты. Коперниктің жүйесінің жаратылыстану ғылымдарының дамуында маңызы зор болды. Осы теория негізінде қозғалыстың салыстырмалылығы және санақ жүйесі деген ұғымдар енгізіліп, Ньютон мен Кеплер қозғалыстың нақты заңдарын ашты.

Экономика ханшайымы: 5-ші аялдама “Валюта” аялдмасы.

4. Сабақты бекіту:

1. Н. Коперник қай елдің ғалымы және қай ғасырда өмір сүрген?
2. Н. Коперник теориясы бойынша Әлемнің құрылысы қандай? Ол жүйе қалай аталады?
3. Коперник жүйесінің қазіргі жүйеден айырмашылығы қандай?
4. Коперник ілімін жалғастырушылар кімдер еді?

5. Сабақты қорытындылау:

Экономика ханшайымы: 6-шы аялдама “Аукцион” аялдмасы.

Мұғалім: -балалар қазір екі топ жинаған ақшаларымен аукционға қатысады.

Лот №1. Сатылатын зат “печенье”. Бастапқы бағасы - 50 доллар.

Лот №2. Сатылатын зат “Сок”. Бастапқы бағасы - 20 доллар

-Балалар, қараңдаршы мына шар бәрінен де өзгеше. Бұл Күн елінен келіпті. Бізге Күннің жылуын ала келіпті, кәне бәріміз күннің жылуын алып, отырған қонақтарға сол жылуымызды ыммен, қимыл арқылы сыйлайық.

6. Үйге тапсырма: №21 (оқуға)

* * * * *

«ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ»

*Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау селосы
№15 «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі
Изтелеуова Ардақ Оразбекқызы
Еңбек өтілі: 7 жыл Біліктілік санаты: II
Білімі: Жоғары Мамандығы: Мектепке дейінгі тәрбие*

I. Кіріспе

"Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет" Н.Ә. Назарбаев

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі-ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагог қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеңістігін заманғы сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану; білім мазмұнының заман талабына сай болуына, балалардың болашақта қажетті білімді, толығымен алуына өздігімен меңгеруіне, өзін-өзі бағалай алуына, өз күшіне сенімділіктің болуына бағыттайды.

Олай болса:

1. Ақпараттық коммуникативтік технологиялар дегеніміз не?
2. Ақпараттық коммуникациялық технологияның мүмкіндіктері қандай?
3. Білім беруді ақпараттандыру үрдісі қалай жүзеге асуда?-деген сауалдар әрқайсымыздың, жалпы педагогтар қауымын толғандырмай қоймайды.

Ендеше бірінші сауалға: ақпараттық-ақпарат, жаңалық, коммуникативтік-байланыс, қатынас деген ұғымды білдірсе, технология-іскерлік, шеберлік ұғымдарын береді. Бір сөзбен "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар жеке тұлғаға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін маңызды жүйе" деп айтуға болады. Осыған орай бүгінгі ұстаздар қауымының алдында білім, білік дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, ерік жігерлерін, яғни өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеті тұр. Ғалымдар пікірінше Ақпараттық коммуникативтік технологияны екі бөлікте сипаттайды.

1. Компьютерлік бағдарламалар
2. Желілік қызмет

жалпы білім берудің мақсаты-терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытудағы адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болса, ақпараттандыру жолының басты мақсаты-оқыту үрдісін ақпараттандыру.

-Электрондық оқулықтардың құрылымын жасақтау;

-Техникалық және бағдарламалық қамсыздандыру;

-Әлемдік білім беру кеңістігіне ену болып отыр.

Бірақ бұл мақсатқа жетудің ең басты міндеті:-

-білім беруді ақпараттандыруды дамыту тенденцияларын зерттеу және оған сәйкес мазмұнын анықтау;

-Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуге байланысты ұйымдастыру жүйесін жасау

-Ақпараттық-коммуникациялық технология -келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты,шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашуына тигізер пайдасы мол деп есептеймін.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды мәселелердің бірі-оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық -коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Жаңа ақпараттық технологияға ғалымдар әр түрлі анықтама беріп отыр мысалы: Н.Макарова "Жаңа ақпараттық технология-қысқаша компьютер негізіндегі технология^[1] деп тұжырымдайды. Ал М. Жалдақ бұл терминнің неғұрлым кеңірек анықтамасын береді: Ол "Жаңа ақпараттық технология-адамдардың білімін кеңейтіп,олардың техникалық және әлеуметтік үрдістерді басқару мүмкіндігін дамытатын, ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу тасымалдау және жеткізудің техникалық құралдары мен әдістерінің жиынтығы"^[2] дейді.

Яғни, білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа ақпараттық технологияны жоспарлы түрде енгізіп,жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы ақпараттық технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты ҚР-да біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

-ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялық құралдармен қамтамасыз ету;

-білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;

1 «Қазақстан мектебі»журналы 11. 2013ж

2 «Қазақстан мектебі»журналы 11. 2013ж

-Оқу -тәрбие үдерісінде жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми ізденушілік және оқу әдістемелік жұмыстарын жүргізу;

-жаңа ақпараттық технология құралдарын(жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедия технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесін материалдық техникалық базасын жетілдіру.

"Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет"3 деп Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Білім жүйесіндегі инновациялық өзгерістерге Президентіміздің Н.Ә.Назарбаев аса назар аударып, республикалық мұғалімдер съезінде "XX ғасырдың екінші жартысында белгілі болған нәрсесі-XXI ғасырда алдыңғы саптағы елдер қатарына өз жастарының интеллектуалды және рухани әлемдік әлеуетін барынша дамыта алатын мектептер мен жоғары оқу орындарының ең тиімді жүйесін жасаған ел ғана көтеріле алады"деген болатын. Өйткені, қазіргі біз өмір сүріп отырған XXI-ғасыр -"ақпараттандыру ғасыры" деп аталған.

XXI ғасыр -бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге,адамның денсаулығына,кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

II. Негізгі бөлім.

Қазіргі кезде толғандыратын мәселелердің ең негізгісі -еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі.

Балабақша -келешек ел басқарар,жер суына иелік етер,ел -халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя."Ауылына қарап, азаматын таны" дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иман жүзді білімдар азамат болып өсуі, ең алдымен ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша-бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі.

Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашықы баспалдағы.Елбасымыздың жолдауында: "Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады" деген. Баланың, жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайынтайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық модельне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық диагностиканы қабылдай алатын,педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиясын таңдауға көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану, педагогтен үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себептен балабақша педагогтарының кәсіби дамып өсуі жаңа техниканы меңгеру, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқада көптеген адами қабілеттің қалыптасуы, өзін-өзі дамытатын оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруда басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Қоғам талабы-заман талабы, өйткені, "Әр адам-өз заманының баласы", сәбиі есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамның тәрбие орындарының бірден бір парызы. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу білім беруге арналған инновациялық қызмет мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 3 . " Бала мен балабақша» журналы 17. 2012ж педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

"Инновация" термині латын тілінен алынған, ол-"Жаңарту, өзгеру, дегенді білдіреді. Бұл түсінік ХХІ ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтерінің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдіреді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын педагог пен бала бірлескен қызметін ұйымдастыру жаңалық енгізуді білдіреді. Қазіргі заман инновациялық қызметі-балабақша балаларымен жұмыс істеуде. Инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуді педагогтарға нақты бір жетістіктерге көмектеседі. Нақтылап айтқанда балаға білім мен тәрбие беруді саналы, сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршеңділігін арттырады деп айтуға болады.

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі жеке тұлғаға бағдарланған инновациялық оқыту технологиясының кең қолданысқа енуі. Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. ХХІ ғасырда білім мен ғылымды жаңа инновациялық технология бағытында дамыту маңызды мәселелердің бірі. Президент Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан -2050" стратегиялық жолдауында "біз білім -ғылым-инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден ,бұл -уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры" деп атап көрсеткен болатын.

Э.Роджерс "Иновация-нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея" десе, Мейлс "Иновация-арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз" дейді. Яғни иновацияны жаңаны көру, жаңаға ену, жаңаға кіріспе деп түсінуіміз қажет.

Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай оң нәтиже беруде. Кез келген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде электрондық оқулықты пайдалану балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды. Педагогика ғылымында өзіндік категориясы болмаса да, зерттеуші ғалымдар білім беру жүйесінде жаңалық енгізу деп қолданып жүр. Сондықтан инновациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіне енгізуді кезеңдерге бөліп қарастыру қажет.

Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич "Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз әдісін жаңартуға арналған емес, баланың пайдасына , қажеттіліне арналу қажет, сонда ғана сапа болады" -дейді. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық, педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс -әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға, икемді шығармашыл педагог-зерттеуші, ойышыл педагог болуын қажет етеді. Ұлы ойшыл ғұлама Әл-Фараби "...адам бойындағы ең үлкен қасиет-қабілет, өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық" деген. Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігінде екеніне көз жеткізуге болады. Академик Т.Тәжібаев "Адамның жеке қасиеті-қабілет, қабілет-іс әрекеттің түпкі нәтижесі" деп жазады. Ендеше жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясының мәні -нәтижеге бағытталған білім үлгісі.

Нәтижеге бағытталған білім-белгілі бір мақсатқа құрылған тәрбие, оқыту, білім беру, даму және қалыптасу арқылы жүзеге асады. Инновациялық үрдістің негізгі-жаңалықтары қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай ақ, уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс.

Жаңа инновациялық технологияны меңгеруге тәрбиешінің жан-жақты, білімі қажет.

Ол үшін қазіргі тәрбиеші;

-Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

-Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

-Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

-Балалармен ортақ тіл табыса алатын;

-Білімді, іскер, шебер болуы керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері-өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялары мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Осындай жаңа инновациялық технологияларды толық меңгерген тәрбиешіден білім алған қазіргі жаңашыл бала:

- Дүниетанымы, қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;

Оқу -тәрбие үрдісінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиялардың бірнеше түрін атап кетейін.

- Дамыта отырып оқыту.(Л.Занков)
- Триз әдісі

-Оза отырып оқыту(С.Лысенкова)

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Білім беруде қолданыс тапқан жаңа инновациялық технологиялар мыналар:

- Саралап -деңгейлеп оқыту;
- Лысенкованың тірек сигналдары арқылы желделдете оқыту;
- Ізгілендіру технологиясы (баланың қабілет қызығушылығын дамыту,тәрбие негізгі рол атқарады,салауатты өмір салты,шығармашылыққа жетелеу)
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Ұжымдық оқыту технологиясы;
- Монтессорри технологиясы;

Инновациялық технологияларды тиімді пайдаланудағы қол жеткізетін жетістіктер мыналар:

- 1 Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
- 2 Білімін кеңейтуге,тереңдетуге жағдай жасайды.
- 3 Ой идеясының ішкі астарына үңілуге,өзекті терең барлауға бағыт.
- 4 Белсенділігін дамытуға,жаңалықты ашуға,ізденуге
- 5 Өзін-өзі басқаруға жетелейді.

Сонымен қатар білім беру жүйесі мынадай инновацияларды қамтиды:

- Педагогикалық инновация;
- Технологиялық инновация;
- Ұйымдастырушылық инновация;
- Экономикалық инновация;

Педагогикалық инновация-бұл жаңа педагогикалық технологияны оқыту қызметінің жаңа әдістерін,тәсілдерін, әдістемелерін әзірлеу және тарату.

Педагогикалық технология бөліктері 3 құрамдас бөліктен тұрады.

1.Тұжырымдамалық негізгі,басты қағидалары.2.Жүйелі құрылымы және негізгі кезеңдері.3.Атқару жолдары және тиімді әдіс-тәсілдері.

Педагогикалық технологияның ерекшеліктері мыналарды құрайды.

1. Концептуалды негізінің болуы.Технологияға қандай да бір философиялық педагогикалық психологиялар ғылыми тұжырымдамаларға негізделуі тиіс.
- 2.Жүйелілігі. Педагогикалық жүйенің барлық бөліктерінің логикалық байланыста болуы.
- 3.Басқаруға оңтайлылығы. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға және нәтижеге өңдеу енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі.
4. Тиімділігі білім беру стандарттарын қанағаттандыруды тиіс.

Инновациялық оқыту дегеніміз-қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы инновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үрдіс және оқу білім беру әрекетінің нәтижесі.

Қазақстанда тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев... "егер технологияларды басқалардан алуға ғана сүйенетін болсақ,біз өзіміздің технологиялық артта қалушылығымызды сол күйінде тұмашалап,технологиялық және ғылыми тұрғыда дамыған елдерге тәуелсіздікте боламыз.Сондықтан бізге өз ғылымызды дамыту керек" деген болатын.

Жаңа педагогикалық технология кәсіби шеберлікті арттырудың негізі болып табылады.

"Жаңадан бастау" "жаңарту", "өзгерту" деген мағынаны білдіретін педагогикалық технологияның басты белгілерін былай тұжырымдауға болады:

- Оқыту үрдісінде жүзеге асатын келелі де маңызды педагогикалық мәселені шешуге бағытталады;
- Педагогикалық жаңаландыру мәселелердің жаңа шешімін ұстанады;
- Педагогикалық жаңаландыру жаңа педагогикалық үрдісінің жаңғыруына қол жеткізеді;

Білім беруді ақпараттандыру технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту,дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыратын жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы.

Педагогикалық технологиядағы басты міндет-баланың танымдық әрекетін жандандыра отырып,педагогтың кәсіби қызметін жаңғырту арқылы алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады.

Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Меніңде тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым-балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілетін арттыру.Сол себепті Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін идеялық

жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, білім құштарлығын таныту. Әр ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын, ауызша, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы дағдыландыру әрбір педагогтың абыройлы борышы. Ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалана өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары: психологиялық ахуал туғызу; балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қызығушылықтарын (ынта,ұмтылыс)тудыру; ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы; топтағы әр деңгейлі балалар ескерілуі керек; өзіндік пікір,идеялар,тұжырым,түсінік келтіру; өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету; балалардың өзінің үйренгені мен өз түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио,видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта,интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпарат банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс -әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдалануға болады.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар, слайд шоу, видео, электронды ойындар, электронды көрнекіліктер, электронды ойыншықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады.

Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады.Өйткені , балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге , ойыншықтарға ,әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық құрал электронды оқулықтар бала үшінде, тәрбиеші үшінде күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру, балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді,білімнің сапалы болуына жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқу тәрбие үрдісінде, балалардың оқу танымдық іс-әрекетін белсенділігінің тиімді жолдары мыналар:

- танымдық дидактикалық ойындар;
- әңгімелеу,қызықты математика

Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштин тәрізді ғалымдардың еңбектерінде "тұлғаның қалыптасуы мен оның шығармашылық танымдық қабілетінің негізгі даму факторы іс -і-әрекет, қызмет барысында жүзеге асады" деп атап көрсетіледі. Іс -әрекет -балалардың қоршаған ортаға белсене қатысуының негізгі нысаны,ішкі жан дүниенің көрсеткіші,дамуының,өздігінен жетілуінің шешуші белгісі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.Жаңа заман баласын қалыптастырып ,дамыту үшін,тұлғаның ішкі дүниесімен оның қыр сырын анықтап,мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жан-жақты білім алуына белсенді,шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып еңгізілуде.

- Ынтымақтастық педагогикасы;
- білім беруді ізгілендіру;
- ойын арқылы оқыту;
- проблемалық оқыту;
- модульдік оқыту;
- тірек сигналдары арқылы оқыту
- дамыта оқыту;

- оқытудың компьютерлік технологиясы;

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ.

МЫ: Мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктері қамтамасыз ету.Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесін терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологияның бірнеше түріне тоқталайын:

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жек бастың өзіндік талап талғамдарына сүйенеді.Баланың бойындағы білімділік,танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбекте. Ойын айналадығы дүниені танудың тәсілі ,сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңіу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастырады.Ойын әлеуметтік қызмет.

Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Проблемалық оқыту технологиясы-бұл баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгеруді, бала оқытуды өмірімен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен дамыту технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сондағана бала өзін дамыта алады. М.Монтессори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолмен жүреді.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни балада, тәрбиешіде субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау. Бұл технологияның негізгі мақсаты азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылулық ұялату.

Деңгейлеп саралап оқыту технология-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту бала бойындағы еркіндік, мақсаткерлік, ар намыс, мақтаныш, сезім, дербестік адамгершілік, еңбексүйгіштігі, белсенділік т.б. қасиеттерін дамыту.

Монтессори технологиясы- Монтессори технологиясының негізгі принципі-балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Монтессори балабақшасы жеке жұмыс жасауға, яғни өз-өзіне қызмет етуге үйретеді. Жаңа оқытудың технологиясына мән беріп қарасақ, педагогикалық технологиялар мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс:

-Оқытудағы педагогикалық эксперименттерді жою;

-баланың танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие процесінің жобасын негіздеу;

-Оқу мақсатын диагностикалық түрде анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау;

-Іс жүзінде оқу үрдісінің толықтығын қамтамасыз ету.

Мультимедиялық технологияны оқу іс-әрекетінде қолдану –балалардың Қазақстан республикасының мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша базалық білімін бекітіп, әрі қарай жетілдіріп, олардың танымдық дамуын арттыра отырып, жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіншілік тудырады. Өз тобымда топ балаларына арналған мультимедиялық орталық жалпы ақпарат бұрышы жұмыс істейді. Балалар аталған орталықта компьютерді қолдану, компьютер арқылы тапсырмаларды орындау, кеңістікті бағдарлау, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, мозайкамен жұмыс жасай отырып, ойлау қабілеттерін жетілдіру, сурет салу, қуыршақты киіндіру, әсемдеу, боямақпен жұмыс істеу, гүлдерді күтіп баптау, қоршаған ортамен танысу. Осы аталған жұмыстардың бәрі ақпараттық құрал компьютер арқылы жүргізілуде. Топта не бары бес компьютер жұмыс істесе, сонымен қоса балаларға заманауи ақпараттық ойыншықтарды үнемі оқу –іс әрекетінде және күннің екінші жартысында қолданып келеді. Мысалы заманауи электронды ойыншықтардың ішінен атап айтсақ, өлең айтатын қуыршақ, компьютер, электронды әліппе, электронды кітап, электронды карточкаларды т.б. айтуға болады. Осы электронды ойыншықтарды үнемі оқу –іс әрекетінде пайдаланып келемін. Бұл электронды ойыншықтар балалардың есту, сезу, ойлай қабілеттерін, психологиясын, көру, ой-өрісін дамытады.

Ақпараттық коммуникациялық технологияның көмегімен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қалай өткізуге және не істеуге болады деген сұраққа, өз тәжірибемде мынандай бағыттарын ұсынар едім:

-Иллюстративті (насихаттық) көрнекіліктер

-Ақпараттық видео роликтерді құру және көрсету

-Слайд шоу, ертегілер

-Электронды ойындар

-Электронды логикалық тапсырмалар

-Ғажайыпстанға саяхат.

-Электронды слайд шоу

-Электронды дыбыстар

-Айналамен таныстыру, экология бойынша бейне сюжеттер

-Биленгвалды компоненттерге арналған слайд шоу

Қазіргі таңда мен осы айтылған ақпараттық құралдарды үнемі, өз тәжірибемде оқу іс-әрекетінде пайдаланып келемін. Мысалы: Мен өз оқу іс-әрекетімнен бір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімді қысқаша айтып өтсем.

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті: Экология негіздері.

Тақырыбы: Ұй жануарлары. Қой, ешкі.

Мақсаты : а) Ұй жануарлары түйе, сиыр, жылқы, туралы түсініктерін кеңейте отырып, қой , ешкімен таныстыру. Олардың тіршілік әрекеті туралы ұғымдарын кеңейте отырып, адамдарға пайдасы бар екенін түсіндіру. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер : Ұй жануарларының суреті, слайд.

Әдіс –тәсілдер: Сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.

Сөздік жұмыс: Сиыр-Корова, қой-овца, ешкі-коза.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс -әрекеті	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушы күш	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қимылды ойын: «Кім шапшаң!» Мақсаты: Үстел үстіне шашылған асықтарды тез жинаған балалар жеңімпаз болады. Балалар үстел үстіне шашылған асықтарды тез жинауға тырысады. Тәрбиеші: Балалар рахмет, енді орнымызға жайғасайық. Күтпеген сәт: Электронды карточка арқылы тәрбиеші балаларға білдіртпей бір тосын жасайды. Мә-мә –мә деген тосыннан бір дыбыс естіледі. Тәрбиеші : Ой балалар бұл не болды екен? Қай жануардың дауысы? Өте дұрыс бұл төрт түліктің бірі қой мен ешкінің дауысы дейді. Сендерге көп рахмет , ендеше бүгін біз осы үй жануары қой ешкімен танысатын боламыз.</p>	<p>Балалар ойынға қызығушылықпен қатысып ойнайды.</p> <p>Балалар тосын дауысты естігенде таң тамаша болады. Бір-біріне таңырқай қарайды.</p> <p>Апай бұл қойдың дыбысы ғой деп жауап береді.</p>
Іздену ұйымдастырушы	<p>Тәрбиеші : Ендеше балалар мен сендерге осы үй жануарлары туралы жұмбақ жасырамын, сендер сол жұмбақтың шешуін табуға дайынсыңдарма? Балалар : Ия дайынмыз. 1. Кішкене ғана бойы бар, Айналырып киген тоны бар(қой) 2. Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар Сегіз тұяғы бар Иегінде сақалы бар (ешкі) Тәрбиеші: Ендеше балалар назарымызды теледидарға аударайық. №1 слайд теледидардан көрсетіледі. -Балалар мынау қандай жануарлар? -Неге үй жануарлары деп ойлайсыңдар? -Ал мыналар қандай жануарлар? -Қойдың төлін не дейміз? -Ешкінің төлін ше? Қойдың орысша атауы-Овца Ағылшынша атауы- Ешкінің орысша атауы-Коза Ағылшынша атауы- -Ал олар немен қоректенеді? -Шөп, су, жеммен қоректенеді. Біз оларға қамқорлық жасап, оларға жем , су шөп беріп оларды күтіп баптауымыз керек балалар сонда ғана біз олардан жақсы пайдасын көреміз. -Өте дұрыс балалар осы жануарлар үй маңында, қорада яғни адамның көмегімен тіршілік ететіндіктен үй жануарлары деп атаймыз екен. -Соның ішінде Қой мен ешкі малы өте өсімтал екен. -Мынау балалар ешкі малы, ешкінің сүтін ішеміз, етін жейміз, жүнінен әжелеріміз түбіт жасайды. Ешкінің сүті ананың сүтімен тең екен, ертеде осы ешкі малының сүтін</p>	<p>Балалар жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Балалар назарын теледидарға аударады.</p> <p>-Ұй жануарлары. -Себебі, адамдардың қасында, қорада тіршілік етеді. -Қой, ешкі -Қозы. -Лақ.</p> <p>-Шөп, су, жеммен қоректенеді</p>

<p>емдік үшін пайдаланған екен.</p> <p>-Ал мынау қой малы,қой малыныныңда сүтін ішеміз,жүнінен киіз басып,түрлі киімдер тоқимыз.Бір сөзбен айтқанда осы төрт түлік малдың адамдарға пайдасы көп екен.Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық.Мал олардың киімі, тамағы,көлігі,тіпті балалар осы төрт түлік малдың қиын отынСондықтанда осы төрт түлік малды жақсы көріп,оларды көбейтуді көздеген екен.</p> <p>-Ал балалар мынау не?</p> <p>-Асық.</p> <p>-Ия өте дұрыс балалар бұл асық,асықты қой малының асық жілігінен аламыз.</p> <p>(түрлі түске боялған асықтар арқылы түстерді айыру,ажырату және неше түсті асық бар екенін сұрау)</p> <p>№2 слайд теледидардан көрсетіледі.</p> <p>-Қой мен ешкі малының айырмашылығы барма?</p> <p>-Ия ешкі малының сақалы бар,мүйізі бар,түстері әр түрлі.</p> <p>(сурет бойынша айырмашылықтарын сипаттау)</p> <p>Топтастыру: етін жейміз, киіз басамыз сүтін ішеміз, қолғап тоқимыз, тон тігеміз, жүнін аламыз</p> <p>Оларға қамқорлық көрсету үшін:</p> <p>Қораға қамайды, Жем береді,Оларды бағады</p> <p>Су береді Шөп салады</p> <p>Қорасын тазалайды Сауады</p> <p>Үстін тазалайды.</p> <p>Көлеңке театры: «Ненің көлеңкесі?»</p> <p>-Балалар сендерді аналарың,әкелерің,ата-әжелерің не деп еркелетеді?</p> <p>Міне осы төрт түлік малда өз төлін еркелетеді екен.</p> <p>Қой сүйеді баласын, қоңырым деп</p> <p>Ештеңені білмейтін момыным деп,</p> <p>Ешкі сүйеді баласын лағым деп,</p> <p>Тастан –тасқа секірген шұнағым деп.</p> <p>Балалар қой қалай дыбыстайды?</p> <p>-Қой мен ешкіні қалай шақырамыз?</p> <p>-Ешкіні шөрелеп ,шөре-шөре</p> <p>-Қойды пұшайт-пұшайт деп шықырамыз</p> <p>-Осы төрт түлік малдың өз пірі,яғни қамқоршы аталары болады екен</p> <p>-Қой атасы кім балалар?</p> <p>-Шопан ата</p> <p>-Ешкі атасы?</p> <p>-Сексек ата</p> <p>-Өте дұрыс балалар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Өз төлін тап?»</p> <p>(жек баламен жұмыс)</p> <p>-Балалар енді зейінімізді теледидарға аударайық.</p> <p>№3 слайд. Теледидардан көрсетіледі.</p> <p>(Бейне сюжет арқылы үй жануарларының тыныс тіршілігін тамашалайды)</p> <p>Бейне сюжет арқылы сұрақтар беру.</p> <p>-Балалар ,енді үй жануарлары туралы көп ақпарат алып,олардың тіршілігін бейнетаспадан көрдік,енді осы жануарлардың тіршілігін өз көздеріңмен көріп,оларға қамқорлық жасағыларың келеме?</p> <p>-Ендеше балалар ата мен әженің мал бағып отырған жайлауына саяхатқа барсақ қайтеді?</p>	<p>Балалар зер салып тыңдайды.</p> <p>-Асық.</p> <p>Балалар түрлі түсті асықтардың түсін ажыратып,айтады.</p> <p>Балалар қой мен ешкінің айырмашылықтарын айтады. Оларды тақтаға шығып топтастырады.</p> <p>Қай жануардың көлеңкесі екенін ажыратады.</p> <p>Аналарының не деп еркелетіндерін айтады.</p> <p>Мә-мә-мә</p> <p>Ал ешкі ше?</p> <p>Ме –ме-ме</p> <p>-Ешкіні шөрелеп шөре-шөре</p> <p>-Қойды пұшайт-пұшайт деп шықырамыз</p> <p>-Шопан ата</p> <p>-Сексек ата</p> <p>Балалар алдарына берілген тапсырмаларды орындайды. Төр түлікті өз төлдеріне сызық арқылы қосады.</p> <p>Балалар бейне сюжет арқылы жануарлардың тыныс тіршілігімен танысады.</p> <p>-Ия.</p> <p>-Балалар ата мен әжемен амандасады.</p> <p>Жайлауға келіп балалар атай мен әжеге қолғабыс береді. Балалар екі топқа бөлініп қыздар жағы әжеге жүн түтіп</p>
--	--

	<p>-Жайлау бізге алыс емес екен,ендеше таза ауада жақсы ән айта отырып жаяу барайық.</p> <p>-Балалар жайлауға келіп қалдық.</p> <p>-Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе ! Әже біз балдырған балабақшасының ортаңғы топ тәрбиеленушілерімен бірге сіздің үй жануарларыңызды өз көзімізбен көруге және олардан қандай өнім алуға болатын менің балаларым білгісі келеді.</p> <p>Әже: Ал жарайсыңдар! Сендердің келетіндеріңді білмедік,Аталарың қысқы шөп қамымен егістіктегі алқаптың соңғы шөптерін жинауға кеткен.Мен жайлауда өзіммін жүріңдер мен сендерге көрсетейін.</p> <p>Әже сізге көп рахмет,енді біз балабақшамызға қайтайық сіз арқылы балаларымыз көп нәрсені өз көздерімен көріп,қолдарымен ұстап үйренді.</p> <p>Әже : балаларым сендерге көп рахмет,маған біршама қолғабыз еттіңдер!</p> <p>№4 слайд теледидардан көрсетіледі.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай жануардың дауысы?»</p> <p>-Балалар енді осы үй жануарлары туралы тақпақ білесіңдер ме?</p>	<p>көмектесе,ал ұлдар астауға шөп салып,жем,су беріп және атайға көмегіміз болсын деп қора құрастырып береді.</p> <p>Сау болыңыз Әже.</p> <p>Топқа оралады.</p> <p>Балалар теледидардан қай жануардың дауысы екенін айтады.</p> <p>Балалар тақпақтарын айтады.</p>
<p>Рефлексивті кореккция лаушы</p>	<p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>Тәрбиеші : Ұйымдастырылған оқу іс әрекетін сұрақтар қою арқылы қорытындылайды.</p> <p>Балаларды мадақтап,сыйлыққа «Жеті лақ» ертегі кітапшасын ұсынады.</p> <p>Ән : «Қошақаным»</p>	<p>Дәптермен жұмыс жасайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тәрбиеші апайдың сыйлығын қуана қабыл алады.</p> <p>«Қошақаным» әнін саз жетекшінің сүйемелдеуімен шырқайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Оқу іс –әрекетіне деген қызығушылық,ынталары артты;

Үй жануарлары бойынша оның ішінде қой мен ешкі туралы мағұлмат толық алды;

"Ауызша айтсаң-тез ұмыттым, көрсетсең -есте сақтаймын, іске кіріссең -үйренем" (қытай мақалы)

Шын мәнінде балалар қай нәрсені де көзімен көріп, қолымен ұстай отырып, өз қабілеттерін ашып, ұйымдастырылған оқу іс –әрекетіне деген құлшыныстарын оятуға болады. Сонымен қоса топтағы 26 тәрбиеленушілеріме өз электронды почталарын ашып, осы электронды сайтпен балаларым мультимедиялық орталықта, яғни өз топтарында отырып ойнайтын ойындардың бірін атап кетсем «Менің сүйікті фермам» атты ойын, ойынның тәрбиелік мағынасы өте жоғары және балаларды еңбекке баулуға,өз бетімен еңбек етуге үдеріс етеді. Ойында балалар өздерінің сүйікті жануарларын,құстарын қорғап, оларға шөп,су бере отырып,төрт түлік малдан,құстардан алынатын өнімдерді өз көздерімен көре отырып, осы өнімдерден не жасалу керектігін,яғни өз пайдасына жаратып отырады.Сонымен қатар балалар электронды құрылғы арқылы жер жыртып, жерге дән салып, осы жерге салынған дәндерінің қалай өсіп жатырғандарын балалар үнемі өз көздерімен көріп,оларды суарып отырады.Балалар жерге ненің дәнін салу керектігін өздері таңдап отырады. Мысалы: Гүлдің, жемістердің, көкіністердің,ағаштардың дәнін салу арқылы балалар еңбекке тәрбиеленеді.Бір сөзбен айтқанда балалар еңбектеніп өз фермаларын үнемі назардан тыс қалдырмай қадағалап жұмыс жасап отырады.Балаларды осындай электронды жаңа технологиямен жұмыс жасай отырып, балалардың жан –жақты тәрбиелеп,танымдық дағдыларын дамытуға болады.

Сонымен қоса балаларымның электронды почтасы арқылы мен ұдайы ата-анамен қарым қатынаста отырамын.Тіпті бұл электронды почта арқылы үйге берген тапсырмаларын осы тәрбиеленушілерімнің электронды почталарына салып отыруға болады.WEB камера арқылы ата-аналарыммен ұдайы қарым-қатынаста отырамын.

III. Қорытынды бөлім.

Ақпараттық коммуникациялық технологиясын меңгеру қазіргі заман талабы.XII-ғасыр ақпараттық технология ғасыры.Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық коммуникациялық технологияның маңызы зор. Ақпараттық құзіреттілік-бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау,табу,сақтау оны жүзеге асыру және ақпараттық коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

-баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;

-әр баланың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Ал ақпараттық технологияның негізгі қағидалары.

Оқу мен тәрбиенің бірлігі;Танымдық күшін қалыптастыру,дамыту;Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;шығармашылық қабілеттерін дамыту; Өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру;Тәрбиеші бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

Қазіргі кезде мультимедиялық құралдар жиі пайдаланылады. Ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультимедиялық құралдардың ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде тиімді тұстарын атап айтсақ олар:

-Баланың қызығушылығын оятады;

-Этнопедагогикалық тәрбие береді;

-Танымдық қабілетін арттырады;

-Педагогтың уақытын үнемдейді

Ақпараттық технологияларды пайдалануда неге қол жеткіздім?

Уақытты үнемді,ұтымды пайдаландым; Педагогикалық білімімді жетілдірдім; Баланың даму ерекшеліктерін анықтадым; Инновациялық технологияларға терең бойлай түстім; Ата –аналармен байланыс тереңдей түсті.

Ақпараттық технологияларды оқу іс әрекетінде пайдалануда, менің қол жеткізгендерім! Иллюстративті көрнекіліктер, видео роликтерді қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу іс –әрекетіне деген қызығушылықтыры оянды Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы уақытты үнемдеуді; Балаларда өтілген материал есте ұзақ сақталатынын байқалды; Бала өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгереді; Балалардың шығармашылық белсенділігінің артуы;

Іс –әрекеттің балалар үшін маңыздылығы, қызықты әрі ынта тудырушылығы;

Жаңаша бағыт,жаңаша көзқарас қалыптасып,жаңа технология әдіс-тәсілдері тасихатталды; Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып,балалар келесі жұмыс түрін асыға күтеді. Тәрбиеші мен бүлдіршіндер арасындағы өзара түсінушілік, бұрынғыдан да жылы қарым-қатынастардың тууы; Түрлі пәндерге деген ерекше сүйіспеншіліктің тууы.

«Қанша білсең,ізден тағы,тағы да, Білікті адам жетер тілек, бағына деген ғұлама Баласағұнның осы сөзін алдыма мақсат еге отырып,алға қарайда осы ізденуімнен таймай еңбектенмін деп баяндамамды қорытындылаймын.

Ұсынамын:

- Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану үшін балабақшалар интерактивті тақталармен, компьютерлік орталықтармен қамтамасыз етілсе.
- Мектепке дейінгі мекеме педагогтарына арналған электронды көрнекіліктер шығарылса

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Тұрғынбаева Б.А.Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту.-Алматы 1999ж
2. " Қазақстан мектебі" №6 2012ж
3. "Бала тәрбиесі" журналы №5 2009ж
4. "Отбасы және балабақша" журналы №4 2010ж
5. "Тәрбие құралы" журналы №4 2008ж
6. "Педагогика және өнер"журналы №2 2011ж
7. «Бала би» журналы №3 2013ж
8. Ғаламтор басылымдары.

* * * * *

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: МӘТІННІҢ ТҮРЛЕРІ

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда мектеп-балабақша комплексі. Жумабай Гүлмира

Сабақтың тақырыбы: Мәтіннің түрлері

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Мәтін туралы берілген түсінікті кеңейту; Мәтіндегі азат жолдың рөлін байқату. Мәтінге сөйлем қосып толықтыру, берілген тақырып бойынша мәтін құрастыру. Мәтін түрлерін бір бірінен ажыратып, оны таба, құра білуге машықтандыру.

Дамытушылығы: Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту.

Тәрбиелілігі: Ұйымшылдыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, көрнекілік, талдау, жинақтау, ой қозғау, мағынасын ашу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ (Ана тілі, қазақ тілі, дүниетану)

Принциптері: Біртұтастық, жүйелілік, ғылымилық.

Көрнекілігі: слайдтар, сюжетті суреттер, үлестірме қағаздар

Сабақтың барысы: I— Бағдарлау— мотивациялық кезең

а) сәлемдесу ә) оқушы қызығушылығын ояту

Мұғалім	Балалар(хормен)
Әрбір адам?	Туысым, досым, жұрағат.
Әрбір сабақ?	Үйрену, ұғу, ұлағат.
Әрбір ісің?	Тірлік, тірек, адамдық.
Әрбір сөзің?	Шындық, бірлік, адалдық.

—Олай болса, балалар бүгінгі сабағымызды бастаймыз, әрбір ісімізге мұқият болайық.

II— Өткен сабақ бойынша істелетін жұмыс

Сұрақ— жауап

—Дыбыс пен әріптің айырмашылығы қандай?

—Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар?

—Орыс тілінен енген сөздерде қандай әріптер болады? (ф, в, ч, щ, э, я, ю)

Ой қозғау (3 топқа парақша тарату) 5 слайд 3 тапсырма

I топ. Дыбыс түрлері

II топ. Дауысты дыбыстар

III топ. Дауыссыз дыбыстар

4. тапсырма 6 слайд. Дыбыстық талдау (3 топқа)

I топ



Фонтан

II топ



Вокзал

III топ



Футбол

Әр сөзге ауызша сөйлем құр

5. Қорытынды (Мұғалімнің сөзі)

—Сөз неден құралады? (әріптерден)

—Сөйлем неден құралады? (бірнеше сөзден)

III Операциялық— орындаушылық кезең

7 слайд. 6 тапсырма.

—Мен сіздерге бос қол келгенім жоқ. Өзіммен бірге Әлиханның хатын ала келдім. Енді соны тыңдайық.

Үнтаспа (Әлиханның дауысы)

Әлиханның анасы— мұғалима. Ол да Әлихан тәрізді оқиды, жазады. Әрине, Әлихан үй тапсырмасын күндіз орындап қояды. Ал анасы жазу үстеліне кешкісін отырады.

Әлихан түнде оянып кетті. Қарсы бөлменің шамы жанып тұр. Қараса анасы дәптерлерді тексеріп отыр. Сірә, шаршаған. Көзі кіртііп кетіпті. Маңдайын уқалап қояды.

«Тү-у, демалыс тезірек келсе екен, анам демалар еді»,— деп ойлады Әлихан.

—Балалар хат та мәтінге жатады.

8 слайд. 7 тапсырма.

- Не оқыдық? (мәтін)
- Мәтін екенін қайдан білдіңдер? (Сөйлемдер бір-бірімен өзара мағына жағынан байланысып тұр)
- Мәтін дегеніміз не? (Өзара мағыналық байланысты айтылатын екі не одан көп сөйлем құралып, автордың ой-пікірі)
- Мәтін құрамындағы сөйлемдердің орнын ауыстырып айтуға бола ма? (Жоқ.)
- Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің өз орны болады
- Мәтіннің қандай түрлері бар? (Әңгімелеу мәтіні (не істеді?), сипаттау мәтіні (қандай?), пайымдау мәтіні (неліктен?))
- Мәтін бөліктері қалай жазылады? (Бөлек)
- Оқыған мәтін неше бөліктен тұрады? (3 бөліктен).
- Әр бөлік қандай әріптен бастап жазылған? (Бас әріптен бастаймыз)

- Бұл мәтінге қандай ат қоюға болады? (Анасының еңбегі)
- Бұл мәтіндегі автордың айтатын дегені не? (Автор: Анаға деген аянышты сезім туады)

9 слайд. 8 тапсырма. Дәптермен жұмыс. Көркем жазу минуты.

Л л (Қандай дыбыс?) Лашын— жыртқыш құс.

10 слайд. 9 тапсырма

—Мәтінің қай түріне жатады?

—Бұл сипаттау мәтіні. Ол қандай?— деген сұраққа жауап береді.

—Дұрыс, балалар, мәтінде лашынның түр-түсі, денесінің көлемі сипатталған. Сонымен бұл шығарма— мәтін деген қорытындыға келдік.

11 Слайд. 10 Тапсырма Естеріңде болсын!

—Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің өз орны болады.

—Бір-бірімен байланысты сөйлемдер ғана мәтінді құрайды.

12 Слайд. 11 Тапсырма. Суреттерге қара

Ердос



Орындық

Алмалар



Компьютер

Суреттегі заттарды ауызша сипаттап бер де, сөйлем құр

12 тапсырма. Сергіту сәті.

Гүл өсірсең терлеп (қимылмен көрсету)

Мұның аты (еңбек)

Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты (еңбек)

Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.

—Сонымен суреттегі Ердос қандай бала деп ойлайсыңдар? (еңбекқор...)

13 слайд. 13 тапсырма. Мәтінді оқы. —Бұл мәтінді өз ойыңмен жалғастыр. (Атасы Ердостың ісіне риза болды.)

14 тапсырма. Сұрақтарға ауызша жауап беру.

- Ердостың атасы кім? Қойлар неге маңырайды? Ердос атасына қалай көмектесті?

—Адамдар ғана еңбекқор емес, жәндіктер де еңбекқор болады. Қай жәндік Ердос сияқты еңбекқор еді? (Құмырсқа)°

14 слайд. 15 тапсырма. Жұмбақты шеш.

Ине бел, қылқа мойын, қара батыр,

Қара тауды арқалап бара жатыр. Бұл не?

Оқушылар құмырсқа деген сөзге ассоциация құрады.

15 слайд. 16 тапсырма. Ассоциацияны толықтыру. Құмырсқа туралы шағын түсінік.

—Еңбек етуді құмырсқадан үйрену керек. Өйткені құмырсқа— еңбекқор жәндік. Ол өз салмағынан он есе ауыр жүкті оп-оңай сүйретеді. Біреуінің әлі келмесе, қалғандары көмектеседі.

ІҮ Рефлексиялық— бағалау кезеңі

- Бес жолды өлең. (мәтін)
- Біз бүгінгі қазақ тілі сабағында екінші сыныпта мәтін жайлы алған мағлұматтарға сүйене отырып, ұғымдарымызды кеңейте түстік. Бұл сабақта шығармашылықпен жұмыс істедіңдер. Бұл жұмыстарды келесі сабақта жалғастырамыз. Сабаққа белсене қатысқан барлық оқушыларға рахмет!

Ү Бағалау

ҮІ Үй жұмысы

ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ
Коучинг сессия жоспары

*Атырау облысы Мақат ауданы Хамза Санбаев атындағы
орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Оразова Нұргүл Салқынбайқызы*

Тақырыбы:	Оқытуды басқару және көшбасшылық	
Жалпы мақсаты:	Оқытуды басқару және көшбасшылық туралы көзқарастарын қалыптастыра отырып, практикалық тапсырмалар арқылы түсініктерін кеңейту.	
Сілтеме:	Ғаламтор материалдары, суреттер, нұсқаулық	
Оқу нәтижесі:	Топтаса отырып басқару және көшбасшылық туралы түсінік қалыптасады, көшбасшы түрлерінің ерекшеліктерін айқындай отырып, қажетті жағдайда тиімді пайдалануға үйренеді.	
Түйінді идеялар:	Әр адам өз бойындағы көшбасшылық қабілетін жетілдіреді. Кәсіби білім, біліктері өседі.	
Сабақта қолданылатын материалдар	Үлестірме материалдар, слайдтар, интерактивті тақта, стикерлер, теңгелер, конфеттер, видео роликтер,	
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер АКТ СТО	1.Диалог 2.жеке жұмыс 3.Жұптық жұмыс 4.Топтық жұмыс
Дерек көздері:	Не үшін көшбасшы қажет? Оқытуды басқару және көшбасшы жөніндегі нұсқаулық	
Тапсырмалар:	Сұрақтарға жауап беру, салыстыру, рөлдік ойындар, эссе жаздыру	

Коучинг сессиясының өту барысы

Коучинг сессиясының өтілу кезеңдері	Уақыты	Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеті
Ұйымдастыру:		Коучинг сабақтың қатысушыларымен сәлемдесу. Армысыздар, құрметті әріптестер, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын! Сіздерге әрі маған, өз-өзімізге қошемет көрсетейік.	
Топқа бөлу	2 мин	«Доп лақтыру» арқылы топқа бөлу	Доп лақтыру арқылы өз тобын құрып, топқа бөліну.
Бейнежазба көру	5 мин	«Құмырсқалар қанағаты» бейнефильмі -Не байқадыңыздар? -Бұл бейне фильмінің бүгінгі коучинг тақырыбызға қандай қатысы бар? -Көшбасшы дегенді қалай түсінеміз?- Көшбасшыда қандай қасиеттер болу керек--Көшбасшы болуға қандай кедергілер болуы мүмкін?	Видео роликті көру, ойларын жеткізу топ болып орындайды, сұрақтарға жауап береді
Топтық жұмыс 1-тапсырма	5мин	«Көшбасшы» ұғымына ассоциация жасатып, осы ұғымның анықтамасын шығару туралы тапсырма береді. Топтарда мынадай мәселені талқылаңыз: -Көшбасшы қандай болу керек? -Көшбасшы дегенді қалай түсінеміз?- Көшбасшыда қандай қасиеттер болу керек	Көшбасшы ұғымына ассоциация жасап, ереже шығарады. Мұғалімдер өздігінен жұмыс істейді. Постер қорғайды.

		-Көшбасшы болуға қандай кедергілер болуы мүмкін?	
Бағалау	1мин	Смайлик арқылы	
Теориялық материал	5 мин	Презентация: Оқытудағы басқару және көшбасшылық	Оқытудағы басқару және көшбасшылық маңызын түсіну
Сергіту сәті	2 мин	Би: «Кім көшбасшы?»	Көшбасшыны табу.
Жеке жұмыс 2- тапсырма		Эссе жаздыру «Мұғалім не үшін өзгеру керек?»	Өз ойын жазады
Жұптық жұмыс 3-тапсырма	3мин	«Аяқталмаған сөйлем» жаттығуы	Топта талқылап, жаттығуды орындайды.
Бағалау	1 мин	Шапалақ арқылы	Шапалақ арқылы бағалайды.
Топқа бөлу	1 мин	«Конфет таңдау» арқылы	«Конфет таңдау» арқылы топқа бөлінеді.
Жеке жұмыс 3-тапсырма	2мин	«Рульді ұстап тұрғанда» жаттығуы	Мұғалімдер өз ойларын айтады.
Топтық жұмыс 4-тапсырма	7 мин	Рөлдік ойын:Әр топ өзіне берілген тапсырмадағы көшбасшының рөлін сомдау керек.Тақтада 3 түрлі көшбасшылық бейнеленген текс беріледі.(Өктемшіл, сыйласымдық, делигирияшыл)	Әр тақырыпқа байланысты рөлді сомдап,орындайды.
Бағалау	2мин	Теңге арқылы бағалату	Теңге арқылы бір-бірін бағалау
Рефлексия	3 мин	«Бес саусақ»	Өткізілген коучинг туралы көзқарастарын білдіреді.

МАЗМҰНЫ

1. БАСТАУ СӨЗ. Ізгілік Байдрахманұлы Нағиев, Республикалық 45minut.kz басылымы редакторы
2. ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУ: КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ... (баяндама) Баймбетова Гүлбаршын Қаржаубайқызы. Қызылорда қаласы №187 Мұстафа Шоқай атындағы қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
3. АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ. Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектептің жоғарғы санатты мұғалім Камидуллина Маруа Жұлдызбайқызы
4. Дене қозғалысы бағытында әрекет ететін күштің жұмысы. Қуат. Атырау облысы Жылыой ауданы. №4 мектеп. Шегірова Ақгүл Сайлаубайқызы
5. Өнер, білім – таусылмас азық. «Бақытты сәт ойыны» Астана қаласы. № 38 мектеп – лицей. Жарасбаев М.А. Жарасбаева Д.А. Технология пәні мұғалімдері
6. «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ» Х.Санбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі Рзақанова Сандуғаш Амандыққызы
7. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «КІТАП» БОЛАТ ДӘУЛЕТОВ Атырау облысы, Мақат ауданы, Х. Санбаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қаржауова Нұргүл Шайзаевна
8. ТАҚЫРЫБЫ: «ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ» Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы Сейтбекова Газиза Жалымбекқызы
9. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СУРЕТ ӨНЕРІНДЕГІ ГУМАНИЗМ. Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №77 А.Асқаров атындағы мектеп-лицейі Усенова Айсұлу Мусахановна
10. ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ТҮРЛЕРІ. ҒЫЛЫМИ ЖОБА. Ғылыми бағыты: Таза табиғи орта Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы №201 орта мектебі Авторы: Әнуарбек Бағила З“А” класы Пәндік жетекшісі: Ибраева Ләйла Бастауыш класс мұғалімі
11. ҚЫМЫЗДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ. ҒЫЛЫМИ ЖОБА Авторы: Мұратбай Нұрбол Мұратбайұлы. Сыныбы: 2 Мектебі: №203 орта мектеп Жетекшісі: Байкенжеева Ғалияш
12. ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЖАНУАРЛАР АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ (БАУЫР ҚҰРТЫ) ҒЫЛЫМИ ЖОБА Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы. Жаңадария ауылы №203 орта мектеп. Автор: Сқақ Айбану Жетекшісі: Смаева Индира
13. ТАҚЫРЫБЫ: Т. ТАЙБАЗАРҰЛЫ «ҚАЙТПАЙ ҚАЛҒАН ҚАРЛЫҒАШ» ӘНГІМЕСІН ОҚУ Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы №116 орта мектептің МАД тобы тәрбиешісі Қалжанова Ұлия
14. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ЖЕЛДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ. Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп-гимназиясы География пәнінің мұғалімі Кененбаева Жанар
15. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КІМГЕ ҚАРЫЗДАРМЫЗ? Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті Жәйрем №10 жалпы білім беретін орта мектебі Бастауыш сынып мұғалімі: Оспанова Айжан Токтагуловна
16. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ. Атырау облысы Мақат ауданы №2 бастауыш мектебінің ІІ санатты ағылшын тілі пәні мұғалімі Жайкина Райгул Жанабилловна
17. ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНДЕГІ ӨЗГЕРІС ЖАЙЛЫ РЕФЛЕКСИВТІ ЕСЕП. Атырау қаласы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағы орта мектептің мұғалімі Елешова Айнагуль Тлегеновна Санатты: ІІ
18. ТАҚЫРЫБЫ: «КІМ БОЛАМ?» Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы Смаилова Лазат Оразбекова
19. ТАҚЫРЫБЫ: «СИҚЫРЛЫ САНДАР» Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы Тұрсынбаева Түймегүл Қарлыбаевна
20. ТАҚЫРЫБЫ: ӨТІРІК ӨЛЕҢ. Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті Жәйрем №10 жалпы білім беретін орта мектебі Бастауыш сынып мұғалімі: Оспанова Айжан Токтагуловна
21. «ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМІ» «Зерде» ғылыми жоба байқауы. Орындаушы: Карифуллаев Байтұрсын 4 в сынып оқушысы № 201 орта мектеп Жұмыстың жетекшісі: Шарипкулова Базаркул, бастауыш сынып мұғалімі, № 201 орта мектеп
22. ТАҚЫРЫБЫ: «НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы Рустемова Райхан Алтыбайқызы
23. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СЕПТИКТЕРДІ ҚАЙТАЛАУ. Жарылкасынова Сисенкүл. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы №116 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
24. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ РОЛІ. Атырау облысы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағы орта мектептің Балдырған шағын орталығының тәрбиешісі Габдуллина Толғанай Төлегенқызы

25. МҰҒАЛИМ НЕ ҮШІН ӨЗГЕРУ КЕРЕК? Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектептің Бастауыш сынып мұғалімі Жукесова Ләззат Айжарыққызы
26. ШЕБЕР-СЫНЫП ТАҚЫРЫБЫ: "ДИАЛОГ -АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ" Атырау облысы, Мақат ауданы Х.Санбаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып, бірлестік жетекшісі Сапарова Лаура Асылбековна
27. ТАҚЫРЫБЫ: КОУЧ. БАЯҢДАМА. Атырау облысы, Мақат ауданы Х. Санбаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Искакова Ботакөз Енсененовна
28. ТАҚЫРЫБЫ: ӨМІРІ ТҰНҒАН ӨНЕГЕ. Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы. Жаңадария ауылы № 203 орта мектеп. Авторы: Шалабай Нұрболат Жетекшісі: Сайтова Шолпан
29. «ЖАСТЫҚ ШАҚ- ДАНАЛЫҚТЫ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН УАҚЫТ» тақырыбындағы Х.Санбаев орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен ұйымдастырылған тәрбиелік-тағылымды шара. Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебінің жоғары санатты музыка және «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі Шахатова Мария Шамилқызы
30. «ҚЫЗЫЛ МИЯ-САҚТЫҢ, ЯҒНИ СКИФТИҢ АЛТЫН ТАМЫРЫ» №201 орта мектеп. Мектепшілік «Зерде» ғылыми жобасы Секциясы:Дүниетану Жоба қорғаушы: Шайділда Мақсат Сыныбы: 1«б» Жетекшісі: Шалқымаева Ұлбосын
31. 7-СЫНЫП. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ. Атырау облысы ,Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебі. Тарих және қоғамдық білім негіздері пәнінің мұғалімі 1-санатты Құлжабаева Жанар Калиярқызы
32. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: MS EXCEL-МЕН ТАНЫСУ. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Аққұм бекеті Негізгі білім беретін №221 Аққұм мектебі Информатика пәнінің мұғалімі Садыбаева Назкен Жақсылыққызы
33. МҰҒАЛИМ ІСІ СЫРТТАЙ ҚАРАПАЙЫМ БОЛҒАНЫМЕН ТАРИХТАҒЫ ЕҢ ҰЛЫ ІСТІҢ БІРІ. Қарағанды облысы. Қаражал қаласы Жәйрем кенті. Жәйрем№10 ЖББОМ География пән мұғалімі Мухамеджанова Инкар Габитовна
34. ТАҚЫРЫБЫ: «ЖАС АҚЫНДАР» САЙЫСЫ. Дүйсенғалиева Гүлдана Талғатқызы. Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай ауылы Сейдалы Оразалин атындағы орта мектеп тәлімгері
35. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: АҚСАҚ КИІК. ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ. Атырау қаласы. №11 Ы Алтынсарин атындағы орта мектеп Бастауыш сынып мұғалімі Жұмағалиева Күлән Ғабдыжанқызы
36. ЕЛІМІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ. ТУ. ЕЛТАҢБА. ӘНҰРАН. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы селосы №7 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Джанбирова Гүлжанның ана тілі пәніне арналған қысқа мерзімді жоспары
37. АНИМАЦИЯ ӘСЕРЛЕРІН БАПТАУ. ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРДЫ КӨРСЕТУ. Қызылорда облысы. Қазалы ауданы. Тасарық ауылы №238 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Косбанбетова Гулжазира Сериковна
38. СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕАТИВТІЛІКТІ ДАМУ. Архабаева Жұпар Көпбайқызы. Павлодар облысы, Екібастұз қаласы №11 жалпы орта білім беретін мектебі. Жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі
39. МАЙДА ЕРИТІН ДӘРУМЕНДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ. ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС. Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Абай ауылы № 25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі КММ 8-А сынып оқушысы Асханова Салтанат Жетекшісі: Биология пәні мұғалімі Жиеналиева Әтіргүл
40. ХІ-ХҮ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ФРАНЦИЯ. Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы орта мектебі. Тарих және қоғамдық білім негіздері пәнінің мұғалімі 1-санатты Құлжабаева Жанар Калиярқызы.
41. БЕЙБІШЛІКТІҢ АҚ ҚҰСЫН ӘНГЕ ҚОСҚАН А.ЖҰБАНОВ. АҚ КӨГЕРШІН ӘНІ. АШЫҚ САБАҚ. Ө. Қанахин атындағы орта мектеп. Пәні: Музыка Класы: 3. Өткізген: Нұрлыбек Қосыбеков
42. ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ. Оңтүстік Қазақстан облысы. Шардара ауданы А. Әлімбетов атындағы жалпы орта мектебінің Кәсіптік оқыту және еңбек технологиясы пәнінің мұғалімі АСАНОВА АНАРКҮЛ ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ
43. ХИМИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯНЫҢ ТИПТЕРІ. Оңтүстік Қазақстан облысы. Мақтарал ауданы №25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі Химия пәні мұғалімі: Бекбауова Камшат Сарсеналиевна
44. МАТА ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС «ЖҰЛДЫЗ ҚҰРАҒЫ» Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы №25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі Технология пәні мұғалімі: Аширбаева Сырғагүл Тыныштықбайқызы
45. ТАҚЫРЫБЫ: ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАШАШ СҰЛУ. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Жайсаңбай ауылы, Ө. Қанахин атындағы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Садуова Гүлнаш Әбдіжәлелқызы
46. ТАҚЫРЫБЫ: «ӨЗ ІСІНІҢ МАМАНЫ» Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласы №89 «Шамшырақ» бөбекжай- балабақшасы Үсенбаева Лаззат Әбдіхалыққызы
47. ТАҚЫРЫБЫ: “Г” ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПИ. Ақмарал Серикбаева. Бастауыш сынып мұғалімі “ №25 Г. Титов атындағы жалпы орта мектебі” КММ

48. СУДА ЕРИТІН ДӘРУМЕНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ. Кіші ғылыми академиялық жұмыс. Оңтүстік Қазақстан облысы. Мақтарал ауданы білім бөлімінің “№25 Г Титов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі Секциясы: жаратылыстану Орындаған: 9«А»сынып оқушысы: Спархан Сағида Жетекшісі: Биология пән мұғалімі: Жиеналиева Әтіркүл
49. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІНІҢ ЗАҢЫ. ОҚО. Сарыағаш қаласы. №1 М. Әуезов атындағы мектеп-гимназия Бастауыш сынып мұғалімі: Қосаева Ұ
50. ТЕЗИС К ДОКЛАДУ ПО ТЕМЕ «ЛИЧНОСТНО-ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ» Ергалиева Гульнар Куанышовна. сш №3. г. Атырау Учитель русского языка и литературы в казахских классах
51. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ. М. С. Сейтен, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Ақтөбе қаласы, Қазақстан республикасы
52. Отаным менің Қазақстан. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қалалық № 376 бастауыш мектептің мұғалімі Манабаева Набат Тұрсынбайқызы
53. ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЕРТЕҢГІЛІК. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қалалық «Балдырған» бала бақшасының тәрбиешісі Алипбекова Алмагүл Жақсыбекқызы
54. БАТЫРЛАР АЛЛЕЯСЫНДА ЖЕҢІСТІҢ 69 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ ОТАН ЖӘНЕ АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШТІҢ СЦЕНАРИЙІ. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласы, Ж. Байгуттиева атындағы өнер мектебі домбыра бөлімінің ұстазы Шалабаева Нұржамал Сайрамбайқызы
55. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КВАДРАТ ТҮБІРЛЕРІ БАР ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ. Ақтөбе облысы. Ырғыз ауданы. Ө. Қанахин атындағы орта мектебі. Тоғжанова Ләйлаш Тұхметқызы. Математика пәнінің мұғалімі
56. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙЫРҒЫ ӨЛШЕМДЕРІ. Имантаева Гүлшат Сағитбекқызы. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы Ө.Қанахин атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі
57. АҚЫЛ-ОЙ ТӘРБИЕСІНІҢ ОҚУШЫЛАРҒА БЕРЕРІ МОЛ. Ақмола облысы. Аршалы ауданы. Анар станциясы Анар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Хабас Алтынгүл
58. ТАРАУДЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: WINDOWS ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ. Қызылорда қаласы Шиелі ауданы №219 Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің информатика пән мұғалімі Дәрібаева Нұргүл Қонысбекқызы
59. ТАҚЫРЫБЫ: ЗАТТЫҢ СЫНЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР. Ақтөбе облысы. Шалқар ауданы. Қауылжыр ауылы ГКС-12 орта мектебі. Класы: 2 Мұғалімі: Бертагина А.А
60. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ. СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ. Бериккалиева Лидия Куанышбековна қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. М. Б. Ықсанов атындағы ОЖББМ-балабақша
61. ИНТЕРБЕЛСЕНДІ САБАҚТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ. ШҚО. Аякөз қаласы. Аякөз аудандық білім бөлімінің «№4 аралас жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Бастауыш сынып мұғалімі. Мусабаева Бағдат Мухтаровна
62. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ТЫҢТОРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы селосы, №5 орта мектептің информатика пәні мұғалімі Джанғалиева Махаббат Джолдыбайқызы
63. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІ. ИНТЕРНЕТ. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутин ауылы Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы Жубауова Алтынгүл Кожагелдиевна
64. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАР МЕН ҚОРЫҚШАЛАР. Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Мұнайшы селосы № 5 орта мектебінің география пәні мұғалімі Кенжебаева Қаламқас
65. АСТАНА-ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС ҚАЛАСЫ. Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Мұнайшы селосы №5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Нурсолтанова Ақмарал Алыбайқызы
66. БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ. Арқалық қаласы. Жалпы білім беретін №10 орта мектебінің биология пәні мұғалімі Алиева Гульнар Расуловна
67. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫ ҮРДСІНДЕГІ РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІ. Қарағанды қаласы, «№74 ЖББОМ» КММ-нің орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Зарубаева Лилия Елеухановна
68. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СӘУЛЕТ ӨНЕРІНЕ САЯХАТ. Алматы облысы Іле ауданы №6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен мемлекеттік мекемесінің бейнелеу өнері және сызу пән мұғалімі Солтанбаева Гаухар Тұрсынбаевна
69. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «А ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ» Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті С. Шарипов атындағы мектеп – интернаты Бастауыш сынып мұғалімі Абилгазиева Куляш
70. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ОЙЫНШЫҚТЫ ӨШЕКЕЙЛЕП БІТІРУ. ОҚО. Шымкент қаласы. №52 жалпы орта мектеп Технология пәні мұғалімі: Ақылбекова Нұрлыайым Шаймерденқызы

71. ТЕМА: ВТОРОСТЕПЕННЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ. «ДОПОЛНЕНИЕ» Абильдаева Мариям Бахытжановна СШ №187 им. М. Шокая г. Кызылорда Русский язык 6 класс
72. ОҚУШЫНЫҢ ҮЙ ЖҰМЫСЫНА АТА-АНА КӨМЕГІ. Қызылорда қаласы. № 187 М.Шоқай атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Имашева Тынымкүл
73. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ВАКУМДЕГІ ЭЛЕКТР ТОГЫ. Жамбыл облысы. Қордай ауданы. Қордай ауылы Балжан Бөлтірікова атындағы №4 орта мектеп Физика пәні мұғалімі: Керімбаева Ляззат Амангельдиевна
74. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ. Қызылорда облысы. Қазалы ауданы. Тасарық ауылы №238 орта мектептің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жарболова Айбарша Болатқызы
75. «БІЛІМДІ ТАРЛАН» САЙЫСЫ. Ақтөбе облысы. Шалқар қаласы. Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Айекшова Гулмира Сәбитқызы
76. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ҮШІН, ТУРАЛЫ, ДЕЙІН (ШЕЙІН) ШЫЛАУЛАРЫ» Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы Бастауыш сынып мұғалімі Кутешова Жадыра Серикалиевна
77. МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ. Атырау қаласы Ғани Мұратбаев орта мектебінің І ші санатты математика пәні мұғалімі Қанатова Талшын Иватқызы
78. ТАРИХ ПӘНІНЕН ҰБТ-ГЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ТЕСТ ТҮРЛЕРІ. Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка орта жалпы білім беру мектебі. Тарих пәні мұғалімі Мырзабекова Дана Ержановна
79. САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КОПЕРНИКТИҢ ГЕЛИОЦЕНТРЛІК ЖҮЙЕСІ. Ақтөбе облысы. Мұғалжар ауданы. Саға негізгі мектебі Физика және информатика пәні мұғалімі Бримбетова Мадина Тыныштыкбаевна
80. «ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ» Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау селосы №15 «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі Изтелеуова Ардақ Оразбекқызы
81. САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: МӘТІННІҢ ТҮРЛЕРІ . Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда мектеп-балабақша комплексі. Жумабай Гүлмира
82. ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ. Коучинг сессия жоспары. Атырау облысы Мақат ауданы Хамза Санбаев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Оразова Нұргүл Салқынбайқызы